



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2013

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамәдиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ауызекі әңгімелер

97 ТОМ



УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-44
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Өлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Өлбеков Т. (*жауапты редактор*), Алпысбаева Қ., Ақыш Н.,
Қалижанов У., Қасқабасов С.А., Қирабаев С., Салтақова Ж.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Өлбеков Т., Салтақова Ж. (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 97: Ауызекі әңгімелер. — 440 бет.

ISBN 978-601-302-044-0

«Бабалар сөзі» сериясының 97-томына ел арасынан жиналған құ-
лардың әңгімесі, аңшылар, ұрылар, тарихи тұлғалар туралы және түрлі
тақырыптағы ауызекі әңгімелер енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-302-044-0 (т. 97)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2013
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан алты томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді бөлігі болып саналатын эпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлеңдер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер, ауызекі әңгімелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы, «Ауызекі әңгімелердің», «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың», «Түс жору және ырымдардың», «Хикаяттардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

«Бабалар сөзі» сериясының 96, 97-томдарында қамтылған ауызекі әңгімелер бірен-саран жинақтарда, жекелеген басылымдарда, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көргенмен, негізгі бөлігі бүгінгі күнге дейін ғылыми басылым ретінде толық жүйеленіп, арнайы жарияланған емес. Сондықтан томдарды баспаға дайындау барысында жинақталған мәтіндер ішкі жанрларға жүйеленіп, алғашқы томға «Тарихи ауызекі әңгімелер» (96-том) топтастырылып, Қарағандының көмір-кен орындарының тарихына, қазақ кеншілерінің қалыптасуына қатысты халық туындылары, сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсенді түрде қатысқан, ауыр зұлматты басынан кешірген адамдардың әңгімелері, Абай және оның айналасын, Ақан сері, Балуан Шолақ, Қажымұқан т.б. өмірін, халыққа жасаған қайырымды істерін баяндайтын әңгімелер қамтылды.

Қалың оқырмандар мен ғылыми ортаға ұсынылып отырған 97-томға қай замандарда да тыңдармандарын бірден еліктіріп кететін, құлаққа жағымды, қызықты, көңілге ой салып, уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа үлгілермен молығып отыратын «Новеллалық ауызекі әңгімелер» топтастырылды.

Новеллалық әңгімелерге негізінен жекелеген адамдардың болмыс-бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсіп-мамандығына, көз-қарас-ұстанымына қатысты туындылар жатады. Мысалы, бағзы замандарда да, тіпті бүгінгі күннің өзінде қиыннан қисын табар, ой-қиялы жүйрік қуақы, қу тілді, тапқыр, ділмар адамдар көптеп кездеседі. Ұрпақтан ұрпаққа тарап, қазақ қоғамының әр кезеңдерінде бой көрсететін түрлі адамдардың саналуан мінез-құлықтары, ерекше қасиеттері, болмыс-бітімдері, іс-әрекеттері Қулардың жиынтық бейнесі ретінде көрініс береді. Қуларға, тапқырларға, шешендерге қатысты ауызекі әңгімелер көбінесе жиын-тойларда, бас қосуларда, қонақ-көде үстінде тыңдарман қауымның көңіл-күйін көтеру үшін, болмаса дүниеқор, пасық үй иелерін, немесе қарсы адамдардың, билік иелерінің қайырымсыздығын, әділетсіздігін, үстемдігін тікелей сынап, бетіне басу мақсатында арнайы дайындықсыз, табан астында туындап отырған. Айырықша ескере кететін жайт — мұндай

әңгімелер орнымен, жүйелі түрде, халықтың қалжындасу дәстүрімен, қысқа мазмұнда айтылатындықтан, тыңдарман жадына жылдам жатталып, ел арасына тез таралған.

Өзге жұрттар сияқты қазақ халқында да мергендік, аңшылық, құсбегілік, саяткерлік туралы, тұрмысқа, ұрлық-қарлыққа т.б. байланысты новеллалық әңгімелер мол сақталған. Олардың көпшілігі қызықты оқиғалар желісіне құрылып, тыңдаушыны таңдандырып, өзіне еріксіз тартып отырған. Әсіресе саяткерлік әңгімелерде қиялға беріліп, әсірелей, асыра айту үрдісі белең алған. Ал тұрмыстық әңгімелерде кәсіп-мамандық, тарихи жағдайлар, жеке адамдардың басынан өткен ауыр жайттар, қилы-қилы тағдырлары баяндалады.

Топтаманың 97-томының құрылымы «Қулардың әңгімесі», «Аңшылар әңгімесі», «Ұрылар туралы әңгімелер» және «Түрлі тақырыптағы әңгімелер» атты тақырыптарға жүйеленіп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақталған Е.Құлпейісов, Ғ.Дүйсеков, Ш.Дүйсекеев, К.Рахманов, М.Мәжікеев, Қ.Тұңғышбаев, Б.Жүнісов, Қ.Қарпықбаев, С.Қатиполлаұлы, Е.Құлпейісов, Ғ.Себепов, Ғ.Әбілқасов, А.Ережепқызы, А.Балтабаев, Б.Мансұрқожақызы, Ф.Ғатауов, З.Сәрсенбеков, Ә.Тәжіев, Ә.Тәңірбергенов, О.Сепешов, М.Баймұханұлы, К.Рахманов, С.Зауырбекова, Т. Жексенбаева, І.Әбдуов, Қ. Дүйсенбеков, С.Ботабаев, Ж.Тынышбайұлы, Е.Зайров, Ж.Мәдиев, Ә.Нәсілбеков, Ә.Ыбырайұлы, Ы.Ермекбаев, С.Төлепов, М.Шолтырұлы сияқты жинаушылардың материалдары, Қ.Саттаров, М.Тілеужанов, Н.Төреқұлов, Е.Тұрсынов, Б.Рақымов секілді зерттеуші-ғалымдарының халық арасынан жазып алған қолжазба мұралары қамтылды. Сондай-ақ «Торғай таңы», «Ленин туы», «Ертіс нұры», «Арқалық таңы», «Еңбек туы» «Ұран» сынды аудандық-облыстық газеттерде, «Күлдіргілер» (Шыңжаң, 2011) тәрізді жинақта жарияланған мәтіндер пайдаланылды.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген

мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су, ру атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,5 б.т.



МӘТІНДЕР



Қулардың әңгімесі

Құлақай қу

1. «ЖҮРІП КЕТСЕҢІЗ...»

Сәлмен бай Құлақайды Бекен дейтін шалдан бір атым насыбай сұрап келуге жібереді. Құлақай байдың әмірін орындап оралғанда:

— Әй, қу, сөзге келгенде алдыңа жан салмайсың, — деп ренжиді бай, — ал іске келгенде түк білмейсің.

— Ау, не боп қалды, байеке?

— Бір нәрсеге жұмсаған соң, екіншісін өзің-ақ білмес пе едің. Темекі неге әкелмедің? — деп жекіреді ғой баяғы.

Бір күні бай қатты науқастанып қалып, Құлақайды молдаға жұмсаса, молдамен бірге тағы екі адамды ертіп келіпті. Олар есіктен бастарын сұғар-сұқпастан:

— Әй, мыналарың кім тағы? — деп тыжырынады бай.

— Байеке, анада өзіңіз айтпап па едіңіз, бір нәрсеге жұмсағанда екі бірдей іс бітіріп қайту керек деп. Сол әсиетіңізді бұл жолы бұлжытпай орындадым. «Сақтықта қорлық жоқ» деген ғой, қапелімде о дүниеге жүріп кетсеңіз, қабір қазушыға қайта барып жүрмейін дедім, — депті Құлақай.

2. ҚАЗАН СЫНАДЫ

Бір күні кешқұрым апақ-сапақ уақытта Құлақай бір байдың үйіне кіріп келеді. Бәйбіше қайнатып болып, бықтыруға

қойған ірімшікті күзетіп көзін бір ашып, бір жұмып отыр екен. Құлақай ірімшікті қазанымен ала жөнеледі. Бәйбіше шошып кетіп аттан салады, ауылды басына көтереді.

Құлақайдың соңына түскен қуғыншыға:

— Ей, кейін қайт, қазан сынады, — дейді. Қуғыншы қалмайды. Құлақай ірімшікті еңсере жеп, қазанды тасқа ұрып бытшыт қып:

— Қазан сынады дедім ғой, ақымақ! — деп жайына кетеді.

3. ҚАЙРАН САРЫ МАЙ

Баяғыда Құлақай деген кісі өте қу екен. Сол қу қаланы аралап жүріп, сары май сатып тұрған дүкенге келеді де, саудагерден:

— Бұл не? — деп сұрайды.

— Сары май.

— Е, сары май? — деп Құлақай майдан бір асайды. Өні-міне дегенше:

— Сары май, сен мені таныдың ба? — деп тағы бір асайды.

Саудагер ашуланып, ұрсып, май ыдысын ары алып қояды. Сонда Құлақай:

— Сары май, кеттім-ау, саған жарымай! — деп дүкеннен шығып жүре беріпті.

4. ТӘБӘРІГІМ ТАРҒЫЛ ӨГІЗ

Өкесі Қарабатыр дүние салған соң шешесі Құлақайға:

— Елді арбап, алдағаныңды қой. Өстіп жүріп бір күні байлардың қолынан өлесің, — деп жалынады.

— Қоямын, енді ешкімді алдамаймын, — деп анасының көңілін жыққысы келмеген Құлақай еріксіз уәде береді.

— Қарағым, менің ақылыма көнсең, Боқбасар бидің ақылын ал! Өзім ертіп апарайын, — деп анасы сол кездегі қалың қауымның сыйлысы болған ел ағасын ауызға алады.

— Жарайды, — деп Құлекең оған да көнеді.

— Оның батасын алу үшін бір мал табу керек, — дейді анасы.

— Жарайды, жол-жөнекей бірдеңе табылар, — дейді Құлақай.

— Қарағым-ау, әлгінде қойдым дегенің қайда? Тағы біреуді алдап алғың келіп тұр ма?

— Ал, алдамайын, бір жақсы ат таба қойыңызшы.

— Оны қайдан табамын, жарығым-ау!

— Онда менің жолыма көлденең тұрмаңыз. Жүріңіз, кеттік.

— Қайда?

— Бата алуға.

Құлақай анасын ертіп, бидің аулына келе жатса, жол жиегінде бір табын сиыр жусап жатыр екен.

— Мынау Боқбасардың сиыры ғой. Анау тарғыл өгізді ұста, — дейді Құлақай қасына еріп жүрген інісі Бәйдекке.

— Қой, қарағым, танып қойса, ұят емес пе? Өз малын өзіне апарғанымыз, — дейді анасы.

— Жоқ, шеше, мен ес білгелі мен өз малын өзі таныған бай көргем жоқ.

Бұлар кеш бата тарғыл өгізді жетектеп, бидің үйіне келеді. Би:

— Мынау зәлім қайдан келіп еді, бір пәле шығармаса игі еді, — деп, Құлақайды қой сойып, қонақ қылады. Ет желініп болған соң, Құлақай биден бата сұрайды. Би есік жаққа жалтақтай қарап, бірдеңе дөметкендей болады.

— Жасаңыз, жасаңыз, биеке, тәбәрігіңіз дайын, — дейді Құлақай. Сөйтеді де Бәйдекке «бар, алып кел» дегендей ым қағады. Бәйдек өгізді жетелеп әкеп, есіктен басын көрсетеді.

— Міне, биеке, төбөрігім — тарғыл өгіз, — деп Құлақай қолын жаяды.

— Е, бәсе, — деп би жымың-жымың қағады, — бұл қу тағы алдап соққалы отыр ма деп ем.

Ол «бісімилла, раббим» деп батасын шұбыртып жасай бастады. Бата бітіп, бет сипасқан кезде бидің ортаншы ұлы Оспан тұрып:

Мынау өзі біздің өгізден аумайды екен, — десе керек.

— Ә, солай ма, — дейді Құлақай қуланып, — ол да біреудің төбәрікке бергені шығар.

— Иә, иә, төбәрікке келген. Әумин, игілікке ұстасын, — деп Боқбасар би сақалын сипапты.

5. ҚҰДАЙ ДА ҚАЛЖЫҢДЫ ТҮСІНБЕЙДІ ЕКЕН-АУ

Жолдастарына еріп аң аулауға шыққан Құлақай бір кезеңнің астында қызыл шеке болып сүзісіп жатқан екі арқардың құлжасын көре қойып, қасындағыларға «тоқтаңдар» деп ым қақты. Олар тасада тұрып, арқардың сүзіскенін көпке дейін тамашалады. Сүзісе, сүзісе әбден діңкесі қатқан қос құлжа бір-бірімен текеше тіресіп, ақыры сілейіп тұрып қалды.

Кенет адамның сыбдырын сезіп қойған арқарлар зыта жөнелмек болғанда арбиған мүйіздері айқасып қалып, бірін-бірі сүйрей қашты. Сол-ақ екен Құлақай тобы тұра қап қуды. Қос құлжа бірін-бірі кимелей, сүйрей-сүйрей келіп қарсы алдында тұрған шоқпар тасқа екпінімен кеп соғылады. Сол арада біреуі омақаса құлады да, мойыны астына қайырылып, жатқан орнынан тұра алмай қалды.

Салып ұрып жетіп келіп, аттан қарғып түскен Құлақай бәкісін қалтасынан суырып алып:

— Құдай осыны да бердім дер ме екен, — деп түрегеп тұрған арқардың жонын сипап кеп қалды. Жіпсіз байланып, қыстығып тұрған құлжа қатты шошынып, шоршып түскенде мүйіздері бір-бірінен ажырасып-ақ кеткені. Екі арқар екі жаққа зыта-зыта жөнеледі. Жігіттер сандарын соғып, дәт деп қалды.

— Түу, бұл Құдай да қалжыңды түсінбейді екен-ау! — деп мырс етіп.

6. ПЕРІШТЕЛЕРІМЕ АЙТАЙЫН

Құлақай сексен бір жасқа келіп, о дүниеге аттанар шағында бәйбішесі Дәріжан:

— Құдай қосқан қосағым едің, мені қалай қиып тастап кетесің, — деп шалын құшақтап алып, еңіреп жылайды. Сонда талаурап жатқан Құлекең көзін ашып алып:

— Бәйбіше, жылама, жас қалып бара жатқан жоқсың ғой, — дейді.

— Бұл Құдай сені алғанша, мені неге алмайды. Тастамай бірге ала кетші, — деп одан әрі егіледі Дәріжан бәйбіше.

— Ей, — дейді Құлақай басын жастықтан жұлып алып, — жылама. Мен қазір періштелеріме айтайын, егер екі ат әкелсе, тастамаймын. Ал бір ат әкелсе, мінгесіп жүре алмаймыз ғой, — депті өлім аузында жатса да қулана сөйлеп. Сол сәт ағыл-тегіл жылап отырған бәйбішесі мырс етіп күліп жібереді.

7. БҰЛҒАҚ ТЕНТЕК АТАНҒАН СЕБЕБІ

Той-думанда біреулерге тілі тиіп, біреулермен төбелесіп, астындағы жалғыз атын айыпқа тартып, жүре береді екен. Ол ешкімнен қорқып, қаймықпайды. Өйткені болыс, бидің, стар-

шиналардың тізесі батқан. Жуан таптарға қаны қас. Өзі — қарақасқа кедей.

Бір күні Бұлғақтың Сары деген кәрі әкесі қайтыс болыпты. Елге хабар айтар кісісі жоқ және бұл кедейге кім келеді. Жаздың күні, ел жайлауда. Бұлғақ қолына сойылын алып, әр ауылдың тұсынан «аттан, аттан, жау шапты, әкетті» деп, әр ауылдың жанынан шауып өтеді. Ол уақ жауынгершілік уақыт. Ел аттанып, қолдарына сойыл алып, жиналып, «қайда-қайдалап», Бұлғақ:

— Мұнда, былай кетті, — деп шауып келеді, ел соңынан қаптап келеді. Біраз уақыт шапқаннан кейін «жау мұнда» деп өзінің аулына, өз үйіне әкеп тоқтады да:

— Ойбай, жау менің әкемді әкетті. Сендер бір жылқыны жау әкетсе, аттандап шабасыңдар, менің әкем бір бас мал құрлы жоқ па? — депті.

Біреулері:

— Әкенді кім әкетті? — дегенде,

— Құдайдың өзі әкетті, — депті.

— Ей, мынау неткен сұмдық?! Кісі өлімін «жау шаптылап» хабарлап, намазға деп шақырушы еді. Елді бекерге үрейлендіріп, өбігер қылғаның не, осынша? — деп тармақ болған жұртқа, бір ақсақал елді тоқтатып:

— Ау, халайық, бұл Бұлғақ тентекті бәрің де білесіңдер. Бұл «менің әкем өлді» деп елге өзі барып хабарлауға бола ма? Елге барып хабарлағанда, бұның тілін кім алады? Бұл тентек тапқырлығымен, әжеттігімен «аттандап» қанша халықты жинады. Ал, осы жиналған жұрт, мына өлген қарт өліктің құрметі үшін елдік етіп, ортадан қаржы жинап, өлікті қоялық. Сауабы тиер. Ертең бәріміздің де басымызға келер уақиға ғой, — деп халықты көндіріп, тоқтатады. Өлді үйлер бір-бір тоқтыдан беріп, жалпы көпшілік тиын-тебендеп қаржы жинап, Бұлғақтың басындағы ауыртпалықты көтеріп, әкесін жақсылап қойып қайтады.

8. БҰЛҒАҚ ТЕНТЕК ПЕН ҚАМБАР ТӨРЕ

Қамбар төре аңнан қайтып келе жатса, астында шабан торысы бар, бір адам келе жатыр. Ол — Бұлғақ деген тентек еді. Ол келіп Қамбар төреге сәлем береді. Екеуі амандасып болған соң Қамбар:

— Кімсің? — деді.

— Бұлғақпын.

— Қайда барасың?

— Қамбар төреге барамын.

— Не жұмыспен?

— Мырза деп естідім, ат мініп, шапан киіп қайтайын деп келемін.

— Қамбар ат, шапан бермесе, қайтер едің?

— Берсе де енесін ұрайын, бермесе де енесін ұрайын, — деді.

— Жарайды, Қамбардың ауылы — анау, бара беріңіз, — деп, өзі бұрылып кетіп, басқа жақпен үйіне келіп, аңшылық киімін тастап, хан киімін киіп алады.

Ертеңіне Бұлғақты алдырып, көрмеген кісідей жөн сұрап:

— Не жұмыспен келдің? — деді.

— Қамбар деген атағыңызды естіп, сәлем беріп, ат мініп, шапан киіп қайтайын деп келдім.

— Ат мінгізіп, шапан кигізсем, қайтер едің, бермесем, қайтер едің, — деді.

Бұлғақ:

— Берсең де кешегім, бермесең де кешегім, — деген екен. Сонда Қамбар:

— Шын батыр, ер екенсің, — деп ат-шапан беріп қайтарыпты.

9. БҰЛҒАҚ ТЕНТЕКТИҢ ӨКІНІШІ

Бұлғақ шөлкем-шалыс мінезді жан болған. Оған «тентек» деген қосымша атты жұрт ерке де қиқар қылығын қызық көріп қана емес, тапқырлығы мен тура іске тоқтамдылығына риза болып қойған екен.

Бұлғақ тентек ас пен тойды ешқашан төбелессіз таратпаған екен. Салтанатты той-думанды бай шонжарлар жасайтыны белгілі. Ал Бұлғақтың оларға қаны қас жаралған, олардың салтанат-сайранын ойрандап кету Бұлғақ үшін үлкен рахат. Мейлі шақырсын, шақырмасын сол ауыл жер түбінде болса да, жететін көрінеді.

Аттан түсіп, алты таспа бұзау тіс қамшысын сүйретіп, ақ ордаға қарай қойқандай бет алған Бұлғақтың алдынан байдың жағымпаздары тап сағынысып көріскендей қарсы алған.

— Уа, Бұлғақ, қайырлы қадам, ақ сапар болсын...

— Уа, тентек, ортамыз өзіңмен толсын...

— Армысыңдар, абзал ағайындар. Айтқандарың келсін... — деп әу баста Бұлғақ та көлгірсіп жауап берген.

Бұлғақ төбелестерде ылғи жеңіске жете бермейді. Туысы көптермен төбелес бастағанда сабалып та жүреді. Думанды тойды төбелеске айналдырғаны үшін ат-шапан айып та тартады. Өстіп Бұлғақтың қамшысының ұшынан қан тамып тұрған шағында атақты бір бай қызын ұзататын ұлы дүбір той жасамақшы болады. Бай той жасамас бұрын ат шаптырып, Бұлғақты шақыртады. Байдың қалайша қастерлей қалғанына қайран қалған ол, атына мініп, оның аулына келеді. Ақ ордадан ата қаздай алшаң басып байекеңнің өзі шығады.

— Уа, ассалаумағалейкүм, тентек.

Шылбырына оралып атын байлайды. Байдың жалпақтауынан қалай да бір жалынышы барын байқаған Бұлғақ арзандамай, асқақтай түседі. Дырау қамшысын сүйрете ұстап, үйге қарай маңғаз аяндайды. Бай оны өз үйіне кіргізіп, төріне

төрт қабат көрпе төсеп отырғызады. Бұлғақтың алдына сары қымызын сапырып, бағлан қозының басын тартып, асты-үстіне түседі. Сый-құрметін жасап болған соң:

— Құрметтім, сенен сұрайтын бір тілегім бар, — дейді бай.

— Менен қазына қалап, мал сұрамайтын шығарсың. Мәні қалай екен айтқын, — дейді Бұлғақ.

— Айтсам, жалғыз баламды құтты орнына қондырар той жасамақшы едім. Саған тілегім — осы тойды ұрыс-жанжалсыз тарат, жарқыным!

— Жоқ, болмайды. Бұл тілегіңді орындай алмаймын, — деп Бұлғақ біржола бас тартады.

— Тәңірім-ау, неге, неге... Неге орындалмайды? Орындағанда нең кетеді, — деп бай бәйек болады.

— Неге «нем» кетпейді? Сен қызыңды ұзатады екен деп, мен еркімнен айырылмақшымын ба? Менің еркім «әйт» десең өріп, «шәйт» десең жататын сенің қоралы қойың емес. Өзіме-өзім ие болам деп айта алмаймын. Өзі келіп тиіссе де, үндемеуім керек қой.

— Саған кім тиісуші еді? — деп бай қанша қақсаса да:

— Айттым, бітті. Мені қинама, — дейді.

Бұлғақты тамағымен-ақ табындырып аламын деген байдың амалы құрып ақыры:

— Тойымды аман-есен, у-шусыз өткізсең, астыңа ат мінгізіп, үстіңе шапан кигізейін, көнесің бе? — дегенде Бұлғақ:

— Көнем, — депті.

Осылай тоқтамға келген соң төңіректің төрт бұрышын шақырған ұлы дүбір той басталады. Садақ тартқан, қыз қуған, палуан түсіп, ат шапқан, тебен іліп, теңге атқан, жар-жар айтып, ән салған алуан-асыр той-думан аптаға созылады. Төбелесті жақсы көретін Бұлғақ тентекке талай-талай қанқызды оқиғалар тап болып, «сап-сап көңіліме» салып өзер шыдайды. Ақыры той да аяқталады. Бұлғақ байға келіп:

— Айтқанымды орындадым. Тойың аман-есен аяқталды. Ал ат-шапанымды әкел, — дейді.

Сонда анау:

— Әй, Бұлғақ, сен той сайын төбелес шығарып, ат-шапан айып тартып жүретін Бұлғақ емес пе едің? Осы жолы ондай шығыннан аман қалдың. Білсең, менің берген ат-шапаным осы емес пе? — дегенде, тура сөзге тоқтамды ер Тентек:

— Өттегене, кеңірдек келіп еді. Арамза неме алдап соқты-ау, — деп санын бір салып жүріп кеткен екен.

10. БҰЛҒАҚТЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Қай кезде болсын ел еркесі болған ерлерге ешкім де тізесін батырып, тіліне тыйым сала алмаған. Халқымыз олармен ай сайын болмаса да, жыл сайын мәслихат-кеңес құрып отыруды зор ғанибет, жан сергітер рахат көрген. Сондықтан да ол кездегі шежіре-шешен, әнші-күйші, тапқыр да шебер өнер иелері ел-жұртты аралап, саяхатта сайрандап жүрген. Солардың бірі осы — Бұлғақ тентек еді.

Бұлғақ келесі жылы әлгі байдың аулына тап болады. Сонау кезгі Бұлғақтың өкініші де ұмыт болып, ашу-араздан айықса керек. Бай да қаудырай қарсы алып, тентекті төредей күтіп, қойын сойып, қолын қусырып қонақ етеді.

Таңертең бай өз қорасының аман-жаманын анықтау үшін ерте тұра келіп қараса, қойды қасқыр жарып кетіпті.

Бұлғақ мұны сезсе де, былқ етпей жата береді. Іштей қанша күйінді болса да, бай да сабыр сақтайды. Бұлғаққа деген құрмет-сыйын өзгертпейді. Дастархан жасалып, түннен қалған ет қайта жылытылып алға қойылып, үн-түнсіз тамақ ішіп отырған бір шамада бай:

— А, тентегім, сенен қашып құтылған қазақтың мақал-мәтел, салт-сана, сөзі жоқ. Бәрін де өзің білесің. «Құтты қонақ қонса, қой егіз табады. Құтсыз қонақ қонса, қойға қасқыр шабады» депті атамыз. Қасқыр үш қойымды жарып кетіпті, бұған не дейсің? — депті.

Сонда Бұлғақ жұлып алғандай:

— Әкең Шойқара өлген күні де мен үйіңде қонақ па едім? — деген екен.

— Тас төбемнен ұрдың. Сонау жылғы есеңді артығымен алдың, Бұлғақ, — деп өзін «айлалы да ақылды» санайтын бай жерге қарапты.

11. СҮЙІНДІК ЖАҚАН ҚУДЫҢ ҚУЛЫҒЫ

Жақан қу елден шыққан кедей болады. Былайша айтқанда бар адамдар ол кезде оны өте жек көреді. Ол өзінің жоқтығына, нашарлығына қарамастан өте пысық, елден шыққан қу болады. Жақан қазіргі Павлодар облысы, Баян ауданы, бұрынғыша Ақбет тау болысы, төртінші ауылда туып-өседі. Руы — сүйіндік, оның ішінде айдабол, арғы атасы — жолан. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген адам. Бұл Жақан өте қулықшыл, тақпақшыл, сауыққой жайдары адам болды. Жақанның әкесі өзі де нашар, кедей болғанымен ескі патша саясаты заманында үлкен жерлерде, үлкен жиындарға қатынасып жүреді.

Бір кезде Жақан Омбы қаласына барады. Бұл кезде Омбыда болған жиналысқа қатынасқан адамдардың күтушісі болады. Жақан атқосшы болып еріп барғанмен, қолы бос уақытында Омбының қаласын аралайды. Базардан бір қалайы ожау сатып алады. Бұл кезде осы қалайы ожаудың халыққа тарап шықпаған кезі. Сонымен Жақан елге қайтып келіп, күздігүні ел тауға қонған соң, Жақан өзінің қасына үлкен баласын ертіп алып, Қаржас Үкібайдың үйіне келеді. Қонып отырғаннан кейін Жақан Үкібайға айтады:

— Мен сізге сыйға Омбыдан ақ күміс ожауды әдейі тартуға алып келіп отырмын. Осы ожауды ешкімге апармай, сізге алып келіп отырмын. Сондықтан амандық болса, бәйбішеңізге тықтырып қойыңыз, — деп ожаудың мақтауын жеткізеді. Осы-

мен Үкібай ожауды салдырып қояды. Ешкімге бергізбейді, келген кісіге де көрсеттірмейді.

Ал Жақан қайтар уақытта Үкібай:

— Не айтатының бар? — дейді.

— Мен не қалаймын сізден? Біздің шаруаны білесіз. Хал-жай белгілі. Балаларға соғым керек. Басқа не айтайын, — дейді.

Сонда Үкібай тұрып:

— Қой берсем, тайынша берсем, азсынарсың, астымдағы атымды ал, — деген екен дейді.

Сонымен Жақан өте риза болып, Үкібайдың атын алып, еліне қайтады. Келесі жылы жазғытұрым ел таудан көшіп жатқан кезде тоғай бойынан шыққан, ел аралаған Апайдың бақалшылары әлгі Жақан тартуға алып келген күміс қалайы ожауды бақалшы қыдыртып, жүн-жұрқаға сатып жүргенін Үкібай көреді. «Ақшалай болса, ожаудың құны 5 тиын, болмаса бір уыс қойдың жүні» дейді. Сонда Үкібай айтқан екен:

— Әлде Құдай-ай, мынау Жақан мені алдап, өтірік айтып, астымдағы атымды алдап соқты-ау! Күміс ожау дегені қалайы ожау боп шықты-ау, — деген екен.

Сөйтіп, Жақан қу Үкібайды қулығын асырып алдаған екен.

12. АҢҚАУ МЕН ҚУЛЫҚШЫ

Бір кедейдің үйемелі-сүйемелі екі баласы бар екен. Үлкен ұлы жұрттан шыққан жылпос қулықшы болса, кіші ұлы жұрттан іздеп таба алмайтын аңқау екен. Мал дегеннен қара күшін нан қылып отырған қара өгізі мен сүтін ішіп, төлін ет қылып отырған буаз қызыл сиыры болыпты. Күндердің бір күнінде кедейліктің салдарынан үйінде ішетін асы да бітіп, аштыққа кіріпті. Аштық деген жайсыз жағдай ғой, сондықтан да бір үйлі жанның құтын алып, қабақтарын түсіріп, түнертіп қойыпты.

Не іске болса да шыдамы аз аңқау отырып:

— Қызыл сиыр да қасарып бұзауламады-ау, — депті. Ал құлықшы ағасы аштығын білдіртпей ата-анасының түнерген көңілдерін аулап, аңқау інісін мылжыңдата алмай ызаланып отыр екен. Дереву інісінің жаңағы сөзін естіген соң:

— Қызыл сиыр бұзаулауға жақын ғой, көріп келейінші, — деп қораға шығып кетіпті. Қорада аз бөгеліпті де, үйге асыға кіріп:

— Ойбай, қара өгіз бұзаулап қалыпты, — депті.

Аңқай орнынан атып тұрып:

— Рас па? — деп қораға жүгіре шығыпты. Әлден уақытта үйіне кіріп:

— Қиды бұзаудан айыра алмайсың ба? Артына үйіп қойған қиын бұзау дейсің, — деп сөгіпті.

Ата-анасы екі баласының күлдіргі істеріне, аштықтарын ұмытып, қарқылдап күлісіпті.

13. САҚҚҰЛАҚ ҚОНАҚ

Ел аралап жүріп Күсеп қу бір үйге келіп қонады. Үйде бір ғана жастау әйел бар екен, күйеуі бір жаққа кетсе керек. Қонақ-асын ішіп-жегеннен кейін қонақ төрде жатады. Кенет, үй ішінде сыбдырлаған болмашы дыбыс, күбір-сыбыр адам үні естіледі. Ал Күсеп оны сезбеген, естімеген болып жата береді. Саққұлақ қу жігіт сыбырды бүге-шігесіне дейін естиді.

Төсек ағаш үстінде үй иесі әйелмен бірге жатқан оның өз ері емес, әшіне досы екен. Оны сол кездейсоқ жігіттің сөзінен аңғарды.

— Жаным-ау! — деді ол елжірей сөйлеп. — Сенің үстіңе шыққанда биік белге шыққандай боламын.

Бұл сүйіспеншілік сөзді естігенде Күсеп одан әрі төзіп жата алмады:

— Ай, биік белге шыққан жігіт, ар жағыңда менің атыма да көзіңді салшы! — деп қалады.

14. БАЛГЕР, ТӘУІП

Ел кезіп, бірге түстеніп, бірге қонып жүре беру Күсептің белгілі әдеті. Тағы бірде бір үйге келіп қона қалды. Үй иесі жолаушылап келіпті. Мейманның тиісті қонақасын берді де, үй иесі жас әйел қонағын төрге жатқызып, өзі шымылдық ішіне кірді.

Түн ортасы ауып, шырт ұйқыда жатқан кезде Күсеп әлденеден шошып оянғандай болды. Шымылдық ішінен күбірлеген дыбыс естілді. Үй иесі келген болар деген оймен үнсіз жата берді. Бір мезгілде көңілді, қошаметті екі үн жалғаса шықты.

— Мен сені жанымдай жақсы көремін, — дейді еркек үні.

— Шын сүйетіндігіңе сенейін, мені осы төсектен түсірмей тосып, әжетке отырғызшы! — деген жіңішке әйел үні естілді.

Айтылуы-ақ мұң екен, әйел тілегі орындалды. Биік төсек ағаш үстінен шорылдаған дыбыс шықты да, жердегі қаңылтыр шілөпшінге сұйық зат құйылды.

— Ау, байқандар, тұздығың төгілді ғой, — деп қалды төрдегі қонақ.

Бұдан ұялып қысылған жігіттің буыны босап кетті де, әйел сылқ етіп шілөпшінге құлады.

Әйел қатты ауырып жатыр. Күйеуі келді.

— Көлденеңнен кездескен көк атты боларсыз. Мына әйелдің сырқаты қандай сырқат, қандай ем керек? — деді қонағына.

Күсеп қу білмеймін деген жоқ. Қолына домбыра алып, безілдетіп тартты да, басқа адамдар анық ести алмастай күмбірлете, сарнай жөнелді. Әйелге төніп барып:

— Жазыл, тез жазыл! Жазылсаң, үйіме қайтамын, жазылмасаң, байыңа айтамын! — деді.

Бұл сөзді үйдегілер ұғынған жоқ. Әйел дереу басын көтеріп, күйеуіне жазылып қалғанын айтты. Қандай сырқат екенін тапқан балгер, оны емдеп жазған тәуіп лайықты сыйлықпен аттанды.

15. ОЛЖАЛЫ САПАР

Күсеп қу өзінің бағын сынау реті келсе, олжа табу үшін өгізіне мініп, жолға шығады. Жолшыбай ертеректе өлген малдың құраған сүйегін көреді. Бір керегі болар деген оймен қу жауырынды алады да, өгізінің мұрнын қанатып, оны қанға бояйды. Сөйтіп, жауырынды қоржынына салып алып, одан әрі жүре береді.

Кешке қарай бір үйге қонады. Ошақ үстінде қазаны қайнап тұр екен, ондағы етті көреді де, үй иесі әйелге:

— Азырақ етім бар еді, қазаныңызға салсам, етімді еттеріңіз жеп қоймас па екен? — дейді.

Үй иелері оны ақымақ деп есептейді. «Етті ет жемейді, зәулім жей қалса, етіңнің төлеуіне сол айыпкерлердің өзін берейік» деп уәде етеді.

Қазан түсірілді. Бір жапырақ еті жоқ жауырын шыға келді. Қазандағы сорпаны әрілі-берілі сүзді, ет жоқ. Ылажсыздан үй иесі піскен етті Күсептің қоржына салады.

Қу жігіт жолшыбай бір қотан қойға кездеседі. Қойшы баланы алдап, оған піскен етті берді де, айырбасына бір тоқты алды. Күн кешейіп, мал жайғастырылған кезде Күсеп қу байдың рұқсатымен тоқтысын қорадағы қойларға қосты. Мұндағы келісім — қойлар тоқтыны жеп қойса, төлеуіне оны жеген қойларды алмақ болды. Түн ортасында, үй адамдары әбден ұйықтаған кезде, Күсеп тоқтысын сойып, оның қанын бірнеше қойдың аузына жағып, сонымен қабат олардың езуіне, бақайына тоқтының жүнін қыстырды. Бай сертінде

тұрды, тоқтыны жеген тоғыз қойды қонағының алдына салып берді.

Қойларын айдап келе жатып, бір топ адамға кездесті. Олар байдың өлген қызын жерлеуге әкеле жатқан жігіттер екен. «Сендерге өлген қыздан тірі қой пайдалы» деп Күсеп жеті жігітке жеті қой беріп, өлген қызды алды. Сол маңдағы ауылға барып, екі қойға қыздың сыртқы киімдерін сатып алды. Ол киімді өлген қызға кигізіп, одан әрі тағы бір ауылға барды. Ауылдың сыртында оқ бойы жерге қызды отырғызды да, өзі үлкен ақбоз үйге барып:

— Жолаушы едік. Қатты шөлдедік. Келіншегім ауылға келуге ұялады. Соған сусын сұрағалы келдім, — деді Күсеп.

Мейірімді үй иесі әйел дереу қара торсыққа қымыз құйып, бірнеше қыз-келіншекті жолаушы әйелді сусындатуға жіберді. Бірақ ол сусынды қабылдамады, тіпті оларға түзу қарап, тіл де қатпады. Бұған ашуланған байдың қызы: «Неге қимылдамайсың, жаның бар ма!» деп нұқып жібергенде, жолаушы келіншек сылқ етіп құлады.

Күсеп өлген келіншегінің құнын сұрады. Адам өлтірген кінәсіне мойындаған ел оның төлеуіне құныкердің (байдың ерке шорасы сары қыздың) өзін берді.

Күсеп сол қызды ауылына әкеліп, өзі соған некеленді. Одан қыз бала туды. Сол баланы алдына алып отырып, Күсеп қу былай әлдилейді екен:

— Түзден таптым қу жауырын,
Қу жауырыным — піскен ет,
Піскен етім — тоқтышақ,
Тоқтышағым — тоғыз қой,
Тоғыз қойым — өлген қыз,
Өлген қызым — сары қыз,
Сары қыздан туған дәрі қыз!

16. АҢҚАУДЫ АЛДАҒАН АЙЛАКЕР

Көп жылдан бері бірге қызмет істеп келе жатқан екі жолдас болады. Мұның бірі — адамның аңқауы екен де, екіншісі — әрі айлакер, әрі есепкер адам екен.

Бір жылы осы екеуі соғымға бір семіз сиыр сатып алып, оны көшемен жетелеп келе жатады. Аңқау ең арғысы малдың да арық-семізін айыра білмейді екен. Ал енді айлакер қай малды болса да, бір көргенде оның ұңғыл-шұғылына дейін біледі екен.

— Достым, сатып алған малымыз семіз бе? — дейді аңқау.

— Қайдан семіз болсын. Жерлік қана еті бар. Мен қар бекіп, қыс түсіп қалған соң амалсыздан алдым. Болмаса осы сиырды алмас та едім, — дейді айлакер.

— Онда мұны мен алмаймын, достым! Бірақ енді сен ренжи көрме. Өйткені менің бала-шағамның басы бар ғой. Соларға көже-қатық боларлық семіз ет керек еді, — деп, аңқау үйіне бұрылып жүре береді.

— Ашықауыз аңқаулығың мен мал танымайтының маған мұндай жақсы болар ма? Бара бер, жолың болсын, аңқылдақ аңқауым! Бұйырса, бұл сиырдан екі жарым бұт май түседі, — деп айлакер ішінен жымың-жымың етіп қала береді.

17. [МАЛ ТАҢДАУ]

Тағы бір жылы әлгі аңқау соғымға жылқы алғалы базарға барады. Көп жылқының ішінен, бір өркеші жоқ түйедей, қара бие аңқауға семіз де, толық та көрінеді.

Сол жерден малды жете танитын баяғы айлакер досы да кездесе кетеді.

— Ау, достым! Жақсы кездестің-ау. Бұл жолы жолым болады екен. Мал танымаушы едім ғой. Мына бір қара биені алғалы тұр едім. Осыны жақсылап көріп берші, — дейді аңқау.

— Иә, мұны ойланбай-ақ ала бер. Өзің де мал танып қалып-сың ғой. Семіз, нән семіз, — дейді айлакер жымыңдап.

Оның сөзіне қатықтай ұйыған, ақкөңіл аңқау қуанып кетеді. Жалма-жан базардан ала жөнеліп, үйіне әкеліп жығып та жібереді. Қара биені сойып қараса әрі бес айлық құлыны бар буаз, әрі лақса кәрі, өте арық болып шығады.

18. БОҚАШ ҚУ ӘҢГІМЕСІ

Боқаш қу болған. Оны Якия ата көрген екен. Руы — қош-қаралы. Боқаштың балалары бар екен. Олар «Жыңғылды» совхозында тұратын болатын. Балаларының аты: Жорабек, Әлі.

Боқаш қу бір күні қыз жаңа келін болып түскен ауылға келіп қоныпты. Қуаңды, шыбын, сона көп екен.

«Маған сол жерге төсек салып берді. Мен шыбын, сона шаққан соң көйлегімді шешіп, қасыма қойдым. Түнде сол ауылдың сиыры бос екен, ол келіп көйлегімді жеп жатыр екен. Тұрдым да сиырдың аузында көйлегімді көрдім де, құйрығына жабыстым. Сиыр сүйрей жөнеді. Бір құдық қасына барғанда сиыр да өккі екен, мені құдыққа түсіріп жіберді.

Таңертең жас келін суға келеді. Кейін судың ішіндегі мені көрді. Шығармақшы болып жібін тастап еді, мені ауырлық етіп, келіншек те менің қасыма суға түсіп кетті. Кейін ауылы келіншекті іздесе жоқ. Менің төсегімді көрсе, орнымда жоқпын. Сонан «Құдай ұрды, Боқаш қу келіншекпен кеткен» деп екеуімізді іздейді.

Қараса, құдық ішінде екеуіміз тізіліп тұрмыз. Көре сала бізді шығарып мені «ал, ұр». «Сен келіншекпен неге түстің?» деп тағы ұрды. Келіншек айтса, тыңдар емес.

— Бар ма? — деді маған.

Мен:

— Бар, — дедім.

— Ол кім? — деп сұрады.

Мен болсам:

— Сиыр, — деймін. Барлық оқиғаны айттым.

Маған:

— Сиырды танысың ба? — деді.

Мен болсам:

— Шырамытамын, — дедім.

— Сен келіншекпен таныс болмасаң, құдыққа келер ме едің? — деп тыр жалаңаш етіме тағы ұрды. Әйтеуір, өлдім дегенде сиырды да таптым. Сиырды сойғызып, ішінен көйлегім шығып қуандым.

Сөйтп, келіншектен өзер құтылдым-ау, екінші рет жас келін аулына қонбайтын боламын», — депті.

19. ШАНШАРДЫҢ ҚУЛАРЫ

«Шаншардың қулары» деген атау сөз қазақ еліне ертеден мәлім. Бірақ көп елдің адамдары «Шаншардың қулары» дегендер кімдер, қай елде тұрады, неге қу атанған, ол жағынан хабардар емес.

Кеңірек түсіну үшін бұл сөз қалай туған, ең алдымен осы мәселеге аздап тоқталайын. Үлкен адамдардың айтуына қарағанда Шаншар абыз өз заманында бір тайпа елді өз аузына қаратқан би болыпты. Отаны осы күнгі Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданының төңірегінде болған. Елдің батырлары қолдарына түскен олжаларын төрелігін айту үшін алдымен осы Шаншар абыздың алдына әкеліп салады екен.

Бір жорықта батырлар қалмақтың бір ханының Әйбике, Нұрбике, Қызданбике атанған үш сұлуын қолға түсіріп әкеледі.

Алдына келген үш қыздан абыз:

— Қоятын қандай тілектерің бар? — деп сұрайды.

Үш қыз бір ауыздан:

— Бізді ұлыңызға беріңіз, құлыңызға беріңіз, шалыңызға беріңіз, кімге берсеңіз, оған беріңіз, үшеуімізді бір-ақ адамға беріңіз, — деп тілек тілепті.

Абыз үш қызды бір адамға билеп беруге шешім айта алмай:

— Өздерің келісіп, біреулерің алыңдар, — деп батырларға ұлықсат береді.

Ай мен күндей толқыған бір ханның үш сұлу қызын батырлар да өзара ақылдасқандарымен біріне-бірі қия қоймайды. Қызғаншақтыққа салынып, араларына іріткі түсе бастайды. Ел ішінің бүлінуіне себеп туады. Соны байқаған ауыл ақсақалдары батырларға:

— Үш қыздың жасап отырған саясатына беріліп, сендер ес-ақылдарыңнан босқа айырылмаңдар. Өздері «бай таңдамаймыз» деді ғой, сол сөзді пайдаланып, үшеуін де Шаншар абыздың өзіне ұйғарыңдар. Сөйтп, өздеріңнің және ел ішінің тыныш болуын ойлаңдар, — деп ақыл береді.

Батырлардың бәрі осы ақылға тоқталады. Шаншар абыз бүкіл ел болып, ұйғарым жасаған соң үш қызға үйленуге келісім беріпті. Шаншар тұқымы, «Шаншардың құлары» осы кезден бастап өсіп-өнеді. Қалмақтың ханының үш қызы — Әйбике, Нұрбике, Қызданбике үш ауыл болады. Осы үш қыздан тараған тұқым қазіргі Егіндібұлақ ауданының негізін құрап отыр. Басым көпшілігі — осы Шаншар абыздың ұрпақтары...

Көрші ауылдың ұрылары түнде келіп мал ұрлауды ойлап, дайындалып жүргенін сезген шаншардың екі жігіті ұрылардың жолын тосуды ойлап, алдын ала келіп, төбесі ашық молаға жасырынады. Өздерінің тосып отырғанын ұрыларға сездірмеуге тырысады.

Сол кезде аспан түнеріп бұлттап, қайта-қайта найзағай ойнап, жарқ-жүрқ етіп, бұлардың жасырынған бойларын айнала сына әйгілеп көрсете бастайды.

Сонда біреуі:

— Мына Құдайдың бүйірі ұрыларға бұрып кетті. Бой тасалауға мүмкіндік бермей, бізге қырсығуын қарашы, — деп ренжіпті.

— Шамың бар ғой. Қалай жағып қарасаң, олай жағып қара, екеу-ақпыз, — депті екіншісі ыза болып, аспанға алара қарап, екі саусағын шошайтып.

20. [ЕР ЕМЕССІҢ БЕ?]

Бір жігіт өзімен қатты қалжыңдасып ойнап-күліп жүрген досының науқастанып, ауыр халде жатқанын естиді. Көңілін сұрайын деп келсе, досы өте жүдеп қалыпты. Қалған уақытын санауға кіріскенін сезеді. Досының бетіне үңіліп қарап, біраз тұрады да:

— Бір ауруға төтеп бере алмайтын, иің жұмсақ неғылған сорлы едің? — деп ренжиді.

— Не істеуге шарам бар? Тірілердің тізімінен мені өшіріп тастады ғой, әлгі қатігез Жалғыз Иең, — деп қамыққан екен досы.

— Бақырайт көзіңді, тарбайт қолыңды, серме аяғыңды, берме жаныңды. Ер емессің бе? Жігіт емессің ба? — деп қалжыңмен ұрсады досы.

— Шөлдегенде сусыныңды қандырып, көңіліңді жайландыратын, шіркін, әзіл-қалжың-ай, — деп досы дүние салып кетіпті.

21. [МОЛДАЕКЕҢДЕРДЕН ДЕ ҰЯТ БОЛЫПТЫ-АУ!..]

Абайдың нағашысы Қантай ауырып төсек тартып жатысымен жиналған молдалар, тегін олжадан құр қалмауды ойлап, үйлеріне бара салып, қайта келіп, күнде жиылып, науқас

адамның мазасын алыпты. Соның бәрін көріп, байқап жатқан Қантай бір күні көзін ашып, жан-жағына қараса, бастарына ақ сәлделерін байлап, қолдарына Құран әптиектерін ұстап, жан алатын Өзірейілше айналасында қаз-қатар тізіліп тұрған көп молданы көреді.

— Түү, күттіре-күттіре молдаекендерден де ұят болыпты-ау өзі. Көзімізді жұмбасақ болмас, — деп, өз бетін өзі жауыпты.

22. [ТАПҚЫР БАЛА]

Көршілес отырған күшік елінің қауғасақал бір шалы мен бір жастау жігіті көшіп-қонуға ыңғайланған елдің асығып, бірбеткей қимылдап, малды иесіз қалдыратынын еске алып, оңай олжа түсіріп қалуды ойлап атқа мінеді. Тұғырға шығып, ауыл маңындағы бір сайда қойлардың күзетсіз еркін жайылып жүргенін көреді. Аттарын дөң астына тұсап қалдырып, жасырынып келіп нән бір қойды ұстап, төрт аяғын байлап, қарағанның ішіне апарып тастайды. Тағы бір қойды алмақ болып қайта келеді. Жартастың түбінде бұғынып, ұрылардың әрбір қимылын аңдып көріп отырған бір жас бала алдарынан тосын кездесіп:

— Ассалаумағалейкүм, аталар, — деп сәлем береді.

Ұрылар абыржып, тұрып қалады. Жастау жігіт:

— Біз бөтен адамдар емеспіз, қарағым! Көршілес ауылдың адамдарымыз, өздеріңнің ағайындас — күшікпіз. Жоқ іздеп жүрміз, — дейді балаға сыр бермеуге тырысып.

— Сіздің күшік екеніңізді жымиған бет-аузыңызға қарап-ақ түсініп тұрмын, ағай! Мына қасыңыздағы төбетіңіз қайда барады? — депті бала. Сүйектерінен өткен ащы сөзге шыдай алмай, екі ұры балаға қарай тұра ұмтылған екен.

— Аттан, аттан! Күшік аулының күшігі мен төбеті бірлесіп, мені талағалы жатыр. Аттан! — деп бала айғайлап, қолдарына түспей қаша жөнеледі.

Баланың даусына естіген ауыл адамдары атқа қонып, екі ұрыны ұстап алып, дүре соғып, ауылдарына жаяу қайтарыпты.

23. [ӘКЕ ӨСИЕТІ]

Бір жас бала көшеде шылым тартып тұрады. Баланың тәртібін көңілі ұнатпаған бір қария ұрысқысы келіп, балаға қарай бұрылады. Шалдың не үшін бұрылғанын бала да түсініп қалады. Бірақ шылымын тастамайды. Одан сайын құмарта сорып түтінін будақтата түседі.

— Балам, не істеп тұрсың? — деп сұрапты қария баладан бірден дүрсе бас салмай.

— Әкемнің айтқан өсиетін орындап тұрмын, ата, — депті бала.

— Әкең не істе деп еді саған?

— Әкем «балам, өле-өлгенше түтініңді сөндірме. Түтініңді ел алыстан көретін болсын» деген еді, — депті бала.

Шал баланың тауып айтқан дәлеліне көңілі толып, күлкісі келіп, ұрсуға дәрмені болмай, бұрылып жүре беріпті.

24. [ҚҰРДАСТАР]

Ауылда, болыста қызылбөрік болып істейтін әпербақан бір шабарман ауылға жиі келіп, кездескен адамдардың бәрін жазықсыз жазғырып, елдің мазасын ала беріпті. Сол ауылда бірімен-бірі қатты ойнайтын екі құрдас адам болса керек. Біреуі екінші құрдасын алыстан нұсқап:

— Мына келе жатқан адам патшаны да, болысты да танығысы келмейтін, елді оларға қарсы үгіттейтін арам пейілді адам, — деп таныстырыпты қызыл бөрікке. Қызылбөрік екі көзі

қанталап, екі алақанына кезек түкіріп, кіжіне бастапты оған. Екінші құрдасы келіп сәлем берген кезде:

— Сен патшаны да, болысты да танымайтын көрінесің ғой, — деп қызылбөрік мұртын шікірейтіп, көзін ежірейте бастапты.

— Көрмесем, ол кісілерді мен қалай танымын? — депті екінші құрдас.

— Көрсетемін мен саған көрмегенді, танымағанды. Қол-аяғыңды кісендеп, барса-келмеске аттандырамын мен сені, — деп аузы көпіріп, гүр-гүр етіп, ауылды басына көтеріпті әлгі қызылбөрік. Көпке дейін басылмай даулап сөйлей беріпті.

Есік алдында шай қойып жүрген бір жас әйел болыстың шабарманының көп сөйлеуге бет алғанын түсініп, бір аяқ қымыз әкеліп ұсыныпты.

— Ағатай, ол кісіге босқа ұрса бермеңізші. Ол кісі өзіңіздің күшігіңіз болады, — депті.

Қызылбөрік өзінің ақымақ болғанын сонда түсініп:

— Әкеңнің, — деп шағыстырған алғашқы құрдасқа қамшысын ала ұмтылыпты. Естіп тұрған ел күлкіден ішектері түйіліп, өле жаздапты.

25. [НАҒАШЫМНЫҢ ӘҢГІМЕСІНЕН]

Менің нағашыларым Шаншар елінің әдет-ғұрпын еске алып, мынадай бір әңгіме айтты.

Қыс айы болатын. Күн шаңғытқан аяз еді. Үш салт атты адам Ақайдың Қасенінің аулынан қайтып келе жатып, төрт үйден ғана тұратын Шаншардың аз ғана аулына кез болдық. Келген қонаққа таныған-танымағанына қарамай қонақасы беріп, сыйлау қазақ елінің ежелгі дәстүрі ғой. «Бой жылытып алайық» деп ойлап, аттардың ауыздығын алып, шөпке байлап, сәлем беріп, бір үйге кіріп келдік.

Келсек, бір қыз жұқаяқтың үстінде жүн түтіп, жеңгесі сырмақтың үстінде ұршық иіріп отыр екен. Екеуінен басқа үйде адам жоқ. Біз төрге шығып жайласып отырдық. Қасымдағы жігіттердің бірі атқосшы болатын. Басында жаңадан тіктірген, плюш барқытпен тысталған қара елтірі тымағы бар-ды. Басқа киімдері жұпыны еді. Екінші жігіттің аяғында қонышы ұзын жылтыр саптамасы бар-ды. Қай үйге келмесін қонышындағы киізін алып, түкіріп-түкіріп етігінің қонышын жалтыратып сүрте бастайтын-ды. Ыспалайтын да жататын-ды. Әлгі жігіт үйге кіріп отырысымен, өзінің сол дағдылы кәсібіне кірісті.

Жұқаяқтың үстінде отырған қыз бөрімізге көз тоқтатып бір қарап алды да:

— Жеңеше, мына кісілердің жөн-жобасын сұрап, таныспайсыз ба? — деді жеңгесіне бұрылып.

— Жөндерін сұрамай-ақ өздері түсіндіріп жатқан жоқ па? Таудың басынан етегіне дейін түлкі қуған тазы ұқсап, үйге кіріп үлгермей-ақ сәнденіп, аяқтарын жалап жатқан ел арасының серілері емес пе? — деді жеңгесі еріндерін сылп еткізіп.

— Менің байқауымша бұл кісілер қайын жұртының аулына бара жатқан адамдарға ұқсайды. Өйткені шеткерек отырған ағай тым басынан жарасыпты, — деді қыз сөзді іліп әкетіп.

Ол елдің сыры ертеден бізге мәлім ғой. Бізді ермек жасап күлкіге айналдыра бастағанын сездім де:

— Қарақтарым, біздің жәйімізді айтқызбай-ақ білгендеріңді түсініп отырмыз. Бірақ, енді, алыс жолға кетіп бара жатқан адамдар едік. Асығыспыз. Бізге арнап ет аспаңдар. Ащы қуырдақ пен бір шай өзірлей қойыңдар, — дедім мен. Үйдің иесі:

— Қақсап-зарлап айтатынын айтты ғой, орындамасақ болмас, — деп орнынан тұрды [жеңгесі]. Оның соңынан қыз да кетті. Тағы қай жерімізден мін табады бұлар деп күдіктеніп, берген шайларын қысыла-қысыла ішіп, асығыс атандық әлгі үйден.

26. [МАУҚАЙ ҚУ ТУРАЛЫ]

Ел расында Мауқай Тоғайбайұлы деген адам болған. Оны «Мауқай қу» деп атайды. Өзінің қулығымен осы өңірге атағы шыққан адам еді. Жас кезімде талай көргенбіз. Біздің үйге де келіп, талай қонақ болған адам. Ол кездері жас болып талай айтылған сөздерге назар аудармаппыз ғой...

Жарықтық өте шешен адам еді. Бұл Мауқайдың атасы Келдібектен тарағаны алтау еді. Ең үлкені Қазыбек, одан кейінгілер: Сәдібек, Бөдене батыр, Асан, Балапан, Үсен. Ал Мауқайдың ата-тегі осы — Асан. Енді Мауқай қу туралы бұрындары айтылатын әңгімелер өте көп еді. Қазір қартайғандікі ме, көбін ұмытып қалған екем. Сендерге білетінімді айтып көрейін.

«Бір жолы Мауқай Абай аулына келеді екен. Ол кезде Мауқайдың орта жасқа келіп, ақыл тоқтатқан кезі екен. Содан Абай үйінің алдына келіп, ат басын тірейді. Үйден қызметкерлері шығып, аттың басын байлап, өзін аттан түсіріп алады. Қызметшілердің біреуі жүгіріп келіп, Абайға Мауқайдың келгенін айтады екен. Сонда Абай Мауқайдың жасы кіші екенін ескеріп, сыртқа шығуды жөн көрмей, теріс қарап жатады екен. Енді үйге кіре берген кезде, Мауқай кілт тұра қалады да:

— Ей, Абай! Сенің алғашында азан шақырып қойған атың Ыбырахым еді. Дүниенің төрт бұрышын абайлап тұрсын деп Абай қойған екен. Ал сен болсаң Өскенбай мен Құнанбайдан аса алмай қалған екенсің», — деп айтыпты-мыс деген әңгіме бар.

27. [БОРАНБАЙ ҚАЙТЫС БОЛҒАНДА АЙТҚАНЫ]

Бір жылы мынадай оқиға болған екен. Бір ауылдың Боранбай деген байы қайтыс болады. Бұған туысқандары келіп, көрісіп жатады. Сонда Мауқайдың былай шыға бере:

— Көшкенде қойыңды айдаушы едің,
Жолыңда жуа көрінсе.
Сары қозыдай шайнаушы ең,
Ер тоқымың бір құшақ,
Үзеңгі-бауың көп бұршақ, —

деп айтқанда елдің бәрі ду күлген екен.

28. [МАУҚАЙДЫҢ ӨСИЕТІ]

Мауқайдың дәл қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Кетерінде туған-туысын жинап айтқан сөзі мынау:

— Менің Мауқай қу деген атым бар. Кейін менің зиратымның басына келіп Құран оқиды. Сонда мына жақтан әкей, мына жақтан шешей маған арналған Құранға ортақтасып жүрер. Мені анау тұрған жеке төбеге жайғастырыңдар, — деген екен.

Оның сол ақырғы сөзін орындап, осыдан қырық шақырым жерде Оянқоңыр деген жер бар, сонда төбеге апарып қойған еді.

Бесекбай әңгімелері

29. ҚОНЫСТЫҢ ҚОРҚЫНЫШЫ

Бесекбай бастаған бір топ адам Тәшкен қаласына кіре салуға шыққанда жол тосқан қарақшылар олардың барлық көліктерін алдарына салып, қуып кетеді. Бұлардың қолында тек бір солтақ атан ғана қалады. Отыз адамның арасында жарымжан бір түйе. Енді не істеу керек? Лаж жоқ бәрі түйеге селбесіп ауылдарына қайтады. Ауыл қашықта, ұзақ жол азабын шегушілер әлгі солтақ атанға кезектесіп мініп, аяқ суытпақшы болады.

Олардың арасында Қоныс деген етшең, семіз қариясы бар екен. Ол түйеге мінген бетте түспей қояды. Бір күн, екі күн өтеді. Басқалар тықырши бастайды. Үнемі жаяу жүргендіктен кейбіреулерінің аяқтары талады. Қонысқа «біз де бір мезгіл аяқ суытайық та» деп айтайық десе, бата алмайды. Содан соң олар Бесекбайға келіп:

— Ана Қонысекеңе айтсаңызшы, біздің де жанымыз бар ғой. Бір мезгіл аяқ суытайық та, — деседі.

Сонда Бесекбай әдейі Қонысқа естірте:

— Әй, жігіттер-ай, сендердің бұл талаптарың дұрыс-ау, оны мен ойламай келе жатыр дейсіңдер ме? Бірақ сендердің бұл талаптарыңды мен қостай алмаймын. Өйткені алдағы күннің де қамын ойлау керек қой. Тамақ болса таусылуға таянды. Бәріміз бірдей аштан қырылғанша, ортамызда бір адамның қызыл май

болмай, семіз күйінде тұрғаны да жөн емес пе? Түбінде кәдеге осы Қоныс жарамағанда, кім жарар дейсің? Гәптерің іштерінде болсын, — деп көзін қысады.

— Е, олай болса, мақұл, — деседі жігіттер.

Бұл сөзді құлағы шалып қалған Қоныстың жүрегі аузына тығылып, денесі тітіреп кетеді.

— Бесенжан, — дейді ол біраздан кейін айқайлап. Дауысы үрейлі естіледі, — тоқтаңдар, мен түсемін.

— Жоқ, сіз түспейсіз, — дейді Бесекбай қасына жақындап келіп, — сіздің шаршамағаныңызды осы жігіттердің бәрі жөн көріп келеді. Отыра беріңіз.

— Алла разы болсын. Құдай енді түйеге кезегімен мінгізсін, — дейді ол түйеден домалай түсіп.

Осыдан бастап Қонысты үрей билейді. Тамақты да аз жеп, тіпті түйеге мінбей қояды.

Келесі күні Бесекбай маңдайынан ащы тері сорғалап келе жатқан Қонысқа:

— Қонысеке, сіздің кезегіңіз келді. Түйеге мініңіз, — дейді.

Бірақ Қоныс азар да безер болып, түйеге жоламайды.

— Түйеге мінсем, босаңсып қалармын. Жаяуым жанға жайлы екен, — деп алға түсіп, тарта береді.

Аулына аман-есен жеткен күні Қоныс бозқасқа шалыпты да, оған Бесекбайды шақырыпты.

— Япыр-ай, Бесекжан-ай, сол кездегі қорыққаным әлі есімнен кетер емес, — депті ол Бесекбайға.

— Оның өзі де өте қорқынышты сапар еді ғой, — депті Бесекбай оны арқасынан қағып.

30. ҚАЛЖЫҢҒА ТҮСІНБЕГЕНІҢ БЕ...

Бесекбай бір жылы тұзақ құрып, қырғауыл алумен айналысады. Бұл кезде Шудың нар қамысы ішінде қырғауыл көп болады екен. Әшім деген молда бір күні Бесекбайға келіп:

— Сені ел тұзақпен қырғауылды қырып жүр дейді ғой. О да болса Құдайдың бергені шығар. Маған да біраз қырғауыл ұстап бер, — дейді.

— Мақұл, — дейді Бесекбай бірден келісіп.

Сөйтіп, екеуі таңертең тұзақ құрып, кешқұрым оны аралауға шығады. Олар ө дегеннен-ақ тұзаққа түскен бір қораз қырғауылға тап болады. Бесекбай жансыз жатқан қырғауылды тұзақтан шығарады да қасына қояды. Сонан соң Әшім молдаға күле қарап:

— Осы сендер қит етсе, Құдай берді дейсіңдер. Айтшы, осыны да Құдай берді ме маған? — дейді.

— Әлбетте, — дейді молда.

— Жоқ, — дейді Бесекбай, — мұны өз еңбегіммен алдым. Құдай бергіш болса, үйіңде жатып, Құдайдан сұрап неге ала бермейсің? Маған ілесіп нең бар?

Сол кезде есін жиған қырғауыл пыр етіп ұшып кетіпті. Сонда Бесекбай аспанға жайбарақат қарап отырып ойланбастан:

— О, Құдай, сен де бала мінезді екенсің ғой! Бір рет өзімсініп айтқан қалжыңымды көтере алмағаның қалай? Көңілің неткен кінәмшіл еді, — дейді.

Сонда Әшім оның санынан шымшып алады да:

— Мұныңыз да Құдайға күпір сөз, — деп ерінін жымқырады.

— Тыныш, — дейді Бесекбай орнынан тұрып бара жатып, — Құдай екеуіміздің арамызда өзара қалжыңымыз бар. Оны сен сияқты топас молдалар қайдан түсінсін!

— Астафиралла!... Астафиралла!.. — деп Әшім жағасын ұстаған күйі орнына отыра қалыпты.

31. ҚҰДАЙДЫҢ КӨК ҚОШҚАРЫ

Бесекбай Шу өңіріне қақпан салады екен. Бір күні қақпанына арлан қасқыр түседі. Осы кезде Бесекбайға бір тосын ой сап

ете қалады. Ол қасқырдың аузын тұмшалап буып, қапқа салады да, аузын содан кейін барып босатады.

Осы өңірде елге белгілі бір сараң бай тұрыпты. Бірде Бесекбай да осы үйде бір түн аш жатыпты. Соған зығырданы қайнап жүрген Бесекбай сол байдың үйіне қарай жол тартады.

Ол бай үйіне іңір қараңғысы түсе келеді.

— Мынау арқалаған қабыңның ішіндегі бұлқынып жатқан не нәрсе, Бесекбай, — дейді бай таңырқап.

— Бұл — Құдайдың көк қошқары. Қолыма ілікпей жүргеніне он жыл болып еді. Бүгін сәті түскені, Құдай жарылқап. Енді мен де өзің сияқты бір байитын болдым, — дейді Бесекбай қуаныш белгісін сездіріп.

— Мұның соншалықты не қасиеті бар екен? — деп сұрайды бай одан ентелей түсіп.

— Мұның қасиетін айтпаңыз, байеке, — дейді Бесекбай, — бұдан қашқан саулық түгелдей егіз туады. Бір қойдан жыл сайын екі қой өріп жатқанда, мен байымағанда кім байиды?

— Сен бір олжаңды байла маған. Жерден тауып алдым демеспін. Қазық бауыңа бір бесті ал, — деп жармасады бай.

Бесекбай қиналып барып, зорға көнеді.

— Жарайды, ендеше. Дегенің болсын! Бірақ мұны ел жатқаннан кейін барып қораға жіберіңіз де, төсекке келіп, бүркеніп жата қалыңыз. Бұл барлық қойыңызды бір түнде қашырып бітеді.

— Жануар-ай, ә, — деп таңырқайды бай.

Сонымен Бесекбай бай берген бестіге мініп, аялдамай жүріп кетеді. Қолында барын місе тұтпайтын бай, ел жатқаннан кейін қаптағы «Құдайдың көк қошқарын» қораның ішіне жібереді де, өзі үйіне келіп жатып алады. Қораның іші астан-кестең болып, ауыл иттері азан-қазан шулайды.

Ертеңіне тұрса, қораның іші қып-қызыл ала қан. Саулықтарды қасқыр бауыздап кеткен. «Құдайдың көк қошқарының» осыншалық кереметін көрген бай талықсып құлап түседі.

32. САРАҢДЫ СОҚҚАН ҚУ

(Өрі сараң, әрі қуды соққан қу)

Абыз-көшек Қалақай деген Артықбаймен жүзі таныс, замандас кісі болса керек. Артекең үйіне келген кісіні сыпайы ғана қуып шығып, тағы кімдер келсе де қалай жалтарып, ас бермеудің амалын іздестіріп отырады екен. Үйіне келген кісіге «төрге шық» деп айтылмайды. Үйден шығып бара жатқанда: «Бөленшеке, неге отырмадың, сыбағанды жеп кетсең еді», — дейді екен. Өлдеқалай ас асуға тура келсе, түрліше мақаммен Айғаным әжейді үйретіп қойыпты: «қазан көтер немесе қазан қайнат» десе, болмашы ғана, «ас ас немесе ас сал» десе, тоярттоймас, «сыбаға сал» десе, асының бар шұрайы — кәде сүйек; «асты салу керек» десе — онда ол сыйлайын деген кісісі. Асты түрліше сылтаумен шығып кетіп, өзі салады екен. Артекеңнің жайын білетін Қалақай бір-екі рет соғылған екен. Сол Қалақай бірде әдейі осы Артекеңнен сыбаға жеу үшін әдіс жасайды. Пар ат жегіп, суыт жүріп, Қалақай Артекең үйінің тұсына келіп, атын асқосшыға тапсырып, жол үстіне қояды да, жүгіре басып үйге кіреді. Олар түскі шай ішіп отырады.

— Уа, Қалақа, жүрісің тым суыт, асығыссың ғой өзің, жол болсын! — дейді Артықбай.

— Әлей болсын! Тройцкіге барамын. Өте асығыспын, сізді көріп қана сәлем беріп, амандық білейін деп кірдім. Мына дайын шайды да ішуе мұрсат жоқ. Бәйбіше, нан бер кішкене, жол алыс, күн қысқа, қонар жерге ерте бар дейді ғой, — дейді Қалақай.

Артекең Қалақайдың өте асығыстығына көзі жетіп, жылмаңға басты.

— Ойпырмай замандас, жолың түсе қоймаушы еді. Сен бізден жарты омыртқа жеуге тиісті едің. Кісі болса көп, қашан тағы айналып соққаныңша ас-су бітіп қалып, ұятты болып қаламыз ба? Сыбағанды жеп қетсең қайтеді?

— Жоқ, Артеке, өте тығыз жұмыспен бара жатырмын, айтуға да уақыт жоқ, соңынан ести жатарсыз, — деп, есікке тұра ұмтылады.

Артекем Қалақайды шынымен кетті деп ойлап, орнынан тұра келіп;

— Ай, Қалақай, ендігі айналып соққаныңша ас-су бітіп қалса, сыбағамды жемедім деп өкпелеп жүрме, менен айып жоқ, осынша жабыстым, тым асығыспын дейсің, «Досыңды көп ұстама, жолынан қалады» демей ме қазақ, ендеше, жолың болсын, бірақ өкпелеме, тағы айтам», — дейді.

Осы кезде Қалақай:

— Ойпырай, Артекем осынша жабысып, жігі-жапар болып тұрғанда, сөзін сыйламай кеткенім Құдайдың өзіне де келіспес, отырсам-отырайын, ал енді сал сыбағамды, — деп төрге шығып, отыра кеткенде, Артекең:

— Қап! Ұрдың-ау, алаяқ! — депті.

33. АҢҚАУЛАР МЕН ҚУЛАР

Баяғыда бір аңқау есегіне мініп сапарға шығады. Келе жатып тауға кез болады. Тауға шығарда есегін аяп, жетектеп алыпты. Мұны екі қу көріп, есекті ұрламақшы болады. Екі қу аңқауға білдірмей келіп, біреуі есектің ноқтасын сыпырып жіберіпті де өзі киіп аңқаудың артынан еріп отырады. Екінші ұры есекті алып кетеді. Аңқау білмейді, өлеңін айтып, қаннен-қаперсіз жүре береді. Біраздан кейін әлгі қу тартынып жүрмейді, аңқау артына қараса, есектің орнында адамды көреді.

— Бұл қалай, сен қайдан келдің? — деп таң қалды.

Қу жігіт:

— Мен сенің есегің болып жүрген адам едім, бала кезімде тентек болыппын, шешем, «есек болғыр» деп қарғап жібергенде мен есек болып қалыппын. Мені сен базардан сатып

алдың, бүгін қайтадан шешемнің мейірімі түсіп, «адам болдым», — дейді.

Аңқау бұған сеніп:

— Ал, ендеше, үйіңе бара ғой, — деп босатып жіберіпті.

34. ҚУ МЕН АҢҚАУ

Бір қу мал ұрлауға келіп, қолға түсіп қалады. Қойшы оны құлағынан ұстап, үйіне қарай сүйрейді.

— Ей, айналайын, құлағымнан сүйресең сүйре, мұрнымнан сүйрей көрме, — дейді қу.

Аңқау қойшы мұның жанды жері мұрны екен деп, құлағын қоя беріп, құды мұрнынан жетелейді.

Қу басын сілкіп қалады. Аңқаудың қолынан мұрын бұлт етіп шығып кетеді.

35. ТҮЙЕБАЙ

Жұмыстан қолы бос, еріккен қалжыңбас жігіттер бірде Түйебайдың ауылына көршілес бір үйге жиналып, ет пісіп, қазан түсейін деп жатқан кезде Түйекеңді: «Келіп табақтас болсын, күтіп отырмыз», — деп шақырады. Ол келгенше бастың құйқасын сыпырып, көзін ойып алып, жалаңаш бас сүйектің өзін ғана қалдырыпты. Дастархан жайылып, табақ келгенде әлгі қулардың бірі:

— Ойбай-ау, мына бастың құйқасы қайда кеткен? — депті түк білмегенсіп, сонда екінші жігіт:

— «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» ғой. Түйеке, уақытында келмей, бастан құр қалдыңыз, кінә өзіңізден, бұйырғаны сол шығар, ырым болсын, ұстаңыз мынаны! — деп жаңағы жалаңаш басты Түйебайдың алдына қойыпты.

Осындай өзіл-қалжыңнан әбден зықысы шығып, мезі болған Түйебай ақырында құрдас-құрбыларын шақырып, қой сойып, қонақ етіп, бұрынғы атын өзгертіп, жаңадан ат қоюын өтініпті. Жолдастары мұны бір ауыздан қуаттап, сенің атың мұнан былай «Ботабай» болсын деп ұйғарыпты. Үй иесі бұған қуана риза болып, оларға алғыс айтыпты.

Қонақтары кеткен соң Түйебай әйеліне:

— Мен жұртқа мазақ болған бұрынғы атымды өзгерттім. Әлгілер маған «Ботабай» деп ат қойып кетті. Қалай саған ұнай ма? — деп сұрапты. Сонда әйелі:

— Бетім-ау, жұрт қалжыңдап айтса, соның бәріне сене беретін ашықауыз бейшара, бүгін бота болсаң, келесі жылы тайлақ, одан арғы жылы баяғы түйе болатыныңды түсінбедің бе?! — депті.

— Қап, әлгі қулар енді бұрынғыдан бетер әжулап, күлетін болды-ау. Басқа жаққа көшіп кетпесем болмас, — деп Түйебай сонда санын бір соғыпты.

36. АЛДАНҒАН МОЛДАЛАР

Жаназаға бара жатқан екі молда біріне-бірі білгіштігін көрсеткісі келіп, діни әңгімелерді кезектесіп айта беріпті. Сөзден сөз шығып, бірі Бұхар молдаларын, екіншісі Уфа молдаларын мақтайды. Ақыры сөз арты керіске соғып, төбелеске айналады. Екеуінің төбелесіне келе жатқан Мұса деген жігіт тап болады.

Таяқ жеңкіреген молда Мұсаны көргеннен-ақ:

— Қырықтың бірі Қыдыр деп еді, оң ниетіме Алланың жіберген адамы боларсың. Әділ төрелігіңді айт, саған жүгінеміз. Сына, күнәһар молда Бұхар молдаларын балағаттап, дінге тілін тигізді, — деп қақсай бастағанда, екінші молда да қарап қалмайды. Ол да өз сөзін қуаттай түсіп, ана молданы жамандап:

— Уфа молдалары ең Құдайға берілген молдалар еді, оларды жамандау Құдайға шүбә келтіргендік, — деп мұңын шаға бастапты.

Мұса аз ойланған болыпты да:

— «Бұл бір күнқатпа» деген қиын дау екен, сонда да сіздерге әділ төрелік бермей болмас. Бірақ айтқаныма көнесіңдер, — деп сөзді әбден пісіріп алыпты.

Екі молда жарыса сөйлеп:

— Е, бәсе, «бітер істің басына жақсы келер қасына» деген, айтқаныңа көндік, не істесең де еркіндеміз, — деп Алла атымен ант етіпті.

Жігіт күбірлеп, бірдеңе айтпақ кісідей аз отырыпты да:

— Мен ойланып болғанша, сендер анау қырға шығып, бері қарай жүгіріп келіңдер, — деп шыжып тұрған ыстық күнде бір жүгіртіп алады. Сонан кейін қара терге малынған екі молданы күнге қарсы отырғызып қойып, басындағы сөлделерін алып, жалаңбас қалдырады. Сөйтеді де:

— Айттым ғой бұл күнқатпа деген қиын дау, әлі ойлану керек. Мен де өз атыма мініп, сендердің аттарыңды жетектеп, ана қырдың басына барып келемін. Сендер осылай қозғалмай отыра беріңдер, — деп, атына мінеді де:

— Бұхардың молдалары айуан, Уфаның молдалары арам. Ойлану керек дедім ғой, ойланып келейін, — деп шауып кетеді.

Сол кеткеннен жігіт те, молданың аттары да, сөлдеделі де қайтпайды. Жігітті күтіп ұзақ отырған молдалар шөлдеп өлетін болған соң, татуласады. Жігітті қырдың астында отырған шығар деп келсе, жігіт жоқ. Оның «күнқатпа дау» деген сөзіне молдалар енді түсінеді.

Жігіттің бұл қулығы елге тарап, содан ол «молданы алдаған Мұса» атанып кетіпті.

37. ЕСМАҒАМБЕТ ПЕН ДЕРБІСАЛЫ

Жағалбайлы елінің сұлтаны болған Дербісалы Беркінбай патшадан шен алып, сұлтандық (XIX ғасырдың аяғында) лауазым алып келген соң, қақпадан кісі кіргізбейтін әдет шығарып, күзетші солдат қойыпты.

Қашан түс болып, Дербісәлінің ұйқысы қанып, кісі қабылдайтын кезін күтіп, жұрт сарылатын болыпты. Осыны есіткен Есмағамбет бір күні Дербісалының аулына әдейі ерте келеді.

Солдаттар кіргізбейді, ол кірмекші болады. Бағынбаған соң, солдаттар мылтық атып, қорқытпақ болады. Мылтық даусы шыққан кезде:

— Ойбай, өлдім, оқ тиді, — деп айқайлаған күйі, қақпаға кіріп кетеді.

— Күзетшілерің біреуді атып алды білем, — деп Дербісалыны оятады.

Дербісалы далаға шықса, қақпа ішінде шанадан түсіп жатыр екен.

— Атылып қалған кім екен десем, сен екенсің ғой, оқ сенің өлетін жеріңнен тиген шығар? — деп күледі өзімен амандасып тұрған Есмағамбетке.

Есмағамбет үйге кіруге ыңғайланған кезде:

— Осы тұрған күйіңше, ойланбастан бір ауыз өлең айтпасаң, үйге кірмейсің, — дейді Дербісалы.

Сонда Есмағамбет ойланбастан:

— Баласы Берекемнің болдың дүрден,
Қыстадың өлең айт деп үйге кірмей.
Айсадай аспанға ұшсам, сөз сенікі,
Жерде өлсең, сен де бірдей, мен де бірдей, — депті.

38. ЕСМАҒАМБЕТ ПЕН ОТАРБАЙ

Жағалбайлы Отарбай қажы Қондыбаев соңғы кезде бидай саудасының қызығына түсіп, келген қонақпен ісі болмайды екен. Қонақ мейманханада отыра береді де, байдың өзі далада біреуден бидай алып, біреуге бидай сатып, сапырылысып жататын әдет шығарыпты. Бұл әдет елге ерсі көріне бастайды.

Бір күні Есмағамбет келіп қонса, Отарбай өзінің ескі әдетін істеп, далада сабылып жүреді.

— Маған сарайдан таңдап үш бидай әкеп бер. Бірінен бірі үлкен болсын, — дейді байдың інісі Сейітжанға Есмағамбет.

Сейітжан айтқанындай үш бидай әкеп береді. Тамақ піскен кезде Отарбай үйге келеді. Сол кезде Есмағамбет:

— Атаңа рахмет, ақ бидай, Адам атаны бейіштен шығардың! — деп төс қалтасына салады.

— Спасибо, қобаң бидай, Жаманшаловты түрмеге жаптырдың! — деп оны екінші жақ төс қалтасына салады.

— Қасиетіңді қызыл бидай, Отарбайды әлі күнге үйінде отырғызып қойдың, — деп үш бидайды сөгіп лақтырып жібереді.

Осыдан кейін Отарбай ұялып, өз әдетін түзетіпті.

39. ЕСМАҒАМБЕТ ПЕН АППАЗ

Көшпелі жапнас Аппаз бір күні қыпшақ Бейіс қажы деген дін жолында қадірлі кісіні қонаққа шақырып әкеп отырғанда, ел аралап келе жатқан Есмағамбет кіріп келеді. Аппаз Есмағамбетті ұнатпаса да, құрметті қонағы Бейіс қажы келгенін тәуір көрген соң, үйіне енгізеді. Бірақ та сөйлеңкіреп отырады. Бұл көзқарасты Есмағамбет те абайлап отырды. Бір кезде Аппаз отырып:

— Ақун, бірталай ауылға барсаңыз да төртеңізге ешнәрсе байланбаған екен, — деп ел қыдырғанын мінеп кекетеді.

— Уай, Аппаз-ай, сен білмейді екенсің ғой. Құдай жаратқанда адамды үш сортқа бөліп жаратыпты: 1-сорт: мына Бейіс қажы сияқтылар, өзінің несібесі үйде жатса да дайын, жұрт өзі шақырып береді. 2-сорт: мен сияқтылар, несібемізді ел үстіне шашқан. Барсақ, алып жейміз, жатсақ, құры қаламыз. 3-сорт: ең последний сорт сен сияқтылар, атадан қалған малын бағып күн көрмесе, бұлардың өз басына Құдай берген несібесі жоқ, — депті.

40. ЕСМАҒАМБЕТ ПЕН БОРНАЧЕВ

Орскиде (Жаманқала) тұратын татар байы Борначев Троицкіде тұратын башқұрт Зейнулла қазіретті қонаққа шақырып, бірнеше күн сыйлайды. Ишан отырған үйге кісі кіргізбейді, келген кісілерді басқа үйге кіргізіп, сол жақтан жөнелтеді. Мұнысына қазақтар наразы болыңқырайды.

Ишанға сәлем беруге бір күні Есмағамбет келсе, Борначевтің малайлары ишан отырған үйге жібермейді. Есмағамбет омыраулатып кірмек болады. Байдың малайлары Есмағамбетті шығаруға айналады. Сол кезде Есмағамбет:

— Ойбай, ойбай! Мен не жаздым, Құдай! Башқұртымды бермейді, Қазаннан келген ноғай... — деп айқайлапты. *(Башқұртымды бермейді деп жүргені—Зейнулла жас кезінде кедей, ешкімге қадірі жоқ кезінде жаппас Жарасбай баймен бірге қажыға барып, сонан қазірет атанады).*

Дауысты үйде отырған Зейнулла танып, үйге шақыртады. Борначевтар ұялып қалады.

41. ЕСМАҒАМБЕТ ПЕН СЕЙІТ

Орынбордың қасындағы тама Сейіт Қоңырбаев менмен, орыс мінезді кісі екен. Соның мінезін есіткен соң, Есмағамбет әдейі іздеп барыпты.

Түс кезі екен, ат-арбасын басқа жерге қойып, есік қақпастан Сейіттің өзі отырған үйге кіріп барса, Сейіт зал үйінде, екі қолын қалтасына салып ерсілі-қарсылы жүр екен.

Келген Есмағамбетті кісі екен демей, жүрген күйі, теңселіп жүре береді. Екі қолын қалтасына салып, Есмағамбет те жүреді. Сейіт стол үстінде жатқан шылымын алып тартса, ол да алып тартады. Сейіт диванға отырса, ол да отырады.

Ақыры шыдай алмай Сейіт:

— Кімсің, неткен адамсың? — дейді жекіріп.

— Адам емеспін. Өзөзілмін. Сенің желкеңе мініп, адамзаттан бездірдім. Адам атаны бейіштен бездірдім. Енді екеумізден басқа жан жоқ, серуендеп жүрген жоқпыз ба? — деп бұл да қатты сөйлейді.

Сейіт аңырып азырақ тұрады да:

— Ақсақал, құлдық, кешіңіз! — деп қолын алады.

Жөнін сұрап, Есмағамбет екенін біледі. Қонақ қылады. Тәубаға келгендей болады.

— Тақсыр, мен осы жасқа келгенше мұсылмандыққа лайық іс етіп көргенім жоқ, маған да бейіш нәсіп болар ма екен? — дейді пір тұтынып.

— Неге болмасын, мұсылманның ешқайсысы да дозақта қалмайды. Өзің зекет беруші ме едің? — деп сұрайды Сейіттен.

— Жоқ.

— Намаз оқисың ба?

— Жоқ.

— Ораза ұстайсың ба?

— Жоқ.

— Қайыр-садақа беретін бе едің?

— Жоқ, — дейді Сейіт.

— Кестірілген бе едің? — дейді ақын кекесін түрде.

— Е, жас баласын қазақ піштірмей тұра ма? Ол ата-ананың ісі ғой, — дейді Сейіт.

— Ендеше, саған дозақ түгіл, дәнеме де жоқ. Ғарасатта сенің мұсылмандығыңа шек келтірсе, соныңды көрсетпейсің бе? — депті кекетіп.

Өмірі мұсылмандық білмеген Сейіт Есмағамбеттің сөзінен жығылып, қайыр-садақа беріп, барған кісімен сөйлесетін болыпты.

42. КӨЗДІҢ ЕМІ

Ертеде Қожық деген бай болыпты. Ол талайларға дүре соғып, қорлық көрсетіпті. Бір күні осы байдың ауылына Құрыш деген қу келеді. Байдың оң көзі соқыр екенін байқап қалған Құрыш қу оң көзін қысып өтірік соқыр бола қалады.

— Ассалаумағалейкум, байеке! — деп қос қолын ұсынады.

— Уағәлейкүм ассалам! Қай ауылдан келесің? Қайда барасың? — дейді бай.

— Ой, байеке! Қайдан келесің, қайда барасың деп неғыласыз? Одан да бері таман келіңіз. Сіз де, мен де соқыр екенбіз, көп сөзді қойып, өзіміздің көзімізді ашайық, — деп дөңестеу беткейге отырмақшы болып бұрылады.

— Е, қалай ашасың? Ондайға емің болса жылдамдата көр. Не болсада танбаймын, — деп, бай Құрышқа мөлтен қағады. Құрыш солқылдақ бір шыбықты алады да, байға келіп:

— Ал, байеке, арқаңызды жалаңаштап, маған бұрылып жатыңыз. Мен осы шыбықпен жон арқаңыздан екі-үш рет ұрғанда, көзіңіз шайдай ашылады. Талай соқыр осыдан жазылып кетті, — деп жігіт «көз емнің» жайын айтады.

Қожық бай бұған сеніңкіремей:

— Алдымен сен өзің жат, дүрені мен соғайын. Сенің көзің ашыла қалса, мені қалай соқсаң да, шыдап бағайын, — дейді.

— Мақұл, жатсам жатайын, — деп Құрыш көйлегін түріп, жон арқасын беріп жата кетеді. Бай шыбықты алып бір-екі сермеп үлгірмей-ақ Құрыш атып тұрып:

— Ой, қолыңнан айналайын, байеке, рахмет! Көзім шайдай ашылды ғой, — дейді. — Енді мені соқыр деп жүрген әлгі

сұмырайларға барайын, — деп, байлаулы тұрған атына қарай тұра ұмтылады.

Сол заматта бай:

— Өз көзің ашылған соң алды-артына қарамай қайда барасың? Ұр мына мені! Менің де көзім ашылсын, — деп Құрышқа жалбарынып, солқылдақ көк шыбықты қолына береді.

Қожық бай көйлегін жоғары түріп жіберіп, жон арқасын төсеп жата қалады. Құрыш аспай-саспай молдасын құрып отырады да, солқылдақ көк шыбықпен жалаңаш арқаға шып-шып еткізіп салмақпен соға береді. Соқырлықты намыс көрген бай, «қайтсем де шыдайын, көзім ашылар» деген үмітпен тістеніп жата береді. Бірақ қанша шыбық соғылса да, соқыр көзі ашылмайды. Арқасы көк ала болып, білеуленіп қанталап шыға келеді. Істің алды-артын байымдамай аңқаулықпен таяқ жеп, әбден сілікпесі шығып, мең-зең болған бай:

— Қанша соқсаңда көзімнің ашылмағаны қалай! — депті Құрышқа өздер бұрылып. Сонда Құрыш:

— Дүниеге құныққан, зұлымдық жасаған адамның көзі өмірбақи суқараңғы болып өтпек қой, — депті де, атына мініп жүріп кетіпті.

43. ҚУЛАРДЫҢ ҚҰРЫҒЫ ДАЙЫН

Ертеде екі жолаушы жігіт бір сараң байдың үйіне келіп қоныпты. Бай үйі:

— Күн жаз болды, жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілді, қара-өзек шақ, жігіттер су-суан ішіп жатпастарыңа болмас, — деп, оларды қара шаймен қатырыпты.

Таңертең ат әкелуге шыққанда үлкен жігіт кішісіне:

— Қап, бөлем, мына иттің қорлығын-ай, осы сараңның сазайын тартқызайық. Қарағайдай қос қазы тұр. Аттанарда қайтсек те соны ала кетуіміз керек, — дейді.

— Оны қалай аламыз? — дейді кішісі.

— Оны алу үшін аттанарда екеуіміз әлденеге жанжалдаса қалуымыз керек. Мен сені үйге қуып тығайын. Ал үйдегілер бізді арашалау үшін тысқа шығады. Сен сол кезде қазыны алып шығарсың, — дейді үлкені оған.

Жүрер кезде сараң бай бұларды аттандыра сыртқа шығады. Бәйбішесі де есік алдына шығып, сыпайысып көлгірсиді. Дәл осы кезде олар аяқ астынан төбелес шығарып, үлкені кішісіне қарай қамшы ала жүгіреді. Кішісі осы орайда сып беріп үйге кіріп кетеді. Бай үлкен жігітке араша айтып, әуре болғанда, бәйбіше есіктің сыртынан басып, тезірек құтылудың шарасын қарайластырады. Кіші жігіт үйге кіріп, олай қарап, бұлай қарап, қос қазыны таба алмағаннан кейін сырттағыны боқтаған болып:

— Айдас-қайдас әкеңнің аузын... — деп айғайлайды.

Ал сырттағы жігіт оның қазыны таба алмағанын біле қойып:

— Апсар-жапсар әкеңнің аузын... — дегенде түскиіздің артындағы жапсарда ілулі тұрған қос қазыны жұлып алған кішісі мұны қайда сыйдырарын білмей:

— Имас-сыймас әкеңнің аузын... — дейді. Мұны естіген жігіт үй сыртынан тептеп:

— Байеке, қоя беріңізші, өттең, өзін омыртқасын опырып, шалбарына тығар ма еді? — дегенде, мұны ұға қойған үйдегісі қос қазыны ортасынан опырып, шалбарына тығады да, үйден жүгіре шығып, ерттеулі тұрған атына міне салып тұра қашады. Ол қашып бара жатып:

— Байеке, жібермеңіз оны. Сараңның сазайын әбден тартырдым, — деп айғайлайды. Алдыңғысы белден аса бергенде, үлкені де байдан сытылып шығып, артынан жөнеледі.

Сөйтіп, айлалы екі жігіт сараң байдың сазайын осылай тарттырыпты.

44. [ҚУДЫҢ ӨКПЕСІ]

Бұрын бір қу жігіт өзінің екі жолдасын үйіне шақырыпты. Осы екеуінің амалын бір байқайын деген қу жігіт табаққа ортасына май құйылған, бөрттірген тары салдырып әкеліп қойған екен. Екі қонақ ортадағы майдан қосып жей алмай, біраз дағдарып қалыпты. Сонда олардың біреуі қасындағы серігіне өкпесін айтқан болып:

—Талай жылғы дос едің, саған көптен бері өкпелі болып жүрдім. Әкем өлді, келмедің, шешем өлді, келмедің, осының ағайыншылыққа жата ма? — деп кілкіп тұрған майдан қалақпен өзіне қарай тартыпты да, алдына ағып келген май мен тарыны араластырып аузына сұға бастапты. Сонда қайтерін білмей отырған жолдасы дереу:

— Ой, Құдай-ай, оған сенің өкпелейтін түк те жөнің жоқ. Ол кезде заман ойпыл-тойпыл болды емес пе? — деп табақты араластырып-араластырып жіберген екен.

45. [ИТПЕН ҚҰДА БОЛСАҢ...]

Балдыздары жездесін қонаққа шақырып бір серкеш сойып, жұмырға қарынның түгін тығып, серкештің басына қосып кәделі сыбағасын салып, алдына тартыпты. Жұмырдың сырын сыртынан байқаған қу жігіт етті кесіп, өзі тойыңқырап алып, жұмырды қолына алып жапырақтап турап-турап жіберіп:

— «Итпен құда болсаң, боқпен той жасайсың» деген осы. Алдымен өздерің асандар! — деген екен. Балдыздары аузын аша алмай қалыпты.

46. [БАҚСАБІР ҚУ]

Бақсабір дейтін бір қу жігіт сол маңда бір сараң бай барлығын, оның жалғыз ұлы өзімен замандас екенін естіп, бір күні тобылғы торы атын мініп, солай беттейді.

Ел шетіне таяй келгенде, орманда өгізге отын артып жатқан бір келіншекті көреді. Оның сараң байдың келіні екенін біліп, отынын артып болды-ау дегенде келеді де, мылқау бейнеге еніп, өгізді ұрып-ұрып жіберіп келіншекке ымдап еді. Келіншек шошығаннан жан ұшырып өгізін үйіне қарай қуа қашады. Мылқау да артынан қалмай өгізді сабалап отырып үйіне келеді. Келіншек үйге жете жығылып, мән-жайды енесіне айтады. Кемпір:

— Бұл жынды мылқауды бір шай беріп алдап, жолға салайық, — деп, даяр тұрған шайды талқан салып құяды. Мылқау кебежені нұсқап «май әкел» дегендей ымдайды.

Кемпір мен келіні:

— Май жоқ бұл үйде, қаңғырған жындының дәмесін, мына жақта бір бай ауыл бар, шайынды іш те, соған бар, — деп ымдайды. Мылқау оған көнбей орнынан тұрып, кебежені түйгіштейді. Кемпір шошығаннан май салып береді. Әлгі мылқау шайға тойып алып, атын шідерлеп, отқа қойып келіп, төрдің алдына көрпені жайып, шапанын айқара жамылып, ұйықтаған болып жатады. Кемпір мен келіні қойдан келе жатқан ұлының алдынан шығып, мылқаудың барлық істегенін айтып, даттайды. Жігіт:

— Тоқта, мен алдымен шайға қанып алып, ол жындыны маңайға жоламастай егіп бездірейін, — деп күжілдей үйге кіреді. Төр алдында жатқан мылқауды көріп:

— Әкемдей төр алдында керіліп жатқан мынау кім? — деп төсегіне сүйене келіп отырады.

Дастархан жиылып шай құя бастағанда, әлгі мылқау орнынан атып тұрып, үлкен байдың адалбақанда тұрған тымағын кие салып, жігіттің әкесіне ұқсап отыра қалады.

Шошынған келіншек шай құймақ болып ыңғайлана бергенде жігіт:

— Шай құйма, байқайық бұл жындыны, — дегенде, келіншегі шыныны жерге қоя салыпты. Мылқау отта жанып тұрған шаланы дереу алып, жігіттің басына салыпты кеп. Үйдің ішіне от шашылып ию-қию болып кетіпті.

Сөйтіп, шулап жүргенде қас қараяды. Мылқаудан құтылмасын білген жігіт жақын маңдағы ауылдан адам ертіп келмек болып жөнеледі. Әбден зәресі ұшқан шешесі мен келіншегі қоса кетеді. Бұл кезде мылқау кейпіне еніп Бақсабір есіктен қарап тұрып, қыр аса бере атқа міне салып, орап алдынан шығып:

— Қайда шұбап барасыңдар? — деп жөн сұрай қалады. Кемпір болған істі айтады.

— Жә, кісі ертіп келгенді қой. Жүріңдер, мен ол немені діретіп берейін, — дейді. Шошынып қалған жігіт:

— Күшті неме көрінеді. Отты шаланы басыма ойнатқанда, жүрегім су сепкендей суынып, кірерге тесік таба алмадым, шамамыз жетер ме екен? — дейді.

— Шешеміз қалжа жеген ұлмыз ғой, екеуіміздің бір мылқауға шамамыз келмей ме, жүр, су жүрек неме, — деп Бақсабір үшеуін ертіп ауылға тартады. «Мынаның аты әлгі мылқаудың атына ұқсайды ғой, тегі жігіттердің біреуі-ау соны жаяу қалдырмақ болған» деп ойлайды кемпір. Бақсабір аттан түсе үйге кіреді. Әлгілер қорқып сыртта қалады. Бағана өзі кетерде оң жақтағы төсекке адам бейнесінде көрпеге орап кеткен «мылқауды» сабай жөнеледі. Арасында:

— Келіншекті өгізбен жеткізген, мылқау, маңайдағы елді күлгізген, мылқау, отты шала ойнатып, батырдың басын күйгізген, мылқау, — деп кіжініп сартылдатып сабап-сабап болып:

— Үйге кіріңдер, жындыны тұрмастай қылдым, — деп айғайлайды. Жігіт бастап үйге кіреді. Келіншек от тамызып жатқанда, Бақсабір кемпірге:

— Мылқауды үлкен ұйқыға жіберуге таяттым. Шай ішкен соң мына балаң екеуіміз көтеріп, бір қалтарысқа апарып тасталық, — дейді.

— Ух, рахмет, қарағым, көп жаса, мылқау бәледен құтқардың әйтеуір, — дейді.

От маздап, үйдің іші жарық болғанда, төр алдында сөйлеп отырған мылқауды танып, аң-таң болған кемпір «Бақсабір деген қу бар» деп есіткені есіне түсіп:

— Қарағым-ау, жөніңді бұрын айтсаң болмай ма? Енді елге күлкі қылма, — деп қой сойып, қонақ қылып, жолға салған екен.

47. [ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫ]

Баяғыда екі жігіт жолаушылай келе жатып, бір байдың ауылына таяғанда аттарынан түсіп, демалыпты. Біреуі қатты қу болса керек. Ол іштей «бай мен жолдасымды қоса бір алдасам» деп ойлапты да, жолдасына:

— Біз бүгін ана ауылдағы байдың үйіне қонамыз, ол үйге барғанда мен басқа жерден келген болайын да, сен маған ерген атқосшы бол. Бай үйінің алдына барғанда мені аттан сүйеп түсіріп, есік ашып үйге кіргіз. Одан кейін арқама қалыңдау қылып төсеніш қой, сонда алдымызға мол табақ тартылады. Табақтан кейін тегенемен тарының қауызын әкеледі. Мұны көбінесе байлардың атқосшысы жейді. Сонда алдымен бір уысын алып «біз де тойып қалдық қой» де дағы, аузыңа салып асай сал, әйтпегенде, олар саған тегенедегі қауыз түгегенше жегізеді, — деп ақыл үйретіпті. Айтқандай-ақ кеште бұларға түре табақ ет тартылып, артынан қолдың майын сұртуге тарының қауызын әкеліпті. Бай болған жігіт дереу атқосшылық істеген жолдасына:

— Ананы тез алып жібер, — деп ым қағыпты.

— Біз де тойып қалдық қой, — деп атқосшысы қауызды асап жіберіп, қақалып қалыпты. Бұған үйдегілер ду күліпті.

— Өттең, сенің мысқылшылығың-ай, — деп жігіт қақалған жолдасына қарапты. Сонда мұны байқап отырған бай:

— Қонақтар тоймай қалып, қауыз жеген екен, — деп қайтадан қазан астырыпты. Сөйтіп, қу жігіт амалын асырып кеткен екен.

48. [БЕРЕН ҚУ]

Берен қу дейтін жігіт науқастанып жазылған соң, жігіттерге ренжіп:

— Ауырып жатқанда ешқайсың келіп көңілімді сұрамадыңдар, — депті.

Сонда бір жігіт:

— Бәріміз барайық дегеміз, бірақ біреулер: «ой, ол қу, әрі сараң жігіт, әуреленіп барғанымызбен көңілін бермейді» деген соң, бармадық, — деген екен.

49. ҚОШТАЙДЫҢ ҚУЛЫҚТАРЫ

Сауыр тауының теріскейіндегі белгілі біреу Құпқысары ауданындағы мұңғұлдардан бір ат ұрлап әкеледі. Мұңғұлдар ізге түсіп, Қоштай қоңсы отырған ауылдан күмәнданады. Және «ұрлаған атты қайтарып берсеңдер» деп қысым жасайды. Ауыл ақсақалдары мұңғұлдың шынуаңынан қорқып ат ұрлап әкелгендігін мойындайды да, пәлені екі үйлі кірмеге жабады. Ұрлап әкелінген аттың көзі жоқ болғандықтан, аттың құны үшін бір жақсы атан түйе беруге екі үй кірмені зорлайды. Осы ауылдағы байдың жылқышысы Қоштайдың нақақ күйгелі отырған екі отбасына қабырғасы қатты қайысады. Ауылдың білекті адамдарына:

— Бұл қу сүйектерді қанша қысқандарыңмен май шыға ма? Аттың құны үшін менің жалғыз атанымды беріңдер, — дейді. Мұңғұлдардың қысымынан тез құтылуға асыққан ауыл ақсақалдары:

— Екі үй кірмемен қалай бітісесің? — дейді Қоштайға.

— Өздері біліп берсе қолынан, бермесе жолынан аламын, — дейді Қоштай жымыып.

Әуел біліктілері бұл сөздің мәнісін түсінбесе де, даудан тез құтылғандарына қуанып, Қоштайдың жалғыз атанын мұңғұлдарға жетектетіп қоя береді.

Мұңғұлдар кетісімен Қоштай түйесін алып қалудың қамына кіріседі. Ол түстік жердегі Қарағайты деген иен сайда жолдың бір қалтарыс жерінде жалаңаштанып, батпаққа аунап алып, мұңғұлдарды тосып жатады. Өлден уақытта түйені жетектеген екі мұңғұл сайды өрлеп, Қоштайдың жасырынып жатқан жерінің қасынан өте береді. Қоштай екі мұңғұлдың соңынан қуып жетіп, түйенің бұйдасын түбінен кеседі де, бұйданы өзі тістеп, еріп отырады. Біраз жүрген соң Қоштай бет-аузын тыржыйтып, шабына тартып тұра қалады. Артына қараған мұңғұлдар мына сұмдықты көріп, «бағлап, бағлап¹» деп бұйданы тастай сап қаша жөнеледі. Қоштай аты мен қиімін тастаған жерге келіп, жуынып-шайынады да, түйесін жетектеп ауылына қайтады.

Кейін Қоштайдың түйесінің ауылда жүргенін көрген ауыл адамдары Қоштайға:

— Түйе жершіл мал ғой, жануар қашып келген екен, — дейді.

Сонда Қоштай:

— Иә, менің жалғыз атаным берекелі болды ғой, сендерді де, нақақ күйген екі үйді де, мұңғұлды да, өзімді де қарық қылды, — деп жүре беріпті. Бұл сырды ел кейін білген екен.

¹ Бағлап — мұңғұл тілінде «ойбай», «құдай» деген мағынада.

50. [БӘРІ ТОЙҒА КЕТКЕНДЕ...]

Қоштай жасырақ кезінде бір бай үлкен той жасайды. Сол мандағы ауыл-аймақ ертелетіп тойға ағылады. Қоштай ғана жәй шығады. Өзі қыры мен сырына қанық бір ауылға таяй бергенде, бір жолаушы жігітке кездеседі. Аман-сәлемнен кейін жігіт өзінің мал іздеген жоқшы екенін, малын таба алмағанын айта келіп:

— Бұл жақтан ешкімді танымаймын, ыстық күнде шөлдеп-шаршағандықтан анау үйге түскен едім, дәм татырмады, — дейді ақбоздау үйді және одан шығып қасындағы қараша үйге кіріп бара жатқан, қолында ұршығы бар кемпірді көрсетіп. Бұл ауылдың әрбір үйінің жағдайы өзіне мәлім Қоштайдың ойына бір құлық келіп, орала кетеді де:

— Ол кісі менің шешем, мен жалғыз баласымын, шешеме бала тоқтамапты. Сондықтан көбінде қамкөңіл жүреді де, келген адамдарға сусын беруді ұмытып кетеді. Апам өзі қызық. Жә, жігітім, оған ренжіме, менімен ілесе үйге жүр, — дейді де, жігітті әлгі үйге қайта ертіп барады. Үйде ешкім жоқ екен, Қоштай:

— Япыр-ай, әйел тойға кеткен екен, қарның ашқан болар, апам келгенше дайын тамақ болса ішіп-жей отырайық, — деп қазан-аяқты ақтарыстырып жүріп тұлыптағы тарыны, қарындағы сары майды алып шығады. Тары мен сары майдан араластырып, дастарханды жайып, екеуі жей бастайды. Соңынан тегенеді тұрған айранды да әкеліп құяды. Қоштекең қарпына ішіп-жеп алғаннан кейін:

— Апыр-ай, а, апам әлі жоқ, көздеп жүрген малым бар еді, сен асықпай тамақтанып отыра бер, мен тез ораламын, — деп атына мініп зытып береді.

Шөлдеп, қарны ашқан жоқшы ақпейіл, қамқор жігіттің сыйлы дастарханындағы тамақты ішіп-жеп отыра береді.

Көрші үйде бір шай қайнатым уақыт отырған бәйбіше үйіне келсе, манағы жігіттің дастарханды жайып, қаннен қаперсіз ішіп-жеп отырғанын көреді де:

— «Жаман үйді қонағы билейді» деп, қайта айналып мен жоқта үштеп отырғанын қара, — деп жігіттің ес-ақылын шығара бажылдайды. Сасқалақтаған жігіт:

— Ойбай, апа, өлгінде үйіңізден аттанған соң ауылдың сыртында балаңызға жолықтым, ол мені қайта ертіп келіп, осы тамақтарды алдыға қойды да, малын көздеп кетті, — деп өзін ақтап, быжалақ қағады. Бұл сөзді естіп онан ары өршеленген бәйбіше:

— Қайдағы балам, өлген балам тіріліп келіп, саған дастархан жайып тамақ берді ме? Қиқақтама, өзіңнің ес-ақылың дұрыс па? — деп бұрқылдай береді. Шаң-шұңды естіп, көрші үйлердің әйелдері келіп, жігіттен мән-жайды ұғысады және өзін ертіп келген адамның киімін, түр-тұлғасын, мінген атын сұрап ұққан соң осы ауылдан аттанып бара жатқан Қоштайды естеріне келтіреді. Бұл Қоштайдың қылығы екенін әйелдер сонда ғана біледі.

51. [ҚОШТАЙДЫҢ ЖОЛДАСЫН ҚҰТҚАРУЫ]

1947 жылы күзде Буыршын өңіріндегі жергілікті орыстар Жеменейдің аудан қалашығын басып алып, сол өңірде барлау жүргізеді. Қоштай Намазбай деген жігітпен бірге қалашыққа келе жатып, жолшыбай ақ орыстардың қалашықты басып алғанын, жақсы ат көрсе-ақ тартып алып жүргенін естіп, жолдан қайтады. Қайтар жолда барлаушы орыстарға кез болады.

— Дереву қашайық, — дейді Қоштай Намазбайға, — сенің атың жақсы ғой, тез қашып құтыл.

— Қойға жетпес қоңырыңмен сені ұстап алмай ма? Мен құтылармын, сен қайтесің? — дейді Намазбай.

— Бір амалын табармын, маған қарамай жөнел.

Аты жүйрік Намазбай қашып құтылады да, Қоштай қолға түседі.

Оқтың астында, көптің арасында қалған Қоштай:

— Үй, оны атпаңдар, ол менің балам, мылтығы бар адамдарды көрген соң қорқып қашып барады, сендер мылтық даусын шығармасаңдар болғаны, ұзаса бір-екі белдің астына барып тұрады. Мені тастап кетіп қалмайды, — дейді.

Бұл сөзге сенген ақ орыстар Қоштайды ертіп Намазбайдың соңынан барады. Бір-екі қырға асқан соң, арғы жағы көсілген сары жазық болады. Көз жетер жерде адам көрінбейді, Орыстар тұра қалып:

— Тосып тұратын балаң қайда? — дейді.

— Жас адам мылтықты адамдарды көріп қатты шошып кеткен екен-ау, — дейді Қоштай.

Қапы қалған ақ орыстар Қоштайдың атын алайын десе арық әрі шабан бірдеме. Қоштайды қамшымен бір-бір салып, боқтап кете беріпті. Сөйтіп, Қоштекең жолдасын да құтқарып, өзі де аман-есен үйіне қайтыпты.

52. [САРАҢ АСПАЗ]

Пошта таратып Буыршынға көп баратын Қоштай мәнтісін аса қымбатқа сататын бір аспаздың сарандығына сұғын қадап жүреді. Ол жұмысын орналастырып қойып, көше бойлап келе жатып, есік алдында:

— Өзі ыстық мәнті, тіл үйіретін бал мәнті, жегендер жеп қалды, жемесендер құр қалды, — деп аузы-аузына тимей тұрған аспазды көреді. Осының кереметін бір көрмеймін бе деп ойлап, азандап тұрған аспаздың қасына барып:

— Әй, мәнтінді жегісі келген адамдардың бәріне бересің бе? — деп сұрайды.

— Ақымақ-ау, адам жесін деп пісірмегенде, ит жесін деп пісіреді ғой дейсің бе? — деп шытынайды аспаз.

— Онда маған беретініңді бер, — дейді Қоштай.

Аспаз оны ас үйіне бастап кіреді де, табақ мәнтіні алдына қояды. Қоштайдың мәнтісінің денін жеп бола бергенде:

— Екеуіміз баяғыдан тамырмыз, — деп аспазды арқаға қағып қояды. Сөз нарқына әбден түсінбесе де аспаз:

— Солай, солай, — деп изектейді.

Мәнтіні тауысқан соң Қоштай рахметін айтып, жүрмекші болады. Аспаз оның жолын тосып:

— Ақшасын сал! — дейді.

— Ақша өзіңде, менің немді аласың, — деп Қоштай бұлқынып кетпек болады. Дес бермесін көрген аспаз жағаласып Қоштайды сақшыға апарды. Мән-жайды ұғысқан сақшы адамдары:

— Мәнтісін жепсің, ақшасын неге бермейсің, — дейді. Сонда Қоштай:

— Баяғыда осы өңдес саудагер біздікіне барып қонғанда, семіз серкешімді сойып берген едім. Бүгін қасынан өте бергенімде «жақсы мәнті даярладым, жемей кетсең, өкінесің» деп айғай салды. Баяғыда өзім серкеш сойып берген саудагерім осы екен ғой, мені таныған соң жақсылыққа жақсылық істеп тамағын дайындап әдейі шақырған екен ғой деп ойладым да, үйіне барып мәнтісін жедім, менің сондағы жақсылығымды білер ме екен деп «екеуіміз баяғыдан тамырмыз, а, саудагерім» деп едім, «солай», «солай» деп шұлғи кетті. Мынау мен серкеш сойып берген саудагердің дәл өзі. Бұған бір семіз серкештің етін сатпай берсем, табақтағы домалақ бірдемесін маған неге сатып береді деп Қоштай да аспазға тептеп ежірейіпті. «Ақша бермей, құтылып кете ме» деп қауіптенген аспаз да өндіріштеп болмапты.

— Менде соқыр жармақ жоқ, — дейді Қоштай сақшыларға, — сондықтан мынаның үйіне барып, жата тұрайын. Жемеңдейдегі үйімнен мынаның аласы ақшасын алғызып беріңдер.

Бұл сөзді есіткен саудагер Қоштайға қарамай зытып беріпті. Қоштай өз жайына кетіпті.

53. [ҚОШТАЙ ПОШТАШЫ]

Қоштай тағы да бір жолы Буыршынға пошта тарата барғанда, іздеп жүрген үйінің ауласы екен деп Буыршындағы контордың қақпасына кіріп кетеді. Аулада жайылып жүрген үйірлі қаз мойындарын жерге сала Қоштайға ұмтылады. Аулада тұрған орыстар бұған тамашалай қарайды. Бірнеше ата қаз Қоштайдың жасқауына қарамай тістеуге айналады.

— Мына көп иттерің талауға айналды, қорымайсыңдар ма? — деп Қоштай қызықтап күлген орыстарға айғайлайды.

— Орыстың андағы иттері қазақтың иттерінен қабаған болып па, — деп мысқылдап күледі қазақ тілін білетін біреуісі. Осы кезде ата қаздың бірнешеуі Қоштайдың балтырына ауыз салады.

— Шоқ, үй, шоқ, шоқ, үй шоқ, орыстың өзіне тартқан сары тұмсық, шегір иті, — деп тістеуге айналған қаздарды қамшының астына алады. Табанда үш қаз сұлап қалады. Мұны көрген орыстар:

— Неге ұрып өлтіресің? Есің дұрыс па? — деп Қоштайды жазғыра бастайды. Манағы қазақша білетінді дүмшелікке салып, Қоштай былай дейді:

— Иттерің жабылып талап жатса, өздерің мазақтап күлсеңдер. Жаңа «орыс иттері қазақ иттерінен қабаған болып па» дегенше, ұра көрме, орыс иттері қазақ иттеріндей таяқ көтермейді деп деп неге айғайламадыңдар, — деп қақпадан шығып жүре беріпті.

54. [ТАНЫМАЙТЫН АУЫЛДА...]

Жаз күндерінің бірінде, жанында бір кісі бар Қоштай танымайтын ауылға келіп, оқшау отырған бір үйге түсе қалыпты. Үйде іс тігіп бір келіншек пен бір қыз отырады. Бұлар кісілерге сұле ғана амандасып, істерін тігіп отыра береді. Қоштай мен

серігі бір шай қайнатым уақыт отырса да, қыз бен келіншек қозғалмайды. Ыза болған Қоштай қасындағы серігін бүйірге қойып қалып:

— Бағанадан тымпиып отырғаның да жетер, түр орнынан, — дейді. Серігі де қушыкеш болса керек:

— Ағатай-ай, не істеймін, — деп орнынан атып тұрады. Қоштай серігін қамшымен домбытып екі тартып жіберіп:

— Ана екеуінің істен мұрындарына су жетпей отырса, кішілікпен сусын әкеліп құя бермей, бедірейіп әлі отырсың, жылдам сусын әкел, — дейді қамшысын білеп. Серігі «қорыққанынан» даусын да бұзып:

— Немене әкелем, ұрмай айтсаңшы, ағатай-ау, — деп бажылдапты.

— Сабадан іркіп құй, және сыртта ақа дорбада тұрған ірімшікті әкел, тез бол! — деп ақырады. Бұйрықты лезде орындаған серігі:

— Айтқаныңның бәрін орындадым, енді қайтем, — деп Қоштайдың алдына келіп мәлиеді.

— Іркітті төрт шыныға түгел құй, ірімшіктен дастарханға сал, сонан соң бәріміз ішіп-жейміз, бұған көнбесең, қамшы жейсің, — дейді Қоштай қатуланып.

Серігі «қорқа» жүріп, өздеріне екі үлкен шараға, қыз бен келіншекке шыныға құяды да, іркітті алдарына қояды, Қоштай ішіп-жей бастайды. Бұған дейін қыз бен келіншек қорқып Қоштайға үдірейе қарап отырады. Екеуін қорқытып отырғызып қойып, Қоштай мен серігі тойып алып кете берішті.

55. [КҮЙЕУ БАЛАНЫҢ ҮЙІНДЕ...]

Қоштай соғым кезінде өз руынан ұзатылған бір қыздың үйіне барып қонады. Қонақасында табақ тартылғанда бай, күйеу бала, Қоштай үшеуі табақты қоралай отырады. Табақ әкелген қарындасы да табаққа жақын келіп отырады. Ет турауға

оңтайланған Қоштай табақтан тоқпақ жілікті, сиырдың мол ішегін және ұсақ-түйек етті жасырып жапқан сиырдың түкті қарнын көреді де:

— Байлар, өз салтанатын көрсететін кежімді аттарына ғана емес, байлығы мен салтанатын әйгілеу үшін табағына да жабатын болған екен-ау, — дейді мырс-мырс күліп.

Мұны естіген бай мен күйеу бала жауап қайтара алмай, қайта-қайта Қоштайдың қарындасына қарай береді. Сонда қарындасы есіктен шыға жөнеліпті.

56. [«АТ АҒАШ ЕКЕН» ДЕП ҚАЛДЫМ...]

Қоштай пошта таратып Буыршынға келіп, қоналқа үшін бір байдың қорасына барады. Бұл кезде бай есік алдында екі қолын қалтасына салып, шертиіп тұрса керек, Қоштайдың сәлемін де алмайды. Сонда Қоштай атының шылбырын байдың беліне орап байлап тастапты.

— Үй, антұрған, мұның не? — депті сасқалақтап қалған бай.

Сонда Қоштай:

— Тақсыр, сіз екенсіз ғой, сізді «атағаш екен» деп қалып-пын, — деген екен.

57. [ҚҰРДАСЫНЫҢ ҮЙІНДЕ...]

Қоштай жаңа үйленген бір құрдасының үйіне келіп түсіпті. Отауда келіншек жалғыз екен, Қоштайға шай қайнатуға қамдана бастапты. Сонда Қоштай:

— Замандас, шай қайнатсаң, тасытпай қайнат, шәугімнің бұрқ ете түскенінен қорқатын бала жастан бергі шошымалы әдетім бар еді, — деп ескертіп қойыпты да, келіншекті қызық-қызық әңгімеге айналдыра беріпті.

Бір кезде шай тасып, бұрқ ете түсіпті. Сонда Қоштай «ап» деп орнынан ұшып тұрыпты да, келіншекті бас салып, құшақтай алып, бетінен сүйе берген екен.

58. [У ЖЕГЕН ТҮЛКІ]

Бұрын бір бай түлкіге у салады екен. Жылқы бағып жүрген Қоштай кей кездерде осындай у жеп өлген түлкіге кезігіп қалып, пайдаланып та жүрсе керек. Бір күні әлгі бай Қоштайдан:

— Сен далада түлкі тауып алған жоқсың ба? — деп сұрапты сыр тартып.

— Жоқ, тақсыр, түлкі маған ұстата ма, ол қу ғой? — депті Қоштай түк білмегенсіп.

— Анау күні осы ауылда бір шал даладан у жеп өлген түлкіні тауып алып, сойып жатқанда уланып қалып, өліп қала жаздап барып әрең жазылды, — депті бай оны қорқытып қоймақ болып.

Бір күні таңертең бай шайын ішіп жатқанда сырттан Қоштайдың айғайлап шақырған дауысын естіп сыртқа шықса, Қоштай он неше құлаш қайыс арқанның бір ұшын түлкінің артқы сирағынан байлап алып тақымына басып, соза тартып енгігіп тұр екен.

— Үй, батыреке, мұның қайткенің? — деп ыза болыпты бай, қоңыраула түлкінің қабырға жонының сыпырылып түсіп қалғанын көріп.

— Анау күні өзіңіз у жеген түлкіні ұстаса, уланып қалады дедіңіз емес пе? Мына құрықпен артқы сирағынан тұзақтап алдым да, жол бойы сүйретіп әрең жеттім, — депті.

Қоштайды даңғой, есірік деп ойлаған бай кейін онан күмәнданбайтын болыпты.

59. [БҮРКІТ ҚАҒУШЫ]

Бір бай бүркітші Қоштайды қағушылыққа ертіп шығады. «дәндеп алып, мұнан кейін де жұмысынан қалдырар» деп ойлаған Қоштай бай торғыға шығып болғанша дабыл салып бірнеше рет түлкіні албаты үркітіп жібереді. Мұны көрген бай тағы бір түлкіні іздеп қуып келіп, «жатағы осы болар» деген мөлшерге келгенде:

— Жә, сен енді мына бүркітті ал да анау торғыға барып тұр, мен жібер деп айғайлағанда ғана жібер, — депті Қоштайға.

Қоштай торғыға шығып алған соң, бай түлкіні қағып шығарыпты да:

— Жібер, жібер, — деп айғайлапты.

Қоштай дауысты есіткен заман бүркітті томағасын алмастан лақтырып кеп жіберіпті. Қоштай қарға барып жығылған бүркітті қайта қолына қондырып алып, атына мінгенде бай ыза болып:

— Сал деймін, сал, томағасын тарт, — депті айғайлап. Қоштай бүркітті тағы да лақтырып жіберіп, жығылып жатқан жерінде қамшымен салып-салып кеткен екен. Әбден ыза болған бай шауып келіп:

— Ой, есуас, мынаның томағасын неге алмайсың, — депті оған кіжініп.

— Ойбұй, тақсыр-ау, томағасын алғанда мұныңның басы тоңбаушы ма еді? Оның үстіне өзін түгел шегелеп тастапсыз, — депті томағасының құймаларын көрсетіп.

Бай үндемей атына мініп жүре беріпті. Ауылға таяған бір кезде Қоштай байдың жанына қатарласа келіп:

— Байеке, ауылға барғаннан кейін мені жігіттеріңізге сабататын болсаңыз, онда қазір айтып қойыңыз, — депті.

— О, оны қайтпекші едің? — депті бай.

— Онда, — депті Қоштай, — әйтеу саған әлім жетеді. Осындай оңашада жеті атаңды жездей қақтап отырып, алдын ала сұғып алайын деп келемін.

Сонда бай еріксіз мырс ете түскен екен, Қоштайды мұнан кейін қағушылыққа ертпейтін болыпты.

60. [БАЛА ҚОНАҚТЫ СЫНАУ]

Қоштай бір байдың жылқысын бағып жұмысын істеп жүргенде сол үйге бір қонақ келіпті.

— Қонақтарға мал әкел, — депті бай Қоштайға бір кезде:

— Мал дейсіз бе? Сонда бұл кісілерге қой әкелемін бе? Қозы әкелемін бе? Тай әкелемін бе? Тайынша әкелемін бе? Қайсысын ұнатар екен, а? — деп тұрып қалған екен ол.

— Тәйт, ақымақ, сый кісілердің алдында әдепсіздік істеме! — депті оның сырын білетін бай зекіп.

Сонан Қоштай қорадан бір бағланды әкеліп бата тілеп, алып соғып, терісін үйектеп сыдырыпты да, ашабақанға іліп жіберіп, үйекті бар күшімен тартып кеп қалғанда аяқ жақта отырған бала қонақтың үстіне барып шалқасынан түсіпті.

— Үй, антұрған, қозыдан үйек алғаны несі мұның? — депті бай.

— Мына бала қонақтың тартпа айылы тозыңқы екен. Соған бір мықты айыл ұрып беремін бе деп едім, — депті ол.

Аздан соң маздап жанып тұрған отқа бас үйте бастайды.

— Үй, оңбаған, жай үйт, — депті бай тағы да. Қоштай шыға жөнеліпті. Аздан соң киіз үйдің есігін шалқасынан қайырып жіберіп:

— Кейін тұрындар, жол босатындар, — деп айғайлапты сырттан. Қараса Қоштай басты өзін сырыққа шаншып алып, атқа мініп алып, есік алдында тепектеп тұр екен дейді, үйдегілер ду күліп, жырғап қалыпты.

Қоштай үлкен қазанның есік жақ далдасында отырып, тобылғының сидамынан садақ жасап алыпты да, анда-санда әлгі бала қонақты сығалап кезеп-кезеп қояды екен. Бала қонақ та бұдан сескеніп отырса керек. Садағын баланың көзіне дәлдеп

кезеп отырған Қоштай бір кезде «тарс» деп айғайлап қалғанда оқыс шошып, жасқанып қалған бала қонақ жүктегі күміс ердің қасына басын соғып алыпты:

— Пай, пай, батырыңның жүректісін-ай, — деп Қошекең қарқ-қарқ күлген екен.

61. [МОЛДА]

Ауылдарынан бір ақсақал адам қайтыс болып кетіпті де, Қоштай көрші ауылдан бір молданы шақырып келіпті.

Молда келген соң сүйекті оң жаққа салғызып құйындырып болып, таңертең келмек болып үйіне қайтқан екен. Осы молдаға тісін басып жүрген Қоштай түн ортасы мөлшерінде қайтадан шауып отырып оның үйіне барыпты да:

— Ойбай, молдаеке, бөле болды. Өлгі адам тіріліп кетті. Елбасылар жиылып: «қыстың суық күнінде тірі адамды суық үйге тастап қойған молданы шақырып кел» деп кіжініп жатыр. Түрлері жаман, байқаймын, ең кемінде дүреге жатқызып, бір тоғыз айып тартқызбай тынбайтын емес, — деп төндіріпті.

Шошып кетіп, ақыл таба алмай сасқалақтаған молда:

— Ойбай, Қоштай-ау, енді қайттім, бұған не ақылың бар? — деп оның өзіне жабысса керек. Қоштай оған:

— Өзіңіз «мұндайда садақа берген жақсы» деп көп айтушы едіңіз. Садақа беріңіз, — депті.

— Мына түнде оны кімге бере қоям?

— Маған-ақ беріңіз.

— Не аласың сонда? — депті молда несін болса да аямауға ниет білдіріп. Сонда Қоштай:

— Соғымға дайындап отырған көк ала өгізінді алам, ылғи егіз табатын қойыңнан сегізінді алам, атыңнан алам, затыңнан алам, арық-тұрақ емес, ылғи семізінді алам, — деп молданы «берейін, берейін» дегізіп алып:

— Жә, молдеке, тұра тұрыңызшы, жасы ұлғайып, көп ауырған адам неше өліп, неше тіріледі деуші еді. Бәлкім, қайтадан өліп кеткен шығар. Мен барып нақтап біліп келейін, — деп атына мініп қайтадан шаба жөнелген екен.

62. САҚ БОЛЫҢДАР, ІШІНДЕ ЗАҒАР БАР

Ақ шаһардағы бет-беделді адамдардың бәрі Жұқаны ғұлама деп есептейді екен. Сондықтан олар қаржы қосып бір мектеп салады да, Жұқаны мұғалімдікке белгілеп, балаларын оқытыпты.

Бір күні баласы үйіне қайтып келгеннен кейін бір оқымысты кітапты қолына алып баласынан емтихан алған екен. Баласы қанағаттанарлықтай жауап беріпті. Әкесі бұған қатты риза болып ертеңінде біреу арқылы Жұқаға бір табақ шелпек жіберіпті. Бұл кезде Жұқа бір досының жаназасына баруға қамданып жатыр екен, ол кетерінде, оқушыларына:

— Ана кітап сүресінің үстіне бір табақ шелпек қойылды. Қозғаушы болмаңдар. Маған шелпек жіберген адамның ниеті жаман еді, мен онан күмәнданып жатырмын, ішінде заһар болуы мүмкін, егер оны кімде-кімде жесе, уланып өледі де, мен түрмеге отыратын боламын, — дейді. Сөйтіп, оқушыларын әбден нандырғаннан кейін алаңсыз жолға түседі.

Жұқаның бір жиені де осы мектепте оқиды екен, оның үстіне сынып бастығы екен. Ол Жұқаның өздерін алдағандығын біліп, нағашы ағасы кетісімен кітап сүресіндегі табақты алады да, сабақтастарын шелпек жеуге шақырады. Сабақтастары оған:

— Мұғалім шелпектің ішінде заһар бар деген еді ғой, жемейміз, өз басымызды өлімге байламаймыз, — дейді.

— Жұқа бізді алдап отыр, сендер жемесеңдер қойыңдар, өзім оны бірақ жеп аламын, — дейді Жұқаның жиені.

— Ішінде заһары болмаған күннің өзінде мұғаліміміз қайтып келгенде не демекпіз, — дейді оның сабақтастары.

— Онда жұмыстарың болмасын. Жауабын өзім берім, — дейді Жұқаның жиені.

Сонымен, оқушылар дауылдаса отырып шелпекті бірдемде жеп түгетеді.

Шелпекті жеп болғаннан кейін Жұқаның жиені нағашысының орындығына келіп отырады, сондай-ақ нағашысының үстелінде тұрған қағаз кесетін бөкісі әтейі сындырып тастайды. Дәл осы сәтте Жұқа келіп қалады. Ол кітап сәресіндегі шелпектердің жоқтығын, аяп ұстап жүретін бөкісінің сынғандығын көріп бұлқан-талқан бола:

— Мына бөкімді кім сындырды? — деп ақырады. Оқушылар сынып бастықтарын нұсқайды.

— Мына бөкіні неге сындырасың? Бақайшығыңды шағайын ба? — деп сұрайды Жұқа жиенінен. Жұқаның жиені азан-қазан жылаған қалпында:

— Қарындашымды ұштайын деп отырып бөкіңізді сындырып алдым. Сонан нағашым келгенде не бетімді айтармыз, — деп қатты қорықтым. Мені қатты ұрады-ау, бақайшығымды шағуы да ғажап емес деп ойладым да, өйтіп қорлық көргеннен өлгенім жақсы деген байламға келдім. Сонымен, өзімді құдыққа да тастамақ болдым. Бірақ мектептің құдығын былғағым тағы келмеді. ақырында ішінде заһары бар ана шелпектер ойыма келді. Сөйтіп, ішімнен ата-анаммен қоштасып, көзімді жұмдым да шелпекті асап жібердім. Сонан соң орындығыңызға келіп өлімді тосып отырдым! — дейді. Жұқа жиенінің сөзін естіп болғаннан кейін:

— Япыр-ай, ақылды адамдардың бәрі біздің отбасымызда екен-ау, депті.

63. КІТАПТЫҢ СИҚЫР КҮШІ

Бір күні түнде Жұқа кітап оқып отырса әйелі оның алдына тебітіп келіп:

— Бала түн бойы жылап уанбады, көтере-көтере екі қолым талып кетті. Баланы ұйықтатудың амалын қарастырсаңшы, — деп назаланады.

Жұқа байышпен:

— Оның не қиындығы бар, кітапты баланың бас жағына қойып, бірден парақтап берсең, бала бірдемде ұйықтайды ғой, — деп кітапты әйеліне ұсынады.

Әйелі онан ары ашуланып:

— Неменеге қылжақтайсың! Саған тиемін деп қор болдым, таңертеңнен кешке дейін қу жанымды тыныштық болмайды. Жанымды аузыма тістеп жүрсем де, титтей де жаның ашымайды, — деп ұрса бастайды.

— Сүйіктім, сабыр, тақат қыла тұр, мен баланы ұйықтатудың амалын ойластырып жатпаймын ба? — дейді Жұқа.

— Сенің кітабыңның неге себі тимек? — деп сұрайды әйелі. Сонда Жұқа қадағалап тұрып былай деген екен:

— Бұл кітаптың сиқыр күші зор. Мен оқушыларға осы кітапты оқып бергенімде олар қалғып кететін, тіпті, қорылға да басатын. Сақалды оқушыларды ұйықтатуға құдіреті жеткен бұл кітаптың біздің баламызға әсері болмайды деп кім айта алады?

64. ҚҰРСАҚ КӨТЕРГЕНІНЕ АЛТЫ АЙ БОЛДЫ

Бір күні Жұқа сиырын сатпақ болып базарға барыпты. Бірақ көпке дейін ешкім келіп оның бағасын сұрамапты. Сол аралықта бір досы жолығып:

— Жұқа, сиырыңды әлі сата алмадың ба? — деп сұрапты.

— Ия, таңертеңнен қазірге дейін сиырым ондай жақсы, мұндай жақсы деп мақтап-ақ жатырмын, бірақ алушы шықпай тұр, — депті Жұқа.

— Оқасы жоқ, мен сатысып берейін, бері кел, — депті әлгі досы.

Досы Жұқаның сиырын жетектеген бойда жұрт құрамы молырақ жерге барып бірнеше айналып шығып:

— Ой, мына сиырды кім алады? Тісі жас, томса буаз, буаз болғанына алты ай болды, — деп айғай салыпты. Ол осылайша айғайлағаннан кейін алармандар жабырлап келе бастайды. Біреуі тіпті аламын деп ақшасын да ұстатады. Бұл ақша Жұқаның межесінен көп болып шығады. Жұқа ақшасын алып, досына рахмет айтып мәз-мейрам бола үйіне қайтады. Бірнеше күннен кейін Жұқаның үйіне бірнеше әйел келіп оның қызына құдалық сөйлеспек болады. Әйелі Жұқаға:

— Шалеке, сен үйден шыға тұрсаң, мен әйелдердің жанында болып қызымызды мақтап берейін, қызымызды көрсетіп оларды разы етейін, сөйтіп, оларды көңілдегідей жақсы күйеу табатын етейін, — депті.

— Сен қоя ғой, екі сөздің басын құрап айта алмайтын кешшенің өзісің. Олармен менің сөйлескенім оңды. Өтпейтін бұйымды өткізудің бір жақсы әдісін үйреніп алғам. Сол әдіс бойынша сөйлесем, қызымызды аламын деушілер босағамызды тоздыратын болады.

Жұқаның әйелі бұған нанып мақұл болыпты. Сонан соң құдағи бола келгендердің жанына барып қызын шақырып, олармен бет көрістіріпті де:

— Қымбатты меймандар, аз аял қыла тұрыңыздар, қыздың әкесінің бірнеше ауыз сөзі бар екен, — депті.

Жұқаның әйелі Жұқаны шақырады. Жұқа жаушыларға қарап:

— Қымбатты жеңгейлер, қызым туралы көпіртіп көп сөйлегім келмей тұр, айтатын екі ауыз сөзім бар, соның өзі де жеткілікті болар, менің қызым шынында жақсы қыз, оның құрсақ көтергеніне алты ай болды, — депті.

Жаушыға келген әйелдер Жұқаның сөзін естігеннен кейін, бір-біріне көз ишаратын қылады да, ләм-мим демей үйден шығып кете барады.

65. [КӨЗІНІҢ ЖЫРТЫҒЫ БОЛМАСА...]

Тағы бір жолы ауыл шетіне бір керуен келіп түсіпті. Ымырт жабыла Таңдайбай тәуір киімдерін киіп оларға барыпты да:

— Мынау ақ үй менікі, ел менің сөзімнен шықпайды. Не зат бар, шибарқыт бар ма? Ертең мен елді жиямын, саудаларың күсет болады, — депті. Мұны естіген керуен басы:

— Ойбай, байеке-ау, бар іздегеніңіз түгел табылады, — деп каукелек қағыпты.

— Ондай болса, бүгін маған алдын ала жиырма қойдың нәрсесін бере тұрыңдар, — депті Таңдайбай.

Керуен басы Таңдайбайдың айтқанын орындапты. Таңдайбай топ-топ шибарқыт, торғынды үйіне апарып тығып тастапты. Таңертең керуен басы байға барса, бай Таңдайбай емес.

— Ой, мен қашан сендерге бардым, қашан шибарқыт пен торғын алдым, — деп зар қағады. Алданғанын сезген керуеншілер ауыл аралап алдамкесті іздепті. Керуеншілер Таңдайбайдың үйіне келгенде, Таңдайбай күпісін аударып киіп, екі көзін аударып есік алдында итаяқ шауып отырыпты. Мұны көрген керуеншілер төңіректен тұрып:

— Япыр-ай, көзінің жыртығы болмаса түндегінің сақалы тап осыған ұқсас еді, амал бар ма? — деп жүріп кетіпті.

66. ЕБІН ТАПҚАН ЕКІ АСАР

Баяғыда бір үлкен ас беріліп, бәйге жарысы болыпты. Біреудің аты бәйгеден келіпті. Жұлде алыпты. Алған жұлдесін жұртқа үлестіріп тұрып, ат иесі:

— Тағы кім қалды? — деп сұрапты.

Сонда бір қу:

— Боз атты Божбан қалды,

Құдайға жазған қалды,

Онан соң мен қалдым! — деп үш сыбаға алыпты. Сөйтсе атап атап айтқандарының бәрі әлгінің өзі екен.

67. ҚОРҚАҚ ҚУ

Үш адам жолаушы келе жатып далаға түнейтін болады. Жапан дала, түн тастай қараңғы.

Жолаушылардың екеуі өздерінің қорқақ екендіктерін білдіреді. Сонда үшінші қорқақ, қорқақ та болса қу жолаушы тұрып:

— Қорықсаңдар, бірің оң жағыма, бірің сол жағыма жатыңдар, — депті.

68. ТАҢДАЙБАЙДЫҢ ТӘМПІСТЫҚТАРЫ

Тиынның көзінен өткен бір саудагер болыпты. Оған есесі кетіп жүрген біреулер Таңдайбайдың есесін алып беруге қайрапты. Бір күні Таңдайбай оны арнаулы іздеп келіп, атын байлап қойып, қалашықты жаяу аралап жүрсе, әлгі саудагер басқа бір дүкеннен бір сандық асыл бұйым алып келеді екен. Мұны көрген Таңдайбай да сол дүкеннен бір сандық алып, аузына дәл сондай құлып басып, көтерген беті әлгі саудагердің дүкеніне келсе, саудагер сандығын текшенің үстіне қойып, демалып отыр екен. Таңдайбай сәлем беріп кіріп келіпті де, сандығын саудагердің сандығының қасына қойып:

— Мен біраз қалайы алмақ едім, — деген екен. Саудагер бір қадақ қалайы көрсетіпті. — Менің алмағым бес қадақ еді, — депті Таңдабай.

— Ондай болса мен алып шығайын, — деп саудагер ішке кіріп кеткен кезде Таңдайбай екі сандықты ауыстыра қойыпты. Ол саудагер әкелген қалайыны ары көріп, бері көріп:

— Алмаймын, қалайыңыз нашар екен, — дегенде, саудагер ыза болып:

— Алмасаң кет өзің, ақымақ қылмай, — деп ауыстырып қойған өз сандығын Таңдайбайға таман итеріпті. Таңдайбай:

— Қаланы бір айналып келіп алсам, сандығым осында тұра тұрса қайтеді, — деген екен.

— Оттамай жоғал тез, әкет сандығыңды, — деп саудагер онан ары итермелепті. Сандықты көтеріп алып, Таңдайбай өз жолына түсіпті. Үйіне келіп ашса, ішіндегісі жүз қойлық нәрсе екен.

69. СЫҢАР ЕТІК

Бір сараң бай айшылық жердегі базарға бір топ қойын сатуға айдап келіпті. Әкелгені құрысын, малына базардағы жоқ нарықты сұрап, саудалай келген адамдарды үркітіпті де тұрыпты. Байдан күдер үзген кісілер кеш түсе үйді-үйлеріне тарапты. Бір кезде бай жан-жағына қараса, кең алаңның ортасында көзге шыққан сүйелдей шошайып бір өзі қалғанын көреді. Енді қалай өтерін білмей сасып тұрғанда, қасына қаланың қуақылау бір кедей жігіті келеді:

— Байеке, мына малдарыңызды сатасыз ба?

Қала жұртын алдамшы деп ойлайтын бай:

— Кет аулақ! Сенің алдауыңа түсетін аңқау, ашық ауыз мен емес, — дейді.

— Жарайды, сатпасаң, өзің біл, — дейді әлгі қу. «Тағы бір кездесерміз» деген ойын ішіне түйіп кетеді ол.

Сараң бай сата алмаған малына кіре етіп айдатып, ауылына қайтады. Бір белден асқанда, жол шетінде «қалжиып» жатқан бір сыңар етікті көреді. Өлгіні алып, ұстап тұрады да:

— Өттеген-ай, мынаның екінші сыңарының болмауын-ай, әйтпесе киіп алар едім, — дейді. Сөйтеді де, сыңар етікті лақтырып тастап, ілгері тартады.

Және бір қырдан асқан соң, бай жол шетінде жатқан әлгіндей тағы да бір етіктің сыңарын көреді. Алып көрсе, жаңағы етіктің сыңары екен. «Қап!» деп өкінген бай қойларын сол араға қалдырады да, дереу кері қайтады. Өлгінде алмай тастап кеткен етікке жетуге асығады. Тасада бұғып жатқан кедейдің күткені де осы болатын. Мынаның бәрін істеп жүрген де сол еді. Сараң байдың қарасы көзден таса болысымен, оның бар малын

алдына салып, жөніне тартып отырады. Бай сынар етіктерді жинап, өкпесі өшіп жетсе, тастап кеткен жерінде қойлары жоқ. Ол аузы аңқайып, қолындағы сыңар етікке қарап, жан-жағына бір қарап тұрып қалады.

70. «ҮРКІП КЕЛЕМІН»

Ертеде Қаратау елінде Доспай болыстың Шаян деген жылқышысы болады. Ол кезек сөзге дес бермейтін өткір тілді, от ауызды, шағын денелі, сары кісі екен. Болыстың алалы-құлалы тоғай толған жылқысын бір өзі бағатын-ды. Күн ұзақ атқақты болып шаршап келгеніне қарамастан оны Доспайдың әйелдері әрнеге жұмсай беріпті. Шаян алғашқыда тіл алып жүріп, кейін «отын әкел» десе, «жыланнан үркемін», «су әкел» десе, «құрбақадан үркемін» деп әртүрлі сылтау айта беретінді шығарады. Оған жұрт: «қой емес, жылқы емес, адам да үрке ме екен» деп сенбейді.

Бір күні Доспай аулының әйелдері жиналып, Шаянды сынамақ боп, қолына су таситын екі қабақ беріп, суға жұмсайды. Сонда Шаян:

— Бір өзім бармаймын. Судағы құрбақа, жыланнан үркемін, өздерің ере жүріңдер, — дейді.

Еріккен әйелдер:

— Осының үріккені қандай болар екен, көрейікші, — деп өзен жағасына ере келеді.

Әйелдердің суға жұмсайтынын күн бұрын білген Шаян өрістегі жылқыдан келе жатып сегіз өрме бұзау тісті қамшы өрімін қара лайға малып, суат басына жасырып тастап кетеді.

Шаян су алатын жерге әйелдерден бұрынырақ келіп, қабақтарды бір-біріне соғыстырып, бауына «қара шұбар жыланды» іліп алады да, үстіндегі шидем шекпенін желеңдетіп, әйелдердің алдынан тайдай тулап шыға келеді.

— Не болды? — деген әйелдерге Шаян:

— Көрмейсіңдер ме, жыланнан үркіп келе жатқанымды, — дейді.

«Жыланды» көрген әйелдер жаулықтарын жалбыратып, шулап үйге қарай дүркірей қашады.

— Ей, тоқтаңдар, тоқтаңдар! Мен болсам ғой үркіп келемін, ал сендерге жол болсын? — дейді Шаян.

Сол, сол екен, содан былай қарай Шаянды оны-мұныға жұмсамайтын болыпты.

Құрымбай айтыпты...

71. КҮТПЕГЕН ЖАУАП

Күйеудің қайын жұртпен ойнайтын әдеті ғой. Құрымбайдың руына күйеу Нұрғабыл ақсақал мінезі жағымсыздау кісі болса керек. Кіндігінен бала болмағандықтан бүкіл қайын жұрты іштей мүсіркеп, бір жағы әпкелерінің көңіліне қарап «Нүреке, Нүреке» десіп, сый-құрмет, ілтипат көрсетеді екен. Ал Нүрекең күйеулігін міндет етіп, жұбайымен туыстығы алыстау қайын жұрттарының жынына тие сөйлейтін әдеті болыпты.

Бірде ауылда әйеліне жақындау екі-үш қария бірінен соң бірі дүние салған көрінеді. Нүрекең соның бір үйіне көңіл айта барса, сол жерде Құрымбай да отыр екен. Нүрекең оны қажамақ болып:

— Е, жаман емес, қайын ағалар шетінен қырыла бастады, — депті.

Нұрғабылдың туа жалғыз екендігін, бұл ауылда қайын жұрттарын сағалап отырғандығын білетін Құрымбай шамданып:

— Е, бардың бары өледі, жоқтың кімі өледі — өзі өледі, — депті.

72. СЕНІҢ НЕҢ КЕТТІ?

Бір кісі қайтыс болып, алыстағы ағайын, жекжаттары үздік-создық келіп жатса керек. Кенет сырттан тағы біреу «көкешім-

ай!» деп үйге ентелей еніпті. Сөйтсе, ол бұл үйге бөлендей жақын емес, жама күйеу болса керек, көрмей қалғанына өкінгендей көп жылапты. Ол Құран қылған соң «көкешім-ай, көкешім» деп жылауын қайта жалғастырыпты. Төрде отырған қарт:

— Сабыр ет, қарағым, сабыр ет... Шүкіршілік ізін басар, отбасына иелік етер ұл-қыздары бар... — деп басу айтыпты. Бірақ күйеу бала жылауын тоқтатпапты. Төрдегі қарт «ағузубилласын» үшінші қайтара бастағанда өксігін өздері басыпты. Алайда, Құран сүресі бітіп, жұрт бетін енді сипай бере күйеу бала дарылдақ та жағымсыз даусымен «көкетайлап» қайта «шырқай» жөнеліпті дейді. Сол сәт тағаты таусылып отырған Құрымбай:

— Әй, бәтшағар, доғар енді! Е, он мың божбаннан біреуі өлсе, өліпті де. Сенің нең кетті, — депті.

73. ҚҰДАЛЫҚТА

Келін түскен үй адамдары құдаларды күтіп жатады. Бір кезде бас құданың мұртына қамыр жабысып қалыпты. Сол сәт оның жанында отырған жас келіншек:

— Көке, баққа бұлбұл қонды, — деп жымыпты.

Бас құда жалма-жан мұртын сипап қамырды алып тастайды. Үзілісте құда күтіп жатқан үйдің иесі дәретханада жас келіншектің жұмбақтап айтқан ескертпесін өз «көкелерінің» есіне салып:

— Мен де бас құда тәрізді мойлауымын ғой, қапыда менің де мұртыма бірдеме жабысса, бүйірге жайлап нұқырсыңдар, — депті.

Айтқандай-ақ бір мезгіл оның мұртына сары май батпаса жағылып қалса керек. Сол сәт дастарханның қарсы бетінде отырған баласы:

— Көке, әлгіде дәретханада ескерткеніңіз болып тұр, — депті.

Қара Жүсіп

Қара Жүсіп Жалдама өзенін жайлаған арғын руының қырықмылтық деген атасынан шыққан. Орта бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, екі қарының бұлшық еттері ойнап тұратын алып күш иесі болған. Қаһарлы қыстың үскірік аязында түк басқан омырауын ашып жүреді екен. Босағасына мал бітіп көрмеген. Бар сенері қара күші мен қара кетпені, сырыққа саптаған бел орағы болса керек.

Жалдаманың бойында егін суаратын «Жүсіп арығы» дейтін арықтар, терең құдықтар әлі күнге кездеседі. Соларды байларға жалданып Қара Жүсіп қазған екен. Ол кісінің бір мінезі — ісінен мін тапса, «ақысыз істің ажары болмайды» деп қазған құдығы мен арығын бітеп, үйген шөбі болса, шашып кетеді екен. Осы қылығына қарап, ел оны «жынды Жүсіп» десе, түріне қарап «Қара Жүсіп» деп атап кеткен көрінеді.

74. «КЕРІС» СӨЗ

Коллективтендіру кезі. Ауданнан келген бір өкіл жиналыс өткізбекші болып, аз ғана ауыл адамдарын жинайды. Өзінің кім екенін таныстырып, ел жағдайын тоқталған ол ақырында:

— Кім «керіс» сөзге шығады? — дейді.

Жиналыста сөйлеп үйренбеген халық үндемей отырып қалады. Сонда Қара Жүсіп тұрып:

— Мен шығамын, — деп жаман күпісін шешіп тастап, жеңін сыбанып, қолына қамшысын алып, жиналыс төріне жетіп барады да:

— Уәкіл, сен оңбағансың. Халыққа айтқан бір ауыз жөн сөзің жоқ. Сені кім шақырды. Отырған жеріңде не істейсің осы? — деп, қамшысын ала ұмтылғанда, жиналыс басқарып отырған төрағасы шап беріп, оның қолынан ұстай алады.

— Керіскен соң жанына тимесең, керіс бола ма? Шықсын былай, адамына кездеспей жүрген шығар, езуін тіліп жіберейін! — дейді Қара Жүсіп онымен де қоймай. Төрағасы сөзге шығу дегеннің мән-жайын түсіндіріп, Қара Жүсіпті зорға басады.

Уәкіл ашуланып:

— Табаныңды жалтырат! — десе, Қара Жүсіп сиырдың бас терісінен тігілген шәркесінің табанын кезек-кезек көтеріп, көрсете беріпті. Одан бетер ызаланған уәкіл:

— Кет! — деген екен, Қара Жүсіп ит болып арс ете қалады. Селк ете түскен уәкіл:

— Нағыз төбеңнен жыртқызатын адам екенсің бір, — дейді қалшылдап-дірілдеп.

— Былай жыртайын ба? — деп, екі қолымен жер тіреп, екі аяғын жоғары көтеріп жүріп алады Қара Жүсіп. Оның сырын білетін төрағасы жалынып-жалбарынып әзер дегенде қойғызған екен.

75. МОЛДА БАҚҚАНША, ӨГІЗ БАҚ...

Қара Жүсіптің бір ауқатты, өз алдына мешіт ұстаған жақын ағайыны қайтыс болады. Қырқы өткенше болсын деп, туыстары тоғыз молданы бірдей алып қалса керек. Молдаларды күту қамы Қара Жүсіпке тапсырылады.

Ескі салт бойынша, үлкендердің маңайынан әйелдер жүрмейді ғой. Шай құйып, ет тарту, не керек бар жұмысты Қара

Жүсіп атқаруына тура келеді. Ұйқы мен күлкі көрмей бір жетіге өзер шыдаған ол, сегізінші күні қашып шығады. Сонда ауыл ақсақалдары кездесіп қалып:

— Жүсіп, ертелетіп қайда барасың, күтіп жатқан кісілерің бар емес пе? — дейді. Сонда Қара Жүсіп:

— Қарыны қабақтай тоғыз молда баққанша, мүйізі шаңырақтай тоқсан өгіз баққаным әлдеқайда жақсы екен. Өуре боп мені іздемей-ақ қойсын, қашып барамын, — деп кете барыпты.

76. ЕЛ АУЗЫНАН...

Ертерек кезде Кеңесбай деген кісі болыпты. Ол әсіресе майын жүздіріп сүтке пісірген тары бөртпесін ұнатады екен.

Бір күні әйелі сол сүйікті асын пісіріп, төргі үйдегі күйеуіне беріп жібереді. Табаққа қасық салуды ұмытып кетеді. Кеңесбай қасық келер деп біраз күтеді де, келмеген соң бөртпені босағада жатқан тазысының алдына қояды. Ит бөртпені жеп жатқанда әйелі кіріп келіп, аң-таң болады, мұның жөнін сұрайды.

— Қасығы бар құр қалмас. Тазыға бұйырған шығар, — депті Кеңесбай.

77. [ҚОҢЫРАУ]

Кеңесбай жаз жайлауда, қыс қыстауда жалғыз үй отырады екен. Бір қасқыр малға шауып маза бермепті. Сондықтан Кеңесбай көрші ауылдың жігіттерін шақырып, қонақ ас береді де:

— Қасқырды тірідей ұстандар, — деп тілек айтады.

Жараулы аттың жалын тартқан жігіттер қасқыр мойнына құрық салып, ұстап әкеледі. Үй иесі оның мойнына қоңырау байлап, қоя беріпті. Ақыры әлгі қорқау аштан өледі.

78. [ӨСИЕТ]

Кеңесбайдың бірі би, бірі қажы аталас екі туысы болыпты. Екеуі де ертерек өлсе керек. Кеңесбай ауырып, ажал сағаты тақағанда үй ішіне мынадай өсиет қалдырыпты:

— Сүйегімді Өтейқұл мен Жұмабайдың аралығына қойыңдар. Бірі — би, бірі — қажы, беделдері бар еді. О дүниеде дозақ отынан арашалап қалар.

79. [НҮРПЕЙІС ҚАЙТЫС БОЛЫПТЫ]

Ертеректе Нұрпейіс деген қарт болыпты. Өзі ауқатты тұрыпты. Жасы тоқсаннан асып, қартайып, жасы келген шағында сөз реті келгенде балалары мен жақын туыстарына, ауылдастарына:

— Өлсем, жаназама алты болыс ел шақырыңдар, — деп отырады екен. Оның бұл хабары көрші ауылдың қарттарының құлағына тиіпті. Олар ауыл әдетінше қарттан «сыбаға» күтіп жүріпті.

Осыны білетін бір қу жігіт қаңтардың суық күнінде көрші ауылдың үстінен өтіп бара жатып, бір шалға:

— Нұрпейіс қайтыс болды. Ертең жаназасы, — депті.

Өлгі шал астындағы атын борбайлата шауып, аулына жетіпті. «Нұрпейіс өлсе, жаназасына бірге барамыз» деп жүрген екі-үш көршісіне айтыпты. Бәрі бас қосып, «тағы кімге хабарлаймыз» деп ақылдасыпты.

— Ойбай-ау, адамды көбейте беріп нең бар, көптен не тиеді, өзіміз-ақ барамыз, — депті біреуі.

Бұлар бір ұйықтап тұрып, түн ортасында жолға шығыпты. Жол бойы Нұрпейістің киімін бөлісіпті.

— Нұрпекеңнің қара барқытпен тысталған бір қасқыр ішігі бар деуші еді. Жуғысына түсіп, соны мен алайын, — депті бірі.

— Менің шапаным бүтін, бірақ кебіс, мәсім жыртылып жүр еді, аяқ киімін мен-ақ алайын, — депті екіншісі.

Осындай дәме етіп, бөлісумен түні бойы жүріп, олар күн шыға Нұрпейіс ауылына жақындапты. Сақал-мұртын қырау басып келе жатқан бұларға бір атты жолығыпты.

— Жол болсын, — депті атты.

— Әлей болсын. Нұрпейістің жаназасына келеміз.

Атты аңырап тұрып қалыпты да, сәлден соң:

— Нұрпекең жаңа ғана атына мініп, базарға кетті ғой, — депті.

Әлгілердің басынан тас түскендей болыпты. Ақыры қол-аяқ, құлақтарын үсітіп, араға бір қонып, олар үйлеріне зорға жетіпті.

80. ТӨЛЕБАЙ САЛ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Төлебай сал әкім ағайындарының зорлық-зомбылығына шыдамай, Ақмола уезіне қарасты Тоқа Шоңның қасына аз ғана аулымен көшіп келеді. Орысша гимназия бітірген Шоң Телғозин бұқарашыл және өнер-білімді бағалай білген адам екен.

Шоң Төлебайдың ақыл-парасатына, тілмөр, шешендігіне қызықса керек, жақсы қоныс жер беріп, дос-жар болып кетеді.

Бір жолы Шоң Бекен деген кісінің қызын айттырып қайту үшін әйелі Айымкүлге басшы етіп Төлебай сал мен Тарақты Бек дейтін шешенді жібереді. Шоң бір-ақ әйел алған, Бекен екі әйел алған кісі екен. Кішісінің малшылармен көңілдес дейтін өсегі болса керек. Сөз арасында:

— Япыр-ай, Шоң қалайша бір-ақ әйел алған? — депті Бекен.

Сонда Төлебай сал ойланбастан былай депті:

— Екі әйел алып сатпақ болғанша, бір әйел алып бетім әппақ болсын деген ғой.

Шоң құдасына басқа мал-жаралғыларының үстіне ақшалай он сом беріп жіберген екен. Оны Бекен қомсынып:

— Шоңнан қазақ баласы көрмеген нәрсе келеді екен десек, мынаны әркім көріп жүрген нәрсе ғой, — депті.

Сонда Тарақты Бек шешен:

— Айымгүлдің өзін әкелдік, Шоңның сөзін әкелдік. Қазақ көрмегенді біз де көргеніміз жоқ. Жоқты дәметкеніңіз төкашпарлық қой, — деп құданың аузына құм құйыпты.

81. [ШОҢНЫҢ ҮЙІНДЕ]

Төлебай халық арасында белгілі, қадірлі, қапелімде сөз тапқыш, тілді адам болған. Төкең Ертіске, ағайындары Қазанғаптың Исасына барып, көшетін болып келіпті. Бірақ бұл жақта алпыс үй бөсентіін үйренген елін, жерін қимай, көшпей қалады. Содан кейін Төкең Шоңның үйіне барса, ол билермен бірге отыр екен. Самырат, Әлкен, Қаспақ, Шоқақ тағы басқалары Төкеңді кекесіндеп:

— Қашан көшесің? — депті.

Сонда Шоң:

— Төлебай, мыналар не дейді? — депті. Сонда ол:

— Ей, Шоң,

Арамзаның көзі күледі,

Басшысы жаман болса,

Елі бүлінеді.

Ұлығыңнан әділдік кетсе,

Артындағысы иттей ұлып, күшіктей үреді деген

осы да, — депті.

Отырған билер үндемей қалыпты.

82. [ТӨЛЕБАЙ МЕН ҚАЖЫ]

Төлебай аңға шығыпты. Түс ауа бере бір түлкіні індетіпті. Інге шыбық салып алайын деп жатқанда, Ерәлі деген қажы келіп:

— Е, байлансын-ақ, — деп іннің алдына отырып алыпты. Төлебай түлкіні іннен алып шығып, құлағын кесіпті де, «мұнтитты деген — осы» депті. Одан соң құйрығын кесіпті де, «шұнтитты деген — осы» депті де:

— Ал, бар да, ана жақта жүрген көп түлкіге айт, — деп түлкіні қоя беріпті.

Ерәлі қажы:

— Төлебайды жын ұрған ба, ұстап алған түлкісін қоя бергені несі? — деп ашуланып, аулына қайтып кетіпті.

Ерәлі кеткен соң Төлебай әлгі түлкінің ізімен келе жатса, көп ұзай алмай, қансырап жығылған екен. Түлкіні байлап қайтыпты.

83. [ТӨЛЕБАЙ МЕН ШАНШАРЛАР]

Төлебайдың қасында бірнеше жолдастары бар қаракесек шаншарларын аралап, бір үйге келіп түсіп, аты-жөндерін сұрастырып отырып, шай келгенде үй иесі біреуді шақырып алып:

— Ананы, мынаны тез шақыр, мына қонақтарымен кеңесіп отырсын, — депті.

Айтқандай, үйге бес жігіт келіп, жайғасып отырысып, амандықтан кейін жалпақ бет, келте мұрын сары жігіт сөз алып, іліп-қағып отырып:

— Бір түйін, екі түйін, бөле құған бәсентин, — депті.

Аздан кейін алдарына ас келгенде Төлекең пышағын алып, етті турай отырып, етті майлы жағын өздеріне қарай тастап, қаракесегін жағын аналарға секірте:

— Бір кесек, екі кесек, кесір сөйлеген қаракесек, — депті.

Қаракесек жігіттерінің сол жолы сөзден тосылып, жеңіліп қалғаны Алшынбайға жетіп, ол ызаланып:

— Төлебайды ұстап әкеліндер, жазалаймын, — деп көрленеді. Екі елдің арасына наразылық кіріп, араздық басталады.

«Алшынбай бір топ жігіт дайындапты» деген хабар бұл елге де жетіп, олар да қарсы қамдана бастайды.

Ауылдастары Төлебайды жаман киіндіріп, бие сауушы ретінде желі басына қойып, аңдып жүрсе, қаракесектің жігіттері жансыз келіп, Төлебайдың қайда жүргенін білмекке сауыншыдан жөн сұраса, сауыншы елдің жөнін айтып:

— Өздерің кім боласыңдар? — дейді.

Олар сонда:

— Шаншармыз, — дейді. Сауыншы:

— Апыр-ау, ел аман, жұрт тынышта, тал түсте кімді шаншасыздар? Мыналар шаншармыз дейді, — деп айғай салып, манағы дайын тұрған жігіттермен келгендердің ат-тондарын сыпырып алып, жаяу еліне қайтарыпты.

84. [БАТА]

Төлебай басқа бір елге барып қонса, ол үйде тары басып әкеп:

— Қонағым, бұйырған дәм осы болар, барға риза боларсыз, асқа келіңіз, — депті. Төлебай түк білмеген кісі болып:

— Бұл қандай ас, мен бұрын көрмеген ас қой, — депті.

Үй иесі:

— Бұл — басқан тары ғой, — депті.

Сонда Төлебай айтыпты:

— Бұл әкелген тары,

Бетіңнің жоқ ары.

Шынымен соны жей ме,

Бәсентиннің Төлебай қу салы, — дегенде, үй иесі:

— Сіз Төлебайсыз ба, білмедік, кешіріңіз, — деп, әкеліп бір серке соймақшы болыпты да, оған бата тілепті. Сонда берген Төлебайдың батасы:

— Ежірейген көзіңді,
Салбыраған сақалыңды,
Найзағайдай мүйізіңді ұрайын,
Кімді қорқытпақшы болып келіп тұрсың, — депті.

85. САЛЫҚТАН ҚҰТҚАРҒАН СӨЗ

Баяғыда бір кедей көшерге көлігі болмастан, жыл сайын қыстауда қала береді екен. Бір күні оның үйіне елді сүлікше сорған бір ұлық келіпті.

— Сені жарлы қылған мен емес ем, жазған Құдайыңа жыла. Жан басы алпыс қадақ бидайдан, үйіңдегі алты адамға тоғыз пұт астық төлейсің, — деп ұлық қиғылық салып отырып алыпты.

Жалғыз сиырдың сүтіне қарап отырған жарлы байғұс қалай мақұл дей қойсын, қатты сасыпты. Ауыл-аймаққа шешендігімен аты шыққан қаршадай ғана кедейдің бір баласы бар екен. Ұлық сол баланы шақырып алыпты да:

— Бала, сені жұрт шешен деседі. Мына әкеңді биылғы алым-салымнан босатайын, сол өнеріңді көрсетші! Мәселен, адамға мына көз, мұрын, қол мен ауыздың қаншалықты керегі бар? Осыған ойланып жатпастан, табан астынан жауап тауып айта қойшы, қане! — депті.

Сонда бала тұрып:

— Тақсыр, қапылыста шыққан сөз қанжардан өткір келуші еді. Жазатайым қытығыңызға тиіп кеткендей болсам, біздей пендеңізге әңгіртаяқ ойнатып жүрмес пе екенсіз? — депті.

— О, ол не дегеніңіз?! Сөз тапқанға қолқа бар ма? Жауабың нанымды болса, жазғырар жайым жоқ. Сөйле, қорғанба! — депті ұлық.

— Е, ұлық басымен уәде беріп, қаршадай бала сенің сөзіңе өкпелеп не көрініпті? Бәріміз де куәміз? — десіп, ұлықтың қасындағы нөкерлері де қаумалап өкеткен соң, бала:

— Олай болса тақсырым, Сөйлейін сөздің тап шынын:

Көз деген көпті үйіруге керек,

Қол — жарлының малын жылатып алуға керек,

Ауыз — алғаныңды көмейге салуға керек, — деген екен.

Ұялғанынан құлағына дейін қызарып, қасындағылардың бетіне қарай алмаған ұлық:

— Қап! Мына жүгірмекке тіпті дауа жоқ екен! — деп, атына мініп, жөніне жүре беріпті.

86. ЕКІНІҢ БІРІ

Қодар деген сіңірі шыққан қу кедейдің маңдайында екі аты бар екен. Қыстай мініп, отын тасып, көктемге салым әбден болдырған соң, Қодар екі атын жетелеп, Мыңғырған бай Қарынбайға келеді. Қарынбай жайлауға көшкелі жатыр екен.

— Ерекше күтім керек етпес, көп жылқыңыздың ішінде жүре берсін. Шамалы семіріп қайтсын, қыс мінуге жарамай қалар, — дейді Қодар.

Қарабай әлгі екі атты жылқысына қосып алып, жайлауға көшіп кетеді. Жаздыгүні екі ат семіріп, шиыршық атып ойнай бастайды. Қарынбай оның бірін ұстатып алады да, жылқышыларына жаздай мінгізіп қояды. Бірін күздің басында сойып алады.

Қоңыр күзде Қарынбай қыстауға көшіп келеді. Қодар аттарын алайын деп келсе, бір аты қабырғасы ырсиып, ыңыршағы шығып тұр, көктемгі қалпы, жаздағы міністен оңала алмапты. Екінші атын Қарынбай «өліп қалды» депті.

Сонда әлгі көтерем болған атын қамшының астына алып, Қарынбайға естірте былай депті:

— Қарынбай сені бақпады ма?

Жайлау шөбі жақпады ма?

Екеу едің, бірің қайда?

Жаздай алған шырың қайда?
Өзінің мыңғырған малына тимей,
Жарлының жалғызын көрген Қарынбай ма?

87. «БАЙ БОЛЫП КӨРГЕНІМ ЖОҚ»

Көкшетау уезіне аты шыққан Бөкейдің бес көкжалының бірі — Ескей бай Есіл бойына ұзатқан Бибі деген қызының үйіне келеді. Қыс ортасы екен. Алыстап аңсап келген әкесіне дәулетті жерге берген қызы семіз соғымның етінен асыпты дейді.

Сол ауылда Дүйсенбі дейтін тауып сөйлейтін шешен, әрі ақылды, бірақ «қара қасқа кедей» жігіт бар екен. Ескей байдің көңілін көтеріп отырсын деп, үй иесі Дүйсенбіні алдырады. Ол кезде әзілдің, әңгіменің өзегі жесір дауына, болыс сайлауына, бір рудың екінші руды кемсітіп, кекесін айтуына соқпай кетпейтін кезі екен. Гуілдесіп ерсілі-қарсылы сөзбен қағысып отырғанда, «от ауызды, орақ тілді» Ескейді Дүйсенбі әзілден ұтып, жеңіп кете беріпті. «Осал жерің осы ғой» дегендей Ескей бір айтып, екі айтып, Дүйсенбінің кедейлігін бетіне басып, дес бермесе керек.

Сөйтіп отырғанда ет те пісіп, қонақтар қолын жуған соң, қазы-қарта, жал-жая, жылы-жұмсақ толы керсенді екі жігіт өздері көтеріп әкеп, дастарханды айнала отырған қонақтардың алдына қояды.

Керсен толы семіз етті айналасы төрт-бес адам лезде қалай тауыссын? Ет түгел туралып, қонақтар да, үй иесі де қарбытып, біраз жегеннен кейін, керсенде әлі де едәуір ет қалған соң, «сен же, сен же» деп отырысыпты. Ал Дүйсенбі табаққа қолын тартына салып отырса керек. Сол мезетте манадан бері сөзден ақысы кетіп, қайтсем бір мытып қаламын деген ойда отырған Ескей көкесін араластыра сөйлеп, Дүйсенбіге:

— Қалған етті сен жей ғой, — дейді.

Дүйсенбі:

— Бұл етті менің жегенімде, жемегенімде не тұр? Неге десеңіз: жеп қойсам: «өмірі бүйірі шығып тойып көрмеген, көні кепкен кедей болған соң жалап-жұқтап, тып-типыл қылды» демексіз, ал сыпайыгершілік істеп, жемей қойсам: «таңдайына өмірі дәмді ас тимеген соң, мұндай қазы мен қартаға тісі қайдан барсын» демексің. Мен егер бай баласы болып, етті тік көтере жеп, тұздығына дейін ұрттап қойсам: «міне, жеген ауыз жесін деген осы да. Бұ да өскен бай баласы ғой, жеп қойғанын көрдің бе?» деп сүйсінер едіңіз. Ал тіпті жемей қойсам да: «паһ, паһ, қанша дегенмен, жасынан сыпа өскен бай баласы ғой, ерніне тигізсе болды, тоя қояды!» деп дәріптер едіңіз. Қызғанған пейіліңіз...» дей бергенде, Дүйсенбінің үдей түсуінен шошынған Ескей бай, мұның сөзін бөліп:

— Енді мені еріксіз жеңдің, — депті.

Қойшыбай әңгімесі

Қойшыбай руы — Әлімбет, Елқонды нәсілдері. Жасында бау-кеспе, әйгілі ұры болған кісі. Ол үйді үштеп жатқанда, үй иесі қарсылық білдіру түгіл, өзі көрінуге қорыққан деседі. Адамды да көп өлтірген. Әдісі — мойынды бұрап, қайта орнына қояды да, итере салады. Оның үш әңгімесі: «Қаза қалған тарауық», «Темір сандық», «Арақты бітіру үшін іштім».

88. ҚАЗА ҚАЛҒАН ТАРАУЫҚ

Қойшыбай қартайып келгенде ауыл қарттары:

— Әй, Қойшыбай, сен жасында қылмысты көп істедің, ұры болдың кісі өлтірдің. Сені естіген адамның жаны тырнағының ұшында болады. Енді тәубеңе келуің керек, Құдайға құлшылық істе, шаһазадаға басыңды тигізіп, мінәжат қылсаң, Алла күнәңді кешеді. Ораза күндері тарауыққа бар, сонда барлық кінәң кешіліп, тазарып шығасың да, жұмақтан орын тебесің дейді.

Қойшыбай олармен келісіп, ораза күндері 3-4 күн тарауыққа барады да, із-түзсіз жоқ болып кетеді. Бір күні Даяр деген молда:

— Қойшыбай-ау, тарауыққа келмей кеттің ғой, қайда жүрісің көрінбей? — дейді.

— Сол тарауықты өзім де білемін ғой, үйде-ақ оқи беремін деп, бармай қалып едім, шаруадан қол тимей. Бүгін аттай он бір

күн тарауық қаза қылды. Енді оны ақ жуып, арулап жерлеу керек пе, қайтеміз, молдеке? — депті Қойшыбай.

89. ТЕМІР САНДЫҚ

Қыпшақтың Көлденең ұлынан тараған Қарақыз руы Жармағанбет қажының Сақи деген баласы Қойшыбаймен құрдас болса керек. Әкесінің жолын қуып Сақи да Түркістанға барып қайтуды әдет еткен. Бірде Сақи қажыдан келді, қолын алайын, амандасайын деп Қойшыбай келе қалады. Шамасы бірер жүзді қағып алса керек.

— Ассалаумағалейкум, — деп қолын алуға жақындағанда, Сақи:

— Әй, Қойшыбай, сен діннен шықтың ғой, мас адамға сәлем беруге де, алуға да болмайды. Міне, мына жыланды, — деп көрсетеді қолындағы кітаптан, — Ая Софияны он метр биіктікке отырған жерінен шаққанда денесінің үштен екі бөлімі жерде жатыр. Ертең өлгенде сені дәл осы жылан шағатын болады, — дейді.

— Енді қайтейін! Мына жыланның түрі жаман екен, — деп шығып кеткен Қойшыбай іркілместен Мәсәлім деген молдаға барып, мұнын шағады:

— Істегенім де көп, кінәм да көп, сіз молдасыз ғой, шариятты көп білесіз, бір жеңілдік бере алмас па екенсіз? Сақи маған бір керемет жылан көрсетті ғой, сол жылан мені өлгенде шағатын болды. Енді қайтемін, қандай қайла табамын, — деп көзінен жасы ағып балаша жылайды.

— Бір Алланың өзіне сыйын, кеңшілігі көп Аллаға жалбарынсаң, намаз оқысаң, тарауықтан қалмасаң, күнәнді кешер — деп, ақыл береді Мәсекең.

Бір күні қарттар жиналып отырған жерде Қойшыбай:

— Әй, Сақи, мен сенің керемет жыланыңа бір әдіс таптым, түбі содан дұрысы болмас, — деп қояды.

— Иә, ол қалай? Ол не? — десті қарттар.

— Біздің үйде бір үлкен темір сандық бар, адал еңбегіммен таптым, мен өлгесін, сол сандыққа салыңдар, аузын жақсылап құлыптаңдар. Сонда жылан мені шаға алмайды, — дейді Қойшыбай.

90. СӘЛЕМ АЛМАҒАННЫҢ САЗАСЫ

Ертеде өзінен басқаны менсінбейтін, төкаппарлығымен дүйім елге аты шыққан Тоқсоба деген бір бай адам болыпты. Сол кісі күндердің күнінде салт атпен жолаушылап келе жатса, бір ауылдың іргесінде қозы бағып жүрген сегіз-он жастар шамасындағы балаға кездеседі.

Салт атты жолаушы жақындай бергенде бала екі қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлем беріпті. Маңайында малы, желіге байланған биесі көп осы үйге түсікісі келген жолаушы еріндерін болар-болмас қимылдатып, қойшы балаға көз қырын салмай өте беріпті де, кенет атының басын іркіп, жөн сұрапты.

— Балам, мына қозы кімдікі? — дейді.

— Қозы қойдікі, — дейді үлкен адамның сәлемді дұрыс алмағаны көңіліне келген бала.

Бойы қамшының сабындай ғана қара домалақтан мұндай жауап күтпеген жолаушы:

— Әкеңнің аты жоқ па еді? — деп едірейеді.

— Әкемнің аты толып жатыр. Қара аты бар, торы аты бар, сары аты бар, құла аты бар, — деп кішкентай тақылдақ шұбырта жөнеліпті.

Амалы таусылуға айналған төкаппар бай пұшпақ бөркін бір жақ шекесіне қарай қисайта киген бойы тапқыр балаға не айтарын білмей, ойланып қалады. Сәлден кейін жан қалтасынан таутекенің мүйізінен жасалған шақшасын алады да, ердің қасына тық-тық қағып жіберіп, ернінің астына уыстап төңкере

салады. Тілінің ұшымен насыбайды қоғамдап, шырт-шырт түкіре бастаған салт аттыға бала қарап тұрады да:

— Ата, мына шақша ненің мүйізінен жасалған? — деп сұрайды. «Тосылар жерің енді келген шығар» деп миығынан күлген шал:

— Бұл қоянның мүйізінен жасалған, — депті ұзындығы жарты кездей күмістелген қара шақшаны салмақтай тұрып.

Сонда бала:

— Ее, азғанның жері тозған деген рас екен. Біздің ел қоянның мүйізінен шаңырақ оюшы еді, сіздердің ел оны тек шақшаға ғана жаратады екен, — депті.

Сәлемді дұрыс алмағаны үшін сөзден тосылып, сазасын жас баладан алған Тоқсоба алдындағы елге тоқтамастан әрі асып жүріп кетіпті.

91. ЖАНАҚТЫҢ ШҰБАРЫ

Бір ақсақалдың асы беріліп жатады. Оған Жанақ та келеді. Бәйге жарысына өзінің Шұбар деген жүйрік атын қосады. Озып келген атты сол елдің бір байы «менікі» деп дау салады. Қазыға жүгінсе, қазы оларға:

— Дәлелдейтін нелерің ба? — дейді.

Сонда Жанақ:

— Құлынынан асырап едім. Атымның есінеген кезде көрінетін көмейінде танадай қалы бар, — дейді.

Билер тексере келсе, рас болып шығады. Өлгі даукес бай атшапан айыбын төлепті.

92. СОНДА БОЛДЫМ НЕМЕНЕСІ?

Мамыр айының мамыражай күнінің бірі болса керек. Ауыл жанындағы Көктөбенің басына шығып, бірі әңгіме айтып,

екінші тобы тоғызқұмалақ ойнап отырған жігіттер алыстан жортып келе жатқан екі аттыға көзі түседі.

Жол жаңағы төбені айналып өтеді. Екеуінің бірі — қарамұртты жігіт, қасындағы серігі — үкілеп тақия киген қыз бала. Екеуінің аты да жорға, төктіріп келеді. Олар жақындаған сайын екеуінің түр-түсіне, киім киісіне, жарасымды жүріс-тұрысына, мінген атына таңданып, ауыл азаматтары аңырап тұрып қалады. Қарамұртты жігіт оң қолын кеудесіне апарып, сәлем бере өтеді.

Сонда жігіттердің бірі:

— Түү, мына жігіттің атының жорғасын-ай, қыздан алған жолдасын-ай! — деді.

Сол кезде қыз атының басын тартып тұрып:

— Ей, жігіт! Біліп сөйле, сен жігіт. Бұл жігіттің шешесі менің шешемнің қайын енесі, мен бұл жігіттің жан денесі, сонда болдым неменесі? — дейді де, «шу, жануар» деп атын төктіріп ала жөнеледі.

Сонда ауыл жігіттері сөз мәнісін бірден түсінбей, «шынында да неменесі болды» деп бір-біріне қараған екен. Көпті көрген ауыл ақсақалдарының бірі:

— Неменесі болушы еді? Жігіттің жан денесі — қызы болды емес пе? — деген екен.

93. «... ТҮСІНБЕСЕҢ, СЕН ДЕ СӘБИ»

Жаздың сытық бір күнінде Сыр бойынан қырдағы елге жолаушылап келе жатқан Алтын Сейітжан ақын бір ауылға сусын ішуге бұрылады. Бұл ауыл өзінің қайын жұрты, Жетірудың Телеуінің ауылы болып шығады.

Аялдаған үйінде атақты Тұрмағамбет ақын отырса керек. Сейітжанды алыстан таныған қайынаға, балдыздары Тұрмағамбет ақыннан бір сөзден сүріндіріп беруді өтінеді. Екі

ақын бұрыннан таныс, әрі қатар екен. Амандасып, отырып болған соң Тұрмағамбет:

— Жер деген не, көк деген не, түсінсең түсін, түсінбесең өттегене? — депті.

Сонда Сейітжан ақын мүдірместен былай деген екен:

— Жер деген сахи, көк деген сари, түсінсең, түсін, түсінбесең, сен де бір сәби, — деп жауап қатады.

Үндемей ойланып қалған Тұрмағамбеттен Сейітжан жүріп кеткен соң балдыздары «не деді?» деп сұрапты. Сонда Тұракең:

— Ол «аспандай мөлдір таза, жердей мейірімді, жомарт болу керек» деп кетті деген екен.

Сонда «сахи» — парсыша жомарт деген, «сари» — мөлдір, таза деген сөз екен.

94. ӨТКІР ТІЛДІ АНАЛАР

Найманның Жырық руынан Аймырзаның Бәтеші «ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей қартайғанша жігітшілік әдетін қоймапты.

Күзде бір ауылға келіп қонып, қонған үйдің қызына ұйқы бермепті. Жаман әдет алған кәрі тарлан қыздың көнбейтінін білген соң, әкесі мен шешесіне айтудың есебін таба алмай, Бәтеш:

— Тысқа шығып келуге рұқсат етіңіз, — дейді де, қой ішіндегі бір текені ұстап алып, әке-шешесінің тұсына байлайды. Қыз текенің даусынан оянып:

— Мынаны неге әкеп байладыңдар, оның не жазығы бар? — дейді. Мұны естіген Бәтеш қанша ұятсыз болса да ұялып, түнде кетіп қалады.

95. [ТАПҚЫР ҚЫЗ]

Дулат шымыр руынан Керімбай болыс ел аралап, бір шаруаның үйіне келеді. Сол үйдің қызының шашына таққан шолпысы ұзын болса керек. Керімбай қызға әзілдеп:

— Мына байқұсты шолпысымен өргізгенде не жазығы бар? — дейді.

Сонда қыз:

— Мұның жазығы мен елді жүндей түтіп, елді борлықтай сорып жүрген болыстардың жазығын айта көрмеңіз, — депті.

Сонда Керімбай болыс әлгі үйден кеткенше қызға бір ауыз сөз айта алмапты.

96. [САҚАЛ]

Досым деген шал жасында жігіттікті көп істесе керек. Сөйтіп, ауылдың қызы бар үйге келіп қонады. Сөйтіп, әлгі үйдің қызын оятыпты. Қыз:

— Бұныңыз не? Сақалды басыңызбен ұят емес пе? — дейді.

Шал:

— Сақал ит боқ жеп қайда болса да, шыға береді ғой, — депті.

Қыз:

— Сақалыңыз сол нәжісті жегенде аузыңыз бен мұртыңыз не болды екен? — депті.

Сонда шал не айтарын білмей, бұл әдеттен бүтіндей тыйылыпты дейді есітігендер.

97. БАЖАҚ ҚАРТ

Шоңның қартайған кезі екен. Бір жылы Шу қыстауға малымен көшкен. Алтай, Карпаттың біраз елі Шу бойында қыс

қатты болып, малы жұтқа ұшырапты. Осы жағдайды естіген Арқадағы Шоң үлкен баласы Оспанды шықырып, алып:

— Көктем таянды Шу қыстаған елдің алдынан шығып, келе жатқан елдің жағдайын біліп, үлкен-кіші азаматтарына сәлем бер. Бұрынғылар айтады екен: «жұтаған елдің малы — өсімтал, өрт шалған жердің шөбі — өсімтал» деп, сол айтқандай, халық аман, болса жұтаған малдың орны әлі-ақ толады. Ел азаматы аман болса болғаны. Менен ел ақсақалы, үлкендерге сәлем айт. Сол елде көпті көрген, бір кезде елінің жөн білетін шешені болған, сексеннен асқан Бажақ қарт бар. Соған барып менің арнайы сәлемімді айт! — депті.

Айтқандай Оспан бәріне сәлем беріпті. Сөйтіп, әкесі Шоңның тапсыруы бойынша Бажақ қартты сұраса, ешкім білмепті. Соны іздеп келе жатса, кешке қарай бір ауыл үстінде, бір қора қой жатыр екен. Қыстан әбден арықтап шыққан қой қозысына, қозы енесіне табыса алмай у-шу болып жатыр екен. Ауыл шетіндегі бір қараша үй есік алдына тұрған қартқа барып сәлем береді.

— Бұл ауыл кімдікі? — деп сұрайды.

— Шырағым, ауыл — Бажақтыкі, мал — Барақтікі, — деген екен қарт.

Сөйтсе, ауыл үстіндегі жайылып жатқан қой Барақтікі екен де, Бажақ қарт сол байға қосшы екен. Аттан түсіп, Оспан Бажақ қарттың қолын алып, сәлем беріп, әкесі Шоңның арнайы сәлемін айтқан екен. «Пейілі болса шеттегі тұрған қараша үй ақ ордадан үш артық» деген емес пе? Бажақ қарт бұларды жалғыз сиырының бұзауын сойып қонақ етуге жік-жапар болады. Бірақ бұлар бір үйлі жанның күн көріп отырған жалғыз сиырының бұзауын қалай сойғызсын? Бажекеңе бұзауын сойғызбай, кедеймін деп қиналмай қонаққа жалғыз бұзауын соям деген ақ пейіл, жомарт ниетіне көп риза болып, қош айтысып, атқа қонбақ болады. Сонда Бажақ қарттың Шоңға айтқан сәлемі:

— Менен Шоң ініме сәлем дерсің,
Кім десе Бажақ деген ағаң дерсің.
Кәрілік кедейлікпен бірдей келді,
Мал-басы одан басқа аман дерсің, — депті.

Оспан Шудағы ел жағдайын, Бажақ қарттың сәлемін әкесіне айтып келеді. Сонда Шоң:

— Шіркін, бір кездегі ел ардагері Бажақ, бүгінде қартайған кезінде кедейлік тұрмыстан қажыған екен ғой, — деп екі аттың бірін және бір түйесін беріп, баласын жіберген екен.

98. ҚЫЛЫШБАЙ АЙТҚАН СӨЗ ЕДІ

Ауданымыздың Талдыөзек, қазіргі Қылышбай ауылында туып-өскен Қылышбай Ержанұлы туралы ел аузында әлі де естелік әңгімелер айтылып жүр. Өмір деген бір орнында тұрған ба? Біраз көненің көзіндей қариялар бұл дүниеден өтіп кетсе де, қалған бірлі-жарымдары Қылышбайды ауыздарынан тастамай, бас қосқан жерде әңгімелерін тілге тиек етіп отырады. Жасы сексеннен асқан ақсакалымыз Әлікүл Абданбайұлының Қылышбай атасы жайлы айтқан мына бір әңгімесін айтып берейін.

Бірде төсте тұратын белгілі бидің ауылында әлдеқандай бір жиын өтеді. Мұндай жиындарда әдетте елдің ақындары мен шешендері көптеп жүретіні белгілі. Жақсылар мен жайсаңдар бас қосқан бұл үлкен жиында әр тұста думан, ойын-күлкі, әзіл-әжуа айтылып жатады. Үлкен тойға ойдағы елдің жақсыларымен Қылышбай да келіпті. Аяулы ақынға мұндағы елдің сыйлы жақсылары етене жақындап, аман-саулық сұрасып жатады. Оның осы тұста уытты сөздерімен атағы шығып, ел-жұртқа жария болып қалған кезі еді. Қылышбайдың әр қадамын аңдып, өзімен қағысып ауыз аштырмай тастайын деп білек сыбанып

дегбір таппаған сол ауылдың бір жігіті өзеуреп болмайды. Ауылдың ізгі жақсылары:

— Тыныш отыр, ол нағыз пәле, тиіссең, ұятқа қаласың, — деп бетін қайтарып тастайды. Сонда да болмай ол жұлқынып барып ақынға таяп келеді де:

— Ассалаумағалейкум, Ашаның елі, шыбын-шіркей мен масаның елі, бұтасы қалың тасаның елі, — дейді

Мұндайда қарап қалатын Қылышбай ма? Ол тосылып тұрмай бірден жұлып алғандай сол жерде әлгі жігітке былай деп жауап береді:

— Әлексалам, керінің елі,
Жын-шайтан жайлаған перінің елі.
Жаз жайлауың еді, қыс қыстауың еді
Құмды неге даттайсың.
Аузыңа келгенді оттайсың,
Құдайым-ау, тентегіңе неге айтпайсың?

Қылышбайдың сөзі асып кеткенін білген жұрт қыран-топан күлкіге батып, көпке дейін езулерін тыя алмай жатады. Игі жақсылардың бірі:

— Әй, айттық қой, енді мұнда тұратын не бетің бар? — деп оны топтан қуып шығыпты.

Иә, Қылышбайдың ешкімнің бетіне, беделіне қарамайтын, жақтырмаған адамның айыбын айтып тастайтын аузы батыр кісі екені жұрттың бәріне мәлім болғаны қашан. Бірде ол жолаушылап бір топ жігітпен құм ішінде келе жатады. Бағыты ауылы жақ болса керек. Олар Байболат байдың ауылына жақындап келеді. Ауыл әлі біраз жер, оған түнделетіп жету мүмкін еместігін сезген жігіттердің бірі:

— Ата, күн кеш болып барады, қайда қонамыз? — дейді. Қоналқының жайын ойлап келе жатқан Қылышбай да бірден сөйлеп кетеді.

— Әй, сендер менен озыңқырап барып ана құдық басына жетіп алыңдаршы. Қалғанын өзім айтамын, — дейді.

Жігіттер Қылышекеңнің айтқанын орындап, құдық басына тез келіп әр нәрсені бір айтып тұрады. Жайлап аяңдап Қылышбай жеткенде жігіттердің бірі:

— Ата, кеш болды, қайда барсақ екен? — дейді.

— Ана төбенің астында төбет бар,
Төбетке барсаң, көп ет бар.
Екі қонып бір түстенсек,
Енді барар не бет бар? —

деп Қылышбай теріс айналады. Бұл сөзді түсінген ауыл жігіті қысылыңқырап тұрып:

— Ата, ауылға жүріңіз, — деп ізет жасайды.

— Е, оның дұрыс, балам, — деп бәрі де ауылға бет бұрады.

Ауылдың атақты адамы Байболат келгендерге жылы шырай байқатпай, жуық арада қазанын да көтертпей қояды. Есіктен кірген жігітке иық қаққаны сол-ақ екен, сойысқа лақ жеткізіледі. Бұрынғының дағдысы бойынша әкелінген малға бата сұрайды. Қылышбай басын көтере беріп:

— Әумин дедік лаққа,
Даусы кетті жыраққа.
Тапсаң қозы сой,
Таппасаң, қоя бер жылатпай, —

дегенде Байболат бай сасып-ақ қалады да, сойысқа қозы алдырады. Оны жетектеп есік алдына келген жігіт:

— Ал көтер басты, Қылышеке, ниет білдіріңіз, — дейді.

— Көтердім басты,
Бәлекет қашты,

Қол жуғызбай бата сұрап,
Байболат, сені не қара басты, —

дейді Қылышбай жан-жағына қыранша көз тастап қырын тастап. Үйдегілер үнсіз отырып қалды.

99. [ҚЫЛЫШБАЙ МЕН ӨЗБЕКТЕР]

Қылышбай бірде базарлап қайтпақшы болып Әулиеатаға барады. Мұны көрген өзбектер гәпіріштеп отырып, әзіл-қалжың ойлап, палауға шақырады. Осы кезде базардағы игі жақсылар тұс-тұстан келіп, жинала бастайды. Өзбектердің салты бойынша «алың, келің» деп Қылышбайдың алдына бір табақ палау қояды. Ол баяғы бабымен палауды алып, сұқ саусағын шошайтып асқа салмай отырады.

— Қылышеке, ана саусағыңызға не болған? — дейді палаудан бас алмай отырған өзбектің бірі.

— О, несін айтасың, оған бір нәрсе тиіп кеткендей болып еді, жиіркеніп отырмын, ө, — дейді.

Өзбектер дереу қолдарын табактан ала қояды. Қылышекең палауға әбден тойып алып, жайланып отыра бергенде, өзбектер алдын ала дайындаған түйелерін ары-бері алдынан жүргізеді. Түйенің бірі бақырып, аузынан жынын шашып алдынан өткенде, өзбектің бірі қуақыланып:

— Қылышеке, ана түйе не деп барады? — дейді. Азулы ақын ойланбастан:

— Е, ол ма, ол:

«Жалаңаш етіме сабан арттың,

Басымды атпен тарттың,

Қазақ болса қадірімді білер еді-ау,

Тап әкеңнің ұрайын сендей сарттың» деп бара жатыр түйелерің, — деген екен.

«Құртты, құртты» деп өзбектер орындарынан тұрып, бір ауыз сөзге келмей тарап кетіпті.

100. «ТАҚСЫР, ЕКІНШІЛЕЙ ҚАСЫМА КЕЛМЕШІ»

Кезінде Әулиета қаласында Сейдуалы төре және Мырзахмет деген ірі саудагер тұрыпты. Дәулет жарыстырған осы екі пақыр «қаланың базарын мен билеймін, мен билеймін» деп үнемі аңдыса жүрген. Киім кию, ат міну және басқа сәулет жағынан Мырзахметтің асыңқырап кетер жері көбірек екен. Осы жағынан сағы сынған Сейдуалы енді амал-айлаға басып, сөзден сындыру, мұқату жағын қарастырып, Шу бойынан Қылышбайдың келуін күтеді.

Күндердің күнінде қалаға Қылышбай келеді. Соны аңдып, құлағын түріп жүрген Сейдуалы жат та жабысып:

— Айналайын, Қылышеке, мына Мырзахметті халықтың алдында бір сындырып, ел бетіне қарағысыз етіп беріңіз. Қалағаныңызды берейін, — дейді. Шайқымазақ, әрі тапқыр Қылышбай аз-кем ойланып тұрып:

— Жарайды, алдағы бейсенбі, жұма базарға дейін Мырзахметтің атындай ат, киіміндей киім, сәлдесіндей сәлде тап, — дейді.

Айтқанындай-ақ базарға халық өте көп жиналып, жер қайысып кетеді. Күн көтеріле базарға сәндене киініп, ақбоз ат мініп, дағарадай сәлделі Мырзахмет те келеді. Ол қалың жиынның шетіне келіп тоқтай бергенде бір жақтан жұртты қақ жарып, дәл сондай ат мініп, киім киген Қылышбай да шығып, байқатпай қасына келіп тұра қалады. Бірінен-бірі айнымай, жарбиып тұрған екеуді көріп, жұрт қыран күлкіге батады. Артына жалт қараған Мырзахмет дәл өзі құсап жарбиып тұрған Қылышбайды көріп тілге де келмей, атының басын бұрған күйі тұра қашады. Қылышбай да соңынан қалмай жөнөп береді.

Ақыры, Мырзахмет қан базардан қаша жөнеледі. Қылышбай сонда да қалмай қояды.

Халықтан қара үзіп, көз көрмес жерге барғанда бір тасада тосып тұрған Мырзахмет саудагер:

— Осы менде нең бар еді, Қылышеке? Артымнан қалмадыңыз ғой, тегі, — депті. Сонда Қылышбай тұрып:

— Ассалаумағалейкүм, Мырзахмет бүкір,
Екеуімізді бүкір қылған Құдайға шүкір.
Бір жылдық шығынымды өтемесең,
Соңыңнан қалсам, қалсам бетіме түкір, — депті.

Бұдан оңайшылықпен құтылмасын білген Мырзахмет Қылышбайды үйіне ілестіріп барып, бар қалағанын беріп, аттандырып жатып:

— Тақсыр, Қылышеке, екіншілей менің қасыма келіп тұрушы болмаңызшы, — деп тағы жалынған екен.

Сөйтіп, Әулиеата қаласында аңдысқан екі байды осылайша теспей сорыпты.

101. СӘРСЕНБЕК БАЙДЫ ШОШЫТУ

Қылышбай ақын әдетте бір шықса, екі-үш ай жолаушылап бір-ақ қайтады екен. Мұндайда сағынысқан ауыл-аймақ түгел жиналып, мерейлері өсіп, жай-жапсарды барынша кең әңгімелейтін болған. Осындай бір шырайлы дидарласу үстінде ауыл жігіттерінің бірі биыл азын-аулақ уақ малдың жүдеулігін, келер күннің қалай болары алаңдатып отырғандығын айтады.

— Е, жаздыгүні жұтағандарыңа жол болсын? — депті Қылышбай.

— Өзіңіз білетін Сәрсенбек бай биыл жердің отын да, құдығымыздың суын да билетпей қойды. Жерімізге малын жайып, құдығымызға қойын суарып, әпшімізді бір уыс етті.

— Бар болғаны сол-ақ па? Сәрсекеңнің малы тұрмақ өзін бұл маңайға жоламайтын етейін. Бұйырса бір бозқасқаның сорпасын да ішіп қаларсыңдар.

— Қайтіп, Қылышеке?

— Ертең таң атпай бір жігіт құдыққа түсіп, шегенге жасырынып тұрсын. Ақыры құдыққа байекеңнің өзі келеді дедіңдер ғой. Құдыққа қауғасын салған кезде біріншісіне тимей, екіншісін ұстап, жібермей тартып тұрсын. Бай құдыққа үңілген кезде әлгі жігіт ербеңдеп, суға құлай кетсін. Арғы жағын тағы көре жатармыз, — дейді Қылышбай.

Айтқандай-ақ күндегі уақыты сәске түстің мезетінде Сәрсенбек бай қойын шұбатып, құдыққа қарай келе береді. Келе сала ай-шай жоқ, қауғасын құдыққа салып жібереді. Құдықтың ішінде шегенді тасалап тұрған жігіт Қылышбайдың әлгі айтқандарын істейді. Құдықтың ішінде қауғаға жабысып тұрып, суға ербеңдей құлап түскен «бөлені» көрген бай шалқасынан түседі. Түрулі тұрған іргеден мұны Қылышекең көріп отырады.

Сәрсенбек бай тұра салып, шулап келе жатқан қойына қарай жүгіріп, қойшысына:

— Ойбай, қайтар кейін, құдықта бір пәле жатыр. Ішінен бір бозқасқасын таңдап ұстап, үйге алып бара бер, — дейді де де, өзі Қылышбайдың үйіне қарай жүгіреді. Асыға-үсіге табалдырықтан аттай беріп:

— Қылышеке, мына құдықтан бір пәле көрдім, тезірек жорып жіберіңіз, — дейді. Қылышбай ештеме түсінбеген райда:

— Байеке, о не, жайшылық па? — депті.

— Ойбай, айналайын, Қылышеке, мына құдықтан бір бөле көрдім.

— Байеке, бұл құдықтың басына жын-шайтан ертеден-ақ үйір еді. Соның бірі шығар, ешнәрсе атадыңыз ба? — дейді.

— Иә, естуім бар еді. Мені қай Құдай қара бастырды. Бұл құдыққа биыл қайдан қона қалып едім, Құдай қырсығыңнан сақтай гөр, бір бозқасқа атадым.

Қылышбай жел бере түсіп:

— Ойбай, тезірек таратып жібер, тезірек қамына кіріс, — дейді. Ол осылайша ауыл-аймақты жас сорпаға бір кенелтеді.

Арада бірер ай өткенде Қылышекең жігіттерін тағы жинап алып:

— Сояр мал жоқ, бәрі арық екен. Сәкең байдан тағы бір сорпа ішемін, — дейді.

— Е, қалай, Қылышеке?

— Бай ұйқыға барды-ау дегенде бес-алты жігіт үйін көтеріп, есігін артына қаратып қойыңдар да, қойын үркітіңдер. Арғы жағын көре жатармыз, — дейді.

Ауыл жігіттері Қылышекеңнің айтқанын бұлжытпай орындап, түн қараңғысында ешнәрсе сездірмей кетеді.

Қорадағы қойдың шуынан шошып оянған бай есікке қарай тұра жүгіріп, маңдайын керегеге ұрып алады. Сөйтсе, орнында есігі жоқ. Бай бәйбішесін оятып, шам жақтырса, есігі артқа қарап қалыпты, жүктің тасасында тұр.

Ақылы айран болған бай таң атар-атпастан Қылышбайдың аулына қарай шабады. Қылышекең үйінде екен, түк сезбеген адамша жайбарақат:

— Байеке, реңіңіз неге мұнша қашып кеткен, не болды? — депті.

— Ойбай, Қылышеке, биыл мені бір қырсық айналдырды. Аңадағысын өзіңіз білесіз, ал түнде үйімнің есігі артқа қарап қалыпты, — деп бай жағасын ұстайды.

— Апырай-ә, мынау сұмдық екен. Өнеугүнгінің салқыны ғой, кетпей алып жүрген ғой. Ешнәрсе атадыңыз ба?

— Бір бозқасқа атадым, Қылышеке.

— Ойбай, тез таратып жіберіңіз. Түнеукүнгінің кенеуі ғой кетпей жүрген. Енді кетеді.

Сөйтіп, жөнсіз баса-көктеген байды жанынан шошытып, қайтып бұл араға жоламайтын еткен екен.

102. КЕНЖЕНІҢ АҒЫБАЙ АСЫНА БАРУЫ

Кенже бірде немересі Топайды ертіп, Балқаш жақта болған Ағыбайдың асына барған екен. Бұл ас «Ағыбайдың Тасаралы» деген жерде болған. Оған Ұлы жүз, Кіші жүз, Орта жүзден көптеген беделді кісілер шақырылған екен. Бұл асқа Ақберген би де шақырылып, оның інісі Кенже шақырылмай қалыпты. Кенже асқа шақырылмаса да, ат ерттеп, Ағыбайдың асына бармақ болыпты. Сөйтіп, Кенже немересі Топайды ертіп асқа келген екен. Ас болып жатқан жерге бірден бармай, Кенже немересімен ауыл жанындағы төбенің басында отырыпты. Сол кезде Ағыбайдың бәйбішесі төбе басында отырған Кенжені көріп, шақырып келуге адам жіберді. Өлгі кісі төбе басындағы Кенжеге келіп:

— Ауылға жүріңіз, — деп ертіп келіпті.

Аста ат жарасы, палуан күресі болады. Өдетте мұндай жарыстар төбелессіз тарамайды екен. Кенже аста болған ат жарысының, палуандар күресінің бәйгелерін тең бөліп, үлестіріп беріпті. Қайтатын кезде Ағыбайдың бәйбішесі:

— Не аласыз? — десе, Кенжекең:

— Мен бұл астан бір нәрсе алайын деп келген жоқпын, — дейді.

Кенже Ағыбай батырдың тақиясын ырым ғып немересі Топайға берген екен.

103. БІР АЙЫП

Кенжекең тағы бірде бір жақтан келе жатып, бір байдың үйіне түсіп, сол үйде қоныпты. Сол үйдің есігінде бір жалшы жігіт жүріпті. Кенжекең тамақ ішіп, жайланып болған соң сыртқа шығады. Сол кезде әлгі жалшы жігіт Кенжеге келіп:

— Кенжеке, мені осы жалшылықтан құтқарыңызшы, — деп өзінің мұңын шағады.

— Жалшылықтан құтылғың келсе, сен менің айылымды ұрлап ал, — депті.

Сөйтеді де, өзі үйге кіріп, жатып қалады. Ертеңгілігінде Кенже атын ерттейін десе, бір айылы жоқ. Кенже:

— Айылымның біреуі жоқ, біреу ұрлап алыпты. Байеке, айылымды таптырып бер, — дейді. Бай жалшыларына ақырып, олардың екі аяғын бір етікке тығады. Байдың жалшылары айылды «біз алғанымыз жоқ» десе де, бай оларға сенбей тінткенде, айыл әлгі түнде Кенжеге жолыққан жігіттен шығады. Бай жалшы жігітті ұрмақшы болғанда, Кенже оған ара түсіп, оны ұрғызбай алып қалады.

Байға Кенже:

— Осы жалшыңызды бір айылдың құнына маған беріңізші. Жазасын өзім берейін, — дейді.

Сөйтіп, әлгі жалшы жігітті өзімен бірге алып кетеді. Кейін әлгі жігіт «бір айылға сатылып келген» деп, «бір айыл» атанып кетеді. Кенже оған енші беріп, үйлендіріп, жеке отау етіп, бөлек шығарады.

104. [ДҮЙСЕНБІ ТУРАЛЫ]

Әңгімесінің айтуына қарағанда, бұл адам өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында сексен жас шамасында қайтыс болған. Орта жүздің Керей руынан шыққан Дүйсенбіні ел-жұрты өзілқой, жампоздығының өзімен-ақ төбесіне көтерсе, оның ат емес-ау, адам сынайтын ғажайып қабілетіне таң қалған. «Дүйсенбі айтыпты» деген сын өмірлік басқан таңбадай болып, елге тұтас тарап кететіндіктен, батылдығы мен батырлығы жеткендер болмаса, көбі сыната бермейді екен. Өзгені қойып, өз баласы Ділдебайды жұрт «сынаңызшы» деп тілек еткенде Дүйсембі:

— Өздерің көріп отырып, маған несіне сына дейсіңдер. Мүйізі түскенше сүзисуден қайтпайтын «қара бұқа» деген жігіт осы емес пе? — деген екен. Жұрт ду күліп, риза болады. Баласы әкесіне ыза болып, үйден шыға жөнеледі. Ділдебай расында мойны тұп-тұтас бұқа тұлғалы, алып қайраттың иесі — батыр адам екен. Бірақ Дүйсембі баласының ақыл иесі емес, қара күштің иесі болғанына ризалығы жоқ.

Дүйсембіге бірде Омар деген кісі он екі жасар баласы Сағындықты сынатуға әкеліпті. Алдымен қозысын сойып, қымызын құйып, замандасын күтімге алады. Екеуі әуелі бала сынау жайында емес, өткен-кеткен оқиғалар жайында мәслихаттасып отырады. Ара-кідік Дүйсембі баланың отырыс-тұрысын, барлық қимылын, әңгімеге құлақ қойысын қадағалаудан жазбайды. Өйткені бұл баланы сынауға әкелгенін біледі. Әңгіме арасында:

— Омеке, мынау балаң қулық биенің құлыны сияқты, құс болса, ұябасар дейтіндей қағылез де шымыр, тынымсыз ба қалай? — деп бір қалады.

Қозының еті желініп, аттанар шақ болады.

— «Айран сұрай келіп шелегіңді жасырма» деген ғой, Дүйсеке. Аузың дуалы, көзің қырағы едің. Бұл баламды сізге сынатқалы келіп едім, — дейді Омар.

— Менің көріпкелім жоқ, бақсы емес екенімді өзің білесің, Омар. Көргенімді айтсам, көңілің қалса, қайтемін. Балаң үшін менен жақсы сөз естігелі келгеніңді жасыра аласың ба?

— Жасыра алмаймын, Дүйсеке. Бірақ көргеніңізді айтпасаңыз, мен де сізді қайтып көрмеймін, — деп жаратылысынан жалған намысты білмейтін Омар морт кетеді.

— Айтайын, батыр, айтайын, — деп Дүйсембі кеңк-кеңк күліп алады да, балаға сұстана қарап көп отырады.

— Тұмсығы шақпақтай, құлағы жарғақтай, ерні қаймақтай екен өзінің. Бұл сылдыр көмей, жез таңдай, сиыр жорға, қу таяқ деген жігіт. Лақты, ешкілік дауды атқа сатып алып, өмірі өзіне де, өзгеге де тыныштық бермей өтетін, елді ұйытушы емес, ірітуші адам болады, — деп баға береді.

Омар ренжімейді. Рахмет айтады. Аттанып кетеді. Сағындықты кейін көзбен көріп, үзеңгілес болған адамдар оның тап осындай жан болып өткенін айтады.

Міне, бұл — Дүйсекеңнің адам жайлы айтқан бір ғана сыны. Бірақ біздің айтқалы отырғанымыз Дүйсекеңнің ғаламат қалжыңдары жайлы.

...Дүйсекең сексен жасқа келіп, жайлау үстінде көкірек аурумен қайтыс болар шағына жетеді. Ел-жұрт аса сыйлап, қасиеттеп, қадірлейтін қартқа ақылды, атқа мінер азамат деген адамдардың бәрі жиналып келіп, көңілін сұрайды. Төсекте жатқан Дүйсекең мырс етіп күліп жіберіп:

— Білем ғой, туыстарым, білем ғой. Егер, Керей, қолдарыңнан келсе, мені алатын Құдаймен соғысуға қорықпайтын халықсыңдар ғой. Бірақ мен ел-жұртым сендермен қош айтысар шаққа жеттім, білем. Бар тілегім — қателігім болса кешіріңдер, қарақтарым! — деп қарт көзіне жас алады.

— Қасиетіңізді білмеген, қадіріңізге жетпеген ағаттығымыз бен ақымақтығымыз болса, өзіңіз кешіріңіз, ағаеке! — деп жиналған жұрт ағыл-тегіл жылайды. Ақыры сол кеште үйлеріне тарар болып:

— Құдайға тапсырдық, Дүйсеке, — деседі. Сонда Дүйсекең:

— Жұртым-ай, қызық екенсіңдер. Түбіме тап сол тапсырып отырғандарыңның өзі жеткелі тұр емес пе? — депті.

Жиылған жұрт күлісіп алады да, бірақ қайтып қайран Дүйсекеңді естеріне алып, егіліп аттанады.

Қарттың халі нашарлай бастайды.

— Ажал айлакер палуандай адамды аяқтан алады ғой, бәйбіше, аяғымнан өрлеп келеді, — дейді басында отырған бәйбішесіне:

— Өмірі не қолың, не тілегің тиіп көрмеп еді. Мені ала кет, Дүйсекем, асылым! Сенен айрылып, артыңда қалып қайтемін, — деп Қамқа шешей қатты егіліп, жылап кетеді. Сонда Дүйсекең:

— Бәйбіше-ай, құдекең қонаққа сені емес, мені шақырып отыр ғой. Екі ат жіберсе, бірге кетпегенде, қайтеміз. Ал жалғыз

атқа мінгесіп, бұ дүниеден о дүниеге жеткенше қанша заман десеңші, — деп сау кезінде қарқ-қарқ күле алмай, езу тартып қана бәйбішесінің арқасынан қағыпты. Дүйсекеңнің қайсарлығы мен қайраттылығы сондай — осындай ажал аранына жеткенге дейін «қыңқ» еткен дыбыс шығармайды. Бірақ салқын тартып бара жатқан қол-аяғын қайта-қайта ұстап отырған ауыл-аймағы уақыттың таянғанын біліп жылай бастайды. Жалғыз баласы Ділдебай еңкілдеп жылап:

— Қайран әке, қасиетіңізді елің білсе де, менің білмей қателескен жерім болса кешіріңіз. Сіз болсаңыз ол дүниеге кетіп барасыз, біз болсақ бұл дүниеде қалып барамыз. Ақылсыз ұлыңызға ақылыңызды, өнеге-өсиетіңізді айтып кетіңіз, — дейді. Сонда:

— Балам-ай, сені бар-жоғын, аш-тоғын ескермейтін батыр да батыл ғой деп ойлаушы едім. Саған не өсиет, не ақыл айтайын. Сен өзің айтқандай, өз елің, өз жұртың, ағайын-туғаныңның арасында қалып барасың. Мен болсам, көрмеген жерге, көрмеген көр дүниеге кетіп барамын. Не істеп, не қоюым керек. Қайта ақылдарың болса, бәрің маған айтуларың керек емес пе? — деген екен.

105. ҚАПАҢ КЕДЕЙДІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Құсайын деген болыс ел аралап жүріп Қапан кедейдің үйіне келеді. Қапан алдынан шығып, болысқа сәлем беріп, атынан түсіріп алады. Сонда болыс:

— Қуым, бүгін арам ет жегізер ме екенсің? — дейді.

Қапан:

— Мырза, арам демей-ақ, бұйырған адал асты алдыңа тартамыз.

Қонақ жайғасқан соң Қапан соятын малдың ретін таба алмай, қатты қиналады. Өзіндегі жалғыз аты мен сиыры ұрлықпен келген мал. «Қой, нағыз адал мал осы болар» деп, болыстың құла жорғасын жайратып тастайды. Оны сезген болысекең жоқ.

Қапан:

— Қолдан өсірген адал мал. Бата қылып, тамақ алыңыз, — дейді өтініп.

Ертеңінде Болысқа өзінің қарақұла атын ерттеп қояды. Құсайын аттанбақшы болып сыртқа шықса, бөтен ат ерттеулі тұр. Қапанның тақырға отырғызғанын сонда барып білді. «Қап, сені ме?» деп болыс тістеніп аттанады.

106. ХАЛЫҚ АУЗЫНАН

Ақтөбе облысының Шалқар ауданында, қазіргі Шалқар совхозының жерін мекендеген Тілеу руында Мұса деген адам болған. Бұл жерде Мұса ХІХ ғасырдың аяқ шенінде өмір сүрген. Қазір Шалқар қаласында Мұсаның өз баласы Мәжит бар. Сыдық — пенсионер. Мәжит — аудандық қамсыздандыру бөлімінің бастығы.

Мұса өте қуақы адам болған. Халықтың айтуына қарағанда, Мұса осы қылығын дін иелерін әшкерелеуге арнаған сияқты. Мысалы, сол Шалқар ауданында осы кезге дейін «әрине, Бәтуалы болып келеді ғой» деген мақал көп айтылады. Бұл мақалдың шығуына мынандай себеп болған.

Тілеу руында Қарамерген ауылы деген ауыл болған. Бұл ауыл кісіге тойдырып тамақ бермейтін, қонақты сыйламайтын сараң ауыл болса керек. Халықта осы мінезге байланысты мынадай мақал тараған «қарның ашса, Қарамерген ауылына бар». Мұса олардың осы сараңдығын, дінге сенгіш ұғымын халыққа күлкі етеді.

Бірде Мұса ауыл иесінің жоқтығын пайдаланып, қасына Оспан деген ноғайды алып, сол ауылдың үлкен үйі Бекмағанбеттің үйіне барады. Өзі сол елдің белгілі ишаны Бәтуалы болып киінеді. Үйге келгеннен кейін қасындағы кісіні былай таныстырады:

— Мына кісі — Шапата деген қаладан келген үлкен молда. Намаз сабағын білмейтін жас әйелдерді жинап жүр. Тездетіп

тамағыңды ас, жақсылап сыйла. Әйтпесе, алып кетеді, мен тамақ піскенше бірсыпырасын үйретейін. Тамақтан кейін соны жатқа айтып берсең, тастап кетеді, — дейді.

Сөйтіп, барлық ата, қайны-қайнағаларының атын жаттататын сол үйдің әйеліне. Әйел ата, қайнағаларының атын атағысы келмесе, алып кететінін айтып қорқытады.

Сөйтіп, сараң үйдің бар тамағын ішіп, әйеліне аталарының аттарын ататтырып Мұса жөніне кетеді. Үй иесі келгесін әйелі көрген-білгенін айтады. Бұны тек Мұса істейтінін білген үй иесі:

— Әй, бұл Мұса залым болмаса игі еді, — дейді.

Әйелі:

— Жоқ, ойбай, Бөтекең ишан ғой, — дейді.

Сонда үй иесі:

— Әрине, ол залым Бәтуалы болып келеді ғой, — деген екен. «Әрине, Бәтуалы болып келеді ғой» деген мақал осылай шығыпты.

Бірде сол жердегі атақты мешіт иесі Бахраддинді масқара етеді. Бахраддиннің ұзатқан қызы болса керек. Сол қызы төркіндеп келеді деген хабарды есітіп, қызы болып киініп, түйеге екі қап кигізіп, зат етіп артып, бір тай өгізді айдап, намаздыгер оқып жатқан кезде Бахраддиннің ауылына келеді. Алдынан шығып көріскен жеңгелерінің «қызы» көрісіп жүріп етектерін түріп масқара етеді. Оны әйелдер «сағынып қалғансың-ау» деп әуелі елемейді. Үйге кіріп жайласқан кезде, мал сойылып жатқан бір бала Мұса екенін танып қалады. Сөйтіп, Мұса молданың малын сойдырып, келіндерінің етегін түріп, абыройларын төгіп, қашып кетеді.

Бірде Төртқара руының бір батырының атын айтып мақтанған жігітін де қорқытыпты деген әңгіме бар.

Бірде үйдің қасына қонған байғызды атып тастайды, бұны көргендер:

— Байғыз қарғайды ғой, неге аттың? — десе,

— Мен қарғауға үлгермейтін етіп аттым, тез жаны шығып кетті, — депті.

Бұған қарағанда, сөз тапқыш та адам болыпты. Мұсаның атына байланысты осындай ұсақ әңгімелер көп, оны Шалқар ауданының көп жері әңгіме, мысал, мақал ретінде пайдаланады.

107. АХМЕТХАННЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Ахметханға бірде жылтыр жүзді жылмақай жігіт кездесе кетеді.

— Оу, сізді мен баяғыдан білемін ғой. Сіздің сөз саптасыңыз басқалардан бөлек қой. Сіз, иә, «Есім серіні» жаздыңыз ғой. Ой, сондағы тіл-ай! Иә, сіз сосын «Сұлушашты» бір көсілттіңіз-ау, ай, сондағы уақиға-ай! Басқаларды қойшы, сіздің жөніңіз басқа ғой. Келешек ұрпақ сізге талай оралады әлі.

Ахметхан үндемеді. Өлгі әумесер жігіт арағын ішіп, тамағын жеп, қарқылдай күліп жөніне кетті.

— Баяғыдан бері нағыз өтірікшіні таба алмай жүр едім. Құдай қайдан айдап осы үйде кездесе кеткенін көрмейсің бе? Өлгінің қылтиып тұрған мұрты да жалған, бұлтиып тұрған ұрты да жалған. Қау шөптей қаба сақалы да жалған. Алабажақ киімі де жалған. Жүргені де жалған, күлгені де жалған. Сөзі қырық құрақ бояма. Нұрханның, Сәбиттің жазғандарын маған жапсырып жатыр. Жаратылыс жалған адам осындай болады, — дейді Ахметхан.

— Ондайды шіңгірлеген шипақ құйрық ешкі деп те, тұрағы жоқ әсіреқызыл қызтеке деп те атайды, — дейді тағы да.

Ахметхан бір топта отырып, қасындағы құрдасының дауысын салып, соның сөздерін айтып, жүріс-тұрысын, қолымен ойнатып, тыңдаушылардың көз алдына келтіреді. Сонда құрдасы күлкісін тия алмай, езуін жия алмай:

— Япыр-ай, бұл дүниеде мұндай мылжың, мұндай ұшқалақ адам да болады екен-ау, — депті.

Сексеннен асқан Ахметханға кейінгі кезде ұмытшақтық пайда болыпты. Бір күні ол чемоданның кілтін таба алмай, ескі әбдірені азаннан кешке дейін айналдырса, кілті төс қалтасынан шығыпты.

Бірде Ахметхан оңтүстік жаққа курортқа барса, күн тым жылы екен. «Ауыр болды» деп жылы киімдерін қайтадан үйіне салып жібереді. Енді қайтатын болып, поезға мінейін десе билеті жоқ болып шығады, қайтадан сатып алуға мәжбүр болады. Аулына келіп костюмінің қалтасын қараса, қайтатын билеті соның ішінен шығыпты. Мұны естігендер:

— Бұл тек Ахметқанның қолынан келетін шаруа ғой, — деп күлісіпті.

Бір дүкеншіге Ахметхан бір зат сұрап барса, «жоқ» деп жауап береді. Ахметхан кеше ғана ол заттың түсіріліп жатқанын өз көзімен көрген екен.

— Қоймаңның түкпірін тінттірмейін десең, өзіңнің абыройыңды аштырмайын десең, қатын-баланды аш қылмайын десең, есеп кітабыңнан шығып, бір тәулікке бұл арадан табан жалтыратпайын десең, сол затты бересің, — депті.

Сонда сатушы:

— Айналайын, Аха, айтқаныңа көнейін, айдауыңа жүрейін, сұрағаныңды берейін, өзі жалғыз зат еді, Ахаң алды демейін, — депті.

Ахаң:

— Жоқ, ол зат маған керек емес, әншейін сені сынайын деп едім, — депті.

Аңшылар әңгімесі

1. АҢЛАМАС ҚҰСБЕГІ

Аңламас құсбегі, аңшылық, балықшылығымен атағы Сыр бойы мен Қыр өңіріне кеңінен тараған. Бірде Қыр елінің бір атақты байы Аңламастың атағын есітіп, оны сынамаққа қасына бірнеше қосшылары мен шешен-билерін ертіп Сыр бойына келіпті дейді. Ол кезде Сырдария өзенінің екі беті жайылған су, қалың ну қамыс, тоғайы толған аң болған көрінеді. Қазіргі Тереңөзек ауданының «Тереңөзек», «Шіркейлі» және «Ильич» атындағы совхоздарына арналған өңір тұтасқан көл — «Далакөл», «Күміскөл» т.с.с. болыпты.

Бай келгенде Аңламас бір топ туыстарымен сол көлдер жағасын жайлап отырған екен. Бай:

— Аңламас, сенің балықшылық атағың Сырдан асып Қырға жетті. Қай балық қай жерде жайылатынын дәл біледі дейді. Сенің осы ісіңнің растығына көз жеткізе келдік. Бізге бір шабақ ұстап бер, — депті.

Бай Аңламас ұстап берген шабаққа қолындағы алтын жүзігін кигізіп, қолынан көлге жіберіп:

— Аңламас, келер жылы осы уақытта келеміз, сонда осы балықты ұстап бересің, — деп жүріп кетеді.

Айтқанындай, бай келесі жылы осындай уақытта келіп:

— Уәделі уақытта келіп тұрмыз, біздің былтырғы балығымызды тауып бер, — депті.

Аңламас салға мініп, қолына балық ұстайтын құралдарын алып көлге түсіп, біраз уақыттан кейін ұзындығы метрге жуық бір балықты ұстап әкеліп:

— Байеке, мынау сіздің былтырғы шабағыңыз, — деп алдына тастапты.

Бай өткен жылғы қарысқа толар-толмас шабақтың осыншалықты өскеніне және сол шабақтың өзі екеніне сенімсіздік жасап, қалтасынан пышағын алып балықты сойып көрсе, баяғы алтын жүзік ішінен шығыпты. Бай Аңламастың ісіне риза болып, көп сый-сияпат беріп, қонақ болып еліне қайтыпты.

2. АҢШЫ ШАЛ

Бір аңшы арыз айтып болысқа келсе, ол:

— Қолым тимейді, кейін бір келерсің, — деп есігінен де қаратпапты.

Арада бірнеше күн өтеді. Бір күні болыс ауылының жылқысына қасқыр шауып, қан-жоса қып кетіпті. Ауыл адамдары көп ит ертіп қасқырлардың ізіне түскенмен, қасқырлар маңайлатпай сытыла беріпті. Сол кезде қуғыншыларға әлгі аңшы шал келіп килігеді. Оның көкқасқа жүйрік тазысы бар екен. Көкқасқа жылқыға шапқан үш бөрінің үшеуін де бірдей жайратып тастайды.

Болыс үш қасқырды бірден алып, аты шыққан итті өз қолына түсірмекке аңшы шалдың үйіне келеді.

— Ассалаумағалейкүм!

Шал болысты көре тұрып, басын да көтермейді. Тек босағада жатқан итіне:

— Әй, көкқасқа, түрегел, болысекеңнің сәлемін ал. Бұл маған емес, саған берілген сәлем, — депті.

3. ТІНЕЙДІҢ САРЫ ҚҰСЫ

Тіней деген кісінің асқан қыран сары бүркіті болған екен. Көрінгенді құтқармайтын болса керек. Тіней момын, орта ша-

руа, аңшы, құсбегі болған адам. Егер қағушы көп болып, түлкілі жер болса күніне 40-50 түлкі алады деп, елге даңқы жайылған. Тіней Сарықұсын сұраған, құда-жегжат, би-болыстарға да бермеген.

Бір күні сол елдің аға сұлтаны үш кісі жібереді сұратып: «берсе қолынан, бермесе жолынан, тартып алып келіңдер» деп. Ханның адамдары келіп сұрайды. Бермейді. Тінейдің құсын зорлықпен алмақ болғанда, «бермеймін» деп бүркітке жармасады. Тінейді сабап-сабап, бүркітін алып кетеді. Тіней неше күндей жылап, жатып алса керек.

Бірнеше күн өткен соң хан кісі жіберіп, Тінейді шақыртыпты. Тіней барып, аттан түсіп, ат байлауышқа атын байлап жатып қақырынып дыбыс шығарады. Сегіз қанат ақбоз үйдің босағасында көзінде томаға, аяқ бауы кереге сағанағына байлаулы, тұғырда сүмірейіп, мұңайып Сарықұс отыр. Сырттан Тінейдің даусын естіп, басын көтеріп елеңдеп, қанатын қағып, сілкініп, ерекше дайындық, қуанышты жағдай білдіреді. Тіней үйге кіріп, есіктен сәлем беріп, кебісін шешіп, төрге барып отырды. Аман сәлемнен кейін Сарықұс Тінейге қарай қанатын қағып ұмтылады. Тіней:

— Жігіттер, ана құсты бірің босатыңдаршы, — дегенше болмай керегенің бір сағанағын сындырып, Тінейге ұшып келді. Тіней жеңін түріп, оң қолының жалаңаш білегін көлденең тасты. Бүркіт қапсыра шеңгелдеп ұстап отырды.

Аға сұлтан:

— Әр нәрсе иесімен екен-ау, — деп көзіне жас алды.

Тіней бүркіттің томағасын алып, сылап-сипап, еркелеткендей көңіл білдірді. Бүркіт те сағындым дегендей алдына отырып, басын Тінейдің қойнына тығып, еркелегендей болды. Бұл Сарықұсты әкелген соң аға сұлтан жақсы құсбегі кісіні алдырып, баптап, қайыртып, аңға алып шығады екен. Тау басынан томағасын тартқанда түлкіні көріп тіленеді. Қоя бергенде сарықұс аңға түспей, бір төбенің басына қонып отырады екен.

Бірнеше күндей аңға салып, түк алмаған соң иесін шақыртқан екен. Аға сұлтан:

— Сенің мына құсың өзіңнен басқаға бағынбайтын асыл екен. Маған отыз түлкі алдырып бер де, бүркітіңді өзің алып, жүре бер, — депті.

— Құп, тақсыр, азанда қағушыға жиырма адам беріңіз, — деді.

— Мақұл, — деп, азанда жиырма қағушы алып, түске дейін отыз түлкі алыпты.

— Ал, жігіттер, аттарың тың болса, тағы қағындар, сай-сала, бүрген, бұта қалмасын. Мұқият қағындар! Бастарыңа бір-бір тымақ кигізіп кетейін, — депті. Жігіттер көңілдене қағып, күн еңкейгенше сексен түлкі алып, жиырмасына байлап, отыз түлкіні аға сұлтанға беріп Тіней бүркітін алып, ауылға бармай, даладан үйіне кетіпті. Құсын үйіне әкеп, мәре-сәре болып тұра берсін. Аңға шығады, қоян, түлкі, қасқырды да алады. Күндердің күнінде бір күні үйде отырғанда құс босат деп тіленіпті. Босатады. Шаңырақтан ұшып кетеді. Атына мініп таудың бастарына шығып іздейді. Екі кезең астында бір сайда айдаһар тулап жатыр. Басына бүркіт бүріп отыр. Екі көзін ағызып, басының мылжасын шығарып өлтіріпті. Ел-елге тағы да «Тінейдің Сарықұсы айдаһар алыпты» деген дақпырт жайылыпты. Бұл даңқты қалмақ ханы естіп, шағын қолмен келіп, Тінейдің құсын тартып алмақ болып, қоршап алады. Тіней құсты босатып, шаңырақтан ұшырып жібереді. Қалмақ ханы ашуланып:

— Сен әдейі ұшырдың, — деп жендеттеріне өлтіртеді де, кетіп қалады. Бұлар кеткен соң сары бүркіт келеді. Иесінің өлгенін көріп, Тінейдің ішін жарып, жүрегін алып жеп кетеді. Бұл елге «Тінейдің сарықұсы өзін алыпты» деген дақпырт болып жайылған. Ол бекер, анығы қалмақ ханы өлтірген.

4. АҚБӨКЕННІҢ ҚАШУЫ

Қаратауда бір жігіт аң аулап, киік атып жүріп, тауды аралап келе жатса, бір алқапта қойдай бастарын айқастырып ақбөкеннің ұрғашылары қосақталып тізіліп тұр. Екі қошқары сүзісіп мүйіздері айқасып қалып, айрылыса алмай олар тұр. Ендігі екі қошқар олар да сүзісіп жүр.

Аңшы жігіт бұлардың қызығын көрейін деп, ешқайсысын атпай, кешке дейін жата берді. Күн батыр, ымырт болған соң үйіне қайтып, азанда ертерек келсе, қосақ тарамаған. Екі қошқар әлі сүзісіп жүр. Мүйіздері айқасқан екеуі әлі тұр. Аңшы жігіт «мұның қызығын аяғына дейін көрейін, не істер екен» деп жата береді.

Сәске кезінде сүзіскен екі құлжаның бірі жеңіліп, өз бетімен лағып, қашып кетіп қалады. Ана жеңген қошқар ұзын бір қосақ болып тұрған бөкендерді шетінен бастап, жағалата барлығын бір-бір қашырып шығады. Сонан соң аздап киікоты шөптен жеп, бір жерге жатып демалады. Сонан соң тұрып бөкендерді тағы бір-бір рет қашырып шығады.

Күн кешкірді. Қосақ әлі тарамады. Жігіт тағы үйіне қайтып, азанда таңертең келеді. Қосақ әлі қалпында, тарамаған. Өлі құлжа киікотынан тамақтанады, аздап демалып, қашыра береді. Енді түс ауа қосақ тарай бастады. Жігіт анау мүйіздері айқасқан екеуін алып, үйіне қайтты.

Мұндағы әңгіме: киік отының беретін күшін, ақбөкеннің күшін білді. Сол бөкендер иенге барып, бәрі бір күнде туады екен.

Бұл әңгімені Қаратау аңшыларынан естідім.

5. ҚАЙСИМЫЗ ЖАҚСЫ ТҮС КӨРСЕК, СОНЫМЫЗ ЖЕЙІК

Үш аңшы көл жағасынан құс атуға шығады. Оларға еш нәрсе кездесе қоймайды. Әбден шаршап, кешке таман ауылдарына қайтып бара жатқанда, алдарынан бір шүрегей үйрек «пыр-р-р» етіп ұша жөнеледі. Үш аңшы атып-атып жібергенде, үйрек көл жағалауындағы шалшыққа құлап түседі. Үйректі шалшықтан алып шығып, үшеуі кеңес құрады.

— Үшеуіміздің атқанымыз бір шүрегей, бұл қайсымызға жетеді?

— Жасы үлкен десеңдер, маған беріңдер.

— Жоқ, мен аламын, — дейді ортаншысы.

— Біреуіміз алып, қалған екеуіміздің құр алақан қалғанымыз болмас, — дейді ең кішісі, — біз бүгін осы көл жағасына қонайық. Қайсысымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік, — дейді. Бұған қалған екеуі «мақұл» деседі.

Сонымен аңшылар ұйықтап, дем алады. Таңертең орындарынан тұрып, кімнің қандай түс көргенін бір-бірінен сұрай бастайды.

Үш аңшының ең үлкені:

— Мен түсімде хан болып ел билеппін. Жұрттың бәрін бір шыбықпен айдап, әмір жүргізіппін. Сан мың әскерім болыпты. Талай жаумен айқасыппын. Жеңіске жетіп, бір зәулім сарайда той жасап, бір керемет сұлулармен сауық-сайран салып жүрмін, — дей бергенде, ортаншысы:

— О, ғажап дүние-ай, түсімде маған қанат бітіп, көкке ұшыппын. Пейіштің дәл ортасында хор қызына үйленіп, періштелермен мидай араласып жүр екенмін-ау деймін.

Сонда кішісі былай депті:

— Мен түсімде біреуіңнің хан болғаныңды, екіншіңнің қанат бітіп, аспанға ұшып, періштелермен араласып жүргеніңді көрдім де, сол рахат дүниені тастап, мына кішкентай шүрегей үйректің етіне бола қайтып келмес дедім де, піскен үйректі өзім

жеп қойдым, — депті. Сонда қалған екеуі кішісінің бетіне қарап, құр тамсаныпты да қалыпты.

6. АҢШЫ ЖАҚСЫБАЕВ БӨСТЕКБАЙ ТУРАЛЫ

Бұл жақта жолбарыс, арыстан, аю болмаған. Бірақ басқа аңдар болған. Бөстекең осы өңірге қақпан құрып, аң аулаған. Оның құрған қақпанын аң түгілі, адам да білмейді. Ол қасқыр аулаудың алдында қақпанды отқа жағып, қызартып қайта суытады. Ондағы себебі темірдің иісі шықпауы. Оны жерге көміп, бетін неше түрлі топырақпен жауып, із салып қояды.

Екінші айла. Соның жанынан ши бұта болады. Соған да қақпан салады. Оған арлан қасқыр түседі. Қақпан жатқан жердің айналасын бақылап, алғашқы қақпан жатқан жерге жоламай әлгі ши бұтаға барып сариды, сол кезде артқы аяғы қақпанға түседі.

Бөкең етке қармақ салып, жоғары тал басына байлап аулайды. Ондағы құралы қармаққа ет түйреп, үнемі қоңырсып тұратын етіп еттің үстіңгі жағына сасық ет қояды.

Бір күнде 9-10 түлкі, қарсақ аулаған. Түлкінің, қарсақтың індеріне түтін салып, қарсақ даусын салып аулаған. Сонымен бір қысқа 70-90 аң алады екен.

Ерте кезде сол ауылда қақпан болмаған жылдары Бөкең мынадай әдіспенен киік, қарақұйрық сияқты адал аңдарды алған. Жүні алынған қақ тулақ осы күнгі межемен айтқанда ұзындығы 60 см, көлденеңі — 40 см. Тулаққа пышақпен ойып, оңқай және солақай ізін салады. Ол тулақты өзеннің жанына тастайды, киік су ішуге келген тулаққа аяғын түсіріп алып, одан шыға алмай қолға түседі екен. Сөйтіп, Бөкең адал аңдарды өстіп аулап, аулын қамтамасыз еткен екен.

7. ҚҰСБЕГІНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Бұрынғы өткенде Аманжол деген ағамыз болды. Құс басы, ат басы, тазы ұстайтын еді. Өзі кедей болды. Сол әңгімесін айтқанда ішек-сілесі қатып күліп отырады. Содан естігенімді айтайын.

Ол кісі үйінен шығады. Ителгіні алып, қаршыға алып аңға шығады. Ителгі қоян алады. Сол қоян алғанда, он адам болсын, жеті адам болсын бәріне бір-бір қоян беріп, жетсе алады, жетпесе қайтып келеді. Жүкең солай болып жүрді.

Бір күні бір бүркіт ұстады. Сол бүркітті: «апырмай, талай бүркітті ұстап ем, мынадай бүркіт көрген жоқпын. 8-9 күнде зорға алдым, иліктірдім». Ол бүркітті ұйықтатпайды екен түртіп, семьясы кезекпен сол 9 күнде иліктірді. Содан құсқа салып жүрді, қоянға салып, қасқыр соғуға бір ортаңғы тырнағы жоқ, шолақ екен. Болмаса қасқыр алады деп мақтап отырушы еді.

Сол бір күні бір уәкіл қызды алып келе жатқанымда құс бүркіт зулап келіп, менің алдыма жерге қонды. Қонып, бірден алды ғой деп мен де ұмтылдым. Ар жағынан Жүкең де шауып келді. Мен бүркітке қорқып бармадым. Жүкең келіп, аттан түсіп барып, бүркіт екі аяғымен басып бір ақ тиінді алған екен. Сонда Жүкең жылап жібере жаздады:

— Бұл ақ тиінге түскен мен құс көрген жоқ ем, бұл жарықтық ақ тиіннен алды-ау, — деп сөйледі.

Соның алдында құс салып жүргенде бүркітінен айрылып қалыпты. Манағы шырылдап, ештеңе көрмеген бе, бұл кісі көрген бе шырқырап қанатымен шапалақтаған кезде шідеріні қоя беріпті. Айдап ұшып кетіп отырыпты. Оның не қуып кеткенін білмейді бұл кісі. «Артынан шапқылай бердім, шақырдым, бұрылмады. Сонан айрылып, үйге келдім». Сонан үйге келіп, әйеліне айтыпты: «Ойбай, қатын, айрылдым». Содан манағы кейіп жатады, жатса түс көреді.

— Құсым қайтып келді, — деп таңертең, — Құдайы бер, — деп әйеліне құдайы бергізіп, содан далаға шығып, құсты қамайды. Содан туысы Ыбырай келеді.

— Ау, Аманжол, неғып тұрсың?

— Ойбай, кеше құсымнан айрылып қалдым, соны келе ме деп қарап тұрмын.

— Ойбай, Жүке, ақыл жоқ екен сенде. Кеткен құс келе ме екен? Мал емес, адам емес, — дегесін, соған тағы уайымдап тұра берді.

— Түс кезінде құсым келе жатыр екен. Көрдім де, «менің құсым ғой» деп, шақырып, баяғы айқайлап ем, жоқ, маған бұрылмады. Ауылды айналып жүріп кетті. «Апырмай, келмей кете ме» деп ем, жоқ сөйте-сөйте оралып, иығыма келіп қонды. Сонда «бұл осы адамға шабады-ау» деп ойладым да, сипап, бүркітті жерге түсіріп, сол бүркітім солай болды, — деп Аманжол ағамыз біздің бала кезімізде осы әңгімесін жиі айтып отырушы еді. Бұл — қазіргі 88 жастағы қарт Файзолла Оспановтың өзінің көзі көргені. Көнекөз Файзолла қария бізге бұдан басқа атасы Тілеулі батыр ерлігі туралы, өзінің жас кезінен білетін ертегісін қызықтыра әңгімелеп берді.

8. КӨМУЛІ ҚАСҚЫР

Біздің ауылдың адамдары қыс айларында кешке қарай малдарын қоралап, жайлап болғасын бір үйге жиналып, соғымның етін астырып, шай үстінде қызу әңгімеге кірісетін. Көбіне сөйлейтін жасы үлкен аңшы, қақпаншы ағамыз Мәкең — Мамытбай.

Мәкең кәнігі аңшы. Қыс айларында ел маңайындағы қасқырларды сонарлатып қуып, астындағы мейіздей жаратып қатырған торы төбел атымен қуып жетіп, соғып ала беретін.

— Осы, Мәке, қасқыр дегенің түсі суық, қауіпті аң ғой, қарама-қарсы, бірме-бір кездескенде сескенбейсіз бе? — деген біздің сұрағымызға:

— Әй, балалар-ай, қанша түсі суық дегенмен, тайсалмай, қарсы барасың ғой. Тек жүрек мықты болсын де. Тәңірім оларға жүз кісінің жүрегін берген шығар дейсің. Саған қарсы қарап, азу тістерін ақсита, аузын арандай ашып, от болып жанған қып-қызыл жанары шатынай қарап ұмтылғанда, қандай жүректі деген пендеңнің өзі де бір селк етері сөзсіз ғой. Ол арада сезімге берілетін уақыт қайда? Қолыңдағы қаруың — сойылмен қара тұмсықтан дәлдеп ұрып, шаруасын бітіресің. Бұл — қақпанға түскен қасқырға істер амалың. Ал қансонарда қуып жеткен қасқырың арлан болса, соңғы минуттарда шорт бұрылып, саған атылары анық.

Аңшының өзіне сай, аты да мықты болуы керек. Бөріні көп қуған ат та сенің әр қимылыңды аңғарып келе жатады. Мысалы, бөріге жетіп, сойыл сілтер жерге келгенде сенің тізгін қағуыңды қапысыз сезіп, бөріні оң қапталыңа оңтайлайды. Бөрі саған қарай атылғанда ол жалтармай, бағытымен көсіле береді. Себебі ол жануар да болса, үстіндегі саған — иесіне сеніп келеді, — деп, Мәкең сүлгімен маңдай терін бір сүртіп алып:

— Хо-ош, бұл қыстағы аңшылық ғой. Ал енді өткен жаздағы мына бір оқиғаны тыңдаңдар. Қалың құмды кесіп өтіп, «Бес-төбедегі» Қоныс ақсақалға сәлем бергелі ауылдан шықтым. Төтелеп тартып келемін. Қалың құмнан шыға бере, алдымдағы кең жазыққа көзім түсті де, тізгінді тартып, ер үстінде еңкейіп, аттың басын бұра бердім. Құмның ылдиына түсіп, атымды байлай салып, жаңағы жазыққа шоқат тасасынан баспалап алдымдағы көрініске қарай қалдым. Жазық жерде екі қасқыр бір-біріне қарсы тұрып алып, жерді бұрқыратып қазып жатыр. Иығымдағы мылтықты алып, жалғыз оқ салдым. Аtpақшы болып оқталдым да, ойланып қалдым. Жоқ, мұның ақырын күтейін дедім. Жатқан жерім үлкен дүзгеннің тасасы, жел алдымнан, бөрілердің ық жағындамын. Сәлден соң әлгі қазылған

шұқырға біреуі мойынын созып жатты да, екіншісі оны көме бастады. Міне, қызық! Бұл сонда не болғаны? деп аң-таңмын. Көмілген қасқырдың жер бетінде басы мен шошиған екі құлағы ғана қалды. Оны да қалың жусанның арасынан анықтап қараған адамға ғана көрінеді. Ал анау екіншісі «шаруасын» бітіргесін жазық даламен жорта жөнелді. Бөрілердің мына құпиясы санама енді ғана жеткендей болды да, арада бірсыпыра уақыт өткесін әлгі құлағы қылтиған қасқырды басын көздеп отырып, жалғыз оққа тапсырдым.

Енді әлгі жортып кеткен қасқырдан бір «хабар» күтіп отырмын. Біраз уақыт өткеннен кейін ол кеткен жақтан қалың шаң көрінді. Бұны көрген мен «Е, бәсе, солай болуы керек еді ғой» деп ішімнен қасқырлардың қулығына мырс етіп күліп алдым. Сөйткенше, қалың киік әлгі көмулі қасқыр жатқан жердің үстімен дүркіреп өтіп жатыр, өтіп жатыр. Бар киік өтіп, алқынып, тілі салақтаған манағы қасқыр келе мына көмулісін талай бастады. Сол кезде мен екінші оқпен мұны да сұлаттым. Өне, бұл қасқыр дегенің анау-мынау адамнан, менің мына Қуандық құрдасымнан ақылды ма деп қалдым. Күн кешкіргесін «Бестөбеге» баруымды ертеңге қалдырып, екі қасқырды екі қанжығама бөктеріп, ауылға қайттым, — деп Мәкең сөзін аяқтады.

9. ҚҰДЫҚҚА ҚАМАЛҒАН ҚАСҚЫРЛАР

Тағы бір отырыспада Мәкең екінші әңгімесін бастады.

— Маужыраған мамыр айының жайма-шуақ күндерінің бірі. Астымда осы торы төбел атым. Болса да иығымда қос ауыз. Тақымымда қыстырған күрегім бар. Ойым — Нұрлыбай төбесінің батыс бетіндегі қалың жыңғыл-шоқатты алапты бір шолу. Себебі, менің аңшылық түсінігімше, осы шоқаттар арасында қасқырдың апаны болуға тиіс. Қазір қасқырлардың күшіктеп, бөлтіріктері енді-енді бауырын көтерген шағы.

Әр жерден бөрі іздері кездесіп қалады. Алайда олардың ізімен апанын табу оңай емес. Өйткені бөрі бөлтіріктері жатқан ініне ешқашан тіке бармайды. Айналып, із тастап, шарлап барып соғады. Бір жайдақтау, бұталары да сиреген жыңғылды шоқатты алыстан-ақ көзім шалып, соған жақындай түстім. Айналаны мұқият зерттеп барып шоқатқа 15-20 метр қалғанда, мен іздеген апан осы маңда екенін сездім. Кенет жыңғылды шоқаттың селеу, еркек шөбі аралас өскен қалыңының арасынан қара құлақтары шошиған бір-екі бөлтірік күшіктерді көзім шалып қалды. Менің жақындағанымды сезген әлгі бөлтіріктер домалап алып, шоқаттың арғы күнге бетіне қарай қашып барады. Атымнан түсіп, асықпай шідер салып бекіттім де, күшіктер қашқан шоқатқа жақындадым. Бөлтірік іздері шоқаттың күншығыс бетіндегі сексеуіл мен жыңғыл өскен қалыңның арасына сіңіп кеткен. Жақындап үңіліп қарасам, апан осы жерде екен. Бөлтіріктер түгел ін ішінде. Қолымдағы тік күрегіммен інды қазуға кірістім. 6-7 метрдей көлденең қазғасын-ақ күшіктердің үні естіле бастады.

Не керек, әлгі іннен алты күшікті біртіндеп алып, қапқа салдым. Атыма мініп, қабымды алдыма өңгеріп келемін. Күшіктердің енесі — қаншық қасқыр мен арланы да осы маңда мені сыртымнан баспалап, аңдып жүргенін сеземін. «Түнімен жортып, аңшылықтан қайтып соғатын кезі болды» деймін өзімше топшылап. Бөлтіріктерді ауылға, елді мекенге апаруға болмайды. Апардың дегенше, ашынған бөрілер сол ауылдың малының сау-тамтығын қалдырмайтыны белгілі. Менің жоспарым — ауылдан, елді мекеннен аулақ «Жарқұдықтағы» ертеректе қазылған цемент-сақина құдық. Суы әлдеқашан тартылған, тереңдігі 3-4 метрден кем емес, айналасы елсіз. Бұл құдыққа түскен қандай мақұлық болса да, қайтып шығуы екіталай. Он-он бес шақырымдай жүріп, әлгі құдықтың басына келдім де, атымнан түсіп, ішіне үңілдім. Тас цемент құдықтың түбі ақтопырақтанып көзге шалынады. Қабымның аузын

шешіп, жіпті аузының бір бұрышынан, екінші ұшын түпкі бұрышынан байлап, құдыққа абайлап, саумалап түсірдім де, қап түбін байлаған жағын жоғары көтеріп, күшіктерді құдық түбіне төктім. Белтіріктер құдық түбінде қыңсылап қала берді. Атыма міндім де, өз шаруаммен жоқ түйелерімді қарап, өріске кете бердім.

Араға үш-төрт күн салып, ауылдан қасыма Қуандық құрдасымды алып, екі атты әлгі тас құдыққа келдік. Жақындағаннан оқырып-парылдап, құдық маңайына жақындатар емес. Көлігімізді алысыраққа бекітіп, басын байлап, құдыққа жақындап келдік. Қасымдағы Қуандыққа:

— А-ал, сенің жүрегің қалай еді қасқырларды көргенде? — деп әзілдеймін. Құдықтың тас сақинасы жер бетіне бір метрдей шығып тұрған. Қасқырлардың іздері құдықты айнала шарлап тастаған. Оны аңғаратын Қуекең жоқ, екі көзі тас құдықтың аузында. Мен ішімнен: «Е-е, бәрі де «жанұясымен» түгел құдық түбіне қонақтаған екен» деймін. Екеуіміз айбайлап, сақтана келіп құдық аузынан үңілсек, түбі толған қасқыр. Арланы мен қаншығы жоғарыдағы бізге қып-қызыл көздерінен от шаша жауыға қарайды.

— Ой-пыр-ай! Мыналарды осылай ұстау қалай ғана ойыңа келген?! — деп таңдайын қағып, таңырқайды құрдасым.

Мен оған:

— Жағдай былай болған сияқты, достым. Мен күшіктерді құдыққа салғасын ізімнен еріп отырған арланы мен қаншық қасқыр мен кеткесін құдықтағы күшіктерді құтқарудың бар амалын ойлай-ойлай, болмағасын қаншығы шыдамай, құдыққа қойып кеткен. Ол шықпағасын, күтіп-күтіп құтқармаққа арланы да секірген деп ойлаймын. Ал 3-4 күннен кейін асықпай келуімнің мәнісі: қасқырлар ашығып, шөлдеп, әлсіресін дегенім ғой, — деймін.

— Ал енді бұларды қалай аламыз? — дейді Қуекең.

— Түк қалайы жоқ. Әуелі арланын, содан соң қаншығын бір-бір оққа тапсырамыз. Қалғаны оңай емес пе?

Біз солай істедік те. Тек «салмағың жеңіл, құдыққа түс, мен тартып аламын» дегеніме Қуекең құрдасым біраз қиғылық салып, ақыры келісті. Сөйтіп, бөлтіріктерімен сегіз бөріні алып ауылға қайтқанымыз бар, — деп аңшы аға өңгімеге ұйып қалған бізге күлімсірей қарады.

Ұрылар туралы
әңгімелер

1. АЙДАШ ҰРЫНЫҢ БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ

Арқада атақты Айдаш деген ұры өмір сүріпті. Жұртты қан қақсатып, шулатып жүрген Айдашты бірде бір ауылға мал ұрлауға келгенде ұстап алады. Ол уақытта түрме жоқ. Ауыл ақсақалдары кеңесе отырып, сол адамның аулынан іздеп келгенше киіз үйге қамап қояды екен. Айдашты да байлап қояды. Байлап жатып ауыл ақсақалдары:

— Қай ауылдансың? Кім жіберген сені? Аты-жөнің кім? — деп сұрапты. Байлауда жатқан ұры сонда:

— Атым — Айдаш, байласаң байлашы, үйге де керегім шамалы, — депті қаперіне түк кірмей.

2. [«ӘРИНЕ, ӘРИНЕ»]

... Тағы бірде Айдаш көрші ауылға мал ұрлауға келеді. Елдің алды жатып, арты ояу екен. Бұл жолы да қапысын тауып, ұстап алады. Ұрып-соғып, байлайын деп жатып, тағы да:

— Кім жіберді? Қай ауыл? Аты-жөнің кім? — деп сұрайды.

Не сұраса да әлгі ұры «әрине, әрине» дей беріпті. «Кім жіберді» десе «әрине», «атың кім?» десе «әрине» дейтін көрінеді. Ауыл адамдары:

— Қой, құрысын, қараң өшкір. Әдейі ауылы «малды алса алар, алмаса ұсталар» деп тентегін жіберген ғой. Мұны

қайтеміз, — деп босатып жібереді. Босанып атына мініп, сәл ұзаған соң Айдаш:

— «Малға келген ұры едік, «әринемең» құтылдық», — депті. Ауыл адамдары санын бір-ақ соғышты.

3. [ҮШ ҰРЫ]

Жадыра, Жай, Бегімсал атты үш ұры болған. Үшеуі де қайратты, батыр адамдар екен. Ол үшеуі мал айдап кетті десе, артынан ешкім қуып бара алмапты. Сол үшеуі бір күні бас қосып, өздерінің батырлық істерін айтып, мақтанып отырыпты. Сонда Жай тұрып:

— Әй, осы біздің батыр екенімізді жұрттың бәрі біледі. Бәрі де бізді батыр дейді. Одан да қорыққанымызды айтсақ қайтеді, — депті.

Сонда Жадыра мына әңгімені айтыпты:

— Бір жолы бір жерден барымталап жылқы айдап келе жаттым. Артымнан қуғыншы шыға қоймас деп бейқам келе жатқанмын. Айдаған көп жылқының дүбірімен артымнан шыққан аттың дүбірін байқамай қалыппын. Артымнан біреу жетіп, қақ жаурынымның ортасынан найза шаншыды. Шошып кетіп, қорыққанымнан көтеріліп, аттың жалына барып қалыппын. Сонда барып жалма-жан есімді жиып, кілт бұрылып, найзасын қолынан жұлқып тартып қалдым. Қолы онша қайратты емес екен, найзасы қолынан шығып кетті. Өз найзасымен өзін шаншыдым да, әрі қарай жүре бердім, — деп Жадыра әңгімесін аяқтапты.

Сонда Бегімсал мынандай әңгіме айтыпты:

— Жиырмалар шамасындағы жас жігіт кезім. Астымда жақсы атым бар. Жолшыбай ештеңе кездеспей келе жатқан. Жолда бір көшкен жұрттың орнына кездестім. Бір ескі ошақтың қасында шоттың (кетпен) басы жатыр екен, соны ырым

болсын тақымыма қыстырып алдым. Енді былай шығып жүре беріп едім, алыстан бір салт атты көрінді. Аты тәуір сияқты. Осының атын олжалайын деп бұрыла жүріп едім. Ол маған қарсы жүрді. Жақындағанда байқадым, 15-16-лар шамасындағы жас бала екен. Астында күрең қасқа аты бар. Бала келіп амандасты. Одан жөн сұрадым. Бала тұрып:

— Анау жатқан біздің көшкен жұртымыз еді. Сонда бір ескі шоттың басы қалып қойыпты. Соған келе жатыр едім. Оны сіздің тақымыңыздан көріп тұрмын, шотты беріңіз» деді. Мен:

— Сен бала шотты қой, астындағы атыңды бер, — деп тізгініне жармастым. Бала да тайсалмады, ұстаса кетті. Оны аттан түсіре алмадым. Біраз алысқан соң, бала өзімді аттан түсіруге айналды. Әбден састым. Жас баладан жағамды ұстатып жығылуды ар көріп, өтірік қояншық болып, аузымды көпіртіп, аттан құлап түстім. Ол екі қолымды артыма байлап, «ағаны» қойып «жүр» деп бұйырды. Енді өз атыма зар болып, алға түсіп жүре бердім. Біраз жүрген соң, бір ауылға келдік. Ауыл шетіндегі көгалда киіз төсеп, бір топ қарт адам отыр екен. Мені соларға алып келді. Жас шамасы сексеннен асқан сақалды бір шал бар екен. Бала соған болған жайды айтты. Сонда қарт балаға ақырып:

— Өй, менен тумаған ит! Мен сендей күнімде он жеті адамды қол-аяғын байламай, бос алып келген едім. Сен бір адамды байлап-матап әрең әкеліп отырсың! Шеш қолын! — деді. Манағы, манағы ма, зәрем енді кетті. Қарт мені ақбоз үйге алып кірді. Төрге өз қасына отырғызды. Қой сойғызып, қонақ қылып, жақсылап сыйлады. Ертеңіне аттанарда қарт баланың ат-шапанын жапты. Қорыққаным ештеме емес екен, ұялғаннан бетімнен отым шықты. «Өлімнен ұят күшті» деген сол екен, — деп Бегімсал әңгімесін аяқтапты. Ал әңгімеге қозғау салған Жай әлденеге ойланып, үндемей қалды дейді.

[Әңгіме аяқталмаған].

4. ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ӨНГІМЕ

Бұрын бір атағы жер жарған аты шулы Айқозы деген ұры болса керек. Ол кезде көршілеріне де алыс-жақын деп қарамай тыным бермепті. Және жортуылдан қайтқанда жолы болмайтын күні жоқ екен. Бірақ «адам шайтан емес» демекші, Айқозы да қартаяды. Бұрынғы күн жоқ, жортуылға шығуды аңсайды да отырады екен. «Заман озды, мен тоздым» деп ішкені ас болмай бұрынғы күнін көксейді.

Ақыры бір күндері шал Айқозы «ауру қалса да, әдет қалмайды» деп жорыққа дайындалады. Ол үйінен аттанарда он жасар жалғыз баласы болса керек. Айқозы баласына:

— Егер бір жылға дейін келмей қалсам, ондай әкеңнің көріліктің жетегінде кеткені. Жолым болмаса, оралмаймын. Бір жылға дейін күт, содан кейін келмесем, әкем өлді деп есепте де, өз бетіңмен күн көре бер, балам, — деген екен.

Сонымен Айқозы аттаныпты алыс жердегі қазақ ауылдарына. Осы кездерде өзі де қатты жұтап қалса керек. «Құдай қаласа, мол олжамен қайтармын» деп ойлайды. Өзі көрі адам аяқ-қолы қалтырап, атқа дұрыс отыра алмайды. Бірақ көңілі алып-ұшып келе жатады. Сонымен үш күн, үш түн жүріп көздеген ауылына жетеді көз байлана. Түн ішінде бір үйір жылқыны алдына салып жөнеледі. Бірақ бұрынғы айласы жоқ, оның үстіне ауылдың жалаңдаған жас жігіттері қойсын ба, қуып жетіп шалды ұстайды. Бұл бір бектің жылқысы болса керек.

Бек қатыгез түсі суық, шамалыға жібімейтін адам екен. Ол шалдан:

— Мына түріңмен жылқы ұрлайсың, тіпті жазалауға да қимай отырмын. Кәуреген жаман шалды жазалағаннан не пайда маған? Одан да мен сені босатайын. Енді ұрлығыңды қоясың ба? — депті.

— Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қоямын, — депті.

Ашуланған Бек:

— Бұл әбден алжып қартайған кезде жібереміз, — деп терең зынданға алып кетеді.

Бір жылдай уақыт өтеді. Шалды зынданнан шығарып бек:

— Ақылың кірді ме, есуас шал, ұрлығыңды қоясың ба? — десе, шал айтқанынан қайтпайды.

— Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қоямын, — деген. Әрине, бек бұл шалды босатқанымен, бұдан енді залал жоқ екенін біледі, «не қауқары болсын» деп. Алайда, ол шалдың сағын сындырғысы келіп, өз алдында дегенінен қайтарғысы келеді. Шалды тағы жауып тастайды. Бір-екі жылдан соң тағы сұрайды. Шал дегенінен қайтпайды. Ақыры сонымен он жылдай уақыт өтеді. Шал әбден қартайып көзінің нұры таяды. Өзі сақал-шашы аппақ құдай. Енді Бек шалды қоя бергісі келіп, зынданнан шығарса, шал «кетпеймін» деп әлек салады. Қуып жіберсе де, қайтып келеді. Бұған естері шыға таңданған бек, мырзалар себебін сұрайды.

Сонда шал:

— Менің ауылға барар жолым жоқ. Жалғыз балам мені танымайды. Әлдеқашан өлдіге санап қойған. Қайтпаймын, — депті.

Сонда бек не істерін білмейді. Өзінде қалдырайын десе, кешегі тұтқында азап көрсеткен шалды бүгін қасына алса не болады деп арланады. Ол қайта жауып тастауға дәті бармайды. Ақыры ол шалдан құтылу үшін оның алдында айып төлеп, көп мал, сыйлық беріп, еліне шығарып салады.

Баяғыда жалғыз атпен түн жамылып келген ұры Айқозы, сөйтіп, он жылдан соң ырғалып-жырғалып еліне қайтыпты.

5. СЕРІКТІҢ АНТЫ

Семей облысы, Қанба деген жерде он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде Серік деген кісі өзі ұры және ұры ұстайды екен. Серік айтады екен:

— Құдандалы жерден үш рет ұрлағанға дейін білмейді, қайта өзіңді жоқшы қылып қояды, — дейді екен.

Біреудің малын алып сойып алса, иесі сұрап келсе:

— Сіздің менде жұмысыңыз бар ма?

— Иә, бар, — десе,

— Үй артындағы бетке барып сөйлесейік, — деп кішкене баласының қолына ет турап салған тостаған ұстатып, өзі қолына біз алып беткейде отырады.

— Ал шаруаңызды айта беріңіз.

— Кеше ту құнажыным жоғалды. Беті осылай. Сіздің жігіттеріңізден келген сияқты. Сол малымды ағайынбыз ғой, қайырсаңыз екен, — деді мал иесі.

Серік ант ішеді:

— Бірінші, егер сіздің малыңызды алсақ, Құдай мына бізді ұрсын, — деп, қолындағы бізді жерге түйрей ұрады екен.

Екінші, егер сіздің малыңызды алсақ, қия бетте берелік, — депті. Мал иесі қияметте деп түсінеді.

Үшінші, егер сіздің малыңызды жесек, баламыздың етін жейік, — деп жанындағы баласының тостағанындағы етінен жейді екен. Мал иесі «ант ішті, алмаған екен» деп кете береді екен.

6. [АҚАН ИМАНБЕК ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ]

...Ертеректе Көкшетау өңіріндегі Ақан елінен бір үйір жылқы жоғалады. Жоқшылар малының ізімен сұрау сала жүріп,

жүздеген шақырым жердегі Ұлытау, Қарсақбай төңірегіндегі қалың Найман еліне барады. Айғақтардың сілтеуімен ат басын даңқты шонжар Сандыбай аулына тірейді. Тікелей Дүзен ақсақалдың үйіне түседі.

Бұл кез Дүзеннің қартайыңқыраған шағы, төрт баласымен өзара кеңесіп отырған үстіне келеді жоқшылар. Жөн сұрасты. Жоқшылардың басшысы Жанатай батырдың баласы Жұмабек:

— Бір үйір малым жоғалды. Бірнеше күндік жерден ізімен келдім. Тобын жазбастан осы қотанға келіп кірді. Тату-тәтті Арғын, Найманның баласымыз, ала алмай жүрген кегім жоқ. Малымды түгендеп бер, келген жолыммен қайтамын, — деді.

— Әй, сен кімді ұры дейсің, қайда отырғаныңды білемісің, — деп Дүзеннің төрт ұлы бірден ежірейе қалды. Ата-тегін балағаттап, білектерін сыбанды. Жұмабек бұл қоқайдан қаймыға қойған жоқ. Мырзалар Қарауылдың, қала берді Ақан руының сүйектері шіріп, жер болып кеткен ата-бабаларын балағаттаса, ол көз алдында отырған Дүзеннің өзін атады. Бұған намыстанған төрт мырза бірден Жұмабекке қона түсті. Жұмабек әп-сәтте үйрек ұстаған лашындай үстіне қона кетті.

Жоқшының осал адам емес екендігін, тегін кетпейтінін сезген Дүзен балаларына:

— Әрқайсымыздың үш-төрт адамдық күшіміз бар деуші едіңдер, төртеуің Қарауылдың бір қара домалақ жігітінің астына түстіңдер. Өзімді тірідей балағаттатып, масқараладыңдар. Жетеді енді, тұрыңдар, — деп зекіді.

Ұрлығын мойындаған, күш сынасуда жеңілген төрт мырза әкесінің нұсқауымен кездейсоқ меймандарға жақсы қонақасы әзірледі, малдарын мойнына қосақ, құйрығына тіркеумен жетектетіп қайтарды.

7. ТЫШҚАНБАЙ ҰЛЫ ТАСЫМ ҚАРТТЫҢ АЙТУЫ

Есіл бойындағы Тоқтауыл елінен бір үйір жылқы жоғалады. Оны Торғай уезіндегі Қыпшақ, атышулы баукеспе Шашанбай ұлы Рахмет ұрлағаны анықталады. Бірақ ол қылмысы әшкереленіп тұрса да, теңдік бергісі келмейді, «жеңген жерінде аларсың» дегендей күш көрсетеді.

Жоқшылардың басшысы Орақ Бәсең батырдың баласы Маты еді. Қашықтағы қалың елден, оның ішінде ондаған қарулы жігіт ұстайтын Рахметтен мал өндіріп алу оңай емес екендігін білген ол сөзбен ұтқысы келеді.

— Уа, Рахмет мырза! Атымды алдың, тай бер, тойға мінетінімді алдың, қойға мінетін бер. Осы билігімді соқыр төреге барсаң да бұза алмас, — деп сөзінің аяғын әзілге айналдырады (Соқыр төре дегені — Рахметтің өзі. Оның бір көзі соқыр еді).

Сөзден тосылған және әзілмен өзіне қатал тигенін сезінген Рахмет жоқшылардың малын түгел беріп, Матыны риза ғып қайтарады.

8. ОҢАЙ ОЛЖА

Көшекей, Жолдыбек, Күнаман деген үш ұры көршілес жатқан қырғыз елінен бірнеше рет жылқы айдап келіп жүріпті. Күндердің күнінде бұлардың жолы болмай, аттары болдырып, өздері ашығып еліне қайтып келе жатады. Жол бойында ат шалдырып отырғанда Көшекей:

— Сендер мына аттарға еге болыңдар. Осы отырған төбенің арғы бауырында бір үй тұр. Ол — қырғыздың бір бай манабының үйі. Сол үйден талай сусын ішкен едім. Өрдайым күбісінде ашыған көжесі тұрады. Тым болмаса соны алып келемін, — дейді.

Жаздың кезі екен. Айнала тым-тырыс. Ай жарық. Көшекей үйге енгенше жүрексінгенімен, үйге келген соң өз үйіндегідей-ақ қимылдай бастайды. Себебі, ауылда жұрт жоқ екен. Ол ақырын ғана өрешеленген шиге кірсе, күбiде көже жоқ, қазанда ұйытылған айран бар екен. Ол айранға қол салады. Сол кезде сыбыр естіледі. Көшекей тыңдаса, байдың бәйбішесі күйеуінің жоқтығын пайдаланып, көңілі сүйген жігітімен жатыр екен. Сонда бәйбіше:

— Абзалым, сен тым болмаса бір рет көтеріп сыртқа шығаршы. Сыртқа шыққым кеп жатыр, — дейді.

Жігіт оның көңілін қимай арқалай жөнеледі. Көшекей айранды күбіге аударып алып, бұл кезде жолдастарына қарай тартып отырады. Осы кезде кешіккен Көшекей қолды болды ма деп, қауіптенген Жолдасбек пен Күнаман Көшекейді іздеп келе жатыр екен. Олар алдындағы жігітті Көшекей екен деп:

— Күбісімен көтеріп келе жатырсың ба? — десе, сасып қалған ауыл жігіті әйелді атып ұрып, тастай қашыпты. Оқыс жығылған әйел ойбайлайды да қалады.

Үш ұры қайтадан бас қосып, айранды қана ішіп отырғанда қайда жүргендерін, не істеп, не көргендерін бір-біріне баяндайды.

— Бұның аяғы тегін кетпейді, — дейді әккі ұры Көшекей, — біз бірер күн аялдайық. Мен ауылға олжасыз қайтқым келмейді. Ертеңгілік осы байдың үйіне тағы барамын. Бұйыртса олжалы да қайтармыз, — деп жолдастарымен кездесетін жерді белгілеп, уәделеседі. Жасамақ айласын да жолдастарына тәпіншеп түсіндіреді.

Мұнан соң Көшекей басына сәлде орап, белбеу байлап, молда кейпіне келіп, қырғыз манабының аулына келеді. Айтқандай түндегі әйел ауру болып, төсек тартып жатып қалыпты. Күйеуі өзі жоқта дертті болған әйеліне не ем жасатарын білмей отыр екен. Көшекей келген соң оның сопы түріне қарап:

— Сіз бал ашпайсыз ба? Мына әйелімді емдеп бермейсіз бе? — деп сұрайды.

Ол бал ашып, аурудың тамырын ұстаған болады. Әйелдің жамбасы шығып кеткенін біледі.

— Мұны өкпемен қақпаса болмайды екен. Сойылған малдың етін сіздер жесеңіздер ем дарымайды. Сондықтан сыбырлығына дейін асып, маған бересіздер, — дейді.

Көшекейдің айтқаны қабыл болып, бозқасқа қой сойылып, етін пысып Көшекейге береді.

Жамбастың ұршығы орнына түсу үшін әйелдің аяқ-қолын сілкілей тартып, сонда Көшекей:

— Шиден ендім, қалың бет,
Абзал сенің жарың ба еді?
Жазылсаң, еліме қайтам,
Жазылмасаң, еріңе айтам, —

деп өкпемен қара саннан бір тартып, осы сөзді қайталап қаға беріпті. Әйелдің мұны естігенде зәресі кетіп, есіне келіпті. Сондықтан Көшекей жамбасын қалай орнына салса да, үнсіз көніпті.

Бұл жолы бай бал басына бір жылқы, жасаған ем-домына бір жылқы жетектетіп, ертеңіне келіп, әйелді тағы да бір көріп кетуін өтініпті. Ертеңіне келген Көшекей:

— Әйеліңіз енді жазылады. Әйтпесе өкпесін ыстық, суық қысып тұр. Екі қазан жаппа нан пісіртіңіз. Әйелді ана бұлақтың басында сол нанмен ұшықтаймын, — дейді.

Әйел бұлақ басына жеткізіліп, нан келген соң Көшекей:

— А-а, әулием Болысбек,
Мына нанды суға сал,
Суға сал да қайтып ал.

Ал, Күнаман, тосып ал,
Тосып ал да қапқа сал,
Қапқа сал да, атқа сал,
Атқа сал да, тарта сал,
Ә, әруақ!—

деп байдың әйелін суға бір малынған нанмен төпеп ұрып, нанды шетінен бұлақ суына ағызып жібере беріпті.

Бұл «балгердің» бір сөзін ұқса, бір сөзін ұқпаған әйел, мұнан құтылмаса болмас деп, бұлақ басынан үйіне өзі жүріп келеді.

Нақ сүйерінің ауруынан мұншалық тез айыққанына дән риза болған бай, Көшекейге сыйлыққа тағы бір жылқы жетектетіпті.

Сөйтiп, айлалы да тапқыр Көшекей жолдастарымен оңай олжа тауып, ауылдарына оралған екен.

9. ҰРЫЛАРДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Ертеректе Адайда Тәш деген атақты ұры болыпты. Өзі еңгезердей қарулы адам екен. Ел арасы көршілес ауылдарға тимей, қолды алысқа салады екен. Бірде қасына талай ұрлыққа бірге аттанған, үзеңгілес 3-4 қарулы жігіт ертіп, Жемнен сонау Жайық бойына жылқы ұрлауға аттаныпты.

Сол бағытында Жағалбайлының көп жылқысына тап болып, бірнеше үйір жылқы айдап, елге қайтып келе жатады. Екі-үш адам жылқы айдап алдарында жүреді де, Тәш және Сейітжан деген бойы аласа адам тосқауылда кейін жүріп отырады. 2-3 күннен кейін арттан қуғыншылар көрінеді, қарасы мол, оған шағын топ тосқауыл бола алмайтынын біледі. Айлакер ұры Тәш алдына Сейітжанды қуғыншылар алдынан шығып, дауыс жетер жерге келгенде:

—О, жамағайындар, ел қонып қалды, сақтаныңдар!— деп айқайлайды. «Ел қонып қалдысы» — көшіп келе жатқан ел едік (сол кез үшін аса қатерлі жұқпалы ауру-шешек, тырыспай келді дегені екен).

Сонда қуғыншылар аңтарылып, «босқа қырылармыз, «мал — жан садақасы» деп еліне қайтқан екен. Ал ұрылар мол олжасымен еліне келіпті.

Тарихи тұлғалар туралы
әңгімелер

1. АҚАН СЕРІ ТУРАЛЫ

Ақан сері Құлагері өліп, қайғының қамауында келе жатқан уақытында өз елінің халқы тайлы-таяғымен Қылышпай аулына келіп тосқан екен. Халқы келіп, Қылышпай ауылына түсіп, қой сойдырып, ас дайындатып отырғанда, «Ақан сері келіп қалды» деген хабар есітіліп, сонда елінің игі жақсылары алдынан шығып, тағам дайындалып жатқан үйге әкеліп, көңіл айтқан екен.

Сонда үй иесі, ел адамы Қылышпай Ақанға былай деп сөз бастаған екен:

— Уа, Ақаным, сенің Құлагеріңнің осы жолы өлетін реті келді. Өйткені сен тойға бара жатқанда қасиетті Қылышпай ауылына келіп, дәм татпай кеттіңдер, сырттан өте бардыңдар, — деп сөз бастапты.

Қылышпайдың табалаған сөзін естіген Ақан сері отырған орнынан ұшып түрегеліп, Қылышпайға қарап:

— Ей, Қылышпай, дұрыс айтасың. Ол заманда Пайғамбардың күйеуі, Алланың Арыстаны Ғазірет Ғалының Дүлдүлі топға шауып, орға құлап өлген деседі. Дүлдүл де сіздің елден дәм татпаған соң өлді ме? — деген екен.

Сонда кекеткен Қылышпай ауызына құм құйылғандай үн жоқ, Ақаннан тосылып отырып қалған екен. Орта жолдан осылай қамыққан Ақан сері қапаланып, еліне барып, қолдан келген өмірін жасай берді деп айтады үлкен адамдар.

2. [БІРЕУ ӘКЕҢДІ СҰРАСА, БЕРЕР МЕ ЕДІҢ?]

Шыңғыстың баласы атқұмар Жақып төре Ақан аулына қайта-қайта келіп, Құлагерді сұрай беріпті. Ол тіпті мазалап болмаған соң Ақан:

— Ақындықпен Орынбайдың даңқы шықты. Аға сұлтан-дықпен әкеңнің даңқы шықты. Жүйріктікпен Құлагердің даңқы шықты. Осы сөзімді үлкен төреге айт. Содан соң Құлагерді ал, — депті.

Кіші төре қуанып күліп, әкесіне Ақанның сөзін айтады.

— Ой, ақылсыз балам-ай! Бұл Ақанның: «Құлагер мал да болса, аға сұлтан әкеңмен парапар» деген сөзі емес пе? Біреу әкеңді сұраса, берер ме едің? — депті Шыңғыс.

Осыдан кейін кіші төре Ақан аулының маңайына жоламайтын болыпты.

3. КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС

(I нұсқа)

Қашан да өңгімені түрлендіру үшін батырдан не шешенен: «Сіз өміріңізде неше мәрте ауыр сынға түстіңіз, неше рет жеңілдіңіз, қанша рет сүріндіңіз?» деген сияқты сауалдар қойылады ғой. Міне, осындай сұрақтар Балуан Шолаққа да қойылса керек. Сонда Балуан Шолақ былай деген екен:

— Қақаған қыстың күні жүрдек ат жеккен шанамен жаныма ешкімді ертпей, жол жүріп келе жатыр едім. Кенет қарсы алдымнан кездескен орыс:

— Әй, киргиз, көнекей, жол бер, — деп айғай салды.

— Жол керек болса, жолдан бұрылып өт, — деп мен отырдым. Орыс сол кезде шанадан жалма-жан түсіп, менің атымды қамшымен басқа бір салып, жолдан бұрып жіберді. Ол кез-

де шанадан секіріп мен де түстім. Орысты жағасынан ұстап, жұлып алып, шанаға көлденең салып қойып, қамшының сабымен барлық тісін сындырып, ендігәрі атты басқа ұрмайтындай етіп «емдеп» болғаннан соң, шананың үстіне көлденең көтеріп салып қоя бердім. Бұл оқиға ұмыт болғалы не заман?

Арада біраз жылдар өткеннен кейін Көкшетау жәрмеңкесіне Балуан Шолақ салт атпен барып, қала аралап келе жатса, бір орыс мұжығының үйінің жанында кешке қоналқыға келген бес-алты шаналы ауыл адамдары түсіп жатады.

— Бір таң қалғаным, — деп сөзін жалғайды Балуан Шолақ, — қораның аумағы кішкентай екен. Мұншама адам қайда сыймақшы деп таңырқап мен де бардым. Келсем, үй иесі мұжық аттарды доғарып, шаналардың жүгін бұзғызбай, сол күйінде қабырғаға қатарлап, бірінің үстіне бірін шығарып, жалғыз өзі үйіп жатыр екен. Шаруасын тәмамдаған соң ауыл адамдарын ертіп, үйге кірді. Жаңағы адамның күштілігіне таңырқап, мұнымен бір сөйлесіп көрейін деп, мен де кірдім. Үйге кірген соң үй иесі тамақтануға отырды. Және бір ғажабы — үлкен шарамен әкелген бір шелекке жақын ботқаны әп-сәттің ішінде жалғыз өзі соғып алды. Манағы манағы ма, менің таңырқауым одан әрі өрши түсті. Тамағын жеп болған соң, әлгі кісіден:

— Тісіңе не болды? — деп сұрадым.

— Ертеде қыстыкүні шанамен шөп тасып келе жатып, жолға таласамын деп жүргенімде бір қазақ алдына бұрап салып, қамшының сабымен менің аузымдағы барлық тісімді қағып алып еді. Содан бері тіссіз жүрмін, — деп шынын айтты ол.

Сол кезде мен орысқа:

— Егер сол кісіні көрсең, танысың ба? — деп сұрадым. — Танымайтын болсаң, сол жолғы сенің тісіңді алып қалған жолаушы менмін, — дедім. Әлгі мұжығым таңырқап қарап,

бір алыстағы ағайынын көргендей мәз болып, амандасып жатыр. Бұл менің өмірімде көрген күшті адамдарымның бірі еді.

Екінші жолы былай болды. Халықтың бір бас қосып мөресөре болып қызық думанға бататын жері — жәрмеңке базары ғой. Сол базарды аралап келе жатсам, базардан алшақтау шет жақта бойында қылаудай міні жоқ, сұлу мүсінді, кертөбел ат қаңтарулы тұр. Қызығып кеттім. Жақындап келсем, жерошақтың басында жүрелеп, от тұтатып біреу отыр. Албырт жүрек нені аңғартқан! Аттан қарғып түсіп, жаңағы қол тоқпақтай жағасынан алып бір бұрап, жерошаққа тығып жібермекші болып қолды салып бүктеуге айналғанымда, жаңағы адам өзімді көтере түрегелді. «Күш атасын танымайды» деген осы ғой. Енді бір сөт көз ілеспес шапшаңдықпен қасымды қағып жібергенде, бет-әлпетінің таныстығынан секем алып, тез бұрылып, атыма қарғып мініп кете бардым. Сол кезде жаңағы адамның:

— Әй, азамат, сенің қызыққаның анау кертөбел ат қой, көңіліңе ұнаса, ала ғой, — деген даусы естілді.

«Өлімнен ұят күшті» дегенді осы жолы сезінген шығармын. Жазықсыз жанды жазалау менің бойыма бітпеген әдет болғандықтан, қайырылып баруға дәтім шыдамады, — деген екен Балуан Шолақ.

4. ӨЗІНЕН ЗОР ШЫҒЫП ОТЫЗ ТІСІН АЛДЫРҒАН АЛЫП

(II нұсқа)

Мың сегіз жүз тоқсан бесінші жылдардың мөлшері. Семей облысы, Суықбұлақта жалғыз бекет үйге келіп түстік. Біз жүргіншіміз, жиырма шақты жүк тиелген шанамыз бар. Қыстың орта кезі еді. Ат шаналарды кең қораға енгіздік, аттар-

ды жайғастырып, үлкен самауыр шайды ішіп, төсек салғызып, ас ішіп, болған соң жайғасып жаттық.

Түн ортасы кезінде бір адам келді, бойы ұзын, екі иығына екі кісі мінгендей. Көрпенің астынан сығалап көріп жатырмыз, зәреміз қалмады. Өтірік ұйықтаған болып жатырмыз. Әйелі үлкен самауырды қайнатып алып келді. Ішіп отыр. Бір мезетте самауыр суы таусылды, әйеліне:

— Самауырды орта қайнатып па едің, қанбай қалдым ғой.

— Жоқ, толы болатын.

Сонымен жатты. Таңертең тұрсақ, жиырма бес-отыз пұттан жүгі бар шаналарды бірінің үстіне бірін жүкше жинап қойыпты. «Ойбай-ау, мынаны қалай түсіреміз» десіп, айтуға қорқып, сүйтіп тұрғанда дәу шығып:

— Ау, жігіттер, түнде мен жол кең болсын деп жиған едім. Аттарыңды жемдеп, шайларыңды іше беріңдер. Мен жайғастырып, орнына қойып берем, — деді.

Шай ішіп отырып, ол кісімен әңгімелестік. Жасы қырық-қырық бес шамасында, ал барлық мүшесі сом, шымыр, аузында бір тіс жоқ. Мұның мәнісін сұрадық.

— Жігіттер, бұл тістің мәнісін білгілеріңіз келсе, мен айттайын, тыңдаңыздар, — деп алып адам сөзге кірісті, — мен жасымда бойға сыймаған күштің желігімен, ұры да, бандит те болдым. Кісі өлтірдім, керуен тонадым. Бір жылы Семейдің бер жағында үлкен қара жолды аңдып жаттым. Жаяу, қолымда ақ балта, талайдың басын шауып, ат көлігін алып әдеттенген басым ешкімнен қорқуды білмеймін.

Бір мезгілде қаладан пар ат жеккен кашопкамен жалғыз адам келе жатыр. Мен жолмен қарсы жүріп, қасымнан өте бергенде, ортаға жегілген аттың божысынан ұстап тоқтаттым. Оң қолымда балта.

— Жол үстінде ат шылауынан ұстама, жолыңа кесел болады, босат! — деп ақырды қасқыр ішік киген қазақтың жас жігіті. Мен оның сөзін тыңдамай, жігітке жақындай бердім.

Жігіт қасқыр ішігін шешіп тастап, кашопкадан қарғып түсті. Мен балтамен шаппақ боп сілтегенде, балтаны жұлып алып, лақтырып жіберді де, өзімді жерге алып ұрып, кеудеме мініп алды да, екі қолымды екі тізесімен басып тұрып божыны кашопкаға қаңтара байлады. Кашопканың алдыңғы жағынан бірнәрсе алды. Тістеуік екен. «Мен пышақпен мені бауыздайды ғой» деп жатыр едім. Еріксіз аузымды ашып, бір-бірлеп отыз тісімді суырды. Өзімді босатып:

— Сен әркімнің қанын ішіп, малын жеп жүрген осы тісің ғой. Мә! — деп қолыма берді, — бұдан былай мұндай боқты жемейсің, — деп жүріп кетті. Е, «өзіңнен зор шықса, екі көзің сонан шығар» деген осы екен. Мен сол жігіттің күшіне де, берген жазасына да, өлтірмей жіберген адамгершілігіне де разы болып, айтқан сөзін қабыл алып, одан кейін кісінің ала жібін аттамайтын болдым, — деді алып адам.

Сол жігіт кім болды екен?

5. ЕТЕКБАЙ БИ МЕН ШОРМАННЫҢ МҰСАСЫНЫҢ СӨЗІ

Төңкерістен жарты ғасыр бұрын Осы күнгі Павлодар облысы бұрынша Кереку еліндегі Қаржас Шорманұлы Мұсаның елінің жүз жылқысын Жауар Қарауыл Етекбай бидің елі айдап келіп пайдаланады. Жүз жылқысын Жауар елінің айдап кеткенін естіп, Мұса өз Қаржас елінен балуан, батыр, шешен елу жігіт таңдап ертіп алып, жылқыларын қуып Етекбайдың еліне келеді екен.

Мұса келгенмен Етекбайдың отанына кірмей, жарты шақырым елдің сыртында тұрады. Бұл бөдегей шет елдің адамдары екенін көріп, Етекбай атының шылбырын беліндегі кісесіне қыстырып, Мұсаға қарсы жүрген екен. Сонда Мұса да атын жаяу жетектеп келе жатқан Етекбайды көріп, аттан түсіп, «Етек-

бай кіші мінезбен, инабатты келе жатыр ғой. Мен де кішірейіп амандасайын» деп құшақтасып, көрісіп, жыласып амандасқан екен.

Бұдан бірнеше уақыт бұрын Мұсаның елі қаржас қырылысып, бір себеппен дау болып, бітімге келмейтін болған соң, Мұсаның өзіне кейбір ағайыны бас салған соң, Мұса Сейтенді айдатып, Тайжанды аттырған дейді. Өсіткен Мұсаға қаржас елі өкпелеп, быт-шыт болып Қуандық-Сүйіндік еліне бытырай көшкен екен. Бұл бытыраған халыққа шыдай алмай Мұса Қуандық-Сүйіндік еліне барып, жайын айтып, елін қайта көшіріп өз еліне әкеліп қондырады.

Осы жағдайды Қарауыл Етекбай сол уақиғаның жанында тұрғандай біліп алған көрінеді. Өлгі Мұса мен Етекбай көрісіп, жыласып болғаннан кейін, орнығып отырып Етекбай Мұсадан жағалай отырған «мынау кім, мынау кім?» деп бір-бірлеп көрсетіп, жігіттерін сұраған екен. Сонда Мұса жігіттерін көрсетіп, «мынау — батырым, мынау — балуаным» деп елу жігітін түгел баяндайды.

Сол кезде аңдып отырғандай Етекбай Мұсаға:

— Уа, Мұса! Ойпырым-ай, Мұсажан-ай, мырзасы көп елдің елі бытырай ма екен, батыры көп елдің жылқысын жау ала ма екен деген екен.

Осыны естіген Мұса екі сөзге келмей атын мініп, жігіттеріне команда беріп, еліне тартқан екен. Қатулы Мұсаның атқа мініп, үйіне тартатынын сезген Етекбай үйден ұшып шығып:

— Мұсаеке, мұныңыз қалай, тоқтаңыз. Сіздерді дәм айдап келді. Бөлінбеген енші, жеп кететін бір малдарыңыз бар. Соны жеп кетіңіздер, — деп жармасқан екен.

Мұса:

— Жоқ, дәміңізге рахмет. Мына сөзді естіп отырып, сіздің дәмді ішіп отыруға болмайды, — деп тартып кеткен екен.

Былай шығып жігіттері Мұсаға:

— Мүсеке, мұныңыз не, Етекбайға ештеңе дей алмай, сыбағалы асымызды іше алмай кеткеніміз? — деп сұрақ қойған. Мұса сонда жігіттеріне:

— Не ас керек? Не деп жауап беруім керек. Жамандар, сендер мені тірідей өлтірдіңдер, сендердің кесірің тиген жоқ па? Етекбай менің елімнің бытырағанын айтқан жоқ па? Енді не деп жауап беремін? — деп Мұса жігіттеріне жауап беріп аяқтаған екен дейді.

Сөйтіп, Мұса Етекбайдың енді бетіне келе алмай, жүз жылқысын ала алмай, бос қайтқан екен. Етекбай жүз жылқысы олжа болып, елін Мұсадан сақтап, аман алып қалған көрінеді. Міне, бұл әңгіменің маңызы осы. Бай Мұсаның жазасын кедей Етекбай берген екен.

6. ӨМІРБАЙ АҚЫН

Өмірбай Тілеуліұлы 1850 жылы бұрынғы Семей уезі, Бұғылы болысы, Өтей аулында туған. Жас кезінде шешен індетінен екі көзі бірдей соқыр болып қалған ақын бір жылы «Абайға сәлемдесемін» деп Назарбек Арзанбайұлы деген кісіге еріп барыпты. Абай ауылы Жидебай қорығында отырса керек. Назарбек жасынан — Абайдан тәлім-тәрбие алған шәкіртінің бірі болған адам. Өмірбай ақынның бұл Абаймен бірінші тілдесуі еді. Аман-есендік біліскен соң, Абай Өмірбайға:

— Сені сырттан естуші едім, іздеп келіп сәлем бергеніңе көп рахмет. Енді өз жағдайыңды айта отыр, — деп домбырасын ұсыныпты. Өмірбай домбыраны ала-сала:

— Шешектен жеті жаста көзім кетті,
Көрсетпей жарық дүние безілдетті.
Шырылдап көз көр болып шыдамадым,
Сөзбенен жеңейін деп осы дертті.

Бар мінім — көзім соқыр басымдағы
Назарбек бастап келді қасымдағы.
Сізге әкеп мен ғаріпті таныстырды,
Ең қымбат ағамыз деп осындағы, —

деп өлеңдетіп қоя береді. Абай Өмірбай ақынға ризалық білдіреді. Сонан соң Назарбекке:

— Сенің бұрыл атың жылқының дүлдүлі дейді ғой. Өзі арыстан кеуделі, жолбарыс жонды, төрт аяғы сомдалып біткен тіптік, жал-құйрығы төгілген жойқын күшті екені көзге ерекше көрініп тұр, — депті.

Өмірбай ақын домбырасын ала-сала:

— Арыстандай кең кеуде, жалбыр жалды,
Жолбарыс жон, бұлшық ет, серке санды.
Қалың біткен төгілген ұзын құйрық
Құтқармайды ұшқан құс, жердегі аңды.
Ұзақ жолға жүрсе де қиналмайды,
Төңірі дүлдүл жаратқан жануарды, —

деп жырлағанда, Абай риза болып:

— Өмірбай, сен атты сөзіңмен көргендей сипаттадың-ау, — дейді.

Сонда Өмірбай:

— Жаңа өзіңіз үйреткенді қайталадым, — дейді кішілік көрсетіп.

Абай Назарбекке бет бұрып:

— Жақында Ақылбайдың қайыны Қисықтың Жұмақаны екі дуан елді шақырып үлкен той жасаймын деп хабарлаған екен. Сол тойға бөйгеге қосайын, атыңды берсең қалай болады? — деп сұрағанда Назарбек:

— Абай аға, бұрылды басы бүтін бердім, орнына мініп қайтатын бір тұғыр болса жарайды, — депті.

Абай Ақылбайды шақыртып алып:

— Мын Назарбекке менің кертөбелімді ертетіп бер. Бурыл атты қалдыратын болды, тойға дайында және мына Өмірбай ағаға бір ат, шапан кигізіп, он саулық қосып бер, жанына айда-сып аулына апарып салатын кісі қос, — депті.

Абай бурыл атты екі дуан елдің бөйгесіне дайындап қосқанда, жалғыз қара болып жарты шақырымдай алда келеді. Тойға жиналған халық:

— Мынау ат Назарбектің әйгілі бурылы ғой, — деп шуылдасқан екен. Абай қалың елдің дабылын естіп:

— «Ердің атын халыққа аты немесе қатыны шығарады» деген осы-ау. Ендеше Назарбекке обал болар, — деп Ақылбайдың өзін жұмсап, бурыл атты қайтарыпты және «кертөбел атты Назарбекке сыйлап кет!» депті.

Ал аузынан өлең төккен Өмірбай ақын 1930 жылы дүние салады.

Мырзатайдың баласы Бәкен

Бәкен қарапайым, ұялмайтын, бет алғанынан қайтпайтын қайсар, тапқыр, шешен адам болған.

7. БӘКЕННІҢ БІРІНШІ ҚАДАМЫ

Мырзатайдың болыс кезі. Матайдың басты адамдары Қалматай, Тоқтыбай, Мырзатай бастаған бірнеше билер болып, қаракерей, жанайға жесір дауын даулап баратын болып дайындалады. Бәкен сол кезде он төрт жаста екен. Бәкен әкесінен:

— Қайда барасыздар? — дейді.

Мырзатай:

— Қаракерей, жанайға барамыз, — дейді.

— Әке, онда мен де барам.

— Сен неге барсың?

— Мен сіздердің сөздеріңізді тыңдаймын, атқосшы болып барамын.

— Жоқ, балам, сен бармайсың. Ұятты үлкен адамдардың алдында бірдеңе деп бүлдіресің.

— Мен ештеңе бүлдірмеймін, әке, атқосшылармен бірге босағада отырамын.

— Жоқ, бармайсың, — деп он бес адам ылғи рубасылар, билер атқосшыларымен аттанып жүріп кетті.

Бәкен де бір дөненге мініп, аттарынан ілесіп келеді. Оны әкесі Мырзатай көріп қалып, атының басын бұрып алып, ызбарлы кескінмен:

— Сен қайда барасың? — деп ақырды.

— Мен сіздердің атқосшыңыз болып барам, сөздеріңді естуге қызғанасыздар ма?

— Жоқ, бармайсың, — деп қамшының астына алып, екі белді асырып қуып тастайды. Бірақ ол артынан қалмай қайтадан еріп отырады. Әкесі тағы да ұрып, ұрсып қуады.

— Бұл оңбаған бүлдіреді, бекерге ұятқа қалдырады, — дейді. Бәкен тағы да артынан қалмай ере береді. Әкесі тағы ұрсып қууға айналып еді, билер, ақсақалдар:

— Қой, Мырзеке, бір бала не бүлдірер дейсіз, мына атқосшылармен бірге жүре берсін де, — десті.

— Мұның сыры маған мәлім ғой, бұл бүлдіріп, бізді масқара қылады.

— Жоқ, ештеңе бүлдірмес. Бәкенге:

— Балам, мына аталарыңнан ұлықсатсыз сөйлемейсің, — деді Қалматай.

— Жоқ, ақсақалдар, біреу өзімнен сөз сұрамаса, мен аузымды ашпасқа ант бер демесеңіздер. Мен тек сіздердің сөздеріңізді тыңдау үшін ғана бармақпын, — деді Бәкен.

— Жарайды, мына атқосшылармен бірге жүре бер, — десті басшылар қалмайтынын білген соң.

Сонымен жолаушылар жүріп келе жатыр. Өзара нақыл сөздер мен тақпақтап айтқан бұрынғы билердің әділ билігін әңгімелеп келе жатып:

— Уау, біз бүгін қай жерде боламыз?

— Бүгін қара жолдың бергі бөктерінде, өз еліміздің шетіне қонармыз, ал ертең Көктеректе, Тана төренің қызы Зәуре апайға барып, аман-сәлем қылуымыз керек. Бір болыс:

— Елді билеп тұрған өзбек жездеміз бар білем, — десті.

— Уау, апайымыз өзбекке неғып тиді екен, — деді біреуі.

— Бай-дәулетті саудагер өзбектің жігіті, апайымыз көрікті адам екен. Соған ғашық болып, малды, ақшаны төкпей ме? Өзбек дегені болмаса, жігіт те келісті екен. Зәуре де ұнатып, бірақ мынандай шартпен тисе керек: «сен Ташкенге бармай, қазақ ішінде қалсаң, тием» деген болу керек. Сонымен сол елде

қалып, апайымызбен бірге өмір сүреді екен. Жазу солай, абыройлы, бай, жақсы тұрады дейді.

Сонымен жолаушылар ертеңіне кешке сұрастыра келіп, Зәуре апайдың үйіне қонаға келді. «Бауыр наймандағы бауырларың сізге амандаса келіпті, түсуге рұқсат сұрайды» деп хабар салды. «Қонақ үйге түсіріңдер!» — деп қызметшілеріне тапсырды. Қонақ үйге кіріп, шешініп жайғасты. Қымыз ішілді. Бір жігіт:

— Зәуре бәйбіше сіздерге амандасқалы келе жатыр, — деп хабарлады. Жұрт сыпайылықпен қарсы алып, амандасуға әзірленді.

Зәуре күйеуімен үйге келді. Қонақтар тұрып қарсы алып, ескі дәстүрмен құшақтасып, төс соғысып амандасты. Атқосшыларға дейін құшақтасып көрісті. Ал Бөкен шекпенін бүркеніп босағада бүк түсіп жатып алды. Зәуре апай ел-жұрттың амандығын сұрасып болған соң таныспақшы болып, Қалматайдан бастап сұрап танысты.

— Анау жатқан қай бауырым? — деп Бөкенді сұрады.

— Ол мынау Мырзатай бауырыңыздың баласы Бөкен деген бауырыңыз, — деді бір ақсақал.

— Өзге бауырларымның бөрі көрісіп амандасқанда, ол бауырым неге амандаспайды, әлде маған өкпесі бар ма?

Бөкен басын көтеріп алып:

— Өкпем бар, апай, сізде.

— Өкпең болса, айт, шырағым.

— Айтсам, сіз кешегі атағы Алатаудай Тана төренің қызы едіңіз. Солай бола тұрып, төре тұқымынан бір жігіт таппағандай немесе қазақтан бір жігіт таппағандай, есегімен ел кезген, пәленшесі қыржиған сартқа тиді деп өкпелеп жатырмын, — деп шекпенін бүркеніп қайта бүк түсіп жата кетіпті. Білген жанға «өлімнен ұят күшті» деген апайынан ұялғанынан Матай жақсылары кірерге тесік таппай отырса, апай да күйеуі де қатты қысылды. Үй іші тым-тырыс үнсіз отырысып қалды. Аздан соң апай:

— Ал, бауырларым, дем алып, жата беріңдер, — деп күйеуін ертіп шығып кетеді. Мырзатай:

— Айтпадым ба, бұл ит бүлдіреді деп, апайдың алдында бүйтіп ұятқа батып жер болғанымызша, өлгеніміз артық еді ғой.

Қалматай:

— Япыр-ай, бірінші көріскен апайымыздың енді бетіне қалай қараймыз, өлім болды ғой.

Тоқтыбай ақсақал:

— Біздің жолымыз болмайды екен. Мына өзбек жездеміз бір болыс елді билейді. Ертең бәріміздің аттарымызды айыпқа алып, елге жаяу қайтатын болдық, бүкіл елге масқара болдық, — деп қатты күрсінді.

Мырзатай Бәкенге төніп:

— Өй, тумай туа шөккір. Жон теріңді алар едім, әттең, өлім үстіне өлім болды-ау!

Тоқтыбай ақсақал:

— Жә, жетер, болары болды. Енді өзді-өзі төбелесіп жатыр деген атақ артпай, сабырмен ақырын күтелік.

Қонақасыға қысырдың тайын сойып, жарты еті пісіп, түсіріліп те келді. Әкелері өлгендей біреулері томсырайып отырса, енді бірі қисайып жатқан еді. Қол жуғызып, алдарына семіз тайдың балбыраған еті мен қазы қартасы, исі аңқып, үйеме табақ ет екі-үш жерден қойылды. Бірақ дұрыстап ас іше алмады. Бәкен сол жатқан бойы жата берді. Оны табаққа шақырған кісі де болған жоқ. Сонымен ас-су ішкен соң төсек салып жатқызды. Түнімен уһілеп-аһылап жөндеп ұйықтай алмады. Таңертең тұрып, жуынып асқа отырды. Семіз тайдың жарты еті тағы пісіп, табаққа тартылды. Бірақ ақсақалдардың бастарынан кешегі ұят сызы өлі тарамалан тәрізді. Ас ішіліп болған соң, жүретін уақыт таяды. Күтуші жігіттерден апайға «рұқсат болса, жүрелік» деп рұқсат сұратты. Бәйбіше күйеуін ертіп келді.

— Қалай, бауырларым, жақсы демалдыңдар ма? — деді апай.

— Рахмет, жақсы тынығып, дем алдық, апай, — деп жалпаңдасып жатыр, «ұятымызды кешіре ме» дегендей.

Бөкен шекпенін бүркеніп босағада жатыр. Апай:

— Бөкен бауырым, өкпең дұрыс, жеңілдім. Айыбыма түйе бастатқан бір тоғыз әкелдім. Енді өкпенді кешір, кел көріселік, — деді. Бөкен орнынан тұрып келіп, апаймен құшақтасып көрісіп, амандасты. Жұрттың бәрі жадырап дуылдаса бастады. Сонымен апа-жезделеріне разы болып, қоштасып аттанды.

Былай шыққан соң дәйлер Бөкенді тәуір көрген тәрізді. Бөкен:

— Уау, ақсақалдар, билер, болыстар, көсемдер, шешендер, сіздердің іздеп шыққандарыңыз — мал ғой, олжа ғой. Сол олжаны мен бұрын салдым ба, сіздер бұрын салдыңыздар ма? — дегенде барлығы сөзден тосылып, дәлелді сөзге тоқталады. Далада отырысып ақсақалдар Бөкенге баталарын беріп, «осы бара жатқан дауласуда сөйлеудің бәрін саған бердік, бүлдірсең де, күйдірсең де, өзің біл» деп тас ұстасып, билікті Бөкенге беріседі. Сол жолы Бөкен бәрін сөзден жеңіп, олжалы қайтады.

8. БӨКЕННІҢ ӘКЕСІ МЫРЗАТАЙДЫ СӨЗДЕН ТОҚТАТЫП БОЛЫС БОЛУЫ

Бөкеннің он алты жасқа келген кезі еді. Арғын-найман бас қосқан черезвичайный съезі болып, матайдың басшылары, ішінде Мырзатай болыс бар, жүрмекші болып жатады. Бөкен:

— Әке, қайда барасыз? — деді.

— Съезге барамын.

— Қанша адаммен барасыз?

— Қанша адаммен барушы ем, үш-төрт би, екі-үш атқосшы — жеті-сегіз адаммен барам. Бөкен:

— Өзіңіз Қалбаның болысысыз, өзіңіз Мырзатайсыз, Арғын-Найман бас қосқан черезвичайный съезге шошайып жеті-сегіз адаммен не деп барасыз?

Мырзатай:

— Өй, әкеңді... мен сенен ақыл сұрап барушы ма едім, әкеңді....

Бөкен:

— Өй, әкеңді... Менің әкем ел билеп, жұрт билеп, болыс болып отыр. Ал сенің әкең кім еді? Көшкенде шөккен түйеге міне алмаған жаман Ордабай емес пе еді?

Сөзден тосылып, не дерін білмей, ызаланып, ызнақ, мөрін лақтырып, үйіне барып жатып алыпты: «Барса, өзі барсын, мен съезге бармаймын» деп.

— Ау, әке, барыңыз. Үлкен съезге шошайып жеті-сегіз адаммен бармай, жүздеген адаммен барыңыз, атағыңыз бар. Өзіңіз Қалбаның болысысыз, салтанатпен барғаныңыз абырой емес пе?

— Жоқ, мен бармаймын, барсаң өзің бар, — деп жатып алды.

Бөкен:

— Сен бармасаң, өзім барам, — деп ызнақ, мөрді тағып алып, жүз кісімен съезге барған екен. Содан болыс болып кете беріпті.

9. БӨКЕННІҢ ШАБАРМАНЫ

Бөкеннің болыс кезі. Бір шабарманын уезге документ қағаздарын поштабай етіп жібереді. Күн ұзақ жүріп, кешке күн бата Жәкіштің Құрманғалысының ауылына қонбақшы болып келсе, төбе басында Құрманғалы болыс бірнеше адамдармен отыр екен. Жігіт сәлем береді. Құрманғалы:

— Әлейкүмсәлем, қай жігітсің?

Қасен:

— Мен — матаймын, — деп елінің руын айтады.

Құрманғалы:

— Шын айтасың ба?

Қасен:

— Шын айтам.

Құрманғалы:

— Әй, жігіттер, мынау бізді матағалы келіпті, байландар матағыш немені, — деп бұйрық етті.

Жігіттер барды да Қасенді ат үстінен жұлып алып, қолаяғын байлап бір бөлмеге қамады. Түнде тамақ беріп, ертеңінде

атын алып, лаумен жібереді. Қасен уезге поштаны табыс етіп, атын Құрманғалы аудартып алғанын арыз етті. Уезный начальник «біз Құрманғалы мен Бөкенге билік айта алмаймыз» деп лау қағаз жазып берген екен. Қасен Бөкенге болған жағдайды, атын қалай тартып алғанын баяндайды. Бөкен есесін қайтармақ болып, жанына тоғыз адам ертіп, Құрманғалының елі терістаңбалы Ақтағысқа шығып, күн батқан соң бір ауылға келіп, үлкен ақбоз үйдің сыртынан дауыстап адам шақырды. Үйден жас жігіт шығып сәлемдесті:

— Құдайы қонақпыз, лұқсат болса, — десті. Жігіт:

— Үйде қонақ бар еді, басқа үйге қонсаңыздар екен, — деген кезде, сол үйдің әйелі адуындау адам болуы керек, үйден шыға келіп:

— Қондыра алмаймын, өзімізді қонақ басып жатыр, — деп қайта үйіне кіріп кетіпті. Бөкен жолдастарына:

— Аттан түсіңдер, үйге кірелік, — деп, үйге қарай келе жатыр.

— Әкеңді..., кімдер өзі менің келінімді басқан, — деп үйдегі қонақтарды қамшымен ұрып үйден қуып шығады. Жеті адам екен.

Сол елдің болысы Бердібекті шақыртып алып:

— Мына жеті адам келінімді басыпты, зорлапты. Маған шағым етті. Сол келінімді басқаны үшін айып әпересіз, — деп отырып алады. Бердібек жеті қонақтан да, үй иесінен де айып алып береді. Әйел үйінен қашып, Бөкендер кеткенше келмейді. Ертеңіне Жәкежан байдың үйіне қонады. Бай қораға қонған екен. Олар қаладағы татар салтымен үш бөлмелі ағаш үйде кілем төсеп, таза тұрады. Бейсауыт адамды қондырмайды. Құдандалы, жекжат адамдар келсе, бөлек қонақ үйіне түсіреді. «Қазақ кірлі, битті» деп өздері отырған үйге кіргізбейді екен. Бөкен бастаған топ қонақ үйде, үй іші жұпыны.

Жәкежан мен Бөкен құда болатын. Жәкежан бір жігітті жіберіп, Бөкенді шақыртады, «киімін шешіп, мұнда, мен отырған үйге келсін» депті. Бөкен бар киімін шешіп, көйлек-дамбалмен, жалаңаяқ, жалаңбас есіктен кіріп барып:

— Мынаны да тастайын ба, — деп көйлек-дамбалын көрсетіпті. Жәкежан орнынан тұрып:

— Құлдық, кешіріңіз, — деп үстіне жанат ішігін жауып, ертеңіне қаражорға ат мінгізіп аттандырады.

Қазанғап байдың үйіне қонған екен. Қонақасына серке сояды. Оған Құмалақ бата қылған табақ келген соң, басты бата қылған Құмалақ ұстауы керек қой. Басты алып бір жапырақ кесіп алып, ауызына салып, қақалып, аузынан алып, лақтырып тастап:

— Өкенді... жасыңнан тау мен тастан орғып, енді мені де жардан ұшыра жаздадың-ау, — деп бір ат айып алған.

Қазіреттің үйіне қонып, базардан қазірет ет сатып әкеліп, картошкамен қосып асып әкеліп, дастарқанға қойыпты. Бөкен пышағымен картошканы әрі-бері домалатып:

— Қырдың қазы-қартасына қарай бармайсың, қаланың бес қадақ етінің қасынан домаланып бір қалмайсың, ө, — депті.

Қазірет «харам болды» деп, жемей тұрып кетіпті. Бөкеннің жолдастары да жемепті. Бөкен:

— Сендерге харам болса, харам шығар. Өзімдікі өзіме адал, — деп, жемек болып табақты алдына тартып, жемекші болғанда қазірет:

— Жоқ, жемеңіз, кешіріңіз, қате бізден, — деп мал сойып, ертеңіне ат-шапан айыбын тартып аттандырыпты.

Бөкеннің поштабайының бір атын Құрманғалы алып қалса, Бөкен тоғыз ат, тоғыз шапан алып қайтқан екен.

10. ЕСЕНАМАН

Шығыс Қазақстанда Өтеміс деген ел қу тілді, сықақшыл болған. Ол елді қулыққа баулыған атақты қу Жауыр деген кісі екен.

Елдің жайлаудағы кезі, найман ішінде матай руынан Есенаман деген бір елдің бастығы жолаушы келе жатып, түс мезгілінде ат шалдырып, намаз оқып аттанатын, қазақтың салтын [сақтайды екен].

Берсе түстік жеп, болмаса шай ішіп, қымыз ішіп аттанатын ел дәстүрі бойынша. Шеткері ақ отауда дуылдасып отырған үй сыртында тұра қап:

— О, сөйлес, — депті (Бірің шығып сөйлес дегені).

— Е, өзіміз де сөйлесіп отырмыз, — деп жауап қатты. Адам шықпады.

— Ей, бірің шығып кет, — депті. Бір шығып, өз бетімен кетіп бара жатыр.

— Ей, бірі кел, — деді. Келіп сәлем береді.

— Сөйлес дедің, сөйлестік, шығып кет дедің, тіліңді алып шығып кетіп бара жатырмын, енді атаңның қу шекесіне шақырдың ба? Кім боласыз, қай елсіз?

— Матаймын.

— Ehe, арқан жібің жете ме, қанша елді матайсың. Атың кім?

— Есенаман. (Бір көзі соқыр еді).

— Қатқаныңның басы есен-аманбысың, басыңдағы екі көздің бірі жоқ.

— Қап, мынаған шара болмас, — дейді қысылып.

— Үлкен үйеңкінің түбінен қазып алсаң, шара түгілі тегене де болады.

Ел жігіті атының басын бұрып, тартып отырыпты.

11. ЖАУЫР МЕН ТАЙЛАҚ

Шығыс Қазақстанда терістаңбалы деген елде Тайлақ деген атақты қу, сөзге шешен адам болған. Тайлақ:

— Өмірде мені жеңген адам жоқ. Ал өтемісте Жауыр деген қу бар деп естимін. Оны да ешкім жеңбепті. Мен сонымен сөйлесіп, не жеңіп, не жеңіліп қайтайын, — деп, іздеп барып Жауырдың үйіне қонып отырыпты. Төрде Тайлақ отыр. Үй іші кешкі малға шығып кеткен, үйде екеуі ғана.

Жауыр сөзбен тиіскісі келіп, Тайлаққа:

— Сенің атың кім?

— Атым — Тайлақ.

Жауыр: — Сен алдыңғы жылы да Тайлақ, былтыр да Тайлақ, биыл да Тайлақ. Сенің құнан, дөнен, атан шығар жылың бар ма?

Тайлақ: — Сенің атың кім? — деді.

Жауыр: — Менің атым — Жауыр.

Тайлақ орнынан тұрып, от басына барып, шоғы аралас қоламтаны қос уысымен шеңгелдеп алып, Жауырдың қасына келіп:

— Сен алдыңғы жылы да Жауыр, былтыр да Жауыр, биыл да Жауыр. Сенің жауырың өлі еттеніп кеткен болар, мен ыстық қоламтамен күйдірейін, — деп желкесіне құя салған екен.

Сөйтіп, өмірінде Жауыр құды жеңген тек Тайлақ болған екен.

12. ШОҢНЫҢ СӘЛЕМДЕМЕСІ

Шоң мен Шорман төс қағысып дос болыпты деседі. Екеуінің арасында сыйлыққа түйе де, бие де жүреді. Шорман байлығымен, барымташылығымен әйгілі болса, Шоң шешендік, тапқырлық, қызыл тілімен даңқы шыққан. Шорман ел-жұртын өзі қамшының үйіруімен билеп-төстесе, ендігі ұрпақты шешендік дәлмарлықпен қарапайым бұқараны аузына қаратумен билеп үстемдік жүргізуге Мұстафаны дайындаған деседі.

Бұған орай аздаған діни сауаты бар Мұстафа өз замандастарының қатарына аттылыға жол, жаяуға сөз бермеген.

Шорман баласын өз орнына сайлайтын жылы елінен төрт-бес мырзаларын ертіп, Шоң досының еліне екі күймемен аттандырған. Мұстафа бастаған бір топ өңшең өлеңші-домбырашы, сері жігіттер Шоңның есігінің алдына келіп-ақ қалады. Әрине, Шорманның бұл жігіттерді екі-үш күнге қонаққа жіберуі — досы Шоңның ықыласын тану болса, екінші,

баласының ел ұстар алдында Шоңның шешендік ұтымды сөздерінен ғибрат алсын деген мақсаты еді.

Қонақтарды Шоңның қонақ күтетін жігіттері қарсы алып, ақ отауға орналастырып жайғастырады. Қонақ асына екі биені тел емген құлын сояды. Жас қыз-келіншектеріне балауса тоқты сыбаға болады. Қазақтың мәдени әдет-ғұрпымен алтыбақан тігіліп, бүкіл елдің жастары үш күн, үш түн мәжіліс құрады. Ақындар өлең айтады, шешендер сөз сайысына түседі, тіпті кішігірім күрес те ұйымдастырылған деседі. Қызық думан көңілді өтеді. Өкінішке орай, үш-төрт күнге созылған мәжілісте Мұстафаның ешкімге сөзден дес бермеуі көңілде күдік қалдырған еді.

Төртінші күні жігіттер еліне ораларда Шоң Мұстафаның арысына ақ інген байлайды. Мұстафа «аттың желісіне ере алмайды ғой» деп реніш білдіргеніне қарамай Шорманның «Шұбары» желсе желеді, шапса желісін ұлғайта түседі деп еріксіз байлатқызған. Пәуескеге мінер алдында: «Мын бір хатты өкеңе берші, шырағым», — деп ұсынған екі тұмарша бүктелген қағазды Мұстафа қалтасына сала салған-ды.

Оралған баласының алдынан шығып, досы Шоңның қалай қарсы алғанын білгенше асығады Шорман. Дәм-тұз жағынан ешбір кемшілік жоқтығын арыстағы ақ інген-ақ айтып тұр.

Сонда:

— Ал, балам, кім не сөйледі? Нендей үлгі сөз ұқтың? — деген сауалға Мұстафа:

— Әке, үш күнге өзім жетім. Сөйлеушілер болған жоқ, аузыма қарады да отырды, — дейді, — айтпақшы, ұмытып барады екем ғой, мына бір хат берген еді, — деп баяғы тұмарша қағазды ұсынған. Шорман оқыса:

«Ақылы мұның көп екен,
Ақылының ұшы-қиыры жоқ екен.
Бірақ, бірақ ақылына
Айғыр салған жоқ екен», —

деп жазыпты Шоң. Сонда Шорман санын бір-ақ соқты деседі.

— Ойбай, балам, ... бет алды ешбір сөзге қонақ бермей лаға бергенсің ғой. Елден ер, ерден ер аспайды. Ел болған соң әр елдің өз шешені, өз ақыны, өз батыры, өз палуаны болады ғой. Әпербақандығыңды әйгілеп келген екенсің ғой, — деп өкініш айтыпты.

Қажымұқанның қалжыңдары

13. БАРЫМТА

Қажыкеңе сәлем бергелі Смайыл және Жамал деген қайындары үйіне келеді. Екеуі жайғасып отырған соң, шаруа жайында әңгіме қозғайды.

— Балуан-ау, ет жегіміз келді ғой, қыс болса қысып тұр. Бір соғым қарастырсайшы, — деп қолқа салады.

— Мақұл, жігіттер, онда мен Қаратөбеге барып қайтайын. Ал екеуің ертең осында келіңдер. Мен де кешікпей оралармын, — деп Қажымұқан орнынан көтеріліпті.

— Е, бәсе, сөйтсейші, — деп әлгі екеуі балуанның атын әбзелдеп, ауылдан аттандырып салады.

Ал Қажыкең Қаратөбеде өз шаруасымен болып, ертеңіне кешке қарай ауылға келді. Оның ауылға келгенін естіген Смайыл мен Жамал асыға жетеді.

— Балуан-ау, ат-көлік аман келдіңіз бе? Шаруа жайы не болды?

— Жігіттер бордақы табылды. Тәуір еті бар бір қара сиыр екен. Аяғы ақсақ, бірақ ауылға зорға жетті. Енді пышақтарыңды қайрап, таңертең келе қойыңдар, — дейді Қажыкең.

Ертеңіне күн шықпай екеуі тағы келеді.

— Бордақыны ертерек жайғап, осында қуырдаққа бір тоялық, — деп жалаңдап тұрған Смайыл мен Жамалға Қажымұқан қисайып жатып:

— Сендерге әкелген бордақы, өне, — деп әйелі Мінайды көрсетеді. Ол кезде Мінайдың аяғы ақсап жүрген кезі екен. Қапыда қармаққа түскенін білген қайындары сандарын бір-ақ соғышты.

14. ҚАРЫМТА

Өлгі оқиғадан соң Смайыл мен Жамал балуанның қадірлі нағашысы Исабек деген кісіге келіп, жездеден қарымта қайырып беруді өтінеді.

— Мақұл, жігіттер, бұл бір қызық болсын. Бордақының есесін қайтарайық, — деп Исабек атқа қонып, суық жүріп, Қажекеңнің үйіне келеді де:

— Қажеке-ау, ә, Қажеке, қара биең Сүйінбайдың жағасында ауызын жылан шаққан ба, жатып қалышты ғой. Тезірек бармасаң, мына шілдеде құрттап кетер, — дейді де, атынан түспей кетіп қалады.

Қажекең қаупалақтап, қолына тұзы мен бізін алып, үйінен шығады. Күн шыжып тұр. Ауылдан әудем жердегі арқандаулы бие мен құлынға терлеп-тепшіп әрең жетеді. Келсе қара бие аман, құлыны қасында жайылып тұрғанын көреді. Сонда Қажекең ойланып, басын шайқап:

— Қап... Мына екеуі Исекеңді пайдаланып, бордақыда кеткен барымтаны қайтарды-ау, — депті.

15. БАЛГЕРМЕН БӨТУА

Қажымұқан жолаушылап, ауылға қайтарда, жолай үйіне бір балгер жігітті ерте келеді. Онымен бөтуаласып, былай дейді:

— Ал, жігітім, бар шеберлігіңді сал. Енемнің аты — Төкей. Бес қызы бар. Үлкені — менің зайыбым, оның аты — Мінай. Ең кішісі он бес-он алтыға келіп, бойжетіп қалды. Осы қыз жайлы бір хабардың шетін шығарыңқырап ебін тауып, құмалағыңды сөйлет. Қазір анамды шақырайын, — деп Қажекең сыртқа шығып, енесін ертіп келеді.

— Қане, құлындарым, аман-есен жүр ме екен, бал ашып бере ғой... Бал басың, міне, — деп Төкей әжей қалтасынан тиын-тебен алып, балгердің алдына қояды.

Балгер жігіт өз-өзінен күбірлеп, ақ орамалдың үстіне шашылған жүгерілерге қарап отырып, әлден соң сөйлей береді.

— Әже, бес перзентіңіз бар екен ғой. Қазір өзіңіз ең үлкенінің үйіндесіз ғой шамасы. Үшеуі тұрмыста сияқты ғой... Бәрі аман. Бірақ мына бір құмалақ жеке тұр ғой. Ең кішіңіз осы болса керек. Балдың айтуына қарағанда, кенжеңіз тұрмысқа шыққан ба? Шамасы бір жетінің ішінде шақырушы келіп тұр ғой босағаңызға, — деп балгер жігіт сөзін аяқтағанда, Төкей әжей:

— Мынау не деп кетті, ойбай-ау, тұрмысқа шыққаны несі? Әлі жас қой. Ой, қу Құдайым-ау, шұнақ Құдай, бұл не қылған іс болды? — деп жылай береді. Сонда төрде қисайып жатқан Қажекең сылқылдап күле жөнеліпті. Мұны сезген енесі көзін сүртіп:

— Әй, балуан-ай, сенің-ақ ойының таусылмайды-ау. Ұйқытұйқы бұл қандай бәле десем... Қой, балың құрсын, балың құрсын, — деп сыртқа шығып кетіпті.

16. ҚАРЫМТА ҚАЙЫРЫМЫ

Қажымұқан арада екі-үш ай өткізіп, Смайыл мен Жамалдың Исабекті пайдаланған қарымтасын қайтаруды ойлап, жол

табады. Он, он екі жастар шамасындағы Есалыны (балуанның інісі Ескерместің баласы) шақырып алып:

— Балам, Смайыл мен Жамалға бар. Бірақ абайла... Есіктен ішке ен де: «Апамды сабап жатыр. Өлтіретін болды-ау.. Жүріңдерші, ағалар!» деп, өтірік жылаған болып, есіктен дереу шық та, үйге қарай жүгіре бер, — деп баланы жұмсайды.

Көп ұзамай Смайыл мен Жамал да есіктен апыл-ғұпыл ішке енеді. Сөйтсе, балуан тонынын оқтаумен сабап жатқанын, ал Мінайдың (Қажекеңнің әйелі) күбінде май шайқап тұрғанын көреді. Екеуі де өткендегі қарымтаны еске түсіргенде:

— Әй, балуан-ай, сені ешкім әзілдеп жеңе алмас, сірә, — дегенде Қажекең кеңк-кеңк күледі.

17. ТӨРТУЫЛ ОМАР ДЕГЕН...

Бірінен-бірі сөз асырмақ, әркім өз мерейін үстем еткісі, әрқайсысы өз ру-таптарының намысын биіктеткісі келген топ жиынның ішінде төртуыл Омар деген бар еді. Сөз сайысына түсіп, қызынып алған ол қарсыласы Құлеке-Сейіттіктерге шешендік, сөз тапқандықтың жөні осы екен деп, оларды өлеңмен төпеп, бет қарамастай еткісі келіп:

— Атым — семіз, тамақ — тоқ,
Тарбағатайдың бораны
Қалай соқсаң, олай соқ.
Боранда ұшып өлетін,
Құлеке-Сейіт мұнда жоқ, —

деп бастырмалатады. Шекара ашық заманда ар жақтан (Россия жағы) барып мал алып келмек болған Құлеке-Сейіттің біреуі Хабарасудан өте алмай, боранға ұшып өліпті. Омардың өзінше

тіліне тиек етіп, қарсыласын сөзбен байладым деуге негіз болған сол бір оқиға еді. Құлекеңнің сөз сайысына түскен адамы Омарға:

— Ер болсаң, сөзіңе жауап бер. Мықты екеніңді білейін, ар жақтан барып мал алып кел, — дегенде:

— Әкелмегенде несі бар? — деп Омар атына мініп, жүріп кетеді. «Хабарасу, жығылған түйе тайып жаман асу» дейтін әйгілі асуға жете бергенде, Омар алды-артын орап соққан ақтүтек боранға кез болады. Аты омбылап, өзі суыққа тоңып, қоқиған Омар ойынан пәрмені, бойынан дәрмені кетіп аттан ауып қалыпты. Үсті-басын қар мен мұз басып, сауыс-сауыс болған Омардың аты таңертеңінде ауылға келеді. Іздеушілердің өлдім-талдым дегенде зорға іздеп тапқандары бұрынғы аузымен аспандағы айды алған бөспе Омар емес, қол-аяғы қоқиып қатып қалған, кірпігі зорға қимылдайтын, кеудесінде шығаршықпас жаны бар, қатып-сірескен Омар еді. Екі аяғының басы үсіп түскен ол, содан бастап «Шолақ аяқ Омар» аттаныпты. Омардың мекені Шыңжаң өлкесіндегі Сібеті деген жер, қыстаулары Тарбағатайға таман. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» дегенді халық Омар сияқтыларға арнап айтса керек. Байқап сөйлемесең, өз аузыңнан шыққан сөз өзіңе пәле боп жабысатынына осы әңгіме мысал болуға тиісті, — деп Сейтқазы ақсақал әңгімесін аяқтады.

18. ЖАНГӨБЕК ОМАР АҚЫН

Сіңірі шыққан жарлы кедей, диуана атанған ақын Омар Уәтаевтың 1932 жылы сексен жасында қазіргі Аякөз ауданы, Ақшатау совхозының жеріндегі Қызылжалда дүниеден көшіп, Қоңқақтың зиратына жерленгені белгілі. Омарға қатысты бұл әңгімедегі оқиға ұлы Октябрьден бұрын болған.

...Үшбиік жақтағы бір байдың үйінде ішінде Қазірет және Әріп ақын бар бір топ кісілікті адамдар мен игі жақсы атанғандар түстеніп отырады. Дастарханға қымыз әкелінгенде:

— Омар диуана келе жатыр, — деген сөз естіледі.

— Қымызды Омар келген соң ішейік, — депті қазірет.

Бәрі де қазіреттің сөзіне тоқтап, қымызға ұмтылмай сабыр етиседі. Үйде отырғандарға сәлем бере кіріп, төрден орын алған Омардан қазірет:

— Қымызды ішуге бола ма? — деп сұрайды.

— Ішуге болмайды қымызды!

Осылай деп Омардың даусы саңқ еткенде, бәрі де тым-тырс болып, таңырқаған кейіпте Омарға қарасады.

— Қалай? — дескендерге:

— Кеше бие сауатын шелекке қарала күшік аузын тығып алған, — деп сенімді түрді жауап қайтарыпты Омар. Сұрастыра келгенде Омардың айтқаны шын болып шығады.

Осы оқиғаның куәсі болған Әріп ақын тағы бір кезіккенде Омар ақынға:

— Ел сені диуана, білгіш дейді, балаларымды сынап берші, — депті. Сонда Омар Әріпке балаларын қатар қойдырып, бәріне сын көзімен бір қарап өтеді де, Әріпке қарап:

— Сөйлегенде кетесің оттай шалқып,
Ақ түйеше келгенді бір-ақ тарпып.
Кеудең алтын болғанмен, бөксең мырыш,
Бір өзіңе тартқан жоқ, бәрі шартық, —

деп оның балаларына бір шумақ өлеңмен баға беріпті.

Айтқандай-ақ Әріптің балаларына ақындық өнер дарымай, өзінің жолын қуған бірде-бірі болмаған екен.

19. УӘЙІС АҚЫН МЕН СЕРІКБАЙ ҚАЖЫ

XIX ғасырдың аяқ шені. Уәйістің үйлі-баранды болған, жиырма бестерден жалынды шағы екен де, Серікбайдың алпысты ауқымдаған, айлық-дәулеті сарқылмағын кезі екен. Серікбай ақын — Сараның Біржан салға:

Садырбай, Жаманбала, Арқабайым,
Тел емген екі енені марқадайын, —

деп бетке ұстаған Садырбайының баласы. Жаманбаладан — Кәріпжан. Кәріпжан-Серікбол деген атақтары жер жарады. Екеуі де шынжыр балақ, шұбар төс. Олар Семіз Найманның Орыс Медет табынан. Екі шонжар Балқашқа құятын Аякөз, Бақанас, Қурайлы өзендерінің сағаларын қыстап, күзектеп, кедей «нашар» ауылдарды баса көктей отырып, Нарын өзенінің бастау алар тұсындағы Ақшәулінің салқын төстерін, шүйгін өрісті жота-сілемдерін, мөлдір бұлақты көк-жасыл қойнауларын жайлап қайтады екен.

Серікбай Абаймен құда. Абайдың Ділдәдан туған Райхан деген қызын Серікбайдың Құдайбергені алып отыр. Ол — әрі Абаймен замандас, құрбы, одан екі жас үлкендігі бар, аса етжеңді, кесек, зор денелі қарасұр кісі.

Уәйіс пен Серікбайды тағдырлас ететін бір жағдай бар. Ол — 1898 жылы Ақшатаудағы Көшбике қонысында өткен Қоңыркөкше болысының сайлауында Абай басына істелген сойқанды іс. Бұл уақиғаның өткенінен де бірер жылдың жүзі өтіпті.

Абайдың қасына еріп барған Уәйіс Абайдың үстіне оны шапанымен бүркей құлап, қаптаған көп таяққа сыртын төсеп, Абайды қорғап қалған. Серікбай болса — Абайға қастандық жасаушыларға билік айтып, жаза, құн кесіскендердің бірі.

Бірақ екеуінің дүниетанымдары екі басқа. Уәйіс — бұқара оптимист те, Серікбай — ескішіл-байшыл, діндар қажы.

Қарашаның алғашқы қары жауып, маңдала жайлы ұйқыға еніп, аспан аласара, түнере түскендей. Айналаны ымырт жайлаған шақта, Аякөз өзенінің Қозы Көрпеш-Баян сұлу зираты тұрған тұсынан жоғары өлкеш өрлегі салып келе жатқан жолаушы Уәйіс ақын. Салт атты жолаушы астық артқан түйе жетектепті. Бұл жүрісі алты-жеті үйлі кедей ауылдың қамы. Солардың астығын артып, ұзақ жүрістен өзі де, көліктері де қажып келеді. Уәйіс Құрайлының Аякөзге құяр сағасындағы тоғайлы, паналы, шүйгін күзекте там үйінде отырған Серікбай қажының ауылына тезірек жетсем деген ойда отыр. Жолдағы ауылдарда теңдегі астықтан үлесі барлар да «қарызымыз бар еді» деп, жолына көлденең, бөгет болатындар қажы ауылына батып, жолай алмайды. Ішкі есебі осы.

Кеш жамылып, ой үстінде келе жатқан ақынның құлағы қажы ауылы иттерінің үргендері естілді. Уәйіс ауылға ат басын тірегенде, ит жасқауға да ешкім шықпады. Қонақ келеді деп күтпеген қажы жатуға ыңғайланған екен. Үсті басына қылау жабысып, тоңазығын сырт киімі қаудырлап, саптама-сын сықырлата басып ала көлеңке ауызғы бөлмеге Уәйіс:

— Ассалаумағалейкум! — деп сәлем беріп кірді.

Төргі бөлмеден:

— Уағалейкүмассалам! — деген қажының жуандау, жарықшақты үні естілді.

— Қай елсің?

— Кереймін.

— Керейдің қайсы?

— Қожакелді Көлібайымын

— Есімің кім?

— Уәйіс.

— Ее, әлгі ақын, әнші Уәйіс екенсің ғой. Шын ақын екеніңді білейін, табалдырықтан аттамай тұрып, табан асты бір ауыз лебізіңді шығаршы.

Бұл сәтте Уәйістің жүрегі жалындап, бойы ысып, шабыты өрледі. Табалдырық емес, сын көшірінен аттағалы тұрғандай сезінген ақын шабытының киелі құсы қазға ұмтылған қаршығаша самғай жөнелді:

— Өлеңді айтушы едім ысылғаннан,
Тер шықты маңдайымнан қысылғаннан.
Келді деп бір кедейді кім елейді,
Ешкімің қарсы алмады шығып алдан.

Болып тұр бұл сауалың сыннан бетер,
Уәйіс бөгелмей-ақ бұдан да өтер.
Абайдың қасына айттың әділ билік,
Қажеке бір ісің жоқ бұған жетер...

— Жетер, жетер. Уа, пәлі! Шын ақын екенсің, қалғанын төрге шығып айт, — дегенде, Уәйіс:

— Келемін Алатаудан астық артып,
Адамға тіл екен ғой басты барлық.
Сөз жебеп, өлең толғап, шабыт қолдап,
Төріңе аяқ шешпей, шықтым қарғып, —

деп барып Серікбайға қол берген екен. Сөйтіп, өлең сөз бен дүние, байлықтың иелері таразыға түсіп, өлең сөздің киесі жеңіпті.

20. ҚОНЫСПАЙ АҚЫН

— Бабаларымның тарихына көз жүгіртсем, Бекназардың баласы Қойлыбайдан тарайтын аз үйлі елде Қоныспайдан басқа ақындығымен аты шыққан басқа ешкім болмаған

көрінеді. Қоныспай — менің төртінші атам. Қоныспайдан Ханжан. Ханжан мен оның бәйбішесі Болғаннан Боқаш, Бөкеш, Жақып — үшеуі туған екен. Үш ағайындының кішісі Жақып өлеңші, әңгімеші атанып, би атанбаса да, ел ішіндегі дауға жиі араласатын сөз шебері болыпты. Мен Жақыптың бәйбішесі Ығайша Жеңісбайқызының, яғни әжемнің тәрбиесінде өстім. Ығайша — ата-тегінен дарыған киелі емшілігі бар, аққұба өңді, қыр мұрынды, қайратты қара шашты, жұмсақ, биязы, жүзді, мейірімі мол, асыл туған адам еді. Ол 1968 жылы 77 жасында Нарын топырағына жерленіп, мәңгі де тыныш ұйқысын жалғастырып жатыр. Одан туған Қамза да өлең жазған. Ол марқұмды мен «әке» деп атап көрмедім.

Бала кезімде әжем Ығайшадан, Иса Естемесовтен т.б. үлкендерден Қоныспай жөнінде еміс-еміс әңгімелер еститінмін. Олардың айтуынша, Қоныспай жалғыз аттының серісі атанып, жиын-тойларға ел кезекпен шақырысып, үйге тоқтамайтын, жүргіш, әншілік пен ақындықты, таза жүруді ғана қасиет тұтқан. Қоныспайдың кірпияз тазалығы сондай — күнде қырынып-жуынып, тырнағын үйден алыс жердегі төбенің басына барып алады екен. Ыдыс-аяғы кір үйден ас татпай аттанып жүре беріпті. Сегіз ағайындының ішіндегі тентек, ерке өскені де сол — Қоныспай. Ол үйге тоқтамай қызық қуып кеткен соң ағайын-туыстары ақылдасып:

— Мұны жын қуып кетті, енді тоқтамайды, — десіп, баласының үлкені Мүрәліге:

— Сен әке орнына әке болдың. Шаңыраққа ие сенсің, — деп шешеді. Өнерді жын деп ұққан, өз жанының сырын түсінбеген тоғышар туыстарына іштей наразы болған Қоныспайдың үйге тоқтамауының басты себебі — оның Қытайдағы Қызай елінде Еркеш атты ғашығы болғанға ұқсайды. Қоныспай Қызай еліндегі үлкен бір жиын-тойда айтысып, отыз қыздың бәрін жеңіп отырғанда, айтыс үстінде Қоныспайдың жүрек лүпілі

мен тамыр соғысы сезімталдықпен танып, байқап үлгерген Мейір, Баян деген екі қыз:

— Қоныспай ақын жігіт керейдегі,
Енді жоқ отыз қыздың көбеймегі.
Біреуін отыз қыздың шын ұнатсаң,
Сөзің айт, келіп тұрған көмейдегі, —

деп екі ғашықтың жүрек сырларының кілтін тауып, жүрек сырын ақтарып, ғашығының жүрегіне жеткізуге себепші болады.

Мейір мен Баянға Қоныспай былай деп жауап қайырған екен:

— Қызайдың қос сұлуы Мейір, Баян,
Қағаздың ақ жүзіндей еліңе аян.
Айтылмай қалмас деген жүрек сыры,
Шын сүйген осында отыр менің саям.

Ішінде отыз қыздың атың Еркеш,
Қолыңда жетелеген бөрте серкеш.
Табынан таңдап алған торытөбелдей,
Сыртыңнан шөлкемдеуші ем ертелі-кеш.

Еркештің ерке аққудай еркелігі,
Бойынан табылмайды-ау ешбір міні.
Мәңгілік жар етерлік жан екенсің,
Дүниеде жан тең келмес саған тірі, —

деп домбырасын күмбірлете, шырқата әндетіп ғашығына деген махаббатын өлең-жырмен, әсерлі әнмен жеткізіпті.

Қоныспай 38 жасында Қызай елінде қайтыс болған. Қоныспай Тоқпайұлының өмір сүрген уақыты шамамен XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезі.

21. БАЙҚҰДА ПАЛУАН

Байқұда жайында алғашқы сөзді Ырзаекеңе (Тілеуберлин) берейік.

— Матақ Дәрмырза айтушы еді, — деп бастады сөзін ол, — 1890 жылдың шамасы, жаз айы. Ауылымыз Боршатастың батысындағы Аққұдық деген жерді жайлап отыратын. Шөлдеп, су ішем деп барған інген түйе құдыққа түсіп кетіп, бес-алты үйлі жанның іске татыры боп жабылып түйені шығара алмадық. Сөйтіп, амалымыз таусылып отырғанда, ауылға биеге мінгені тайға мінгендей көрініп Байқұда келді. Қуанып кеттік. Биеден түскен бетте ол:

— Мықты, ұзын сырық және екі қыл арқан әкеліңдер! — деді құдыққа түскен түйенің жайын көрген соң. Сырықты екіге бөлгізіп, бір-бір жақтарын ұштатып қазық жасатқызды. Өлгі қазықтарды түйеден 2-3 атамдай жерге, арасының қашықтығын құлаштай етіп тоқпақпен ұрып жерге қаққызды. Екі арқанның да бір-бір ұштарын қазыққа байлап, екінші ұштарын суда жатқан түйенің төс және бөксе тұстарының астынан өткіздіре орай тартып алды. Алдымен төс жақтағы арқанның ұшын иығынан асыра қос қолдай ұстап, екі аяқты тірей, «ауп!» деп шірене тартқанда, Байқұданың бар тамыры білеу-білеу боп адырайып, бұлшық еттері кесек-кесек, түйін-түйін боп шыға келді. Сол-ақ екен түйенің басы мен кеуде жағы құдықтан ернеуге көтеріліп шыға келді. Арқанның қолдағы ұшын қазыққа мықтап байлап, осындай әдіспен інгеннің бөксе жағын да тартып шығарды. Алып, жойқын күштің тегеурініне шыдамай, аяғындағы былғары мәсі байпағы табанын қақ айрылып, тарамыстары бырт-бырт үзіліпті.

Байқұда жайындағы өңгімені Жарма ауданы, Үшбиік селосының тұрғыны Жағыпар Айдарханов жалғастырсын.

— Абайдың Семейге барған бір сапарында қалаға цирк паландар келіп жатқан екен. Солардың бәрін Англиядан келген бір

палуан жеңіпті. Абай: «Бұл палуанды жығатын бізде бір адам бар» деп, әлгі палуанға билігі жүретін адаммен сөзге таласып, ақыры бөстесіп тынады. Екі палуанды Көкен тауы жақтағы бір ауылда кездестірмекші боп келіседі. Екі жақ та палуандар бірін-бірі өлтірсе де, құн дауламайтын боп шарт қойысыпты. Байқұда күшін жалдап күн көрген кедей екен.

«Байқұданы жіберіңдер» деп Абай кісі жіберсе, Сарыбай керейінің басты адамдары «мерт етеді» деген сылтаумен Байқұданы жібермеді. Абай екінші рет сыйлы адамын жіберіп: «Сөзімнің өлгені — өзімнің өлгенім. Менің онымен бөстесіп жүргенім — Байқұдаға сенгенім» деп сәлем жіберіп, Байқұданы алдырады.

Байқұданы цирк палуаны ө дегенде-ақ құлақ-шекеден пәрменімен ұрып жіберіпті. Басы айналып, құлағы шыңылдап, құлауға шақ қалып барып, тез есін жиып алып, ашуға мініп, әруақ шақырып, қарсыласына тап беріп, оны жамбасқа ала, екі аяғын көктен келтіре алып ұрып, кеудесіне міне кетіпті. Қызына дауыстап, дуылдаған көптің ішінен Абай да дауыстап:

— Әй, Байқұда! Кеңірдегін суырып ал, құны төленген! — деп айқайлаған дейді.

— Байқұданың есік пен төрдей айғыры болыпты, — дейді Жағыпар, — Байқұда айғырының астына кіріп, төрт аяғынан ұстап көтеріп, әрлі-берлі жүргенде, айғыры да үйреніп алғандықтан, тыпырлап, қозғалмайды екен. «Айғырым мені көтереді, мен айғырымды көтеремін» деп Байқұда күн күркірегендей күңгірлей сөйлеп, ха-ха-халап күледі, — дейді.

22. БЕЙСЕТАЕВ СЕЙІТҚАЗЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

С.Бейсетаев 1922 жылы туған. Аякөз қаласы «Астық дайындау» бөлімінде ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп, құрметті

демалысқа шыққан екен. Сөз қадірін білетін Сейітқазы әуелгі сөзін:

— Жақсы ғой, құда, келгенің,
Ел аралап жүргенің.
Білімдінің аузынан
Қазына теріп жүргенің.
Әр ұлтта ақын көп,
Айтады ғой білгенін, —

деп өлеңдете бастады.

— Абай әрі дос, әрі атқосшысы Ерболды, — деп жалғастырды әңгімесін Сейітқазы, — керей жаққа ел шаруасымен жұмсайды. Ісін тындырып, қайтарға беттеген Ербол өгіз мініп, қойын ерте өргізіп бара жатқан тоқсандағы кәрияға кез болып, сәлем береді. Жөн сұрасады.

— Сізден естіп едім деп елге айтып жүрейін, есте қалатын бір есті сөз айтпас па екенсіз? — деп тақауырлай түседі Ербол кәрияға. Қойы ұзап, алаңдап тұрған кәрия:

— Жасынан байдың қойын баққан мендей кедейден не сөз шығушы еді, қарағым. Қойым кетіп қалады, бөгеме, — деп көлденең кез болғаннан құтылғысы келеді. Ербол тіпті тақымдап болмаған соң кәрия:

— «Өгізге мінген кісінің екі өкшесі и болады, жаман бала өз төрінде жатып өз үйіне би болады», — деп өгізін тебініп, қойына қарай беттей беріпті.

Ербол үйіне келсе, баласы малға шықпай, екі қолын төбесіне айқастыра төрде шалжиып жатқан екен. Баласының мына қылығына ашуланған Ерболдың ойына кәрияның сөзі түсе кетіп, баласына:

— Шалжиып жатысын! Мал қайда? Түзде қой бағып жүрген керейдің бір шалы, сенің үйде бүйтіп жатқаныңды қайдан білді екен? — депті қатулана түсіп. Қой баққан кәрияның екі-ақ

ауыз сөзінің әсері Ерболға қандай боп тигені оқырманға ой салатындай.

23. ЕСТАЙ

Естай әнші қартайғанда жолы түсіп Маралды жағына барды. «Естай келіпті» дегенді естіген ел әдеттегідей жиналып отырып, одан ән айтуды өтінеді. Естай жайлап «Жай қоңырдан» бастап бірнеше әнін орындап береді.

— «Қорлан» деген әніңіз айтылмады ғой, — дейді таяу отырған ақсақалдың бірі.

Естай қомданып, орнынан қозғалып, қайта отырып, домбыраның құлағын сәл көтеріп, халық қалаған әнді шырқап жөнеледі. Ән аяқтала бергенде, отырғандардың ішінен бір әйелдің шығып бара жатқанын байқайды.

Бұл жайды барлап қалған қарияның бірі Естайға шығып кеткен Қорлан екенін айтады. Оны ала көлеңкеде көп ішінен байқамағанына қатты қысылған әнші сол қалпында үнсіз отырып қалған екен. «Қартайғанда бір ұялғаным-ай!» деп кейін өзі өкініп айтып жүріпті.

24. МҰСА МЫРЗА МЕН САҚҚҰЛАҚ БИ

Қанжығалы Саққұлаққа Мұса би сәлем бере келе жатып бір қатар кісімен ақылдасыпты:

— Сәкеңе не деп сәлем береміз? — деп.

Сонда Жандәулет деген ақсақал биі:

— Саққұлақ не десе, о десін, сен Мұса қолын ұстағанда «Орта жүздің арыстаны» деңіз! — депті.

Айтқандай Мұса келіп:

— Ассалаумағалайкум, Орта жүздің арыстаны — дейді. Саққұлақ би:

— Уағалайкум ассалам, Орта жүздің шам-шырағы — депті.

Сонда халық: — Мұса ойланып тапты, Саққұлақ ойланбай айтты, Саққұлақ дана — депті.

25. ЫБЫРАЙ МЕН БАЙЛАР

Қасында жастау жігіт, жалғыз жолдасы бар Ыбырай бір байдың үйіне келіп түсіпті Сый-құрмет, қонақасы үстінде әлгі бай Ыбырайға қарап:

— Ыбырай-ау, атақ-даңқың жер-көкке тарады. Бар ел сені ардақтайды. Осыған орай қасыңа қалың жұрттан таңдап, балуан жігіт, сері-өнерпаз, әнші-күйші, топ ертіп жүру басыңа лайықты еді ғой, мұның қалай, жалғыз бала ертіп, салтаң жүргенің? — депті.

Сонда Ыбырай:

— Байеке, жүздің ісін бір адам тындырса, амалым қайсы? Сіз айтып отырған қасиеттер осы баладан табылмасына кім кепіл. Тегінде, өнер егіз туа берсе керек, ел туғыза берсе керек, — депті.

Бұл сөзге бай қайтып жауап қатпапты.

Сондағы еріп келген бала қазақтың белгілі ақыны болған Нұржан Наушабаев екен. Нұржан ақындығының үстіне әрі домбырашы, әрі балуан, сері болған кісі екен.

26. [МАҚТАНШАҚ БАЙ]

Ыбырай Алтынсарин халық мектебін ашуға елден қаражат жинап жүрген кезінде бір мақтаншақ байдың үйіне кірмей, өтіп кетеді. Бай оның артынан қуып жетіп:

— Шырақ, біздің үйге неге кірмедің? Немене, мені он бес тиын бермейді деп ойлайсың ба? — дейді.

Сонда Ыбырай:

— Сіздің бүгін он бес тиын беріп, ертең мен жоқ жерде он бес сом бердім деп халыққа өтірік айтып, мақтанатын әдетіңізден қорқып, кірмей кеттім, — деп жүре беріпті.

27. ҚҰЛАҚ КЕСКЕН ҚОЖАМҚҰЛ

XIX ғасырда Ұлы жүз Албан-Қызылбөрік елінде Қожамқұл атты іші тар, күйгелек, шыр мінезді сараң бай өмір сүріпті. Оның Ұлы жүзге белгілі «Көкқасқа» деген бөйгі атын бай ел аралап кеткенде, ерке-шолжаң, алаңғасар ұлы Масғұт:

— Әкеңнің Құдайдан тілеп алған жалғызы да, еркесі де, серкесі де сенсің. Бір атқа билігіңді жүргізе алмағаның ба? — деп біреудің азғыруына түсіп, өзінің көңілжетер адамына беріп жібереді.

Масғұт сол шақта он бес-он алтылардағы үйленбеген боз-бала екен. Сапардан оралып, баласының келеңсіз қылығына іші күйген, ашуы асып-тасқан бай Масғұтты таяқ алып жаяу қуады. Ұлы жеткізбей ендіктіріп, дымы құрып, шаршайды. Әлі бітіп-шаршап жерге отыра кеткен Қожамқұл баласына басқа істер амалы қалмаған соң, жер тырнап, көк жұлып, бір қолмен құлағының ұшынан ұстап тұрып, екінші қолындағы кездікпен өз құлағын өзі орып жіберіпті. Лақтырып жіберген құлақтың ұшын бір күшік ала қашады.

Ел құлағы елу емес пе? Бай өз ауылын қанша тыям дегенмен бұл хабар елге жайылып кетіпті.

Құлақтағы жара қара қотырланған кезде байдың үйіне серіктерімен Сүйімбай ақын түседі. Бай жаралы құлағын басының астына келтіріп, жастықты қалыңдатып ауырған болып жата қалады. Қожамқұл Сүйімбайларға басын көтерместен, көңілсіз сәлемдесіп, бөйбішесіне:

— Мына кісілер қымыз ішіп кетсін, қымыз қой дастарханға, — деп қузап, Сүйімбайлар тездетіп аттанып кетсе дегендей

ниет білдіреді. Байдың пасық ниетін, арам ойын сезіп отырған алғыр ақын Сүйімбай:

— Дулат деген бір ел бар,
Үлкен пішкен тондай-ды.
Шапырашты деген бір ел бар,
Біреуге қоңсы қонбайды.

Сарүйсін деген бір ел бар,
Қарғыс айтып Домалақ,
Екі болыстан озбайды.
Қызылбөрік деген бір ел бар
Ел ішінде нелер бар,
Өз құлағын өзі кесіп,
Қожамқұл сірә оңбайды, —

дегенде, Қожамқұл бай жастықтан басын жұлып алып, Сүйімбайлардан кешірім өтініп, «сыйлы қонағым боп кетіңіздер деп» аяғына жығылған екен.

Сөйтіп, дүниеқоңыз, сараң бай тура сөйлеп, тілімен орып түсетін алғыр ақыннан дауасыз жаза тартыпты.

28. МОЛДАБАЙ ПАЛУАН

Тарбағатай округіне қараған қаракерей елінде аға сұлтан Саниязұлы Қамбар төре болған. Оның қолында Молдабай деген түйе палуаны болған. Шәуешек қаласында үлкен мереке болып, соған қазақтар, қытайлар, ұйғырлар, татарлар болып көп халықтар жиналған.

Ат бөйгесі. Ат бастаған үш тоғыз. Түйе палуан бөйгесі. Түйе бастаған үш тоғыз. Жиналған халықтың ең көбі қытайлар, одан кейінгі қазақтар болды.

Аттарды бәйгеге жіберген соң, қытайлар бір бөлек, қазақтары бір бөлек, екіге бөлініп отырысты. Аралары алшақтау, ол күрес майданы. Енді палуандар күресі болу керек. Қамбар төре бір ақсақалды қазақ тобын басқарушы етіп қойды, астына зор қарабайыр ат мінгізді. Ол адам Молдабайды артына мінгестіріп, күрес майданы алаңға әкеліп, түсіріп кетті. Молдабай алаңда жалғыз өзі отыр. Бір мезгілде қытайлар жақтан еңгезердей дәу қара адамның басына темір ноқтамен ноқталап, ноқтаның шынжыр бауын екі жағына шығарып, бес кісіден екі жақ шынжыр баудан ұстап, кейін тартып тежеп келеді. Палуан басын оңға қарап жұлқынса, сол жақтағы бес кісісі біріне-бірі соғылып құлайды. Ал сол жағына қарап сүзе жұлқынса, оң жағындағы бес кісісі соқтығысып құлайды. Осылайша қыр көрсетіп, қазақтардың зәресін ұшырғысы келеді. Сүйтіп, майданға келіп тоқтайды. Бір адамы палуанның басындағы темір ноқтасын алды. Ол «маған батып кім келер екен» дегендей, жан-жағына айбынмен қарап тұр. Молдабай саспастан орнынан тұрып, қытай палуанның қасына таман барғанда, Молдабайдың бойы қытай палуанының кеудесінен ғана келеді.

Екеуі біраз арбасып тұрады да, ұстаса кеткенде, Молдабай оны іштен шалды. Қытай палуаны Молдабайды тік көтеріп алды. Молдабай оның бұқадай күжірейген мойнынан қапсыра шеңгелдеп буындыра берді. Ол көтерген бойы жылжып, жүре береді. Молдабай шалған аяғын сол күйінде босатпады. Екі қолымен мойынын сығымдағанда, күтірлегендей болды. Ол Молдабайды жерге соға алмады. Тек жылжи берді. Бір мезгілде қытай палуаны үлкен бәйтерек құлағандай гүрс етіп, жерге құлап түсті. Молдабай оның үстіне қолын кеңірдегінен босатты да, басынан аттап, күш алып тұра бергенде, қазақтың топ бастаған ақсақалы ортаға шауып келіп, көлденеңдей бергенде, Молдабай

қарғып артына мінді, шапқан бойы үстіне шапан жауып, топтан қашырып елге жіберді.

Қытай түйе палуаны орнынан тұрмай, жатып қалды. Оны жабылысып көтерісіп алып кетті. Бір топ қытайлар Молдабайды іздеді, көреміз деп, онысы сылтау еді, ойлары Молдабайды өлтіру. Өйткені қытай түйе палуанының кеңірдегі күлталқаны шығып, өлген екен.

Содан Молдабайдың аты шығып, даңқы жер жарған. Барлық қазақ еліне, Үрімжі, Манас жақтағы қызай еліне де аты жайылады.

29. МОЛДАБАЙ МЕН АҚЖІГІТ

Басында темір ноқтасымен, шынжыр бауынан ұстаған он кісіні сүзгілеп, сүйретіп, күрес алаңына алып келген қытайдың алып түйе палуанын жыққан деген даңқы жер жарған, Молдабай палуанның даңқына құмар болып, қызай елінен Ақжігіт палуан іздеп келеді.

Бұл да ата-бабасымен батыр, палуан, даңқты болған әйгілі түйе балуан жігіт екен. Молдабаймен кездесіп, достасып, үйінде бірнеше күн қонақ болып қоштасады. Кетерде:

— Достым, сіз де келіп біздің елді де көріп қайтыңыз, — деп шақырып кетеді.

Молдабай да досының үйіне қонаққа барады. Ақжігіт қарсы алып, қысырдың тайын сойып, күтіп жата береді.

Бір күні сол елде бір байдың үлкен қыз ұзатар тойы болып, Ақжігіт пен Молдабай да сол тойға барады. Бәйгі аттар жіберілгеннен кейін екі рулы ел екіге бөлінісіп отырысады. Енді палуан күресі болу керек. Ақжігіт жақтың ақсақалдары Ақжігітке палуандыққа шығуды сұрады. Ақжігіттің күреске түскісі келмеп еді, ел басшылары болмай, ақыры Ақжігіт ел көңілін қимай, шешініп күрес алаңына барып отырады.

Оған батылы барып ешкім шықпады. Молдабай палуанның бүйірі қызып кетті ме, әлдекім шығады деген дауысқа ешкім шықпаған соң, намыстанғандай бір сезім биледі ме, Молдабай күрес алаңына шыға келді.

Ақжігіт қараса өзінің Молдабай досы:

— Ой, достым, мен сенімен күреспеймін, ана бас палуан бәйгесін сен ал, — деді.

Халық шулап, «күресіп алсын, жайдан-жай ала ма? Кім болса да күресіп алсын» деп шулап болмады. Ақыры екеуі күресуге тура келді де, күресті. Молдабай Ақжігітті жықты. Халық Ақжігітті жыққан қандай палуан деп таң қалысты. Бас бәйгені Молдабай алды. Ел тарады. Молдабай Ақжігіттің үйіне келді, Ақжігіт бұрынғыдай қарсы алмады. Молдабай да өз қылығын өзі біліп, қатты ұялып, аттанып жүріп кетті.

Ен далада жалғыз келе жатыр еді, арт жақтан бір салт атты жанаса өте береді, қараса, ер тұлғалы, келбетті келген, бір жас келіншек екен. Амандасып жөн сұрасады.

— Мен Молдабай деген кісімін. Сіз кім боласыз?

— Мен Мыңбай деген байдың келінімін, атым — Ақжібек, — деді, — ауылымыз кеше көшіп еді. Жұртта сандықтардың кілті қалып қойыпты. Бұл жақ иен боп қалған жұрт, қауіпті болған соң өзім келіп алып кетейін деп келе жатыр едім, — деп астындағы бозжорғамен ағызып келеді.

— Анау көрінген біздің жұрт. Ана көз ұшында томпайып көрінген біздің кілт.

Барып жеткеннен кейін, қоржын басындай кілттерді жерден іліп алып, қанжығасына байлады. Келіншек кері еліне қайтуға бетін бұрып тұрып:

— Ал, жігітім, қош-сау болыңыз, — деп амандаса бергенде Молдабай келіншектің атының шылбырынан ұстай алады. Келіншек айтты:

— Жол үстінде шылбырдан ұстамаңыз, жолыңызға кесір болады, — десе де Молдабай босатпады, — олай болса, жігітім,

өз обалың өзіңе, — деді де, Ақжібек Молдабайдың жауырынынан қапсыра ұстап, атынан жұлып алып, алдына тоқты өңгергендей, өңгеріп алып, енді еңкейіп Молдабайдың атының шылбырын алам дегенде, ердің қасы мен келіншектің тақымы арасында қысылған Молдабайдың екі жақ қабырғасы күйреп, сынғандай болады. Молдабай қатты қорланып, қапаланып жата береді.

Молдабайды алдына өңгерген қалпында атын жетекке алып, айдап келеді.

Молдабай ішінен: «ер, ердің еріне кездесе, тақымында күлер деген осы екен-ау! Тым болмаса еркектің тақымында емес, әйелдің тақымына түскенім өлім болды-ау» деп қатты күйініп келеді.

Біраз жүріп ауылға жақындаған кезде әйел тоқтап, Молдабайды жерге түсіріп, атына мінгізеді. Келіншек:

— Ал, жігітім, мынау біздің ел. (Өзен жағалай қонған қалың ел екен). Сен ерлікпен, иә серілікпен, не батырлықпен, не болмаса көңілің жақындықпен ат басын ұстаған шығарсың. Енді біріміздікін біріміз кешірісейік, сен маған бауыр бол. Аз күн жатып, қонақ болып, тынығып қайтарсың, — деп аулына ертіп келді. Құрметтеп, үйге кіргізіп, атасына, ауыл адамдарына Молдабайды:

— Мына жігіт — менің бауырым. Көріспегелі көп болды, амандасайын деп іздеп келе жатыр екен. Жолда кездесті. Аты — Молдабай, — деп баршасына таныстырды.

— Е, құда екен ғой, — деп бәрі де құрметтеп, амандасып, қой сойылып, қонақасы беріліп, жақсы қарсы алып жатыр.

Ертеңіне ауылдың бір атан түйесі апан құдыққа түсіп кетіп, ауыл жігіттері жабылып шығара алмай жатқанда бір ақсақал:

— Ей, жігіттер, сендер шығара алмайсыңдар. Ана ақжібек келінді шақырыңдар, — деп, бір кісіні жібертті. Сонда Ақжібек айтты:

— Ол түйелеріңізді мына менің бауырым-ақ шығарып береді, — деп Молдабайға қарады.

Молдабай бұрын құдыққа құлаған түйені талай шығарған еді: — Жарайды, мен-ақ шығарып беремін, — деп, түйе жатқан құдыққа келіп, түйенің екі өркешінен қапсыра ұстап, суырып сыртқа шығарады. Ауыл адамдары:

— Ой, келіннің бауыры да бауыр-ақ екен, — деп сүйсініп таң қалысады. Ауыл ақсақалдары Ақжібекке келіп:

— Келін-ау, бұл бауырың осы уақытқа дейін біз көрмеген қандай бауырың? Құда қай жақта болған, күші тура өзіңе тартқан екен. Шіркін, жігіт-ақ! Құдамыз жарайды, — деседі.

Ақжібек:

— Бұл менің немерелес бауырым. Бізден алыстау тұрады. Көрмегелі көп болды. «Сағындым Ақжібегімді, бір көріп амандасып қайтамын» деп, іздеп келе жатыр екен. Ескі жұртта кездесіп, алып келдім.

— Өте жақсы болған, шырағым, — деп жұрт разы болып, үй басы бір қой сойып, күнде шақырып, бір жұма жіберместен сыйлап күтеді. Ақжібек өз отауына жатқызып, сұхбаттасып, сырласып, жөн сұраса келгенде, Ақжібек палуан Ақжігіт палуанның тетелес апасы екен. Молдабайды сый-құрметпен аттандырады.

Молдабай: — Өмірімде екі рет қаталық жасадым, — деп өкінеді, — біріншісі — досы Ақжігітпен күресіп, оның жұрт алдында беделін төккені, екіншісі — Ақжібектің шылбырына жармасып, оның тақымында кеткенім өкініш те және өлім де емес пе?! — дейді.

30. БОЛАТТЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

Болат ақындығымен қатар тілге жүйрік, сөзге шешен, әзілқой, қуақы болған адам. Бір байдың мырзасы 3-4 жолдас

ертiп, қулық салыстырмақ болып Болаттың үйiне келiп түседi. Болат кедейлiгiне қарамастан қонақжай адам екен. Мырзаны жолдастарымен қарсы алып, қонақасы өзiрлейдi.

Болатты сөйлеткiсi келген мырза сөз бастайды:

— Бөке, — дейдi ол, — осы бiр дуадақ деген құс өте семiз болады ғой. Не жеп семiредi десем, тас жейдi екен ғой. Бiр жылы бiр дуадақ атып әкелiп сойып қарасам, iшiнен жұдырықтай-жұдырықтай көк тас шықты, — дептi.

— Ол рас, — дептi Болат, — менiң де мылтық ұстайтын өнерiм бар едi. Таудан бiр дуадақ атып әкеп әжеме сой деп берiп, өзiм үйге кiрiп кеттiм. Аздан кейiн әжем:

— Болат, ау, Болатжан, — деп дауыстағансын шықсам, дуадақтың бөтекесiнiң iшiнен құлағы жоқ қызыл шыны аяқтың үстiңгi құлағы шыққан екен. Сол бiр ай бұрын бiздiкiнен жоғалып едi, — дептi.

Мырза Болаттың шешiле сөйлегенiне қызыға түсiп:

— Бөке, осы қазақтың бiр мақалы бар, «семiздiктi қой көтередi» дейдi ғой. Менiмше, семiздiктi қой емес, жылқы көп көтеретiн сияқты. Бiр жылқы соғымға сойдым. Сiз көрген жоқсыз, саған өтiрiк, маған шын. Сол биенiкi мынадай шықты, — деп қарысын керiптi.

— Ол рас, — дептi, — Болат, — қазақ бiр-екi қонаққа да сойып алуға ыңғайлы болғансын «семiздiктi қой көтередi» деп мақтай салған. Семiздiктi қой емес, жылқы көтеретiнi рас. Бiр жылы мынау хахолдарда бiр сарыала айғыр сатып әкелiп қойып едi, сен көрген жоқсың, саған өтiрiк, маған шын ғой. Өлгi айғырдыкi мынадай шықты, — деп қарын жазып көрсетiп, жұдырығымен мырзаның мұрнына салып қалыпты.

Мырза тұра киiнiптi.

— Асықпаңдар, ас жеп кетiңдер, — дептi Болат.

— Рахмет, асығыс едiк. Сiзге сәлем бере келiп едiм, — деп мырза жолдастарымен жүрiп кетiптi. Жолдастары мырзаға:

— Қулық салыстырамын деп келiп едiң ғой, асына қарамай кеткенiң не? — деп сұрасыпты.

— Сендер түсінбеген екенсіңдер ғой. Болаттың қулығы, менің қулығымнан құлаш жарым артық шығып, бір шеті мұрныма тиіп, мұрнымды бұзып кетті, — депті мырза.

31. [ТАУЫҚ ШАҚЫРА ЖҮРЕМІН]

Болат бір жылы алысқа жолаушылап бара жатып, бір ауылға келіп лұқсат сұрап қонған екен. Жатарда үй иесіне айтыпты:

— Мен тауық шақыра жүремін, — депті.

Салқынмен жүргісі келіп жатқан қонақ бір ұйықтап, қайта ояна беріпті. Сыртқа шығыпты, атын суарып өкеліпті. Шақырар тауық болмапты. Ағашта қонақтап отырған тауықтан өтешті ұстап, сөмкесіне салыпты да, үйге келіп, қамшысын іздепті.

Үй иесі оянып кетіп:

— Бұл кім, қонақпысың? — депті.

— Иә, мен едім жүргелі жатқан, — дейді.

Үй иесі:

— Тауық шақыра жүремін деп едіңіз ғой, ертерек емес пе? — депті.

— Шақырса шақырар, шақырмаса, жолда шақырар, — деп жүріп кетіпті Болат.

Үй иесі ертеңгісін біліпті өтешті алып кеткенін.

32. [ҮЙДІҢ АУАСЫ]

Шілде айларының шыжыған ыстық бір күнінде иттер шабаланып қоя береді. Кедей үйінің киізінде жыртық тесігі аз болсын ба? Болат тесігінен сығалап қараса, бір топ салт аттылар үй сыртына жақындап қалған екен. Қасында ауылдың би, шоралары бар старшинасы екенінін танып, жалма-жан алдарынан шығып, аман-саулық сұрасқаннан кейін:

— Қош келдіңіздер, үйге түсіңіз, — дейді Болат.

Бұлардың ішінде бейтаныс, жасы елулер шамасында біреуі болады. Киіну әлпетіне қарағанда, сұлтан тұқымынан екені байқалып тұр. Ол ақ жібек орамалмен желпіп тұрып, қабағын тыржита Болатқа қарап:

— Сіздің үйдің ауасы жақсы ма, салқын ба, — деп мошқал сұрай бастапты. Қасында тұрғандар да бұған «Болат не деп жауап берер екен» дегендей Болатқа қарасады.

Болат:

— Жер мен көкке көз тастап тұрып, мына біз тұрған жер мен сонау көк аспанның екі ортасы менің жыртық үйімнің кеңдігінен аумақты болу керек. Соншама кеңшіліктің ауасын сізге тапшылық етіп тұрғанда, менің үйімнен не рахат таппақсыз, — деп мырс етіп күліп жіберіпті.

Бейтаныс әкім өзінің кеудіреген шалдан сөз таппай жеңілгендігіне қатты сасып, әрі ыза болып:

— Біз сенің үйіңнен қонақасы жеп қарқ боламыз деп те келгеніміз жоқ еді-ау. Жол сұрап келдік, — дей салыпты жалтара сөйлеп.

Болат беттеріне таңдана қарап:

— Сіздер сияқты ұлықтар сұрағанда амал қанша? Мына төккен күлдің ар жағында екі сары қасқа жол бар, таңдауын алыңдар, — депті.

Бейтаныс әкім төре руынан, управитель екен.

33. МАҚАШ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Ел басқарған Мақаш правительдің баласы қайтыс болып, ауыр қазаға қабырғасы қайысқан ол ешкіммен сөйлеспей, ақ боз үйге жан адамды кіргізбей жалғыз өзі жатыпты да қойыпты. Көңіл айта келгендерге де басын көтермепті. От ауызды, орақ тілді Әтембек би Мақаштың тұстасы екен, жолда келе жатып

жағдайдың бәрін естиді. Үйге кіріп келген биді көргенде Мақаш міз бақпай жата беріпті. Сонда Әтембек:

— Ей, Мұқаш, баласы өлген жалғыз сен бе, түр орныңнан! — деп ақырып жіберіпті. Ешкім бетіне келіп көрмеген Мұқаш оған одырая қарапты да:

— Маған түр дейтіндей сен кімсің, Құдаймысың? — депті.

— Құдаймын!

— Құдай болсаң, менің жалғыз баламды алдың, енді не істермін дейсің?!

— Мен Құдай болсам, балаңды алғаныммен қоймай, басыңдағы бағыңды, астыңдағы тағыңды алар едім, қойыныңдағы қатының мен алдыңдағы малыңды алар едім. Екі көзіңді су қараңғы етіп, иығыңа дорба арқалатып, ел кездіріп, дуана етіп жіберетін едім, — деген Әтембек сөзіне шыдай алмаған Мақаш төсектен басын жұлып алып:

— Тәубе, тәубе, Тәңірім, бергеніңе шүкіршілік, — депті. Әтембек бимен әңгіме-дүкен құрып, көңілі көтеріліп қалыпты.

34. [ЖИЕНДІК]

Мақаш Орынборда оқып жүрген кезінде ауылына келіп жасы тоқсаннан асқан қарт нағашысына сәлемдеспекші болып барады. Көзі көруден, құлағы естуден қалған қарияға жиендігін көрсетпекші болған Мақаш өзін танытпай:

— Мен бір жолаушы жігіт едім, сізден сұрақ қоюға бола ма? — депті. Сонда қария «қойғын» десе керек.

— Дүниеде не терең, ақсақал?

— Ғылым. Оған тең келер ештеңе жоқ.

— Алыстан не жақын екен?

— Жиен! Ей, осы сен Мақаш емессің бе? — депті нағашысы, оның қойған сауалынан танып қойыпты.

35. [БАЛА ӘКЕДЕН КЕМ ТУА МА?]

Бірде Мақаш өзі аса бағалайтын Әтембек биді сынамақшы болып әдейі сұрап, былай дейді:

— Әтембек, осы бала әкеден сынық сүйем кем туады дейді. Сол өтірік-ау, менің әкем Шолтыр сауатсыз, ауыл арасынан ұзап шықпаған адам еді. Ал мен оқыдым, ел басқарған әкімін.

— Е, бала әкеден кем туа ма, артық туа ма, кім білген?! Менің білетінім әкең Шолтыр өз әкесі Бекмұханбет өлгенде күмбездеп мола салып, перзенттік парызын өтеген еді. Ал сен әкең Шолтырға дұрыс бейіт те тұрғызбадың, — деген екен.

36. АҚЫЛ ЖАСТАН

Торайғыр мен Шоң — Арқадағы сүйіндік елінің азулы билері, айтулы шешені болған, XX ғасырда өмір кешкен ағайынды адамдар. Түйенің екі өркешіндей ағайындылардың шешендік даңқы, шонжар, шынжырбалақ-шұбартөстік атақтары, билік-беделдері Орта жүзге жайылған екен.

Ағайынды екеуі бірін-бірі күндеп, бір атым насыбайдай нәрседен өкпелесіп, бірінің алдына бірі кішірейіп, бас ұруды намыс санағандықтан, өкпелері ұлғайып кетеді.

Еліне екі биден мысын асырар, сөзге алымды ешкім болмағандықтан, ағайын ара тұрып, екеуін татуластыруға әрекеттенгенмен беттері қайтып, таулары шағылады.

Барлықтан басы айналып, кеуделері байлықтың буына піскен, біріне-бірі кішірейсе, атақ-дәрежелеріне нұқсан келетіндей көрініп, бойларын кеселге, ойларын астамшылыққа жеңгізген екі бидің көңілдеріне жібіместей тоң байланып, мүлде көрісіп, бітіспеуге айналады. Шоң бүйтіп қырғиқабақ күн кешкенше, еліне біржола кетпекке бекініпті. Ол үйлерін жығып, жұртын тастап, көшін бастап Бағаналы-Наймандағы

нағашысы Бабырға жетпек боп жолға шығады. Жұртынан қозыкөш жер ұзап шыққанда Торайғырдың қойын жайып жүрген Тазша бала Шоңға сәлем беріп, оған былай деп тақпақтата жөнелген екен:

— Бұл барғаннан барарсың
Бағаналы-Құлнияз Бабырға.
Өзіңде жейтін бар болса,
Сыбағаңа тартады
Бір сыдырғы қабырға.
Ат-айғырың көп болса,
Барымтасына жарарсың.
Қыз-қатының сұлу болса,
Бозбаласына жағарсың.
Ел көшкенде түңлігіңе бір қарарсың,
Мұндағы Торайғыр-Шоң деген,
Бұл аттан да айырылып қаларсың.

Баланың сөзі Шоң бидің көкейіне қона кетеді. Атының басын тартып, ойға қалған Шоң ағайын арасындағы өкпеге бола туып өскен ел-жұртын тастағанмен, жат елге барып опа таппайтынына көзі жетіп, көшін қайтарған дейді.

Сөйтіп, тапқыр баланың табынды да табанды сөзіне ешкімге илікпеген әйгілі би еріксіз илігіп, қатесін мойындап, райынан қайтыпты. «Дау сөзге тоқтайды» деген осы болса керек.

37. ТҰЯҚ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

Бұрынғы өткен кезде Атығай-Қарауылда бір үлкен той, ат шабыс, күрес болып, осы екі елдің барлық адам қарасы жиналып, осы екі елдің мынау қалай деген балуандары күреске түсіп, жүйрік жақсы аттары жарысқа қосылып, үлкен той

болады. Осы жиналыс-тойда үлкен дау, жанжал шығып, негізі Қарауыл Тұяқ дейтін адам өте балуан екен. Осы Тұяқ Атығайдың атақты бас балуанын жығып кетеді. Осы тойда түйе бастатқан бас бөйгені Тұяқ алады. Осыдан кейін үлкен талас, жанжал шығып, аяғы ұрыс-жанжалға айналып, бірнеше адамдар жараланады. Осыдан кейін осы екі елдің талас мәселесі дұрыс шешілмей, екі жақтың жиналған адамдары тарап кетіседі.

Сонымен, бағанағы балуан Тұяқ атына мініп, еліне қашады. Мұның артынан Атығайдың қуғыншылары шығып іздейді. Ұстап алып өлтірмекші болады. Сонымен балуан Тұяқ сескеніп, елінен безіп, қашып шығады. Үйінен шыққаннан: «қайда барсам, кімге барсам менің жаным осы ажалдан құтылып, ман қаламын» дегенді ойлайды. Қашып келе жатып, жолында тоқтап түскен жерінде әркімдерге шын жайын айтып ақылдасады. Содан кейбір ақылдасқан үлкен адамдар айтады екен.

— Сен, шырағым, Баянауылда Едіге бар, оның баласы Шоң бар, Орта жүзден шыққан нағыз әділ адам. Сондықтан осы Шоңға барып, аман жететін болсаң, сенің осы жұмыстан аман сақтап алып қалуға шамасы келеді, — деп ақыл береді.

Сонымен Тұяқ осы айтылған үлкендердің ақылын дұрыс деп алып, Шоңды іздеп Баянауылға жүріп келеді. Ел жайлаудан қайтқан кез. Шоң өзінің күзгі отыратын қонысына көшіп келген кезі болуы керек. Бір күні кешке таман Шоң үйінің жанында отырғанда қасында бірнеше кісілері бар, күнбатыс жақтан күн бата бір салт атты адам келіп, астында жарап қалған қамшыдай қатқан есік пен төрдей, құлағы бір қарыс торы аты бар, қанжығасында сүйреткен сойылы бар. Басына киген жекей тымағы бар, үстінде түйе жүн шекпені бар, ұзын бойлы қарасұр адам үйдің жанында жиналып отырған адамға сәлем беріп атынан түсіп, жиналған кісінің ортасында отырған дәу де болса Шоң болар дегендей сәлем беріп, Шоңның қолын ұстапты.

Сонымен Шоң жай-жапсарын сұрастырып, кейін өзінің жалғыз қызын шақырып алып:

— Балам, мынау адам жолаушы қонақ екен. Үйге ертіп барып атын байлап, үйге түсіріп, қондырыңдар, — деп қызына қосып жіберіпті. Осы жерде Шоң бұл адамның тегін шыққан адам емес екенін сезіп отыруы керек. «Қабағы түскен, не қылған жабыңқы адам, бұл тегін адам емес ғой» деген ойға түседі.

Сөйтіп, Тұяқ Шоңның үйіне қонып, таңертең тұрып, шайын ішіп жайланғаннан кейін Шоң Тұяқтың хал-жайын, қайдан шығып келе жатқанын сұрайды. Сонымен Тұяқ барлық болған оқиғаны бастан-аяқ айтады. Өзінің сол себепті Атығай-Қарауылдың дау-жанжалынан қашып шыққанын:

— Енді қашқанда қайда барса, жаны арашаланып қалатын жерді іздеп, елді іздеп, сонымен Сүйіндікте Шоң дейтін адам бар, осы адамға барып жетсең, сені ешбір адам қайтарып ала алмайды, сені сақтайды деген жолшыбай ақылдасқан адамдардың ақылымен сізді іздеп паналайын деп келіп едім, — дейді.

Содан кейін Шоң елі-жұртын, барлық өзінің балаларын шақырып, малын сойып, өзінің сегіз ұлы, бір қызы бар екен. Қарауылдан келген осы Тұяқты оныншы бала етіп, қолына қойған малының асық жілігін ұстатып, Тұяқты бала етіп асырап алады.

Бірнеше жыл Тұяқ тұрғаннан кейін Шоңға әбден жағады. Өзінің қай баласынан болса да кемдігі болмайды. Сонымен Шоң Тұяққа әйел алып береді. Өз алдына отау тігіп, мал бөліп береді. Бірнеше жыл өткеннен соң, өзі қартайған кезде Шоң барлық балаларын, жалғыз қызымен шақырып алып, ел тауға қайтар кезде, өзінің көзі тірі уақытында малдарын бөліп беріп, әрқайсысын бөлек-бөлек жерге қоныстандырады. Осыдан кейін Тұяқ Шоңның бір баласы болып, мал-жанға ие болып, қатарлы үй болып кетеді. Атығай-Қарауылдың елі Тұяқ Баянауылда Шоң деген адамның қолына барып паналады дегенді ұзын ха-

бардан естиді. Бірақ та Тұяқты іздеп бұлардың ешқайсысы келмейді.

Сонымен Тұяқ осы елге сіңіп кетеді. Тұяқтан Қарашолақ деген бала туады. Қарашолақтан Дүйсенбай деген бала болады. Дүйсенбайдан Оспан, Ахметжан деген балалар болады. Осы жоғарыда айтылған Оспан және Ахметжанның балалары осы күні Павлодар облысында, Баян ауданында, Екібас заводында тұрады.

Әр түрлі тақырыптағы
әңгімелер

1. ЖЕР АСТЫНДАҒЫ МЫРАМЫР ТАСТАН САЛЫНҒАН МЫҢ ҮЙ

Мен 1921 жылы құдам ауырып, көңілін сұрап барып жатқан кезде Өскемен уезіне қараған Өтеміс елінен қыстың ортасында сексен бес жастағы кәрия салт атпен күндік жерден келді. Екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, алып тұлғалы, ақ сақалы омырауын жауып тұр, жалпақ толық бетіне сақал-мұрты жарасып тұр. Аты — Сегізбай. Көп атақты адамдарды көріп, көп жақсы сөздер естіген, қазақ, қалмақ батырларымен жолдас болып, талай рет аң аулаған, сөзге тартымды, салмақты адам екен. Сол Сегізбай ақсақалмен үш күндей әңгімелесіп, неше түрлі әңгімелерін жазып алған едім.

Сегізбай:

— Мен өзім көрген бір ғажап уақиғаны саған айтып берейін, — деп бастады, — елімізден ақтар кетіп, қызылдар орнағаннан кейін еліміз жайлауда еді. Біз көшпей қыстауда қалғанбыз. Біздің қорадан он алты шақырымдай жерде бір үңгір бар болатын. Бір күні бір уәкіл келіп елдің барлық адамдарын әлгі үңгірдің алдына жинатты. Көп халық келген екен. Мен де хабар тиісімен атыма мініп ап бардым. Әлгі келген уәкіл бір тасқа шығып алып, сөз сөйледі:

— Ал, халқым, менің естуім бойынша, осы жердің астында көп үйлер бар дейді, оған осы үңгірмен кіреді екен. Ал осы топтың ішінде ержүректі еркек жігіт бар ма? Осы үңгірге кіріп көріп, тексеріп шығамын деушілер, кәне, қолдарыңды көтеріңдер.

Бір адам да үндемеді. Себебі, «оның ішінде аю бар, жеп қояды екен адамды» деп ертеде дақпырты елге жайылған үңгірден

кіруге батылдары жетпей, қорқып тұр. Жастар жағынан «мен кіремін» деп бірде-бір жігіт қолын көтермеді. Оған менің намысым келіп:

— Мен кірейін, — дедім.

Уәкіл қуанғаннан:

— Өте жақсы, бері шығыңыз, — деп қасына шақырып алды да, — тағы кім кіреді? — деді.

Сол уақта алпыс бес жастағы бір шал:

— Мен кірейін, — деді.

— Жарайсың, өте жақсы болды, — деп оны да шақырып, маған қосты да, екеуімізге екі май шам берді. Қаруға балта, пышақ алдық. Бар қаруымыздың түрі сол екеуі болды. Үңгірдің аузы тура аюдың ініндей. Уәкіл бізге:

— Ал, ақсақалдар, ішінде не көрінсе содан белгі алып шығасыздар, абайлап байқап, біріңізден-біріңіз адасып қалмай, әсіресе аюдан сақтаныңыздар, — деп тапсырып жатыр.

Хаққа сиынып алдымен мен кірдім, қолымда май шамым, бір қолымда балтам, еңбектеп келе жатырмын. Артымда ана кісі бар. Он саржан шамасы жүрген соң алдым тұйыққа тірелген сияқты. Абайлап шаммен қарасам, үйдің қабырғасы тәрізді. Абайлап тағы қарасам, тап кигіз үй сияқты дөңгелек үлкен тас екен. Соның бір жағын айналып кеткен жол бар сияқты. Оны анықтап тауып алып, тағы ілгері қарай еңбектеп кете бердік. Тағы да бес саржандай жүрген соң бір үйдің іргесінен шықтық. Әлгі үй бес қанат кигіз үйдей дөңгелек, қайрақтай көк шұбар мырамыр тастан қалап төбесін кигіз үйдің төбесіндей етіп, яғни мешіттің күмбез төбесіндей өріп, томпақтау етіп жауыпты. Ішінде бір төсек бар, оның үсті бір кісі жатқандай, биіктігі белуардан қызыл мырамыр тастан жасалған. Ортасы сәл ойлау, оң жағында бір есік, сол жағында бір есік, дәл ортада бір есік, бөлмелерінің қалыңдығы төрт-ақ елі. Ол есіктен кірсең, дәл осындай тағы бір үй, бір төсектен ары қарай жалғасып кете береді екен. Егер ортадағы есіктен кірсек адасамыз-ау деп, ылғи оң жақ

шеткі есіктен кіріп отырдық. Бөлмелерден бөлменің ешбір айырмасы жоқ. Бірінен-біріне кіру үшін тыңдап, байқап, сылдыр-тарсылсыз жүріп отырдық. Барлық үй мен оның бөлмелері бар бір қалыптан шыққандай, еш айырмаларын көрмедік. Ар жағына жетер емеспіз. Тіпті, бос шықпайын деп белгі үшін қабырғасының қайрақтай көк шұбар тасынан бір тас алып, қонышыма салдым. Төсектің қызыл шұбар тасынан бір тас алып екінші қонышыма салып, енді қайтуға беттедік. Қайтадан кірген бірінші үйімізге келсек, кірген үңгіріміз жоқ. «Қап, бағана май шамның түбінен кесіп алып, жағып кетпеген екенбіз» деп өкіндік.

— Енді адассақ, жер астында қаламыз-ау, өзіміз сұранып келіп, — деп едім шалым да қорқуға айналды. Айғайласақ, ешбір дыбыс жоқ. Сырттан дыбыс келмеді бізге.

— Ал, ақсақал, біз екеуіміздің тағдырымыз жер астында бітетін болды, — деуім мұң екен, ақсақалым өкіріп жылап:

— Шын айтасың ба? — деді.

— Шын айтам, менің ойыным келіп тұр ма, байқұс, — дедім.

— Тым болмаса бала-шағаларыммен қоштасып та кірмеген екенмін. Менің сүйегімнің қайда қалғанын да білмейді-ау, — деп өкіріп, есі шығып жылап жүр.

Мен:

— Япыр-ай, алғашқы бірінші үйіміз осы ақ үй емес пе еді, — деп айнала іргені қарап жүрсем, үңгірден үйге кіре бергенде алдымда көлденең бір шыбық жатқан тәрізді еді, сол іргеде жатыр. Байқасам үңгірдің аузын көрсетпей бір тас үстінен қалқалап тұр екен. Үңгірдің аузын тауып, қуанып, сыртқа шықсақ, сәске түсте кірген едік, күн еңкейіп батуға жақындап қалыпты.

Әлгі уәкіл біздің шамымыз бітіп қалды да, олар адасты, олар шықпай, мен бұл жерден кетпеймін деп, бір кигіз үйді әкелтіп, тіктіріп жүр екен. Біздің шыққанымызды көріп, өте қуанып, қарсы алып, менен оңаша шығарып алып, сұрап жатыр. Не барын, не жоғын түгелдей айтып түсіндірдім де,

өлгі қонышымдағы екі жерден алған мырамыр тастарды бердім.

Ол: — Бұларың жақсы болды, — деп, жоғары тексеретін орынға жазып, екі тасты қосып салып жіберді. Содан бәріміз де тарап кеттік. Келер жылы үш орыс келді. Өлгі уәкіл менің әдірісімді бергенге ұқсайды. Біздің ауылдың шетіне келіп, кісілерден сұрапты:

— Сегізбай шалдың үйі қайда? — деп. Бір бала біздің үйге ертіп әкелді.

— Сегізбай сенсің бе? — деп сұрады.

— Менмін, — дедім.

— Сен үңгірді білесің бе? — деді.

Мен: — Білемін, — дедім.

— Сен бізді сол үңгірге апарасың ба? — деді.

Мен: — Апармаймын, ол осы жерден он алты шақырым. Үшеуің бес сомнан он бес сом берсеңдер, апарайын, — деп едім:

— Оһо, сразу береміз, — деп он бес сом ақша берді. Сосын оларды ертіп барып үңгірді көрсеттім.

— Мен кірмеймін. Сендерге жолын ғана көрсетемін. Өздерің кіресіңдер, — деп, жолдағы тастың бір жағын айналып өтетінін, бір үйге бір шам жағып кету, шеткі үймен жүрудің бәрін білгенімше түсіндірдім.

Бұлар сәскеде кірді. Екеуі жер астына кіріп, біреуі аттарын қарауға қалды. Мен «бұлар әлі шықпайды ғой» деп ауылға барып қымыз ішіп, түстеніп келсем, кіші бесінде әлі шықпапты. Атты отқа жіберіп, отырдық. Күн бата шықты-ау, апақ құдай, әбден шаршаған. Жер астында таза ауа жоқ, тұншыға жаздайсың, оңай ма?

Жігіттерге:

— Ал, баяндаңдар, — дедім.

— Шеткі үймен жүріп отырып екі жүздеуі үйге бардық. Түбіне жете алмадық, — деді.

Біреуі адамның ортан жілігін, енді біреуі адамның жауырын сүйегін алып шыққан. Ертедегі адамдар ірі болса керек, ортан

жіліктің ұзындығы алты сүйем болды. Ал жауырынның етегі, қаптал шапанның өңіріндей.

— Басқа ештеңе де жоқ, — деді.

Сегізбай айтады:

— Мұның үсті тау емес, құба сарыжон — алты шақырым. Ар жағында бір есігі бар дейді. Оны өзім көргенім жоқ. Сол екі есіктің арасы мың үй, — деп отырды.

2. ЖЕТІСУДАН СЕМЕЙГЕ ЖАРЫСҚА БАРҒАН ДОМБЫРАШЫ КЕЛІНШЕК

Мың тоғыз жүз оныншы жылдары губернатор Семей халқына мынадай жарлық хабарлаған:

— Семейдің байлары, саудагерлері, мырзалар және қымыз, пиво сатушы әйелдер, өртүрлі аспапта ойнайтын музыканттар! Алдағы демалыста аралға шығындар, өте қызықты жаңалық, тамаша болады. Тамашадан қалмаңдар, кедейлер бармаса да болады, — депті.

Халық демалыс болғанша шыдай алмай асығып, не болар екен деп лоблып, жаяу саудагерлер қалтасына бес-он сомнан салып, дайындала бастайды. Қайықпен өтетін аралға көпір салыныпты. Елдің күткен демалыс күндері де жетті. Ел ағылып аралға қарай кете бастады. Елмен ілесіп, мен де аралға бардым. Халық жиналыпты. Сыра сатушы бір жерге, қымызшы бір жерге, музыканттар бір жерге бір топ болып олар тұр. Биік төрт столды бір жерге қойып, үстіне кілем жайып, оның үстіне шәйі көрпелер төсеп қойған.

Ер-әйелдер құрметтеп қазақтың келіншегін әкелді. Стол қасына келіп тұрып, халықпен сәлемдесті, сұңғақ бойлы, мүсінді, аққұба, қызыл шырайлы, келбетті, үлбіреген жас келіншек. Үстінде торғын көйлек, шетіне оқа, құндыз ұсталған қара кемзал, басында ақ жібек шәлісі бар. Аяғында көксауырлап күмістелген кебіс-мәсі, кебісін шешіп, стол үстіне шығып,

көрпенің үстіне отырғызды. Жанында екі ішекті бір домбырасы бар және жеті ішекті бір домбырасы бар. Шәлісін басына төгілте бүркеніп келіншек отыр. Губернатор келді. Қасында төрт палицейі бар. Халық дүрліге көтеріліп, тағзым қылды.

Сағат онның шамасы. Губернатор орнынан тұрып, халыққа келіншекті таныстырды.

— Бұл кісі бізге келген қонақ. Жетісудан келген қазақтың дарынды музыканты. Біздің Семей музыканттарымен сынға түсуге әдейі келіпті. Сіздер қазір осы жарысты көресіздер, — деді де келіншектен сұрады, — бұл күй тартысудың тәртібі қалай өтпек? — деді.

Келіншек:

— Былай болады: әуелі сіздің бір музыкантыңыз екі-үш күй ойнасын, одан кейін оның күйін мен орындаймын. Содан кейін мен үш күй ойнаймын, оны сіздің музыкантыңыз орындау керек. Егер бір-біріміздің тартқан күйімізді біріміз орындай алмасақ, ол жеңілгеніміз.

Губернатор музыканттарына ұғындырды. Содан жарысқа кірісті. Бірінші болып бір орыс музыканты баян ойнады. Керемет ойнады. Үш күй тартты. Одан кейін келіншек екі ішекті, жеті ішекті домбырамен әлгі музыканттың күйін бұлжытпай тартып берді. Өзі үш күй тартты, оны баянист бірін де тарта алмады. Оны жеңілдің деп былай шығарып қойды. Қазақ жігіттері қаны қызып, іштерінен әруаққа сиынып тұр «О, Құдайлап». Гитар ойнаушы, мандалшы, балалайка, пианина ойнаушылар бәрі жеңіліп шықты. Содан кейін скрипкашымен жарысты. Скрипкаға төрт күй ойнады. Оны да келіншек тартып берді. Содан келіншек төрт күй ойнап еді, скрипкашы оның екеуін ойнады, екеуін ойнай алмады.

Сонымен Семей музыканттары жеңілді. «Бәйге жетісулық музыканткі» деп алдына дастарқан жайдырып, губернатор жүз сом салды.

— Ал, мырзалар, бәйге сый қонақтікі болды. Бес сомнан кем тастамаңдар, — деді, — мырзалар мүмкін артық тастар, ол

өздерінің мырзалығына байланысты, — деді. Қазақтар разы болғандықтан, қалталарындағы барын тастағандар болды. Келіншектің алдында ақша төбе болып үйіліп қалды.

Осының ішінде болған орта жастағы Мақанжан айтты:

— Бұл аты, даңқы шықпаған қандай күйші! Келіншектің екі қолында перчатка, саусағының ұшы жезден, — деді.

3. ЕКІ САЛДЫҢ БӘСЕКЕСІ

Жамбыл облысында он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде бір байдың асы болып, үлкен жиын болған екен. Сол көп жиынның ішінде Оңтүстік Қазақстаннан бір сал, Арқадан бір сал келген екен. Ол екеуінің де өзге жұрттан сән-салтанаты ерекше болып, көпшіліктің көңілін аударса керек.

Ұлы жүздің жігіттері:

— Біздің оңтүстіктің салының салтанаты, ат-тұрманы, киімі артық.

Арқа елінің жігіттері:

— Арқаның салының салтанаты артық, — деп бөсеке, талас сөздер болса керек. Сол топта арқаның салы былай депті оңтүстіктің салына:

— Ертең екеуіміз адам баласы кимеген киім, адам баласы мінбеген атқа мініп келеміз. Мақұл ма?

— Мақұл.

— Ертең түсте осы топқа келеміз, — десіп кетісті.

Ел асыға күтуде. Салдың киген киімі мынандай еді: шұбатылған кең шалбарының балағының ішіне бір қыз сыйып отырады екен. Торғыннан, жібек шағилардан тіккен киімдерінің айналасын оқаланған, баста үкілі құндыз бөрік, кестелеп, маржандап, моншақтап оқалаған. Мінгендері жорға, үстінде кестелі кежім, жалын дейін маржандап безендірілген, үстінде сом күміс ер-тоқым, құйысқандап, өмілдіріктеп тасталған.

Бір түйеге екі сандық артқан, іші толған асыл киімдер, жолдастары да біркелкі киінген. Халық екі салдың келуін күтіп, ертеңінде түс болмай жиналды. Топтың бір шетінен оңтүстіктің салы келді. Астында шоқтығына қол жеткісіз боз жорға арғымақ, төрт аяғына күміс білезік салған, жал-құйрығын оқалаған қоза маржанмен оқалаған кежім, үкілеп тастаған. Үстіне киген киім де кешегі киімнен екі есе артық киінген. Жолдастары да бір түсте киініп, бір түсті аттар мінген. Ел таңғалып тұрысады. «Мынадан Арқаның салы қалай артылта алар екен» деп, оңтүстік жігіттері көтеріліп тұр.

Халық енді Арқаның салын күтуде, ол бұдан артық қандай салтанатпен келер екен деп. Бір кезде келе жатқан тобы көрінді. Ылғи ақбоз ат мінген, ақ киім киген, қатар түзеп, салтанатпен келе жатыр. Сал көрінбейді. Халық тобымен күтіп тұр. Жақындап келгенде салдың жолдастары қақ жарылып, ортасынан Арқаның салы шыға келді. Астында күміс ер-тоқым ерттелген қабан шошқа, күміс жүген, үстінде кежім жапқан, маржандап, оқалап, өмілдіріктеп тастаған. Ал үстіне кигені құрым киізден шапан, шалбар, қалпақ тіктіріп киіпті. Айналасын оқалап, құндыз ұстап әдемілеген. Ел мұны көріп тіпті тамашалады. Арқаның салы юктің салына:

— Біз кеше уәделесіп едік қой. Адам баласы кимеген киім, адам баласы мінбеген ат мініп келейік деп. Ал сенің мына арғымағыңды әркім мінеді. Мына киімдеріңді де әркім киеді. Ал мынандай құрым киізден киім киіп, шошқа мінген адам баласы жоқ шығар, — деп Арқаның салы жеңіп кетіпті.

Мың тоғыз жүз елуінші жылы Шымкент қаласында тұратын Жаролла Сатыпалдиев бала кезінде көрген екен. Сол қарттан естіген әңгіме.

4. АҒАМЕЛ—АҚЫЛДЫ АҚСАҚАЛ

Семей облысы, Жарма ауданы, Сыбан деген елде Наурызбай деген кісінің Ақбілек деген сұлу қызы Елқондыда Жаңабай дейтін байдың келіні екен.

Жаздың күні келінді әкелуге он шақты кісі барады. Құдалардың ішінде басшы Ағамел ақсақал неше күн ойынын, тойын істеп, енді аттанарда ауылдан екі жүздей адам шығарып бір жерге тоқтатып, қыз-қотандар көрісіп, қоштасып қайтты. Екінші жерге тағы тоқтатып, бір топ адам көрісіп, қоштасып қайтысты. Үшінші жерге тоқтағанда, Матай құдалардың бастығы Ағамел ақсақал:

— Ей, халайық, жол алыс, кешігеміз. Қалатындарыңыз осы арада қалыңыздар. Еріп баратындарың болса, бірге жүріңдер. Енді еш жерге тоқтамаймыз, — деп, келіншектің атын жетектеп жөнеле бергенде, торы жорға мінген, әдемі киінген, күміс тұрман тағынған бір мырза құдалардың алдын кестеп бөгеп:

— Тоқтаңдар, қарындасқа қоштасып айтар сөзіміз бар, — деп тұрып алды.

— Ал, айта ғой, — деген Ағамел мырзаға:

— Тентек Матай алып кетті-ау жарымызды,
Жас тұрғай қайтармаушы ед кәрімізді.
Барған жерде бөйбіше болғырым-ай,
Бір-бір алдың қойныңа бәрімізді, —

деген екен. Сонда Ағамел ақсақал түсініп:

— Ой, мына мырзаның біздің келінде өкпесі бар екен ғой. Екеуінде аттан түсіріңдер. Татуластырып аттандырайық, — деп қыздың қолындағы алтын сақинасын ескерткіш үшін жігітке беріп, жігіттің торғын орамалын қызға беріп, бір-бірінен кешірім сұратып, татуластырып, көрістіріп, қоштастырып аттандырыпты.

Ғңгіме былай болған екен: мырза Ақбілекке сөз айтыпты. Ақбілек қабылдамаған. Мырза: «қап, сен қызды халық алдында, қайын жұртыңның алдында бір масқара қылармын» деп, дайындалып келіп соқтыққан екен. Оны Ағамел ақсақал түсініп, екеуін татуластырып, келіннің де абыройын сақтап қалған.

Бұл — сирек кездесетін ақылдылық.

5. БАҚАНЫҢ СӘУЕГЕЙЛІГІ

Он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде Шығыс Қазақстанда Бақа деген кедей адам болған. Мал дегенде бір ат, бір сиыры, бес ешкісі бар. Әйелі, бір баласы бар. Өзі жалқау адам екен. Шапқан шөбі қыс бойы жалғыз сиырға ғана жетеді.

Күздің күні байдың жылқысын қосқа шығарып жатыр. Бақа ойланып: «Осы мен қыста қайда барам? Жинаған шөбім сиырым мен ешкімнен артылмайды. Ал мына торшолоқты қалай асыраймын? Қой, мұны жылқыға қосып жіберейін» деп, байдың жылқышысына тапсырып, қосып жібереді. Қыс онша қатал болған жоқ. Жаз шыға жылқыны ауылға айдап келді. Бақа торшолоғын көргенше асық болып, шұбырып келе жатқан жылқыны аралап келе жатыр. Жылқының соңында сүмірейіп, ақсай басып келе жатқан торшолоғын қарсы алып, мойнынан құшақтап, сылап-сипап қараса, өзге жылқылар күйлі. Торшолоқтың арқасы үш жерден жауыр, өзі арық, көтеремнің алды. Бақа:

— Ой, жануарым-ай, сен жауыр болмағанда, кім жауыр болсын. Жылқышылар қосты арқаңа жалаң қабат киіз салып, саған артады ғой. Көшкенде сені қарға салып, жол ашқан шығар. Бауырыңды арқан қимасын ба? Сен жүдемегенде, кім жүдесін, — деп аяп, мойнынан құшақтап сипап тұрды. Бір жылқышы естіп қалып:

— Бұл қайдан білді? Біздің қос артқанымызды тегі көрген. Сәуегейлігі бар адам-ау, — деп ойлайды ішінен.

Жаздың күні байдың атан түйесі жоғалады. Қарап, таба алмайды. Бай ашуланып, малшыларын қысады. Сонда жылқышы:

— Осы Бақа сәуегей адам. Бір тапса, сол табады. Торшолағына қос артқанымызды біліп қойған. Сол Бақаны шақыртыңыз. Ол табады, — деді. Бай Бақаны шақырды, келді.

— Сені білгіш, сәуегей дейді, менің атаным жоғалды, соны тап, — деді. Бақа қысылып:

— Ойбай, байеке-ау, маған ондай сәуегейлік қайдан келсін? Таба алмаймын.

— Жоқ, сен табасың. Атыңа жылқышылар не істегенін білгенде, мұны неғып білмейсің? Табасың. Таппасаң, өлтіремін, — деп қорқытады.

Бақа қысылып, өзінше амал ойлайды:

— Мүмкін түс көрермін, ертең айтайын, — деп уәде береді.

Бай:

— Мақұл, — деп тамақтандырып, қондырды.

Ел ұйықтаған кезде Бақа орынынан тұрып, еппен үйден шығып, желқомын алып, тұсаулы жүрген торшолағын мініп қашады. Жолсыз терең саймен өрлеп келе жатса, қалың бұтаның ішінде бір нәрсе шылп-шылп етеді. «Бұл не нәрсе екен» деп жақындап жанына келсе, ескі апан құдық ішінде атан түйе жатыр. Бақа қуанып кетті.

— Жоқ, енді қашудың керегі жоқ, — деп кейін қайтып, атын қайта тұсай салып, орнына келіп жата қалады. Таң атып ел тұрады. Бай келіп:

— Бақа, таптың ба? — деп сұрады. Бақа:

— Байеке, таптым. Сүйінші, түнде түсімде айтты: «Адам жүрмейтін сай бар. Соның қараған бұта арасында апан құдықта атан түйе жатыр. Батып шыға алмай қиналуда» деді.

Бай дереу жігіттерін шаптырып, шығарып алып келді. Бай Бақаға разы болып, рахметін жаудырып, шапан кигізіп, құрметпен аттандырыпты.

Бақаның сәуегейлігі елге жайылып, атағы шығады. Сол елдің аға сұлтанының сандығынан бір дорба алтыны жоғалады. Іздейді, таба алмайды. Бақаның даңқын естіп, кісі жіберіп алдыртады. Бақаға:

— Сізді сәуегей-білгіш, жоқты табады деп естідік. Менің сандықтан бір дорба алтыным жоғалды. Соны табыңыз, — деді.

Бақа:

— Ондай болса, маған ауылдан алыс, оңаша бір үй тіккізіңіз. Соның ішінде мен жалғыз түнеп шығамын да, таңертең айтам, — деді. «Жарайды» деп шеткірекке оңаша үйді тіккізіп, Бақа жалғыз соған түнейді. Бақаның ойы «түн ортасында, ел ұйықтаған соң торшолағымна мініп, қашып құтылайын» деген пікір еді. Таппаса, бәрібір мұны өлтіреді. Енді тұрып кетуге ыңғайланған кезінде, үйдің іргесіне екі адам келіп:

— Ал, не істейміз? — деп сыбырласып сөйлеседі, — Бақа ертең бәрін айтады. Бізді де айтады. Сонан соң бізді аға сұлтан өлтіреді. Біз осы алтынды Бақаның өзіне берсек қайтеді, бізді айтпа деп жалынсақ қайтеді?

— Жоқ, оған біз өз пұлымыздан ақша қалдырайық. Ол бізді айтпас үшін сосын алтынды ана беттегі жалпақ тастың астына қоялық. Бақа бәрін де біледі, — деп үйдің іргесіне ақша тастап кетіп қалады.

Олар кеткен соң Бақа тысқа шығып, іргедегі өзіне қалдырған ақшаны алып, енді беттегі жалпақ тасқа барып, астын қараса, алтынды тастап кетіпті. Үйге қайта келіп, жатып қалады. Азанмен сұлтан шақырып алып:

— Таптың ба? — деп сұрайды.

Бақа: — Таптым ғой деймін, тақсыр.

Сұлтан: — Қайда екен?

Бақа: — Ана беткейдегі жалпақ тастың астында.

Баласы жолдастарымен барып тауып, алып келеді.

— Алтынды түгел кім ұрлаған екен? — дейді.

Бақа: — Шеттен келген екі қашқын ұрлап, тығыпты. Енді бүгін кешке алып кетпек екен, — деді.

Сұлтан: — Оларды тауып ұстау керек.

Бақа: — Бәрібір олар таптырмайды. Қашып кетті.

Сұлтан: — Мейлі, алтыным табылды, болды, — деп Бақаны жақсылап сыйлық беріп қайтарады.

Енді Бақаның даңқы бұрынғыдан да кереметтей болып, елге тарап жайылды. Сол елде басшы төбе би Тоқай деген кісі болған. Тоқай да естиді «Бақа деген асқан сәуегей, тапқыр кісі бар» деп. Тоқай Бақаны бұрын бір-екі рет көрген еді. Тоқай ойлайды: «Бақа надан, момын, меңіреулеу адам еді ғой. Қайдан тапқыр, данышпан бола қалды? Халықты алдап жүр ме? Мұны мен сынайын» деп, алдына шақыртып алдырады. Бақа келеді.

— Сені сәуегей, тапқыр дейді ғой. Жұрт, халықты алдап жүрген жоқпысың?

Бақа: — Жоқ, тақсыр, мен ешкімді алдамаймын.

Тоқай: — Ендеше, мен сені қазір сынаймын. Соны тапсаң, тапқыр екенсің. Ал таппасаң — өлгенің. Мен мына үйге кіремін, сен бірге кіресің, — деп екеуі үйге кіреді, алты қанат ақ үйге. Босағада үлкен қара қазан төңкерулі жатыр. Тоқай төрге шықты, Бақа есік алдында тұр. Тоқай:

— Ей, Бақа, мына қазанның астында не бар? — депті.

Бақа оны қайдан тапсын, қорқып, қысылып, «ал Бақаның өлген жері осы екен» деп, етпетінен құлайды. Сонда Тоқай:

— Таптың, таптың, — деп қазанды аударғанда, астынан бір құрбақа шыға келеді. Сонымен Бақа тағы да сыйлық алып, атағы одан да бетер жайылып, даңқы аса береді.

Бақаның алыс бір елде нағашысы бар екен, сол естіпті. «Бақа тапқыр, сәуегей болыпты» дегенді естіп, ол аң-таң қалады. «Япыр-ай, оған мұндай өнер тапқырлық қалай бітті? Ақылсыз емес пе еді? Білейін» деп іздеп келеді. Екі-үш жатып, жағдайды сұрап, анығына жетеді. Ешқандай тапқырлығы жоқ екенін біледі.

Нағашысы:

— Жоқ жоғалтқандар бұған тауып бер деп мазалар. Бұл табылмаса өштесіп, көзін құртар. Одан да түнделетіп көшіріп өкетейін, — деп алып кетеді.

6. ЖЕГІШТІКПЕН БОЛЫС БОЛҒАН БАЙЕКЕ

Тарбағатай тауының бөктерінде Қаракерей елінде Қоңырбай деген байдың он бес мыңдай жылқысы бар екен. Ол:

— Малымның арқасында аға сұлтанмен құда болсам, маған ешкімнің тісі батпас, — деп ойлап, Өскемен уезіне қарасты Ұлан елінде аға сұлтан Әлхан төреге кісі жібереді: «Менің сізбен жақын болғым келеді. Не қыз беріңіз, не қыз алыңыз» деп, «малым жетеді қай жағына болса да» деп.

Әрине, төре халқы мал десе, қарсы болмайтыны белгілі. Қарсылық білдірмей, «Балаларымның басы босы жоқ, басы бос кіші қызым бар. Соған құда болам десе, туар айдың он бесінде келіп құда түссін» деп келісім беріп, келген кісіні қайтарады.

Айтқан уағында Қоңырбай бай қырық кісімен барады. Әлхан алты қанат ақ үй тіккізіп, құдаларды қысырдың тайын, семіз қойларды сойып, құдаларға төртеу ара бір табақтан ет тартады. Етті түгел жеп, сүйегін мүжіп, тұздығына дейін ішіп, құр табаққа сүйегін салып қана қайтарады. Ертеңіне ту бие сойып, үшеу ара үйеме табақ қып тартады. Оны да түк қалдырмай жейді. Екеуара тартады. Оны да тазалап жібереді. «Бұл қалай жігіттер» деп бақыласа, өзгелер жеп болып отырады екен. Орталанған табақтарды ішінде бір жігіт келіп, әр табақты босатып шығады екен. Құдалар киігін киіп, аман-есен аттанады. Қоңырбай бір айдан кейін кісі жіберіпті:

«Келер жылы осы уақытта келіп, құда түсіп, малын алсын. Қызықшылық үшін былай болсын: менде бір жегіш адамым

бар. Ел ғой, сіз де еліңізден бір жегіш тауып әкеліңіз. Екеуін жарыстырайық, сынайық. Егер сіздің жегішіңіз жеңсе, малым жетеді, қалыңмалды қанша аламын десеңіз де, өзіңіз біліп айдап кетіңіз. Егер менің жегішім жеңсе, қалыңды өзім біліп беремін» деп сәлем айтқан. Әлхан өз елінен жегіш таба алмай, Сұлусары елінің болысы Жүніс төреге хат жазып, кісі жібереді: «Қол астыңдағы елден жегіш адам тауып бер» деп.

Жүніс төре елінен сұрастырады. Бір жұмысшы көрия:

— Сынтас заводында астаубай істеп жүрген кедей жігіт бар. Аты — Бәйеке, өмірі тамаққа тоймайды, — депті.

Болыс Бәйекені алдырып:

— Сен жегішпісің?

— Жегішпін.

— Қанша жейсің?

— Әй, бір құнан өгіздің етіне тойыңқырамай қаламын-ау, — депті.

Болыс дереу мал сойғызып сынайды. «Жарайды екенсің» деп, үстіне дұрыстап киім кигізіп, астына ат мінгізіп, жанына кісі қосып, Бәйекені Әлханға жібереді. Әлхан да сынап:

— Жарайсың, жегішім, осы үлкен бөсекеден жеңілмей өтсең, жақсы болар еді, — дейді.

Бұлар жүз адам болып, Бәйеке ішінде Әлхан Қоңырбайға құдалыққа барады. Құдасы қарсы алып, құда түсу салтын істеді. Енді жегіштерді салыстыру керек. Сере қазы түсетін бір ту бие сойылды. Екі ірі еркек атан қой сойылды. Тайқазанда асылып жатыр. Екі жегішті сынау үшін үш кісіні комиссия тағайындады. Алты адам етті турап, астаумен майлы сорпасымен араластырып бір стулдың екі жағында екі жегіштер, бір-біріне қарсы қарап білектерін сыбанып отыр. Туралған ет астауға келіп құйылып жатыр. Бірінші жегіш бес саусақты салып көсіп алып бір тартса, екіншісі де солай тартады. Олар шайнамай жұтады екен. Ет бітті. Бір саба қымызды дайындап қойған. Оны екі тегенеге бөліп құйып екеуіне берді. Екеуі де

ішіп салды. Әлі беріспей отыр. Бірі жеңілу керек. Ет те жоқ, қымыз да жоқ. Енді не істеу керек?

Сонда Байеке айтты:

— Ау, Қаракерей шикі іркіт ішеді деуші еді ғой. Ет пен қымыздарың жоқ болса, шикі іркіт әкеліндер, — депті.

Екеуіне екі тегене іркіт әкепті. Баекең ішіп салған. Ана жегіш орталай бергенде, аузынан атқып кетіпті. Ел шулап «мынау жеңілді, Әлханның жегіші жеңді» депті. Қоңырбай бай:

— Ал, құда, айтқаным айтқан. Енді жылқыдан қанша аласыз, барып айдап ала бер, — деді.

Әлхан:

— Жоқ, құда, мен сізбен құда болып отырып, жылқыңызға тием бе? Жеңіс біздікі. Енді өзіңіз біліп беріңіз, — деді.

Байеке:

— Олай болса, жарайды, — деп таудың басына шығып тұрып, тау бөктерін жаппай жауып жатқан он бес мың жылқы. Бай:

— Уау, жігіттер, мына шет жақтан мына бір кетіктен былай бөліп айдаңдаршы, — деп, бір топ жылқыны Әлханның алдына салды. Былай ұзап шығып әлгі жылқыны санаса, бес жүз жетпіс жылқы болыпты. Байекеге екі құлынды бие, бір ат мінгізіп Жүніс төреге «Болыс төңірегінен Байекеге ірі қызмет бер» деп хат жазып береді. Оны бір болыс елдің указной молдасы етіп тағайындайды. Байеке бір жылдың ішінде пітір-ғұшырымен-ақ байиды. Келер жылы Жүністің болыстығын тартып алады. Өлгенінше болыс болып, өзінен кейін оның балалары болыс болып кете берген.

Бұл он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың бас кезі еді. Өз әкем Дүйсектен естіп едім.

7. ЖАЯУ САРЫ

Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында бір кедей адам өмірі атқа мінбей, жаяу жүреді екен. Сол адамды елі Жаяу

Сары деп атапты. 1932-33 жылдары елдің күйзелушілігі аз болған жоқ. Қыс қатты болып, мал шығыны өте көп болған. Сол жылы қасқыр да қатты болды. Өйткені олар тобымен жүріп, тіпті көшеге де келетін еді. Жолға жалғыз-жарым адам шықса да, қасқыр жепті, өне жер, міне жерде деген жаман қауесет сөзді де естіп қалатынбыз. Жазғытұрым уақытта алыс құм жайылымына қыстаған қой отарына баруға екі адам жолға шығады. Арадағы бір ауылға қонып, таңертең екеуі ілгері жүрмек болып шықты. Өлгі ауылдан 5-10 шақырым шыққанда он қасқыр бұларды қамап, екі жақтарына бес-бестен бөлініп қатарласа жүріп отырады. Жігіттердің барар жері алда қырық шақырымдай. Қолдарында мылтығы, не басқа қарулары жоқ. Тек қана қамшысы бар. Онымен не бітірмек?

Екеуі ақылдасып, мінер жақ үзеңгілерін шешіп алып, белдікке ұзындау етіп байлап алады да, екеуі жұбын жазбай жүріп отырады. Қасқырлар біресе алдарына, біресе артына шығып, топырақ шашып, қатты шаңдата бастады. Біраз жерге дейін шаңдатып, одан ит құсап соңдарынан еріп отырады да, бұлар жұбын жазбаған соң атылуға батылдары бармай, біраз жер сүйтіп жүріп, ақыры қалып қойды. Екеуі бір бел асып барып аттарынан түсіп, «үһ» деп демдерін алып, «азырақ ат шалдырып алайық» деп отыр еді, Жаяу Сары жетіп келді. Қай жақтан келгенін жігіттер байқамай да қалды. Жігіттер амандасып болғаннан кейін:

— Жәке, қайдан келесіз? — деп сұрады.

— Құмдағы қой отарынан.

— Ол жақ аман ба? Енді беталысыңыз қалай қарай?

— Енді ауылға барамын, — деді үстінде ақ тоны, қолында ақ таяқ.

— Жәке, бізді мына белдің астында он қасқыр қамап, қазір содан зорға құтылып, дем алып отырмыз. Ал сіз жаяу өрі жалғыз олай қарай жүре көрмеңіз. Өлгі жауыздар бір жазым етер. Одан да бізбен бірге мінгесіп алайық. Артқа, отарға қайтыңыз, — деп еді, Жаяу Сары көнер емес.

— Балалар, Құдайдың бұйрығынсыз ол не істейді? Қорыққанға қос көрінеді де, қош, жігіттер, — деп жүріп кетіпті. Мінезі жеңіл адам болатын.

— Уау, Жәке, біз қалжыңдап отырғамыз жоқ, рас айтамыз, — дегенше Жаяу Сары да көз көрім жерге кетіп қалды. Мына екі жігіт аң-таң, біріне-бірі қарайды. Бұлар орнынан атып тұрып:

— Жоқ, біз артынан шабайық. Әйтпесе өкпесі өшіп құлайды. Онан кейін қасқырлар не істесе де, еріктері болады, — деп екі жігіт Жаяу Сарының соңынан шауып отырады. Алдында Жаяу Сары, оқ бойы одан он қасқыр, қасқырдан кейін екі жігіт шауып келеді. Жаяу Сарының екі етегі делдиіп аяғы аяғына жұқпайды. Аяғының басқаны білінер емес. Шапшаң жүргені соншалық — ақ таяқты анда-санда жерге бір қадап қойып, ұшып бара жатқандай көрінді бізге. Елге де таяп қалыппыз. Екі атты жігіт Жаяу Сары үшеуі түндегі қонған ауылына келіп, қайта қонады. Қасқырға жеткізбеген Жаяу Сары қанатты адам емес пе?

Ол кісі тірі, Оралда. 1946 жылы көрдік.

8. КӨП САҚАУ

Дүниеде неше түрлі адамдар болады ғой. Бір атадан туған он шақты үй бір ауыл адамдары р-ға тілдері келмейді, сақау және керемет күлкіші болған екен. 10-15 шақырым тұратын ауыл азаматтары жеті адам болып аң аулауға көп сақау қыстауының үстіне келсе, қоралары, шөптері, жері — бәрі өртеніп кеткен. Күздің күні, «бұл ауылдың адамдары қайда» деп іздеп жүрсе, ауылдың шетінде бір жаман үй өрттен аман қалған екен. Соған жиналып алып күлкіден ішектері қатып, серейіп жатыр. Аңшы жігіттер жанына келіп отырып амандасса, амандасуға шамалары келмей, күліп өліп жатыр.

— Оу, не болды? — деп сұраса, «өйт» дейді де, одан әрі сөйлеуге шамасы келмейді. Күлкілері басылатын шығар деп, біраз тосып отырып, басылатын болмаған соң, кетіп қалыпты. Артынан сұрастырса, көп сақаудың ауылы күзекте отырғанда өрт қаптап, қыстауға қарай бара жатқанын көріп, ауыл еркектері қолдарына сыпыртқы, құрым кигіз алып, өртке шауып, өртті өшіріп жүргенде өрт ішінен құйын шығып, біреуі құйыннан қорқып қаша жөнелсе керек. Соған күлеміз деп, сілесі қатып күліп жатқанда ауылы, қоралары түгел күйіп кетіп, оған қапаланған олар жоқ, күлкіден сілесі қатып, күліп жатыр екен.

Тағы бір ісі: көшеміз деп арбаға, түйеге жүгін артып қойып, «енді бір насыбай атып алайық» деп отырғанда бір нәрсеге күліп, күлкі басталса, ол күні олар көше алмай, қонып қалады екен.

Екінші: жайлауға барып қонып, бір әйел жер ошаққа от жағып, тамақ істеп жүргенде күн желтең екен. Етегіне от тиіп, әйел секіріп жүрсе, күйеуі есіктен көріп:

— Шошуын құйғидың, — деп сілесілері қатып жатқанда, әйел күйіп өліпті. Өшіріп алуға күлкіден шамасы келмей, күйеуі көрінер көзге әйелінен айрылып қалған екен.

9. ҚАРА ҚАСҚА АТТЫ ҚЫЗ

Орта жаста Мұқан деген кісінің Сүтжирен деген бөйге аты болған.

Бір атының үстін тарап, сылап-сипап: — Жануарым, қусам, жететін, қашсам, құтылатын қанатымсың ғой, — деп атымен сөйлесіп, қаннен қаперсіз тұр еді, сырт жағынан інісі:

— Аға, маған атыңызды беріңізші. Жоланның қызының тойы болады екен. Соған барайын деп едім. Аға деймін-ау, түнеугүні Саржанның тойында мен Сүтжиренмен көкпар тарт-

тым, ешкімге бермедім. Маған бір адам да жете алмай, көш жерде қалып қояды.

Мұқан:

— Жоқ, Шакер, бір-екі рет бердім. Жалғыз атым. Сен алаңғасарланып, елде неше той болса сүтжиренді мінгің келеді. Тау-тас демей, жыра-шұңқыр демей, шаба беретінің бар. Не өзіңді, не атты мерт қыларсың. Сүтжиренге үйір бола берме. Енді бермеймін. Өз атыңды мінсеңші.

Шакер долданып кетіп бара жатып:

— Осы баласыз қубасқа жүйрік ат не теңі екен? — деген сөзі Мұқанның жүрегіне оқтан да жаман қадалды. Не дерін білмеді.

Шакер Мұқанның Мәсен деген ағасының баласы еді. Мұқанда перзент жоқ болатын. Шакер інісі соны бетіне басып кеті. Мұқан назаланып, ой түбіне шомып отыр. Әйел алуға қалыңға берер малы жоқ. Бір ат, бір бие, екі сиыры, бес ешкісі ғана бар. «Мұндай сөзді естіп отырғанша, нағашыма барайын, болмаса қаңғып кетейін» деп тұжырым жасап, Сүтжиренді ерттеп мініп, үйінен шығып кетеді. Нағашы жұрты алыс елде болатын. Жол азық алды. Қайда баратыны жөнінде үй ішіне тіс жарып айтпады. Әйтеуір атына сенеді. Екі күн, екі түн елсіз далада келе жатыр. Айдалада көп бейіттер кездесті.

Жанынан өте беріп еді, аттың пысқырған дыбысы естілді. «Бұл не ғажап, мидай дала, ел жоқ. Иен дала, әлде ұры ма, әлде адасып қалған жылқы ма, білейін» деп бейіттің ішін аралап келе жатса, төрт құлақты үлкен бір бейіттің ішінде үстінде күміс ертоқымы бар, қара қасқа ат тұр. Тізгінді бейіттің құлағына асыра ілген екен. Ат шөлдеп, әрі ашығып, бұралып өлуге айналған. Иесін іздеп еді, дыбыс болмады. Ашыққан атты өзен бойына апарып, суарып ауыздығын алып, ертоқымын алып, аяғын тұсап, отқа жіберді. «Енді мұның иесін табайын» деп бейіттің ішін аралап, айқайлап дыбыс беріп шақырып еді, ешкім көзге ілінбеді.

«Не де болса бұл құлаған бейіттердің ішінде отырған шығар. Не өліп қалған шығар» деп, құлап үңірейген бейіттерге еңкейіп, еңбектеп кіріп қарауға кірісті. Аяқ жағы құлаған бір қабірдің ішіне қолын сұғып қарады. «Мүмкін осында жатқан шығар» деп. Қолына бір кебіс ілікті, алып қараса көк сауырлаған, күміс шегелі әшекейлі әйел кебісі екен. «Мұның егесі де осы қабірде жатыр екен ғой» деген оймен ішіне түсіп қараса, бір әйел киімімен жатыр. «Өліп қалған ба» деп жүрегіне қолына салса, аздап соғып жатыр екен. Көрден алып шығып қараса, бойжеткен, жап-жас қыз бала екен. Аузына аздап су тамызды. Алғашқыда суды жұтуға әлі келмеді. Бірте-бірте аздап жұта бастады. Ептеп көзін де ашуға айналды. Мұқан кім екенін білуге асығып:

— Қарағым, кім боласың? Жөніңді айта аласың ба? — деп сұрап еді. Қыз:

— Аға, мен ашпын ғой. Әуелі маған аздап тамақ беріңіз, содан соң аздап дем алайын, сөйлеуге қазір әлім жоқ, — деп сыбырлап, әлсіз ғана бөліп-бөліп айтты. Аздап тамақ берді. Тағы да сусын жұтқызып барып, көтеріп қызды өзен жағасына апарды. Астына тоқымын төсеп жатқызды. Төрт, бес сағат дем алып ұйықтады. Содан кейін оянып, көзін ашты. Тағы да аздап тамақ, сусын берді. Өсті-өсті әл кіріп, бері қарай бастады.

Қыз:

— Аға, енді мен ептеп өз жағдайымды баян етейін, — деді, — мен бір атақты Омар дегеннің қызы едім. Мені атастырып баратын жерім де атақты Алтай руы болатын. Осыдан бір жеті бұрын құдалар келіп, ойын-тойым өтіп, ұзатылып, елден 10-15 шақырым шыққан соң, иендеу жерде келе жатыр едік, бір белеңнен бір топ адам шыға кеп, бізге қарай қаптап шауып келе жатты. Біз қаштық. Маған күйеуім айтты: «сен қолға түспе, атың жеткізбейді ғой. Қашып кете бер, қолға түссең, қор боласың» деді. Сонымен алға қарай кете бердім. Күн де батты, түнімен жүріп отырдым. Таң да атты. Артым-

да келе жатқан ешкім жоқ. Мидай далаға шығып кеткен екем. Қайда барарымды білмейін. Неше күндей аш жүрдім. Ұшы-қиыры жоқ, жазық дала маңайға көз жіберсем, ауыл жоқ, не ескі жұрт жоқ. Мең-зең болып, басым айналып, әбден әлсіреп, аттан ауып түсіп, құлауға айналдым. Атым да ашықты, әрі шөлдеді. Амал қанша, істер ешбір айлам жоқ. Көзкөрім жерде бір бейіт тұр екен. Не де болса неше бір адамдар жатыр ғой. Соған паналайын деп бейітке тарттым. Келсем, үлкен бейіт екен. Ішіне кіріп, ана үлкен төрт құлақты бейітке атымды кіргізіп, тізгінді іле салдым да, өзім теңселіп барып, бір ашық көрге жақын келдім. Ондағы ойым: «ашық жерге өлсем, денем күнге іріп, қарға-құзғынға жем болармын, жаным осы адамдардан артық па» деп, көрге сүйретіліп кіріп құладым, — деп қыз өксіп, жылап жіберді.

— Жарайды, қарағым, «өлмегенге өлі балық кез келеді» деген емес пе? Ажалың жоқ екен, менің кез келгенім. Жылама, арты жақсылық болады екен. Атаңның аты кім, қай ауыл, соны айтсаң, сұрастыра отырып табармыз, — дедім.

— Атамның аты — Қасымбек болса керек. Ал күйеуімнің аты Асылбек екен. Елі Есіл өзенінің жағасында, Атбасарға жиырма бес шақырым тұрамыз деуші еді.

Мұқан:

— Онда жақын қалған екен ғой. Кәне, жүруге қамданайық.

Қыздың атын әкеп ерттеп, мінгізді де, өзі де атына мініп, екеуі Атбасар жаққа бет бұрып, жүріп кетті. Жаңағы бейіттерге түстік жер екен. Ауыл көрінді. Қыз ауылды көріп:

— Шіркін, азап көрейін десе, оп-оңай екен ғой, аға. Мына бейіт осы ауылдыкі шығар, — деді.

Мұқан:

— Қарағым, сен атыңнан түсіп қала тұр. Мен барып хабар берейін. Қыз-келіншектер алдыңнан шығар, — деп өзі жүріп кетті. Елдің шетінен бір баладан:

— Қасымбек ақсақалдың үйі қайсысы? — деп ед, бала:

— Анау үлкен үй, — деп, бір әсем үйді мезгеді.

Жеті қанат ақбоз үйдің алдына кеп:

— Кім бар-ау? — деп дыбыс беріп еді. Бір жас жігіт шыға келді, сәлем беріп, Мұқанның шылбырын ұстап:

— Түсіңіз, ақсақал, — деді.

Мұқан:

— Қасымбек ақсақал үйде бар ма? — деп еді.

— Үйде, үйде, — деп жігіт жеделдете сөйледі.

Мұқан аттан түсіп, үйге сәлем беріп кіріп келсе, қымыз сапырулы. Екі-үш кісіге Қасымбек қымыз құйып беріп отыр екен.

— Жоғары шығыңыз, — деп Мұқанға да бәйек болып, қарсы алысып жатыр.

Өлден уақта Қасымбек жанында таяу отырған кісіге қарап:

— Қазір тіл келеді, одан өзі келеді деп едің ғой. Мына жігіт тіл әкелгеннің қай жағында? — деп салды.

Мұқан күліп:

— Тіл түгілі келіндеріңнің өзін де әкелдім, — дегенде, барлығы жапа-тармағай орындарынан атып тұрып, у да шу, жылау да күлу, қайда-қайдалап, бірінің сөзін бірі естіртер емес. Елі де өп-сәтте жиналып қалды. Мұқанды біреулері құшақтап, енді біреулері сүйіп те жатыр.

— Ана қырдың астында, қара қасқа аты қасында келіндеріңіз отыр, — дегенде, ең алдымен күйеу әй-күйге қарамастан шаба жөнелді. Артынан жаяу қыз-келіншектер торғын шымылдық алып барып, қыз бен жігітті отауына әкеліп кіргізді.

Келіншек күйеуіне:

— Ана мені әкелген кісіні жібермей, жақсылап күтіндер, — депті.

Өлгі жолда қаптап шапқан жау емес, сол елдің аңшылары екен. Қыз бәйгі қара қасқа атымен тарта берген. Неше күндей іздеп, елге сұрау салып, оншақты күннен бері қатты әбігер болған, бір жағынан ел-жұртынан да ұялып барады. Тек төсек орыны бар, келіннің өзі жоқ. Ауыл-ауылда, палшы, құмалақ-

шы болса, соның барлығына пал аштырған. Барлығы да «келін тірі, аман-есен, үйіріне қосылады. Шүйінші хабар келіп тұр. Осы жетінің ішінде үйінде ұлан-асыр тойың болады» десіп отыр екен. Ұлы дүбір той жасап, байдың ауылы күнде жиын, қалың жүр бірі келіп, бірі кетіп жатыр.

Бай Мұқанның жағдайын сұрап білді. Қызды қалай іздеп, көрден алғанын, бәрін баяндап берді. Келіні атасына:

— Мен өліп-тірілген адаммын. Ана кісі менің — көр әкем. Оны құрметпен аттандырсын! Және менің қара қасқа атымды, ер тоқымымен беремін. Оған атам ренжімесін, — депті.

Бай қайдан ренжісін, өлгені тіріліп келіп, төбесі көкке жетіп отырғанда. Бай Мұқанға он алты жылқы берді және келінінің айтқан, өтінгені бойынша қара қасқа жүйрік атты күміс ертоқымымен беріп, төрт жігіт үйіне әкеп салып, бір-екі күн қонақ болып, қош айтысып, қайтқан екен.

Мұқан өзімен шаруасы теңдес бір кісінің қызын айттырып алып, өзіне лайық той өткізеді. Содан Мұқан бала-шағалы болып, мұратына жетеді.

10. СУҒА САҒЫМЫ ТҮСКЕН АЛТЫН ЕР

— Жетісуда екі жағы биік жартас түбінде жылжып аққан терең суы бар. Суы мөлдір. Жартастың бетінде есік бар. Ол есікте құлып бар. Есіктің маңдайында алтын ер тұр. Оның үстінде екі найзаны айқастырып қойған. Бұның бәрі судың бетіне түскен көрініс, ал сырттан жартастың беті көрінбейді, — деді 1932 жылы Алматыда ҚазПИ²-да оқитын бір жігіт.

— Өз көзіңмен, нақты көрдің бе? — деп сұрағанымда:

— Өзім көрдім бірнеше балалармен барып. Бірақ суға түсе алмадық. Су өте терең, жартас биік еді, — деді студент Қасым деген жігіт.

² Қазіргі Қазақ Ұлттық Педагогикалық Институты

11. ҚҰДЫҚТАҒЫ БАТЫР

Тағы сол Қасымнан естідім.

Жетісуда бір үлкен апан құдық бар. Өзі терең. Түбінде қысы-жазы ерімей мұз жатады. Мұздың ар жағында атымен, сауыт-сайманымен, қару-жарағымен бір батыр жатыр. Батыр атына мінген қалпында, аты да, өзі де жамбастап жатыр. Бұны ел ерте күндегі қалмақтың ба, әлде Египеттің бе атақты батыры болу керек деседі. Мәңгілік мұздатып, төнін шірімейтін етіп, әрі ескерткіш етіп салған болу керек деседі еліміз, — дейді.

Батырдың бергі үстіндегі мұзы тура айна сияқты, анық көресің батырды. Сірә, мұз қалың болмау керек, — деді.

12. ӨМІРІНЕ ШАРТ ҚОЙҒАН ИНЖЕНЕР

Ұлы орыс Ленинградтық бір жігіт инженерлік оқуын бітірген соң, өз өміріне шарт қойған. Ертеде инженерден еңбек ақысы көп қызметкер болмаған. Оның шарты: бір елде шартпен бір жыл ғана жұмыс істейді (мысалы, Қазақстанда бір жыл ғана істеуге договор жасайды). Сол жерден бір жылдық әйелге договормен шартқа отырысып, үйленеді. Міне, осы ретпен өлгенінше осылай етуге серт еткен.

1930 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Ақжал алтын заводына келіп, қызмет істеген, оған көмекші инженер болып Өскемен уезінен Қабыш Дәуменов деген жігіт істейді. Мен Жарма ауданынан Алматыға поездбен келе жатырмын. Сол 1930 жылдың сентябрінде поезд ішінде Дәуменов Рахыммен кездестім. Амандасып, шүйіркелесіп қалдым. Бұл кісі ескі сарсүйек құдандалы болушы еді. Амандықтан кейін «қайда барасың, не жаңалық т.б.» әңгімелерге кірістік.

— Менің балам Қабыш Дәуменов мына Ақжал заводында көмекші инженер болып істейді. Өзі отау үй болған. Семьясымен көшіп келіп, Ақжалда тұрады. Оларды көрмегелі бір жыл-

дай болып қалып еді. Өткен айда немерелерімді сағынып іздеп бардым, келінім үйде екен, қарсы алды. Немерелерім де сағынып қалыпты. Мойныма асылып, маз-мәйрам болып қалды. Кешке жақын балам Қабыш келді. Амандасып, ас-су ішкен соң, таза киімін киініп, кетіп қалды.

Түнімен келмеді, таң ата бір-ақ келді. Мен оған жиналыста болған шығар деп, үндемедім. Келесі күні тағы да асын ішті де, түнде кетіп қалды. Таң ата келді, таңертең балам қызметіне кетті.

Мен келінімнен:

— Балам күнде түнде қайда кетеді? — дедім.

— Қайдан білейін, әйтеуір түн баласында жоқ болатынды тауып алды, — деді. Сенімсіздік, қызғаншақтық барын сездім де үндемедім. Кешке балам қызметінен келген соң, ас-суын ішкен соң, баламмен оңаша әңгімелестім.

— Балам, бөтен елде, бөтен жерде отырсың. Бала-шаға да бөтен елде отыр, ал сен түнбаласында үйде болмайды екенсің. Келін, балалар қорықпай ма, осы жағдайың қалай, қарағым?

— Әй, әке-ай, мен бір бозбастық қылып, әйелдермен жүр дейсіз бе, осында дүниені кезген адаммен әңгімелесем.

— Ол қандай адам, кім өзі?

— Ол осы заводтың бас инженері, өз өміріне шарт қойған адам. Бір елде бір жыл ғана қызмет істейді. Келер жылы өзі көрмеген бір республикаға барып, онда да шартпен бір жыл істейді екен. Ол кісімен қазақ халқының еңбегі, күнкөрісі, салт-санасын, әдет-ғұрпын сұрайды. Мен соны айтам, ол көп елдерде болған, одан көргенін маған айтады, сонымен түні бойы әңгімелесеміз.

— Мен көп сұрақтар қойдым. Сіз бұл шартты не себепті қойдыңыз. Бұрын-соңды мұндай іс ешкімде болмаған сияқты.

— Адам баласы дүниеге бір-ақ рет келеді. Дүние сенің үйің, үйіңнің ішінде не бар, не жоқ екенін білмеген адам, қандай адам болады? Мен осылай өзім көрмеген, білмейтін халықтың орта-

сында бір жыл тұрсам, сол елдің салтын, санасын, күнкөрісін білемін. Міне, сенен сұрап біліп, көзбен көріп те жүрмін, осы ретпен өлгенімше істесем, мың жасаған адамның көргенін көремін, соның білгенін білемін.

— Сіз қанша жасқа келдіңіз?

— Қырық сегізге келдім.

— Неше әйел алдыңыз?

— Жиырма жеті әйел алдым.

— Олардан балаларыңыз бар ма?

— Бар. Алды школда оқиды.

— Сіз бір әйелмен неге тұрмайсыз?

— Бір әйелмен тұрсам, оның екі-үш баласы болады, оның әрқайсысының төсек-орны, киімдері болу керек. Мысалы, мен осы арадан Индияға кететін болсам, оларды қалай жеткізе алам, мен қазір дүниенің қай шетіне барсам да, бір шамаданымды алам да, самолетпен, поездбен жүре берем.

— Сіз әйелді қандай шартпен аласыз?

— Мен қызметке орналасқан соң, жесір бойдақ әйелдермен сөйлесіп, келісемін. Сіз маған бір жыл әйел боласыз. Жұмыс істемейсіз, киімің, тамағың менен, үйде тамақ істейтін үй қызметкері болады. Бір жылдық расхodyнды беріп кетем. Ал бала болса, ол өзіңде қалады, осыған келіссең, договор жасаймыз деймін. Келіседі, договор жасап, тұра береміз.

— Сіздер бір жыл тұрып үйренісіп қалдыңыздар. Ал айырылысарда әйел қандай жағдайда қалады?

— Қимайды, жылап қалады. Бірақ разы болып қалады.

— Бұрынғы әйелдеріңізбен, балаларыңызбен хат алысасыз ба?

— Хат жазысып тұрамыз, расходтан артылған қаржы болса, аздап жіберіп те тұрамын.

— Қандай жерде болдыңыз, шетелде болдыңыз ба?

— Мен осы шартым бойынша СССР-дің көп жерлерінде болдым. Енді шетелді де көрейін деп, Англияға бардым. Онда

жұмыссыз жүргендер көп, мені шеттен келгендіктен ғана қызметке орналастырды. Онда азық-түлік отар елдерден келеді екен, бірнеше саудагерлердің қолынан өтіп және параход, расхо­ды қосылғанда бір адамның еңбек ақысы өзінің тамағынан артылмайды екен. Өте қымбат екен. Мен онда әйел алмақ түгіл, өз тамағымды өздер асырап тұрдым. Тұрмысқа ауыр екен. Менің бағалауымша, Англия білімнің ордасы да, білімпаздың сорлысы да сонда екен.

— Ол қалай?

— Білімнің ордасы дегенім — бір үйде үш ағайынды жігіт болса, үшеуі де инженер, профессор, жоғары білімді маман. Ал білімпаздың сорлысы сонда екен дегенім — оларға қызмет табылмайды, дворник болып, қара жұмысшы болып істейді. Оларға жақсы киіну, жақсы тамақ ішу керек, сондықтан олар шеттегі отар елдерге Индия, Арабия, Қытайға қызмет іздеп қаңғып кетеді екен. Сорлысы дегенім осы еді, содан кейін Америкаға бардым, үлкен городқа келіп, параходтан түсіп, гостиницаны көшелерден сұрасам, менің тілімді ешкім түсінбейді. Мен олардың тілін түсінбеймін. Не істеу керек, көшеге жаяу қаңғып шығып кеттім. Келе жатырмын. Бір адам қарсы кездесіп, менің түр-тұлғам бөтен, шетелден екенімді сезіп:

— Сіз Россиядан емессіз бе? — деді орысша.

— Иә, Россиядан келіп едім. Гостиницаны сұрасам, ешкім тілімді білмейді. Соны іздеп, тіл білетін біреу кездесе ме деп көшеге шығып едім, сіздің кездескеніңіз мұндай жақсы болар ма? Ал енді гостиницаны қалай табамын? Қолына кішкене книжка алды да көшені, үй нөмерін жазып:

— Машинамен көтеріліп, үшінші этажға елу сегізінші ком­натаның қоңырауын қақсаң, сізді қарсы алады, — деді. Мен рахметімді айтып, жүріп кеттім. Айтылған көшені, үйді тауып, үшінші этажға шығып, елу сегізінші ком­натаның қоңырауын бастым. Ар жағынан бір адам есікті ашып:

— Сіз пәленше емессіз бе? — деді.

— Иә, мен сол адаммын.

— Кіріңіз, келіңіз!— деп қарсы алды. Кеңсесіне кіргізіп жағдайды білді. Бір комнатаға әкеліп бұрыштағы бір төсекті көрсетті.

— Осында жатып он бес күн демаласыз, тамаққа, ештеңеге төлемейсіз, мына столға, мына кнопкаларды бассаңыз, тілеген тамағыңыз өзі аптаматты столыңызға келіп тұрады. Он бес күннен кейін қызметке шығасыздар, — деді. Сол комнатада әр мемлекеттен келген инженерлер қырық адам жатырмыз. Он бес күн тегін жатып демалдық, содан қырық қыз алып келді. Бәрі инженерлік институтты бітіргендер. «Ал, жігіттер, мына қыздардан көңілдерің ұнатқанын жолдастыққа алыңдар» деді. Бір-бір қыздан алдық. «Енді қызметке шығасыңдар» деп барлық үй-іші жабдықтарымен, дайын квартираға орналастырды. Қызметке кірістік. Америка өмірі соғыс көрмеген, бай мемлекет қой. Дүние арзан, бәрі молшылық. Бір жыл ғана тұрам деп барған адаммын ғой, қызықтан шыға алмай үш жыл тұрып қалдым. Үш жыл тұрғанда бір қайыршы көрмедім. Тұрмысына наразы бір кісі көре алмадым. Еңбекті ең аз алатын дворник те тұрмысына разы, көшеге шықса, байлардан айыра алмайсың. Сол дворниктер вечер істеп, үйіне бай инженерді шақырса, олар тартынбай келіп, тамағын, ішкілігін ішіп, билеп, рахаттанып қайта береді екен. Мен үш жыл емес, өмір бойы сонда қалатын едім. Өміріме қойған сертіме хилап қылмаймын деп, қызықтан қашып шықтым, — деді.

Бұл кісі жақсы инженер екен, сол күнде еңбекақысы мың сом еді. Завод бастығы: «мың жарым сом, еңбек төлейік. Енді бір жыл қал» деп өтінген екен. «Жоқ, өмірлік сертіме хилап қылмаймын» деп, ендігі көрмеген жерім — Башқұртстан. Сонда барамын» деп, кетіпті. Инженерлігімен қосып жазушылығы да бар екен. «Өмірімде көрген-білгенімді кітап қылып жазамын», — депті.

13. ТӨРЕБАЙ БЕЙІТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

I әңгіме

Ертеде біздің өңірімізді билеген Есеналы деген бай болыпты. Ол балаларына еншіге жылқы бөліп берген. Оның жылқысы — байлығының көзі болса керек. Қазіргі Мұқыр өзені бойында барлығы бір түсті — шұбар болыпты. Алыстан сағым болып көрінеді екен.

Осы Есеналы байдың Төребай кенже баласы екен. Ол орысша аздаған білімі бар, төре болыпты. Орыс патшасына жаққан адам болса керек. Төребай орыс армиясы үшін үйір-үйір жылқы айдата берген. Ақыры Есеналы Төребайды қыста жатқанда жылқы айдатып өлтіреді.

Сол кезде патша өкіметінің адамдары шен беріп, шекпен кигізуге келеді. Төребайдың өлгенін естіген олар сүйегін жинап, мола орнатуға, жерлеуге бұйрық береді. Мәйітіне езілген сазға мың жылқының сүті мен құйрық жалы қосылып иленген.

II әңгіме

Осыдан 250-300 жылдай бұрын сахараны дүбірлетіп байлығымен, соның ішінде жылқысымен аты шыққан Есенәлі деген бай өтіпті дүниеден. Оның жылқысының көптігі сондай — шұбар ала түстеніп, жерді басып жатқандай болып көрінеді. Сол Соңалыда сона көп болған. Бірақ ел сона көп пе, Есенәлінің жылқысы көп пе, айыра алмаған. Ел «Есенәлі бай ма, мен бай ма» деген сөз осыдан тараған.

Осы Есенәлінің бәйбішесінен Төребай деген бала болыпты. Тоқалынан бала көргенше Төребай жалғыз бала болып, еркін өсіпті, орысша оқыпты. Төребай төре де, бай да болыпты. Пат-

ша үкіметінің оң қолы болыпты . Ол әкесінің жылқысын түс-түсімен бөліп, әрбір полк үшін үйір-үйірімен мыңдаған жылқы айдап отырыпты. Осыған байланысты Петербургте өтетін салтанатты мәжілістерге балаларға арнаулы шақыру қағаз жіберілген чиновниктермен алып кетеді екен.

Патша үкіметіне ойланбастан қысылтаяң жағдайда 300 арғымақ айдатып жібергені үшін Есенәлі баласын жазаламақ болады. Оның үстіне өз балаларының абыройсыздығына күйінген тоқалы өзі мен Төребай туралы өсек таратады. Есеналы баласының үстінен мың жылқы айдап, өлім жазасына кеседі. Соңынан әкесі қателігін түсінеді.

Орыстар шен беруге келеді. Қателігін түсіндіріп, Төребайдың адал қызметі жөнінде айтып, сүйегін жинап, белгі тұрғызуға көмектеседі. Есеналы баласына белгілі осылай үй тұрғызған дейді.

14. СУДЫ ТЕРІС АҒЫЗАТЫН ПІРӘДАР

— Сендерге бірдеңе айтса, «алжыған адамның сөзін айтып, осы заманда» деп өзімізді мәңгүрт дейсіңдер. Боса да бастаған соң сенсеңдер де, сенбесеңдер де айтайын.

Осыдан екі апта шамасында бірнеше қатын бас қосып, ет комбинатына ет алуға бардық. Осы жақын маңда бес биенің сабындай, оң жақ көзі жыбырлап жүретін бір жесір қатын бар, со да бізбен бірге барды. Біз ет күтіп, онда қыруар уақыт жүріп қалдық. Сөйтіп, шеткерірек жүріп келе жатыр едік, бір мезетте әлгінің аузы сол жағына қарай қисая бастады да, әлден соң әлгі қисық ауыз болды да қалды. Ет алу тұрмақ, зөреміз кетті.

Сол әйел:

— Мына біздің ар жағымызда тұратын пірәдарға апарып көрсет, — деп жалынып, жалпайып маған келді. Аяғаннан алып бардым. Пірәдар:

— Бірдеңе деген су перісі соққан екен. Емдеуіне (ақысы) бір қой байладым, — деді. Содан кейін емдеп, бетін бері қаратып (түзеп) берді. Қазір сәл ғана кемдігі байқалады. Мүлде түзеттіруге пұл бермеген соң, баруға беті болмай жүр. Нанбасаң, сол қатынның өзін де, пірөдарды да көрсетейін. Және бір айтқаны:

— Шырағым, өзің еркекті жақсы көріп, көрінген еркекке өліп-өшіп тұрады екенсің. Одан аулақ болғайсың. Су перісінің жүрмейтін жері жоқ. Сондықтан таза жүріп сақтанғандарың жөн, — деді.

Басқа не дейін, бұл кісі өте білікті адам, оқымысты, пері оқуын оқыған. Қазақтардың айтуынша, қара суды теріс айналдырады деседі. Өз білуім — алдына барғаныңда сенен ол ештеңе де сұрамайды. Өткен-кеткен өміріңді, не болды, не қойды, не болғалы жатыр (өзің туралы) айтып береді. Әйтеуір бір ғажап жан, жасы қазір жетпістерде, баласы өліп, қазалы боп қалды.

15. [АЛТЫН КӨРСЕ...]

— ...Осы қазақ жаратылысынан керемет-ақ. Еңбекқор. «О, Құдай, жасымда бейнет бер, қартайғанда дәулет бер» деп күндіз-түн еңбек етеді. Егін егеді, мал бағады. Дастарханды, қонақжайлылығына келгенде, мұндай халық жерде жоқ. Сондай-ақ өте бір сенімге толы халық. Жауы келсе де, төрден орын беріп, бар мәзірін алдына тартады. Сонысынан да болар жауы тез алады да, мойнына мініп алады. Тозақ бар, ұжмақ бар дейміз. Тозақты көріп жүрміз. Ұжмақты көріп келген әзірге ешкім жоқ. Тозақ. Оны көріп жүрген бірден-бір халық ол — қазақ.

— Тозақты қазақ көрмей қайтеді?! Бәрі — кедей. Бір ауылда бай болса, бір-екі үй. Олар да сасық байлар. Қой соңынан

жүргені. Байлық не керек? Не ішіп, не жеп, не ойнап-күліп қызығын көрмеген соң. Бір есептен, кедейлік те жақсы ма өзі? «Кедей — жомарт», қайғы-қасірет аз. Кедейдің несін алады? Байдан сорлы жан жоқ. Күндіз-түн тартқаны — қайғы-қасірет. Жел соқса да, дауыл болса, қар жауса, қараңғы түн болса — бәрі байға тажал сияқты. Бай үйінде тышқан жорғаласа да қауіпті. «Ұры-қары жүр» деп ұйқы көрмейді. Алып кете ме, суға кете ме, өртке кете ме — бәрі кетеді, кетеді деп тұрғандай.

...Бұрын бір бай, бір кедей көрші тұрған. Байдың бәйбішесі, тоқалы бар. Құл мен күңі бар. Әрқайсысы өз қайғысымен әуре. Балалары жоқ. Бай әуре ұры-қары алады деп. «Жылқы ысқырса — желдікі, айдаса — жаудікі» деп ұйқы жоқ. Құл мен күң тамағымен әуре. «Қашан бай боламыз» деп уайымдайды. Кедей — жомарт. Сулы-суанды асын ішіп, балаларымен ойнап, пырылдап ұйықтап жатқаны. Бір күні бай тұрып кедейден сұрайды:

— Осы сен неңе күлесің? Қарқ-сарқ күліп, мәз болып жатқаның?

Кедей тұрып:

— Байеке, бізде асықтай-асықтай үш алтын, төрт күмісіміз бар. Кеш болғансын соны бір-бірімізге лақтырып, ойнап жатамыз. Күлкі де содан, — дейді.

Бай үйіне келіп, бәйбішесіне айтады. Сандықтағы алмадай-алмадай алтын-күмісін шығарып, бәйбішесіне, тоқалына лақтырып көреді. Күлкі жоқ. Күлкі тұрмақ, алтынды біреу көріп қоя ма деп жалтақтап, қорқып, бүрісіп отырады. Ертесіне, келесі күні тағы да солай. Көрші кедей одан әрі қарқылдап күліп жатқаны. Байдың бәйбішесі ақылды екен. Кедейдің алтын, күмісі балалары ғой деп түсінеді. Байға бірақ айтпайды.

Бір күні кедейді шақырып, бір алмадай алтынын, күмісін береді. Кедей тұрып алмайды. Кешкісін әйеліне айтады, сүйтіп, сүйтіп деп. Әйелі тұрып:

— Ой, сорлы-ай, неге алмадың? Ой, санасыз туылған сорлы-ай! Алтын, күмісті сатып, балаларға, өзіңе киім жасамаймыз ба? Аш отырған балаларға тамақ та болады емес пе? — дейді.

Кедей барып, бәйбішеден алтын мен күмісті алады. Үйіне келген соң әйелі екеуі ақылдасады қашан, қай күні, қайда, кімге, қаншаға сатамыз деп. Ері мен әйелі таласып та қалады. Тілге де келмеді. Бұрын-соңды болмаған сөздер де айтылып, сол күні ерлі-байлы екеуі үдірейіп, біріне-бірі қарамайды. Түнде құшақтасып жататын байқұстар біріне-бірі теріс қарап жатып, таң атырады. Ерте тұрып ері: «Базарға барғанша, мұны бір жерге көме тұрайын» деп, есік алдындағы топ шеңгелге көмеді. Үйіне келіп, шай ішіп отырып ойлайды: «Көмуін көмдім, біреу көрмеді ме екен? Әй, көрген де шығар, орнын ауыстыру керек» деп, бұлақ жағасындағы қамысқа жасырады. Желсізде сылдырлап тұрған қамыс кедей құлағына одан әрі шуылдағандай болады.

— Ә, — дейді кедей, — ұры жүр. Қамыс неге сылдырлап кетті? Ұры іздеп жүр. Көрген ғой, қу неме!

Түнгі қараңғыда тұрып, құрғырды алып, беттегі тасқа көмеді. Сол түні аспанда нажағай ойнап кетпесі бар ма?! Ұйқысынан шошып оянған кедей:

— Әй, ит-ай, ит. Ұры шам жағып іздеп жүр. Әйтпесе неге жарық болып кетіп жатыр? — деп күпісін жамылып, бетке шығып, жан-жағына алақтап қарап, әр тасты бір шұқылап, алтынды таппай әуре болады. Қай тастың түбіне тыққаны есіне келмейді. Не керек? Күнде неше түн ұйқы көрмей тасты қазып, алтынын іздеумен болады. Әбден шаршайды. Әйелі болса, «бұл түнде қайда барып жүр? Бәйбіше бұған бекерден-бекер неге алтын, күмісін беріп, жарылқай қалды. Әй, қайдам» деп төсекте дөңбекшіп, ол да ұйқыдан қалады. Үй іші, ұл-қыздары бірін-бірі жақтырмайтын болады. Күлкі қалады. «Үй іші ала болса, кереге басы бәле» деген емес пе?

Алтыны құрғыр, сары шайтан. Бар бөленің басы сол емес пе? Кедей сорлы бір ай әуре тартып, азып-тозып, өлдім де-

генде, алтынды тастан әрең тауып үйіне келеді. Шаршағаны соншалық — шайға қарамай сұлап түседі. Ұйықтап жатқанда қойнындағы алтыны түсіп кетеді. Оны көрген бір баласы алып, далаға ойнап жүрген бауырларына:

— Жарқыраған тас тауып алдым, — деп айғайлап мақтанады. Балалар ойынға батады. Тасты лақтырып, шағып көреді. Шешесі көріп қалып, балаларын ұрып-соғып, әрең алып, ырыншақтың қуысына тығып қояды. Күйеуі оянып:

— Бұл не дабыр? — деп сұрайды. Әйелі күйеуіне жалынады.

— Жоғалт мына сары шайтанды, күлкіден, ұйқыдан қалдық, — деп.

Ерлі-байлы екеуі күлісіп, бәйбішеге алтын-күмісін қайтарып береді. Сол күннен бастап кедей үйіне күлкі қайта оралады...

16. ИМАНҒАЛИ, ДҮЙСЕ, ӘЖІҒАЛИ

1914 жылдар шамасында Қамыс Самарға правитель болып бірінші округтің адайы Әжіғали Шынтайұлы келді. Оның помощнигі Иманғали Меңдыханов болыпты. Әжіғалидың оқуы аз, ал Иманғали — көп оқыған, бұрынғы семинарист. Екеуі қалайда сиыса алмайды. Иманғали Әжіғалиды арыздап қуады. Оның зарарына сөз айтуға Таңмерген Жанқожаұлын, Тастанбек Желдібайұлын, Дүйсе Түлкібайұлын, Сүндетқали Нұрсарыұлын айғақ етіп көрсетеді. Сол күндегі ел адамдары Әжіғали Иманғалиды татуластыруға араға жүріп келістірмекші болады. Иманғали ашуын тастайды. Тек шарт қояды. Онысы төрт бидің өзімен бірге болуын талап етеді. Билер төртеуін шақырады. Дүйсе мәжіліске кеш келіп қалады. Әжіғали үйінде қонақ болып, бәрі кеңсеге бітім қағазға қол қойып, істі кесуге шығады. Дүйсе қозғалмай отыра береді. Бестабайлар аяқ киімін салып діңкілдеп тұрады. Қайта-қайта:

— Дүйсеке, кеңсеге барайық? — дейді. Сонда Дүйсе сөз бастап былай депті:

— Бұқа буға асық, тентек дауға асық. Құлаған құс қуға асық, қу суға асық, өтірікті білмейді, жасаған Құдай шынға асық. Атқа мінсең, шідер сал, шідер салсаң, тиек сал. Егер тиек салмасаң, атыңның кетуі шын, ашық, қасығыңды майға сал, аузыңды жырттар нұр қасық, — депті.

Әжіғали арадағы билерге:

— Дүйсекемді разы қылмаған екенсіңдер, — деп, жанынан жиырма бес сом шығарып береді. Дүйсе түрегеліп:

— Енді кебісімді салмасаңдар да, өзім киіп барам, — деп кеңсеге жөнеледі.

17. ОҢДЫБАЙ, ҚҰЛТАС ӘҢГІМЕСІ

Тама руынан шығып, елін жақсы басқарған Құлтас деген болыс елуден асып қалған шағында өз жақыны Оңдыбай деген бала ержетіп, болыстыққа таласады. Болыстыққа талас айтысқа ұласады. Содан елінің қариялары баланың қайтпайтынын сезіп, ол елдің қарт сыншысына астыртын хабарласып, «мына баланы бетінен қайтарсын» деп сәлем жолдайды. Ал Оңдыбайды қарияның қолын алып, бата алуға жібереді.

Оңдыбай келгесін қария әңгімеге айналдырып отырып:

— Құлтас атаңның қара құлы ғой, оған тең келмейсің, — деген сөзді айтады.

Сонда алған бетінен қайтпайтын бір бет Оңдыбай тұрып:

— Мені Құдай Оңдыбай қылып жаратса, сіздің батаңызсыз-ақ Оңдыбай болармын, — деп орнынан тұрып, жүре беріпті.

Оңдыбайдың қайтпайтынын сезген сыншы Құлтасқа сәлем жолдайды: «Көзі көк, рақымы жоқ, бірбет жігіт екен. Болыстығының жартысын бөліп берсін» деген сәлемдеме жіберіпті.

Сонымен, Оңдыбай бұл жақта жүргенде әкесі Құлтасты үйіне шақырып, сыйлап күткен екен. Әкесі қара мая, шешесі жанат ішік жауып жіберіпті. Оны Оңдыбай жолшыбай есітіп, ашумен келіп шешесіне:

— Ә, шеше, қайныңыз келді ме? Оған не сый жасадыңыздар? — депті.

Сонда шешесі:

— Мен жанат ішік жаптым, әкең қара мая мінгізді, — депті.

Сонда әкесі:

— Шешең жанат ішік жапса, қайнысына жапты. Мен қара мая мінгізсем, сенің тіл жазаңа мінгіздім. Үлкенге тілің тиіп, үлкенді сыйламадың, — депті.

Ақыры Оңдыбай бақталастықпен Құлтасты үзеңгіге у жағып өлтіріп жібереді екен.

18. [БЕКТҮРСЫН АҚСАҚАЛ]

Кешегі соғыс жылдарында халық барлық азық-түлікті майданға беріп, өздерінің уақытша болса да ашығуына тура келді. Міне, осы уақытта Кедей руының Бектұрсын деген кісісі бір қоян тұтып алып, үйіне әкеліп астырған көрінеді. Ауқат енді дайын болған кезде үйге сәлем беріп, бір қонақ кіріп келеді. Олар амандасып, жөн сұрасады. Ал Бектұрсын болса, өзі аш, ана кісінің дайын ауқатқа келгенін жақтырмай отырады.

Ауқат дайын болып, алдарына келеді. Сонда қонақ:

— Апырмай, Беке, мына қоянды қалай ұстадыңыз? — деп сұрайды.

Сонда Бекең:

— Мына біздің кемпір дәрет алып отырса, аспанда бір бүркіт қоянға шүйлігіп келе жатқан екен. Қорыққан қоян біздің кемпірдің аяғының арасына кіріп кетсе, кемпір етегін жаба

қойыпты да, қоянды құлағынан ұстап үйге әкелді. Мынау сол қоянның еті, — дейді.

Сонда қонақ тым-тырыс отырып қалыпты және қоян етінен ауыз да тимепті.

Біздің елде Әлмен Базаров деген кісі бар. Өзі бала кезінен бастап-ақ сөзге үйір, әңгімеқұмар кісі екен. Сол кісі 5 — 6 жасар кезінде жатар алдында әжесінен нан сұрапты. Әжесі:

— Таң атсын да, айналайын-ау, — десе, Әлмен:

— Әже, таң атпай қалса, қайтемін, — деген екен.

19. ТӨРЕМҰРАТ АЯПҰЛЫНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Бірде бұл кісі (Төремұрат) Талдытруба деген жерге жолаушы болып барып, бір үйге түсе қалса, сол үйде бір топ ауыл ақсақалдары мен жігіттері сөз жарыстырып отыр екен.

Сонда сол үйде Алаша Найман руынан бір ақсақал сөзге шешен, тілге жүйрік, яки басқаларға қарағанда сол үйде сол кісінің сөзі басым болып, бір өзі жұртты аузына қаратып отыр екен.

Әлгі Төремұрат деген кісі де барып, үйге кіріп отыра қалады. Бұл кісі өзі ірі болып келген, кең жауырынды сары кісі болғанымен, ешқайсысы елемейді. Сонда тұрып әлгі ақсақал былай деп әңгімені баяндай бастайды:

— Біз мұнда Сыр бойына өткен жылы барғанымызда мынадай бір қызық көрдік, — дейді, — ол жақтың жігіттері өте ірі болады. Ірілігі соншалық — алты жаста атанға мінгенде аяқтары жерге түсіп, жер тіреп, салбырап жүреді екен, — дегенде, сол үйдегі кісілер не дерін білмей, бір-біріне қарап таңданып қалады. Сонда әлгі келген Төремұрат деген кісі есік жақта отырып былай дейді:

— Иә, ол рас, ақсақал дұрыс айтады. Мына біз өткен жылы күз айында сол Сыр бойына тойға көкпар тартуға баратын болып, он аттылы аттандық. Сонда жолда бара жатқан кезде бір жерге қонаға жататын болып, аттарды шідерлеп, елсіз жерде қондық. Бір кезде түн жарым болған екен, жауын жауып, киімдерім су болыпты. Үстімде [киімім] жұқа еді. Ал сол кезде қарасам, оң жағымда бір үлкен ін тұр екен. Соған бардым да жатып, рахаттанып ұйықтап, дем алдым. Таңертең қарасам, біреу мені жерге шалп еткізіп алып ұрды. Орнымнан тұрып қарасам, түндегі ін деп жүргенім Өрісбай деген ағамның етігі екен, — депті.

Сонда тұрып әлгі ақсақал қария шал былай депті:

— Тұу, ішің жарылғыр, балам, өтірікті адам ептеп айтады. Ал мына сен сықылды дәу сары жігіт адамның етігінің қонышына сия ма? — дегенде, әлгі тұрып:

— Ішіңіз жарылса, қақ бөлінсін. Нешебір үлкен жігіт болғанмен, алты жасар атаннан аяғым жерге тимейді, — деп әлгі кісіні сөзден тоқтатқан екен. Үй ішіндегілер енді барып, бұл кісіге сый-құрмет көрсетіп, өздері ұялыс тауыпты.

20. САЯҚБАЙ ӘҢГІМЕСІ

Мен бір күні Тоқпақ базарына бардым. Себебі, мен он жылдай бір қыз екеуіміз бірге оқыдық. Сол қыз бір күні түсімде: «Сен жақында Қызарттың асуына баруың керек. Кісілерің айтты», — деп айтқан.

Базарды аралай жүріп бір қой айдайтын сарт көпеске кездестім. Осы адамға жалданып, қой айдап Қызарт асуының түбінде бір екі-үш үй отыр екен, сол үйге қасымда тағы қой айдап келе жатқан екі-үш адамдармен бір үйге кеп түсе қалдық. Кіріп келсек бір адам сарнап, ауырып жатыр екен. Егер осы адамды қамшымен бір тартып жіберсем, ауырып жатқан адам

орнынан тұрып кетер еді. Мен қасымдағы жолдастарымнен ұялып, ұрмадым. Осы үйден сусын ішіп, атымызға мініп қойға келе жатқанда әлгі қыз тағы: «Әй, Саяқбай, неге жаңағы сорлыны қамшымен бір тартпадың?» — деді.

Содан Қызарттың асуында күн бұзылып, боран болып жүре алмай қатты қиналып жүргенде әлгі қыз тағы кеп айтты: «Енді, Саяқбай, әдейі шақырумен келдің, неге? Тапсырма берсе, бұлжытпай орында», — деп.

Мен: «Жарайды», — дедім.

Осыдан соң күн ашылғандай боп, аман-есен асудан өттік. Сол кезде бір жаман жерге бір ат құлап кетіп, суға ақты. «Сол атты алдынан тосып ал» деп маған өзімнің қожайыным айтты. Мен бұйрығын бұлжытпай, өзім суық суға кетіп қала жаздап жүріп, өрең өлдім-талдам деп жүріп орындадым.

Бұдан сол қойды уәделі жерге айдап кеп сарттан ақымды алып, қайтып есен-аман үйге келдім. Ауылға келгеннен соң ойлай жүрдім «енді кісілерім өкпелеп қалды-ау, тапсырма бермес» деп. Жоқ, бір күні алыс емес, жақын жерде бір жас жігіт сал ауру екен. Екі жыл болған екен. Сол жігітті емдеуді тапсырды. Келсем жігіт сарнап жатыр екен. Келіп ақырып, қамшыммен бір ұрдым: «кет, бәлекет, кет!» деп. Сонан осы үйде екі күн болдым. Жігіт тәуір болды, басын көтеріп жүріп кетті. Қайтып үйге келдім, сыйлық беріп еді, алмадым.

Екінші жылы тағы бір тапсырма берді. Бұл қар еріп жатқан уақыт еді. Ауылдан шығып жүріп кеттім. Қолымда таяғым бар. Жер бұлдырағандай боп отырады. Көрген жерім емес. Атты кісіге кемінде екі күндіктей жер. Тау іші намаздыгер кезінде қой бағып жүрген бір ақсақалды үлкен қарт адамға кездесіп, сәлем бердім. Ол сәлем алды да:

— Балам, жолың болсын, — деді.

Мен:

— Құдайы мейманмын, — деп жауап бердім.

Қарт:

— Жақсы, балам, онда күн кешкіріп қалды. Анау жатқан там жолмен осы қырды ассаң, сол қырдың астында біздің үй. Сонда барып жайлан, шырағым, — деді.

Мен сол кісінің айтуымен үйді тауып, жайғасып, дем алып тынығып, осы үйде ауырып жатқан әйелді емдеп боп отырғанда әлгі шал келді. Бір қойды сойып, екі-үш күн жатып тынығып, ауру да орынынан тұрып тәуір болды.

Қайтуда екі-үш күн жол жүріп келдім.

21. БАЛҒАБАЕВ КӘЖЕН ҚАРТТЫҢ АЙТУЫ

Аға сұлтанлық дәуірде, бұрынғы Ақмола губерниясы территориясында Құдабай аға сұлтан екен. Ол қазақ емес, естек еді деседі жұрт. Ұятсыз, арсыз, өте қатал адам екен. Жылаған баланы «Құдабай келеді» деп жұбататын болыпты ел.

Бірде Құдабай Есіл бойындағы Қозған еліне келіп, Тілеу атаның ішінде қадірлі ақсақал Шорманның үйіне түседі. Ол үйдің бойжеткен қызы төрдегі жүк пен қарт әке-шешесінің төсек ағашы аралығында жататын. Ұятсыз Құдабай қарттардың ояу жатқанына қарамастан, сол қызға барады. Ол қабылдай қоймайды. Соған ызаланып «бозбала сұлтан» ашулы үн шығарады, қалтасынан насыбай шақшасын алып, оны Шорманның басына қағады.

Осы қорлыққа намыстанған Шорман оны өз баласы Беркінбайға айтады. Ол еті тірі, қиын істің тетігін таба білетін тапқыр жігіт еді. Омбы қаласына осы жағдайды ондағы губернатордың өзіне ауызша шағым етуге аттанады. Істің жайын жергілікті жерде тексеріп, анықтау үшін губернатор елге өзінің орынбасарын (вице-губернаторды) жібереді. Ұлықты Атбасар қаласына түсіреді де, Беркінбай ауылға келеді. Ауылдағы барлық еркектерді ұлық келетін жолдың екі жағына қатар тұрғызады. Оларға:

— Пар ат жеккен қара пәуеске жақындап келген кезде бас киімдеріңді алып, қол қусырып, иіп, «Құдабай! Құдабай!..» деп зарланып беріңдер, басқа сөз айтушы болмаңдар, — деп тапсырды Беркінбай.

Айтқандай, қара пәуеске зырлатып келеді. Жолды жағалай тұрған халық Беркінбайдың тапсырмасын орындайды.

— Бұлар не деп тұр? — деп вице-губернатор сұрайды Беркінбайдан.

— Уа, ұлы мәртебелі ұлығымыз! «Біз үшін өмір сүру мүшкіл болды. Бұл өңірден Құдабайды алыңыз, әйтпесе бізді алыңыз» деп тұр бұлар, — деді Беркінбай.

Осыны көрген вице-губернатор аға сұлтанның қылмысы анықталды деп есептеді, дереу Құдабайды іздетті. Бұл кезде жағымпаздар, халық мүддесін қара басының мүддесіне айыр-бастайтын сатқындар ат-тұрманын сайлап беріп, Құдабайды оңтүстікке аттандырып жіберді. Телікөл, Ақмешіт, Түркістан арқылы өзбек жеріне өтіп кетсе, ешкім іздемейді, іздегенмен таба алмайды да деп ойлады. Ойлағаны болды. Құдабай сол кеткеннен ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Ел тыныш өмір сүрді.

22. ҚАРТ МҰҒАЛІМ БЕЙСЕНБАЕВ ЖӘКІШТІҢ АЙТУЫ

Он тоғызыншы ғасыр мен жиырмасыншы ғасыр аралығында Жетісудағы найман-садыр, матай елін билеп-төстеген даңқты адамдардың бірі Тұрысбек екен. Ол өз дәуірінде «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» дейтіндей дәрежеге жетіпті. «Біржан сал мен ақын Сараның кездесуі Тұрысбектің алдында болып еді» дейді сол елдің көне қарттарының бірі, Әріп ақынның серігі Әбізиұлы Жәкей ақсақал.

Сарыарқа жерімен, ондағы ел жақсыларымен танысу үшін Тұрысбек бірде Атбасардың жазғы жәрмеңкесіне барады.

Тұрғын ел оны үлкен құрметпен қарсы алады. Екі-үш үй тігіп, арнайы қонақасы даярлайды. Елдің білікті адамдары, зиялы ақсақалдар кезекпе-кезек құрметті мейманға сәлемдесуге келіп тұрады.

Атығай, қарауыл тобын сол елдердің даңқты адамдары Тұтанұлы Қарабатыр мен Бәубекұлы Мағзұм мырзалар бастап келеді. Екеуінің аты-жөнін білгеннен кейін, сыртқы сипатына қарап, Тұрысбек оларға қатал сын тағады:

— Етегіне қарап, жер шұқыған жігіт ел билеп, не жарытар дейсің, — деп сын тағады Қарабатырға, — қабағы тым қалың екен, елге жақсылығынан забытасы көп болар, — деп бағалайды Мағзұмды.

Қозған, Қақсал тобын бастап, бұрынғы әдетінше сәнді киініп келген Сәркеұлы Жанбай (Жаманкөз) мырзаны да батыл сынайды:

— Шіңкілдеген әйел дауысты, қызтеке жігіт те ел билей ме? — деп әсем киінгенін ұнатпайтындығын байқатады. Қуандық, Сүйіндік тобын бастап атақты Жанайдарұлы Мейрам мырза келеді. Оның түсі сары, көзі көк болатын. Сол бейнесіне қарап Тұрысбек:

— Ағамыз жорықта көп жүреді деуші еді, жеңгеміз ұйқысырап кеткен болар ма, — дейді.

Тұрғын ел адамдары Тұрысбектің бұл өрескел сынына қатты наразы болады, сый-сияпаттың бәрін тоқтатып, өзін масқаралап қуып жіберуге әрекеттенеді. Соның оңай амалын іздейді. Ел билеу ісіне қатыса бастаған жас жігіт, Қозған ішінде қадірлі ақсақал Шорманның баласы Беркінбай ызалы көпшіліктен өзін Тұрысбекке сәлемдесуге жіберуін өтінеді.

Беркінбайдың ұсынысы бойынша бір топ адам Тұрысбекке сәлемге барады. Үлкендер төрге жағалай отырғанда Беркінбай босаға жақта аяғын көсіліп, шынтақтап жатады. Төрдегілермен жағалай таныса келіп, Тұрысбек:

— Ана бір күлге аунаған есектей сұлап жатқан көргенсіз, әдепсіз жігіттің кім? — деп сұрайды. Таныстырып отырған адам:

— Шорман ағамыздың баласы Беркінбай мырзамыз ол, — десе, Тұрысбек:

— Жақсыдан жаман туады, азып туған сұмдардың бірі десеші, — дейді.

Жанында отырғандар:

— Бірдеме демейсің бе? — деп Беркінбайды түртпектейді.

— Ит те малтиды, Тұрысбек те малтиды. Тұрысбек малтиды екен деп, мен де малтиын ба? — дейді Беркінбай зілді дауыспен.

Тұрысбек ләм дей алмайды, дереу атын жектіріп, тайып береді.

23. ҚОБАЙ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Қобай қарт өмірінің соңғы күндеріне дейін Қарағанды қаласында тұрды. Еңбегімен көзге көріне білген қадірлі шахтердің бірі еді. Соғыс жылдарында небір қиыншылықты мойындамаған, белді бекем буып, маңдайынан терді тамшылатып, қайланы құлаштап сермеген, «күйресін жау, құрысын фашистер!» деп, Отан қоймасына көмірді жоспардан тыс аттандырған, суретін шахтанын ауласындағы көрнекті жерге талай рет ілдірген, қажымайтын, қайтпайтын нағыз қайсар адамның өзі еді.

Саясаттан да хабары бар, ойына тоқығандары да көп, әңгімені де майын тамызып қызықтырып айтатын әңгімеқор кісі еді. Ол кісінің жарқын өмірі, бір тілім нанды қасындағы адаммен әрқашанда бөлісіп жеуге өзін тұратын ақкөңіл мінезі әлі күнге көз алдымызда елестеп тұрады. Сексеннің ішіне ілігіп барып дүние салып кетті.

Қарағанды қаласына қызмет бабымен командировкаға келген бір сапарымызда екі жігіт қоналқаға Қобай қарттың үйіне келдік. Қобайдың онша үлкен де емес, онша қусырайған кіші де емес үш бөлмелі, сәулетті үйі бар-ды. Әлі күнге Костенко

паркiнiң түбiнде қалқиып тұр. Оқта-текте бiр барғанымызда көре қалсақ, көзiмiзге жылы ұшырап қоя бередi.

Есiктi ашып кiрiсiмен үйдiң iшiн нұрға толтырған электр шамдарының жарығы көздерiмдi ұялтып, плитаның iшiнде қып-қызыл болып лаулап жанып жатқан көмiрдiң иiсi мұрынымызды шалды. Орталық бөлмеде бәйбiшесiмен мәжiлiстесiп шай iшiп отырған Қобай қарт:

— О, балалар, келiп қалдыңдар ма? Жоғары шығындар. Төрлегiндер, — деп орнынан тұрып бiздi қуана қарсы алды. Үйiне өз балалары келгендей көрiп, қошеметтедi.

— Бәйбiше, балалар шөлдеп келген болар. Шайыңды қайтадан ысытып, тез қамда. Қазаныңды ыңғайла, — деп шешейдi де жұмсап үлгердi.

Бiз төрге шығып отырысымен, Рыстыбике шешей столдың үстiндегi дәмдердi жаңартып, шайын жасап та үлгердi. Анығында да шөлдеп келген едiк. Қобай қартпен әңгiмелесiп отырып, терлеп-тепшiп қызыл күрең шайды бiраз сiмiрдiк. Шөлiмiз қанып, бойымыз аздап кеңiген кезде Қобай қартқа ел арасындағы гулеген әңгiмелердiң бiразын айтып та үлгердiк. Әңгiменiң бiразына сұрақтар қойып, Қобай қарттың өзi де жетекшiлiк еттi.

Рахметiмiздi айтып, столдан шегiнген кезiмiзде:

— Балалар, ендi ненi ермек етеміз? Әлде дойбы ойнаймыз ба? — деп, Қобай қарт қасында жатқан дойбының жәшiгiң қолына алды. Бiз ойланып қалдық.

— Қаба, бiз сiздiң әңгiменiздi сағынып қалдық. Бiзге көңiлдi бiр әңгiме айтсаңыз, жақсы болар едi, — деп тiлек бiлдiрдiм мен.

Қобай қарт дойбының жәшiгiн қайтадан орнына қойып, насыбайды асықпай атты да:

— Қандай әңгiме айт дейсiңдер? Естiгенiмдi айтайын ба, көргенiмдi айтайын ба? Жоқ әлде, өз басымнан кешкен шаруанын бiрiн айтайын ба? — дедi ауыр денесiн өзер қозғап, бiр жамбасына қарай қырын бұрылып отырып:

— Өз басыңыздан кешкен әңгіменің бірін айтсаңыз дұрыс болар еді, — деді қасымда құлағын түріп, сабырлы тындап отырған жолдасым.

Қобай қарт түкіргішін иегіне жақындатып, шырт еткізіп түкіріп, жанында отырған Рыстыбике шешейге көзінің қиығын салып бір қарап алды да:

— Мен қазір жетпістің алтауына келдім. Он төрт жасымда әкем мен шешем иіс тиіп, бір-ақ күнде дүние салып кетті. Мен тым жас кезімде жетім қалдым, — деп бастасын әңгімесін, — ол күні мен бір жолдасымның үйінде қонып қалған едім. Таңертең шай жасалып жатқан кезде ауылдың кемпір-шалдары, еркек-әйелдері түгел жылап келіп, менімен бас салып көрісіп, маған әкем мен шешемнің бірдей қайтыс болғанын естіртті. Мен не дерімді, не істерімді білмей есеңгіріп, отырып қалдым.

Әкем Игісін бір атадан қалған жалғыз адам болатын-ды. Жаны ашитын, жақын туыстары жоқ еді. Шешем Нағима Ереймен тауының бауырын жайлаған Қанжығалы елінің қызы еді. Әкем Қараөткелге сауда-саттықпен барып жүргенінде танысып, үйленіпті. Жасырақ кезімде шешем төркініне барып қайтқанда, нағашымды бір көргенім бар. Нұрмағамбет деген нағашы атамның аты сол кезден бастап жадымда сақталып қалған-ды. Нағашыларым жайында да осыдан басқа ешбір мағлұматым жоқ.

Игісіннен мен де жалғыз қалдым. Шешем менен бұрын да, менен кейін де бала көтерген кісі емес. Өзім тым жаспын, оның үстіне ойда-жоқта әкем мен шешемнен бірдей айырылдым. Басымда қасіреттің қара бұлты төне түсті. Жан ашитын қамқоршым жоқ. Бақытсыз, жетім балалардың санына іліктім. «Маған енді оң қабағын кім береді? Жылы сөзді кім айтады?» деп жасып, жабырқап әркімге бір жалтақ қараймын. Әке-шешесі бар балаларды көрсем, жамандай күйінемін.

Ауылдың қарттары мен кемпірлері мені көрсе болды:

— Ой, бейшара, соры қайнаған, сор маңдай бала! — деп көздерінің жасын сығымдап, қасымнан күрсініп өте шығады. Ол қайғылы сөздерді естігенімде тұлабойым мұздап, жүйке тамырларымның бәрі шымырлап, өз-өзімнен қорланып, жерге кіріп кете жаздаймын. Өзімнің бақытсыз халімді сезгендей боламын. Кемпір-шалдардан бойымның аза болғаны сонша — оларды көрсем сырт бұрылып, қаша жөнелетін болдым.

Әке-шешемді жерлеп қайтқан соң ауылдың ақсақалдары жиылып, менің келешек өмірім туралы сөйлесе бастады.

— Бұл балаға енді кім ие болады? — деп өзара ақылдасты.

Ауылда Рақымбай деген атақты бай болатын. Қабала сақал, шойын қабақ, шот маңдай, дөңгелек беті төңкерілген жуан кісі еді. Тәрде отырған-ды. Бір мезгілде әлгі кісі өз-өзінен ашуланып, гүр ете түсті.

— Бұл баланың әкесі Игісін марқұм бәріңнен гәрі маған аталас туыс екенін сендер қалай ұмытып отырсыңдар? Бұл балаға енді мен ие болмағанда, кім болады? — деп басқа адамдардан мені қызғанып, таусыла сөйледі.

Отырған адамдар ауыздарына құм құйылғандай төмен қарап, тұнжырады да қалды. Соңынан Рақымбайға қарсы шығып, сөз көтеруге ешқайсысының батылы жетпей, келісетіндерін білдірді.

Әкемнен қалған аз ғана шаруашылық пен мен Рақымбай байдың қарауына бардым. Рақымбайдың Жақыпжан деген азамат ұлы бар-ды. Менен бес жас үлкен еді.

Бір күні бай екеуімізді қасына шақырып алды.

— Екеуің бұдан былай жақын туыссыңдар. Бірің аға, бірің іні бола біліңдер. Менің байлығым екеуіңе де жетеді. Соңғы айтарым, Жақыпжан, сен үлкен қалаларға барып, оқуыңды оқы. Үлкен ұлықтардың қатарына ілігіп, сыртқа ие болуға тырыс. Қобай, сен малға қара. Үйдегі шаруашылыққа ие болуға тырыс. Сөйтсеңдер, екеуіңде ешкімнен кем болмайсыңдар. Біріңді-бірің қолдап, біріңе-бірің көмекші бола білсеңдер, ел ішінде

абырой, дәрежелерің арта түседі. Белді адамдардың қатарына жетесіңдер, — деп, ақыл айтты бізге.

Жақыпжан көп кешікпей, оқуға кетті. Мен өзімді «байдың баласымын» деп есептеп, ауылда жарты жыл шамасында танауымды көтерумен жүрдім.

Көктем келді. Қой қоздап, ешкі лақтап, ел мәре-сәре бола бастады. Байдың он шақты мың қой-ешкісі, мың жарым жылқысы, тағы біраз қора сиырлары бар еді. Бір күні бай мені қасына шақырып алып:

— Қарағым, біреудің жаны біреуге ашымайды ғой. Оны өзің жақсы білесің. Қой қоздап жатқан ауылдарға барып қайттым. Малда шығын көп көрінеді. Көпшілігі қарамағандақтан, күтімсіздіктен өліп жатыр. Жақын жердегі саулық қойлар тұрған жердің біріне барып, малға бас-көз болсаң қайтеді? — деді менімен ақылдасып.

— Жарайды, — дедім мен келісімімді беріп.

Мал ауылына келген күннің ертеңіне малшылар бір атты ерттеп берді де, мені қойдың соңына салды. Менің байдың малына ие болу дәрежем осы кезден басталды.

Күннің ызғары тарай қоймаған шақ. Үстіме киген киімдерім де онша жылы емес, жұқалау. Шұлғаумен киген көне етіктің қонышы даладай. Бұтымда жұқа шалбар. Терістіктен ызындап соққан аңызақ жел өте ызғарлы. Қос өкпемнен өтіп, тісімді тісіме жолатпай қалш-қалш еткізеді. Ит-құс көп. Малды иесіз тастап кете алмаймын. Жылынып шығуға да мүмкіндігім жоқ. Мал төлдеп болғанша өзер шыдадым.

Күн жылына бастаған кезде қойшылар мені қозы бағуға шығарды. Енді біраздан соң ауылға қайтатын шығармын деп дәмеленемін. Рақымбай бірақ келген сайын малының жайын бақылайды да, үн-түн жоқ қайтады. Маған ешқандай емеурін сездірмейді.

Қойшының жер иісі аңқыған ауасы тар жер үйінде сонымен тағы біраз жаттым. Астымда жөнді төсеніш те жоқ. Күнкөрісім сақылдаған көк құрт пен жас ірімшік. Таба нанды көзім анда-

санда ғана бір көреді. Егер бірлі-жарым қой ауырып өлмесе, ет деген түсімізге де кірмейді. Бола қалса оның өзі қанша тұз салсаң да, дәмі кірмейтін көкжасық болады.

Ауылда Жөкебай деген бір қарт бар-ды. Ол кісі де малшының бірі болатын. Бір күні қамысқа кіріп-шығып жүрген иттердің ізімен аңдып барып, сазға жығылып өлген бір марқа қозыны үйдің жанына сүйреп әкелді. «Құланның атуына қасынуы» дегендей сол кезде үйдің жанына Рақымбай бай да келе қалды. Өлген қозыны көріп Рақымбайдың қабағы түсіп, өңі бұзылып сала берді.

— Мен ойымда түк жоқ алаңсыз тұрғанмын. Қолындағы білеудей қамшысымен жон арқамнан тартып-тартып жіберді. Мен есім шығып далаға қарай қаша жөнелдім. Ол мені аттың бауырына алып қуалап жүріп сойды. Қамшы бір ретте сарт ете қалғанда көзімнің оты жарық ете түсті. Мен есімнен танып, мұрттай ұшып құлап түсіппін. Жөкебай қарт мені арашалауға батылы жетіп, беттей алмапты. Өлгі жерде қанша жатқанымды білмеймін. Есімді жиып, басымды көтеріп едім, күн қоңырқайланып қалған екен. Қасымда маңдайымның жылжып аққан қанын сүртіп Жөкебай қарт отыр екен. Жөкебайдың бауырына тығылып, өксіп көп жыладым. Әкем мен шешем көз алдыма елестеді. Олар да маған қосылып жылап отырғандай болып сезілді көңіліме.

Жөкебай әлден уақытта:

— Балам, басыңды көтер. Бай ашуланып ауылына қайтып кетті. Күн батып барады. Бейуақытта далада жатуға болмайды. Үйге барайық. Шайыңды іш, — деді.

— Үйге бармаймын. Шай ішпеймін, — деп бұлқындым мен. Жөкебай ақыл айтып мені біраз айналдырып көрді де, көнбейтінімді біліп еркіме қоймай алдына өңгеріп көтеріп алды. Үйіне алып келді. Жөкебайдың бәйбішесі бір бүйірге төсек салып қойыпты. Мені жылы орап, сол төсекке жатқызды. Мен ұйықтап кеттім.

Қараңғы түннің бір кезінде сүйек-сүйегімнің бәрі ауырып, шыдай алмай бебеу қағып, шошып ояндым. Менің күрсінген дыбысымнан Жөкебай да, бәйбішесі де оянды. Шынысыз жағылатын білтелі шамы бар-ды. Сол шамды жақты. Қабақтарым, ернім бәрі күп болып ісіп кетсе керек. Сығырайып шамның жарығын өзгеремін.

Бетімнің, арқамның іскен жерлеріне ерітіп май жағып, өзіме шалаптап сусын ішкізіп, екеуі мені алдап-сулап төсегіме қайта жатқызды. Содан бастап ауылға Рақымбай келе жатса, қамқоршым емес, нағыз қас жауым келе жатқандай көріп ызыланатын болдым. Оған қарамды көрсетпей, үйді айналып қашып кетемін.

Мен Рақымбайдың ауылынан кеткім келіп, қобалжи бастадым. Оңаша қалған кездерімде не түрлі қиялдарға барамын. Көп жерлерді көз алдыма елестетіп, танымайтын елдерге кетуді ойланамын. Соңынан барлық ойлаған ойымды қорытамын да, «қайда барамын» деп аңырып тұрып қаламын.

Бір күні ойымды Жөкебай қартқа айтып көріп едім:

— Ой, балам, сен әлі бұғанаң қатпаған жас баласың. Өз бетіңмен жалға тұрып мал бағу қолыңнан келмейді. Ел саған сеніп малын бермейді. Мына түріңмен қайда барасың? Өзірге саған Рақымбайдың малынан қолайлы жер жоқ. «Үйренген тозағын қимайды» деген сөз бар. Орынсыз ойдың шылауына еріп, босқа әуре болма. Оны есің кіріп, бұғанаң қатып, ержеткен соң көрерсің, — деп шал менің сөзімді ұнатпады.

Сонымен, сол ауылда қой бағып, тағы да үш жыл жүрдім. Талай төбелердің бастарына обаларды орнаттым. Бір әйел босаныпты десе соған арнап оба қоямын. Біреу үйленіпті десе соған арнап оба қоямын. Ол жақтағы төбелердегі мен қойған обаларда сан жоқ.

Жасым он сегізге ілікті. Рақымбай мені қойдан алып, жылқыға жіберді. Жылқы бағуға іліккен кезде өзімді сейілге шыққандай сезіндім. Жүрдек тәуір атқа мінімін. Еріксем ер-

тоқымымды жазып, далада біраз шауып аламын. Бұрынғыдай емес, ет мол. Өзім күйленіп қалдым.

Ессіз далада жылқы бағып жүріп, тағы да ойға шомылып, кеткім келіп намыстана бастадым. Есіме нағашымды іздеу мәселесі жиі түсе бастады. Ақыры осы ойыма тас бекіндім.

Кездескен түсі жылы адамдарға «Ереймен тауының жолы қай жақта? Қалай баруға болады?» деп сұрастыра жүрдім. Айтушылар:

— Қарқаралыдан әрі Қоянды жәрмеңкесіне қарай жүресің. Одан Баянға барасың, Баяннан Ерейменге қарай өтетін жолды сұрап аласың, — деп түсіндірді маған. Қоянды жәрмеңкесіне байдың малын айдасып, бір рет барғанмын. Жолын шамалап білемін.

Рақымбайдың Жақыпжаны үйге келгенде мінеді деп үстінен құс ұшыртпай күттіріп жүрген, жүзіктің көзінен өткендей әдемі ақбоз аты болатын. Жылқыда бос жүретін. Кешке жылқыға келгенде сол атты ұстап алып, бір тал қылмен оттамау үшін тілін байлап қоямын. Жылқыны таңертең ауылға айдарда қылды шешіп алып атты қоя беремін. Бір ай шамасында ат оқтаудай болып жарап алды.

Бай жәрмеңкеге кеткен еді. Қайтып келіп қалар деп асығып Жақыпжанның күмістеген әдемі ертоқым-сайманын, сәндеп тіккен көрнекті киімдерін ұрлап даладағы шидің ішіне апарып тықтым. Тамақ пісіретін үйге ұрланып кіріп, біраз май, бауырсақ, піскен еттерді алып қоржынның екі басын теңдеп алдым. Сөйттім де, бір күні іңірде ақбоз атқа мініп, әке-шешемнің қабірінің басына келіп қош айтысып, «Қоянды жәрмеңкесі қайдасың» деп тартып бердім.

Ақбоз ат тебініп қалсам, ауыздығымен алысады. Жел қайықша еседі. Ілөз болмай, Қарқаралыдан өтіп кеттім. Түннің бір кезінде алдымнан шоқ-шоқ болып жанған көп от көрінді. Сөйтсем, жәрмеңкенің маңында мал бағып жатқан малшылардың оты екен.

Жақынырақ келіп, бір адамнан Баянға қарай жүретін жолды сұрап алдым. Рақымбайға кездесіп қалармын деп қауіптеніп, ол жерге де тоқтамай алға қарай жүріп кеттім. Түнімен жүріп, таң бозарып ата бастаған кезде, торғайлар шырылдап көкке көтерілген шақта, бір өлкедегі шіліктің ішіне келіп кіріп, атымды қаңтарып байлап, өзім жатып ұйықтап дем алдым.

Жолдағы ауылдарға соғып жол сұрап, жола қонақтап екі күн жүрдім. Үшінші күні кешке ымырт жабылған кезде тағы да бір ауылдың іргесінде тұрған қалың шілікке жетіп қондым. Бір үйлерге барып түсуге өзімді тергеп жүрер деп ойлап, қорқамын. Ат соғып, қатты қалжырап қалған екенмін. Іңірде қисайған ұйқыдан ертеңіне түске қарай әрең ояндым. Тұрып жуынып, аздап ауқаттанып алдым. Қасымдағы ауылға барып қымыз ішкім келді. Үсті-басымды жөндеп тәртіпке келтіріп, ауылға қарай бет алдым. Ауылдың төргі жағында тұрған үлкен ақбоз үйге қонаққа келген адамдай сәлем беріп, кіріп келдім. Үйде күзен ішік жамылған бір бәйбіше ғана отыр екен. Төрге шығып бір тізерлей отырдым да:

— Апа, жолаушы едім. Мүмкін болса, сусын ішейін деп келдім, — дедім жайымды айтып. Өлгі кісі кең қолтық, мейман жүзді адам тәрізді болып көрінді көзіме.

— Рыстыбике, қонақ балаға сусын құйып берші, қарағым, — деп дыбыстады да, өзі таяғына сүйеніп орнына әрең тұрып, далаға қарай бет алды. Сөйтсем, Рыстыбике шидің ішінде жүр екен.

Рыстыбике шешей жымыып күле бастады.

— Бір шар аяқ қымызды маған әкеліп ұсынды. Өзі көзі оттай жайнаған, үріп ауызға салғандай әдемі қыз көрінді. Екі бетінің ұшы мені көргенде от болып жанып, дуылдап шыға келді. Одан кейін ұялып мен де төмен қарадым.

Бәріміз күлісіп алдық.

— Қыз маған шараяқ қымызды ұсынып жатқан кезде қолтығынан тұмарша бүктелген үшбұрышты бір кішкене қағаз

шырт етіп ұшып жерге түсті. Оны қыз байқаған жоқ. Мен табаныммен баса қалдым. Қыз бұрылып шидің ішіне кірген кезде, іліп алып, қонышыма тыға салдым.

Қымызына рақмет айтып, қайтадан шіліктің ішіне атыма келдім. Бұрын әкем аздап арабша оқытқан еді. Қағазды алып оқысам: «кешке ауылдың сыртындағы терекке ат жетектеп келіп тұрамын. Сол жерге кел» деп жазыпты. Ойласам, бұл қыз сол күні түнде қашпақ ойда екен.

Әр түрлі қиялдарға кеттім. «Әйел алу, үй болу деген қандай жақсы еді» деп армандадым. Сол жерде ойланып, есеңгіреп біраз отырдым. Отырған сайын қымыз маужыратып ұйқымды келтіре бастады. «Осы мен неге асығамын? Осыларға күйеу жолдас болып неге ермеймін? Сөйтсем нағашымды тез таппаймын ба?» деген қиялға берілдім. Кешті тосып қайтадан ұйықтауға кірістім.

Бойым мұздап өзім тоңазып қалған екенмін. Боз аттың пысқырынған дыбысымен шошып ояндым. Ай сүттей жарық. Аспан ашық. Жұлдыздар сайрап тұр. Тездетіп қимылдап, атыма міндім. Шіліктен шықпай сығалап қарап едім, әлгі айтылған теректің түбінде біреудің қарайып тұрғанын байқағандай болдым. Қасына барып сөйлескім келіп шіліктің бір ұрымтал жерінен шыға келіп едім, әлгі қараңдаған адам мені көрді де қасындағы атты жетелеп қаша жөнелді. «Тоқта, мен саған жау емеспін» деп атымды тақымдап жақындай беріп едім, жігіт жетегіндегі атын тастай қашты. Қайсысын қуарымды білмей, мен аңырап тұрып қалдым. Содан кейін босап кеткен атты құдым. Аса алысқа жібергенім жоқ. Ұстап алдым. Атты жетелеп, қайтадан жігітті құдым. Ол кезде жігіт бір төбені асып үлгерген еді. Сол төбеге мен де шығып едім, жігіт суға батқандай маған қарасын да көрсетпеді. Біржола жоғалды. «Бір пәлеге қалдым-ау!» деп өкініп біраз тұрдым. Бұрылып әлгі теректің түбіне қайта келдім. «Жолды мүмкін қыздың өзі табар» деген үмітте болдым.

Көзімді тігіп қарап тұр едім, қолында сүйреткен қоржыны бар, асыға басып қыз келе жатыр екен. «Атты көлденең тарта бер» деді маған ымдап. Мен жетектегі атты көлденең тарта бердім. Қолындағы қоржынды ердің артқы қасына бөктеріп салып, қыз асығыстанып атқа отырды. «Жөнелейік» деп ым қақты маған. Мен жігіт кеткен жаққа қарай шаба жөнелдім.

Қыз да атқа мықты отырады екен. Менен қалысқан жоқ. Сонымда құйғытып шауып келеді. Екеуміз бір сағаттай шамасында шабыспен отырдық. Бір жерге келгенде жол екі айрылды. Мен қайсысына түсерімді білмей тұрып қалдым. Қыз жақындаған кезде:

— Құрбым, айыпқа бұйырма. Мына жолдың қайсысына түсеміз, — дедім бұрылып.

— Сіз кімсіз? Қасымбек қайда? — деп ашулы сұрады қыз менен.

— Құрбым, ашуланба. Мен күндіз үйіңізден сусын ішкен жолаушымын. Қасымбек жетектегі атын тастап қашып кетті. Өзім де адасып қалдым, — дедім барлық жайды түсіндіріп қызға. Қыз екі бетін басып, аттың жалын құшып етбетінен құлады. Солқылдап жылай бастады.

— Жыламаңыз. Есіңізді жиыңыз. Жолды көрсетіңіз. Мен алып барамын. Бәрі де орнына келеді, — деп басу айтып уата бастадым қызды.

— Мен енді ешқайда да бармаймын. Қазір аттан құлап өлемін, — деп қыз жерге қарай еңкейе берді. Мен атының тізгінін жылдам қолыма іліктіріп, аттан ырғып түсіп, қызды құшақтап алдым. Көмектесіп жерге түсірдім. Қыз етбетімен түсіп, жер бауырлап жатып жылады. «Ағаттық жасаған болсам, маған кешіріңіз» деп қастарына еріп күйеу жолдас болып тойларына бірге баруды ойлағанымды түсіндіріп, қыздың жанында жалынып көп отырдым.

— Баратын ауылыңыздың жолын сілтеңіз. Алып барайын. Барған соң болған жағдайды түсіндіріп түгел айтамын. Бәрі де

орнына келеді. Онда барғыңыз келмесе, қайтадан ауылыңызға апарып салайын, — дедім қызға ақыл беріп.

Әлден уақытты қыз басын көтерді де:

— Әйеліңіз бар ма? — деп сұрады менен.

— Әйелім жоқ, құрбым. Әйел алатын жасқа жаңа ғана жеткен тәріздімін, — дедім мен жымысып.

Қыз бадырайып бетіме қарады да:

— Сіз маған үлкен обал жасадыңыз. Енді мен сізден айрылмаймын. Қайда барсаңыз, сонда барамын, — деді көзінің жасын көл қылып төгіп солқылдап жылап.

Ішім жылып, өзім қуанып кеттім. Қызды қалай уатарымды білмей қатты қысылып отырғаным-ды.

— Жарайды, құрбым. Бұл тілегіңе де өзірмін, — дедім қызды қапсыра құшақтап кеудеме қарай тартып. Шашынан иіскелей бастадым.

— Сіз мені алдамайсыз ба? Адал жолдас болуға уәдеңізді бересіз бе? — деп қыз бетіме аянышты түрмен қарады.

— Алдамаймын, сәулем. Өтірік айтсам, осы түннен шықпайын, — деп ант бердім оған.

Екеуміз әлгі жерде иіскелесіп, біраз отырдық та қайтадан атқа қондық.

— Не біздің, не Қасымбектің ауылынан қуғыншы шығып қалуы мүмкін. Мына жолға түсіп, Ерейменге қарай жөнелейік, — деді Рыстыбике маған.

Қыздың Ерейменге қарай деген сөзін естіген кезде мен тағы да қуанып кеттім. Ереймен тауының қай жақта екенін білетіндігін аңғардым. Соңынан «бұл байқұс неге Ерейменге жөнелейік деді. Әлде, ол елде тұратын жақындары бар ма екен?» деген күдікті ойға келдім. Сөйтсем, Рыстыбикенің де нағашылары сол елде тұрады екен.

Түн қараңғысын жамылып екеуіміз де үстірт жүріп келеміз. Елден шыққанда Рақымбайдан қашып едім. Енді Рыстыбике екеуіміз Қасымбектен қашып келеміз. «Келін түсіреміз» деп дайындалып отырған ауылдың адамдары Қасымбектің сым-

пиып жалғыз өзінің келгенін көргенде намыстанып, көтеріле атқа қонулары, екі ауылды бірдей дүрліктіріп шулатуы, соңынан бізді қуулары мүмкін ғой» деп ойлаймын ішімнен. Жапан дүзде ешкімді танымайтын елде қашып құтыла алмай қолдарына түсіп қалсақ, халіміздің мүшкіл болатынын да сезіп, қорқып келемін. Сақтық жасап, көпке дейін шабумен отырдық.

Әредік-әредік шақтарда тоқтала қалып, құлағымызды тосып тыңдаймыз. Түнде тықылдаған дыбыс адамға үрей шақырып тұрады ғой. Жүректеріміздің жылдамдап соққан дүрсілі кейде құлағымызға шауып келе жатқан аттардың тұяқтарының дүрсілі тәрізденіп естіледі. Ол кезде біз сасып қаламыз. Әбден абайлап тыңдап, соңымызды келе жатқан ешбір қимыл, қарайған нәрсе көрінбеген соң барып аздап толастап, тыным аламыз. Көп тұруға тағаттай алмай, тағы да алға қарай кетеміз. Дамыл көрмей түнімен жүрдік. Шыққан ауылдан көп алыстап кеттік. Бойымыздағы қорқынышымыз аздап тарап, көңіліміз орныға бастады. Таң бозарып ата бастаған шақта бір сайға кіріп, бұлақтың басындағы үйілген шошақ шөптерге келдік. Аттардың ауыздығын алып, суғарып шөпке қойдық. Өзіміз аздап тынығып алуды ойладық. Мен қоржынды шешіп әкеліп, ауылдан алып шыққан тағамдардың бәрін Рыстыбикенің алдына қаз-қатар қойдым.

— Өзіңіз қажыға баруға дайындалып шыққаннан амансыз ба? — деп Рыстыбике сол жерде маған алғаш рет әзілмен сөйлеп, сықылдап күлді. Екеуіміз бір-бірімізге көңіл аударысып алғаш рет махаббат лебізімен жүздестік. Алғашқы рет ғашықтарша қауышып, аймаласып, құшақтасып, ұзақ отырдық. Сұлу табиғат, меңіреу дала, шырылдап ұшқан бозторғай, мүлгіген орман-тоғай, сылдырап аққан бұлақтар айналаны қоршаған тау төбелер, бізге күлімдеп қарап, куәлік жасап тұрғандай болып сезілді. Біздің некемізді киып, той жасап жатқандай масайрайды бәрі. Біз де мәзбіз. Олар да мәз!

Рыстыбике менен қайдан келе жатқанымды, қайда бара жатқанымды сұрады. Мен жасырмай басымнан кешкен жайды түгел айттым. Нағашымды іздеп келе жатқанымды да түсіндірдім оған. Аз ойланып отырды да, Рыстыбике нұрлы жүзімен маған көзінің қиығын салып, жымыып күлді.

— Болар іс болды. Өкінерлік енді бізде жай қалған жоқ, жігітім. Бүгіннен бастап мен сенің Құдай қосқан қосағыңмын. Еркімді бердім қолыңа, — деп мені қайтадан мейірленіп құшақтады. Менің жүрегім еріген сары майдай толқып, елжірей түсті.

— Уақытты өткізіп босқа отырмайық. Атқа қонайық. Нағашыңның ауылын мен табамын, — деді Рыстыбике мені қуанытып. Мен қуанғанның үстіне қуана түстім.

Екеуміз атқа отырып тағы да алға қарай жүрдік. Бір биік кезеңді өрлеп үстіне көтеріліп едік, етектегі шілік жағалауында ақбоз киіздерді жамылған, қаз-қатар қонған көлемді көп ауыл отыр екен. Айналасы кең жазық дала. Толқыған көгілдір өңір. Емін-еркін бытырап жайылған мал. Әлгі жер құт-береке орнаған жер тәрізденіп көрінді маған. Осы ауыл қанжығалы елінің ауылы. Бұл ауылдың арғы жағында тақау жерде менің нағашыларым тұрады.

— Мен ауылдың маңындағы өнебір тұмсықтың тасасында қалайын. Сен ауылдың іргесінде жайылып жүрген малдың ішінде отырған өнебір адамнан барып жол сұра. Бәлкім, нағашыңды сол кісі біліп қалар, — деді Рыстыбике маған ақыл беріп.

Етекке түскен соң Рыстыбике келісілген тұмсықтың қайырылысында қалды. Мен аяңдап, малдың ішінде отырған адамға жолығуға келдім. Жасы елудің шамасындағы шоқша сақал, аласа бойлы, қараторы ашаңдау кісі екен. Сәлем беріп едім, бетіме танырқай қарап солғындау амандасты менімен.

— Нұрмағанбет деген нағашымды іздеп келемін, ата. Сіз ондай атты кісіні білмейсіз бе? — деп сұрадым шалдан, — Қарқаралылықпын. Игісін деген кісінің... дей беріп едім.

— Ойбай-ау, Қобайжанбысың? Қарындасымнан қалған жалғыз тұяқысың? О, тоба, о, құлыным, жалғызым! Түс аттан, тез! — деп шал құшағын жайып маған қарай ұмтылды. Өз-өзінен қуанып, мәре-сәре болды да қалды. Мен де қуанып кеттім. Аттан домалап құладым білем шалдың алдына. Шал мені төсіне қысып еміреніп ұзақ иіскеді.

— Өлгенімді тірілткен, жүрегімді қуантқан, ботам! — деп көзінің жасын көл қылып төгіп, кемсеңдеп жылады. Менің де көңілім толқып, денем босап кетті. Көзімнің жасы шалдың омырауына тамшылап төгіле бастады. Іздеп келе жатқан жақын адамды тапқан соң әке-шешем қайта тірілгендей қуанып, өкпе-бауырым, жүрегім бүкіл тұлабойым босап дірілдеп қоя берді. Ішімдегі қуанышымда шек жоқ. Оны өзім ғана сезудемін.

Бізді көрген ауыл адамдарының бәрі аң-таң. Бізге көздерін алмай тамсанып қарап тұр. Шал мені құшағынан босатты да.

— Уай, балалар, біздің үйдегі кемпірге Қарқаралыдағы жиен келді. Қобайжан келді деп хабар беріндер, тез! — деп даурыға сөйлеп, бүкіл даланы басына көтерді. Хабарды естіген ауылдың еркек-әйелдері қуанғандарынан естері шығып, ерсілі-қарсылы жүгіріп, абырда-сабыр болды да қалды. Біразы бізге қарай жүгірді.

— Ата, мен жалғыз емеспін. Ана тұмсықтың қайырылысында келініңіз сіздерге келіп көрінуге бата алмай ұялып тұр, — дедім Рыстыбикені есіме алып мен.

— Не дейсің ботам-ау? Қасыңда келін бар ма?! Мақзура, Бәтима, қайдасыңдар? Бір шымылдықты алып, тез жүгіріндер. Ана тұмсықтың қайырылысында келін келе алмай ұялып тұрған көрінеді. Жылдам барып алып келіндер! — деп әмір берді шал келіндеріне.

— Ауылдың жас әйелдері бір шымылдықты шұбатып қолдарына ұстап, сондарынан ит пен балаларды шулатып ертіп, тасада жасырынып тұрған Рыстыбикеге қарай жүгіре жөнелді. Ауылда қалған әйелдер:

— Ойбай-ау, шашу қайда? Құрт қайда? — деп бірімен-бірі сөйлесіп, бір үйден бір үйге жүгіріп, дабырласты да қалды.

Нағашы жеңгем келіп менімен құшақтасып көрісті. Сөйтсем, нағашы атам Нұрмағанбет бір жыл бұрын қайтыс болыпты. Менің жолыққан адамым нағашымның ең үлкен ұлы Қален екен. Менің әке-шешемнің өлгенін кейінірек естіпті. Мені іздеп бармақ болыпты. Нағашы атамның жылын беруге қарап бөгеліп отыр екен.

Нағашым той жасап, бізді қуанышпен қарсы алды. Рыстыбикенің нағашаларын да арнаулы адамдар жіберіп, жол-жобасын жасап шақырып алды. Екі айдан соң дайындалып, Рыстыбикенің әке-шешесіне аяққа жығылуға барып қайттық. Сол жолы бажам Қасымбекті де көрдім. Сұңғақ денелі, шикіл сары жігіт екен. Елдің қолына су құйып, ауылдағы қол балалардың қатарында жүгіріп жүрді. Оны маған Рыстыбикенің өзі тұспалдап көрсетті. Көрші ауылдың жылқышысы болып істейді екен.

Көп кешікпей кеңес үкіметі орнады. Нағашым да артельге мүше болып кіріп, қолындағы барлық малын ортаға өткізді. Біз нағашымның жанында біраз тұрдық та, бір мың тоғыз жүз отыз екінші жылы рұқсат алып, Қарағанды қаласына көшіп келдік. Мен екінші шахтаға көмір қазушы болып, жұмысқа орналастым. Сол ұстаған қайламды жасым алпыстан асқанша қолымнан түсіргенім жоқ. Өкімет еңбегімді бағалап, үй берді. Ленин орденімен, Еңбек Қызыл ту орденімен наградтады. Өміріміз өте қызықты жағдайда өтті. Жас шағымызда көрген ауыр бейнетті, кедейлікті түгел ұмытып кеттік.

Бар арманымыз Рыстыбике осы босағаға келгеннен бері бес құрсақ көтерді. Содан қазір бір бала да қалған жоқ. Үшеуі соғыстан қайтпады. Екеуі ертерек кезде өз ажалдарынан өлді. Қазіргі кезде Рыстыбике екеуміз мынау үш бөлмелі үйде Қыз Жібек пен Төлеген құсап бір-бірімізге күле қарап, күңкілдесіп шай ішіп, өмірімізді бірлесіп өткізіп келе жатырмыз — деді Қобай қарт әңгімесін аяқтап...

24. ӨҢГІМЕ

Найман, оның ішінде Қожас, оның ішінде Жайыл атаның Сағындық деген өз шаруасына толық бір кісі өтіпті. Жасы жетпісте. Еркек балалары бар. Қазіргі Көкшетау облысына кеткен қарындасы Назым атты бауыры болыпты. Елдің жаугершілігі, барымта-сарымтасы қалмай арада отыз жыл өтіпті. Сол Назым атты қарындасына киім-көншек, құдаларына, жиендеріне, тарту-таралғы сияқты үлкен кілем қоржынға салып, сапарға шығыпты.

Ел ол кезде Шу өзенінің маңында болады екен. Бес бестіге сапып алған Шуланкөк деген атымен жолға шығыпты. Танымайтын жер, танымайтын елдің жолшыбай қиындығы да болыпты. Соның бірі Көкшетау, Қарағай орманының арасымен салынған жалғыз аяқ жолмен келе жатып, мынадай оқиғаға тап болыпты.

Жеті торы ат мінген, ат құйрығын шарт түйген, жолаушыны аңдыған жеті жігітке тап болған.

— Ассалаумағалейкүм, — деп жөн сұрасып, жол болсын сұрасып, — мынау атың жүйрік пе, жоқ, көкпардың аты ма? — деп жан-жағынан қаумалай беріпті.

Өйткені, азу тісі тоқылдап, ауыздықтан көбік шашып, қатты аяңдаған атқа қызығыпты. Осы жолы қызықпаса да қанды бала жүргінші, тонаушы екендері белгілі болыпты. Сонда жеті жігіттің біреуі:

— Ақсақал, астыңдағы атыңды аламыз, — депті.

— Иә, сонда мен не мінемін, — деген Сақаңа:

— Ештеңе де бермейміз, жасыңның ұлғайып қалғанын ескеріп, тірі тастап кетеміз, — депті. Сонда жолаушы:

— Шырақтарым, мені бір су басына апарып тастаңдаршы, — дейді. Сонда «су дегенің оңай ғой, ата» деп ердің басынан шылбырын алып, жетектей жөнеліпті. Қарағай арасындағы суға әкеп, «су дегенің осы» деп көрсетіпті. Сонда Сақаң жетектеп келе жатқанда, қоржынының үстіндегі кісенді шеше беріпті.

Түсе салып, аттың аяғына кісен салып үлгеріпті. Үстіндегі түйе жүн шекпенді ер үстіне жауып, атты қаңтарып үлгеріпті. Сонда аналар:

— Қақпас-ау, кілтті әкел, — деп ең үлкені шалға ұмтылыпты.

Сонда шал:

— Қолымнан ат бере алмаспын, балалар, — деп жауап қайтарыпты. Ұмтылған үлкеннен бастап, жетеуін де жұдырықпен ұрып жығып, бірінің үстіне бірін жинап, өзі сегізінші болып, ұры үстіне отырып былай депті:

— Жаяуға кісі күлмес болар,

Көргенсіз «сен кімсіңді» білмес болар.

Сенбесе өзіне-өзі бір көк шолақ,

Жапанда жалғыз қасқыр жүрмес болар, —

деп үстінен тұрып, аттың жанына келген екен. Сонда жетеуінің басшысы:

— Ата, біз сегіз ағайынды едік. Біріміз ауылда, жетеуіміздің кәсібіміз осылай болып, әкеміздің кәсібі осылайша болып, байыған адамдар едік. Біз енді сізден кешірім сұрап, өмірімізде мынадай мықты адамға кездеспегенімізді айта келіп, сізді кім дейміз? Және аты-жөніңіз кім, бұл кәсіпті бұдан былай етпеспіз, — деп бас иіпті.

Сонда:

— Бағанағы айтып кеткен рудан, атым — Сағындық, — деп жөніне кете беріпті. Жеті жігіт орман ішіне кіріп жоқ болыпты.

Тағы бір пәлеге жолығармын деп, жай жүріспен келе жатқан Сақаң тоғай ішіндегі жалғыз аяқ жолмен көсілтіп, орман арасынан сілтеген бағыты бойынша жалғыз төбеге келіпті. Күн еңкейіп қалған мезгіл екен, ауылға қой айдаған қойшы балаға кезігіпті. Сонда ол өзінің қарындасын сұраса, сол үйдің қойшысы екен.

— Қазір қайтып келем, ата, — деп қойшы бала шаба жөнеліпті. Сақаң болса қойды қойшыларына айдай беріпті. Өлгідей болған жоқ:

— Әке, бара беріңіз. Үй, ауыл алғының астында, сүйінші сұрап келдім, — депті. Бауыры да, құда да құрметтеп ат үстінен түсіріп алып, жылап-сықтап табысыпты. Үйге келіп, намаз оқып, жуынып отырыпты. Сонда берген сусын бір ұрттам әрі жүрмепті. Шай берсе де сондай.

— Бұл қалай? Шаршамағандығыңыз ба? Не қымыз, не шай ішпедіңіз ғой? — деген құдаға.

— Сусын ішпей, шай ішпейтіндей шаршаған жоқ едім. Өзім де білмей отырмын.

Құда:

— Өлгі иттер не қылып қызмет етпей жатқаны? — деп біреулерге адам жіберіпті. Сырлы астаумен ет келіп, дастарханға қойылған ретте есіктен үлкен баласы жылап:

— Қақпас-ай, істейін дегенің осы екен ғой. Біз мына шалдан таяқ жедік. Кешірім сұрадық. Жөн айтып аяғына жығылдық. Содан бегіміз қаралы, басымыз жаралы, ұялып үйде жатып қалып едік. Құдаңа көрсететін сыйыңды енді өзің біл. Ертеде «балаларым, сенің бөлендей құдаң бар. Руы — Найман. Бергі атасы — Жайыл, Сағындық деген мына жеңгемнің бауыры бар» деп неге айтпадың? — деп манағы бір ауыз өлеңді айтып, жылап отыра кетіпті. Сонда Сақаң:

— Ө, бөсе, сусын да, шай да, ет те батпай отырғаны арамнан жиналған сүті де, еті де екен ғой, — деп кейін шегініпті.

Адам ажыраса ма? Күн қонақ болып, алдына айғыр, жылқы салып, өзінің бір адамына апарғызып салыпты.

25. САРАҢ БАЙ ӘҢГІМЕСІ

Шаншар елінде бір сараң бай болыпты. Сараң бай үйіне барған адамды жақтырмай, тамақ беруге жоқ екен. Сол елдің үш жігіті «осы сараңға барып, қайтсек те тамақ ішеміз» деп

бәстесіп, саранның үйіне келеді. Үй иесі шал мен кемпір келген қонақтарды жақтырмай отырады.

Келген қонақтардың кетпейтіндігін білгендіктен, олардан тез құтылу үшін шай әкеледі. Бір төрелкеге бір қасық сары май, бір уыс бидай, шайы болса ақшайлап қалған екен. Содан үш жігітке шай құйып, кесе ұсынды. Содан үш жігіт былай сынайды. Бірінші жігіт:

— Қаймақ құйған қарлығаш шайдан менің жүрегім үркіп тұр, — деп құйған кесесін әйелге ысырады,

Екінші жігіт:

— Төрелкедегі толтырып салған сары майдан менің жүрегім кілкіп тұр, — деп шай құйған кесесін кемпірге ысырады.

Үшінші жігіт:

— Ат дорбасы толы болмаған соң бытыраған бидайды шашып, менің атым ат дорбасын сілкіп тұр, — деп бидайды ысырып кемпірдің алдына қояды.

Содан үшеуі жата кетеді. Үй иесі еріксіз тамақ асып, оларды аттандырады.

26. КИТЕКЕҢНІҢ ХИКАЯЛАРЫ

Байғани ауданының Оймауыт совхозында еңбегімен еленген, құрметке бөленген Қитық байда жалшылықта жүріпті. Совет өкіметі жылдарында қырық жылдай колхоз қойын бағып, Отан дәулетіне мол үлес қосып, алпысыншы жылдары дүниеден өтті.

Сол Қитық ақсақал адал еңбегі нәтижесінде үкімет наградасына ұсынылып, 1948 жылы сол награданы тапсыратын аудан орталығындағы үлкен жиынға шақырылыпты.

Қитекең өмір бойы мал қамымен аудан түгіл, колхоз орталығына да келіп тұрмайды екен. Ел басынан өткен қиыншылық жағдай ол кездегі ауыл өмірінің киер киім, ішер астың тапшылығы адамдардың мәдени өсуіне де бөгет болға-

ны белгілі. Міне, осы салтанатты жиынға киетін дұрыс киім таппай, көршілес шопанның көнетоз бешпент-шалбарын киіп келіпті. Аудан орталығында ол кезде қонақ үй қайдан болсын, Әбдіғали деген қызметкер жиенінің үйіне түсіп, қонып шығады.

Ертеңгісін беті-қолын жууға тысқа шығып, жуынып, үйге кірсе, төр алдындағы көрпеден төменірек, шағын өрнекті мата жаюлы жатады. Қитекең әрі ойлап, бері ойлап жаюлы мата үстіне келіп отырып алады. Шай жасауға келген келін:

— Ата, шай жасайын, жоғары көрпеге отырыңыз, — депті сыпайылықпен. Бір жағынан үлкендігі бар Қитық ақсақал:

— Қайдан білейін, қарағым! Қонағына жайған төсеніші болар деп отыра салышпын, — деп ысырылып, көрпеге отырады.

Жиналыс кештеу басталатын болып, Қитекең үйде уақытында барармын деп отырып қалады да, үй иесі ертеңгісін жұмысқа кетіп қалады. Жиналысқа бармақ болып Қитекең бешпент-шалбарын киейін деп ілгішке келсе, екі бешпент-шалбар ілулі тұр екен. Өзінің киіп келгені қайсысы, оны біле алмай (жаратылысынан ұяң, кісінің ала жібін аттап, қиянат жасап көрмеген қарт) үй иелері келгенше үйде отырып қалып, жиналысқа қатыса алмай қалыпты деп аңыз етеді.

27. БАЙМҰРАТ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Баймұрат қарт аудан орталығынан шетірек, Жем өзінің бойынан қыстау салып, жазы-қысы сонда немерелерімен отырады екен. Өзі сөзге ұста, жаны жомарт, келім-кетімге дастарханы да мол, инабатты, халық сыйлайтын адам болыпты. Сол кісі айтты деген 1-2 әңгіме:

Соғыс аяқталар кез шамасында біздің ауданға Аудандық советке председатель болып бір кісі келген екен. Бір күні әлгі

председатель Баймұраттың атағын естіп, сәлемдесуге арнайы іздеп, үйіне барады. Баймұрат ақсақал келген қонақты жылы қабылдап, ешкі сойып, (ол кезде жеке адамға ұсақ жандық бола бермейді) қонақасы береді. Келген қонағына бар мәзірін, жоқ жайын айтып, шығарып салып тұрғанда қонақ қайта-қайта «рахмет» айта беріпті. Сонда Бөкең қарт:

— Ешкі сойып бергенде осынша рахмет айттың, қой сойып берсем, үйден шықпайтын иттің бірісің-ау, — деп, қонақтың шектен тыс жалпылдағанын жаратпай қалыпты.

Бөкең қартайып сексеннен асып қайтыс болыпты. Науқасы жанына батып өлетін шағы таянғанда туған балалары, немерелері қасында болыпты. Алпысбай деген баласы әкесінің жағдайы нашарлаған соң:

— Әке, жаман айтпай жақсы жоқ, олай-бұлай болып кетсең, қай молаға қоямыз?» — деп сұрапты. Аталарының қауымы қашығырақта болса керек. Қиналыңқырап жатқан Бөкең қарт қайратын бойына жиып:

— Не деп тұрсың? Енді маған қай мола қалың беріп, қатын әперер дейсің, осы жерге қоя сал, — депті.

28. АРБАБАЙДЫҢ АҢҚАУЛЫҒЫ

Ақмола-Қараталы темір жолы салына бастағанда ауыл жігіті Арбабай өзі сұранып құрылыс жұмысына кіреді. Қарулы жігіт құлаштап қайла сілтеп, омыра күрек батырып қара жердің қыртысын айырады. Жол құрлысының басшылары оны үнемі мақтап жүреді.

Жол салынып біткен соң адал да қарулы жігітті уыстарынан шығарғысы келмеген басшылар оған жол қараушы болып

қалуды ұсынады. Ауыл жігіті келісімін береді. Содан оны бір апта бойы жол қараушысының міндетін атқаруға үйретеді. Жол қараушысының шартты белгілері болып есептелетін үш түсті жалаушаларды қандай жағдайда қалай пайдалану керектігін айтады.

— Өзің қарайтын участоктен кездейсоқ жолдың бүлінгенін көрсең және сол кезде поезд келе жатса, — дейді мұны үйретіп жүрген нұсқаушы, — қоржыныңнан қызыл жалаушаны көтере ұстап жол бойында тұра қаласың. Бұл сенің поезд жүргізуші машинистке, айтайық мына өзіміздің Максимовке «жол бүлінген, жүруге жарамайды, поезды тоқтат» деген белгі, — дейді.

Бір күні өз участогін қарап жүрген Арбабайға жол бойында мал бағып жүрген малшы кездесіп, ол мұның жұмысы жайлы, поезд туралы сұрайды.

— Поезд жүргізушінің бәрі маған бағынышты. Олар кез келген уақытта станса бастығын тыңдамауы мүмкін. Ал мен бар ғой мына қызыл жалаушаны көтеріп қалсам болды, зулап келе жатқан поезың төбеге ұрғандай тоқтай қалады, — деп бөседі Арбабай. Осы сәтте ысылдап-пысылдап өрге қарай ауыр арбаларын өзер сүйреп келе жатқан «қара айғырдың» қарасыны көрінеді.

— Ал, қане, Арбабай, сені тыңдайтынын көрейін, мынаны тоқтатшы, әрі поезды жақын жерден көрейік, — дейді ерігіп, ермек іздеп тұрған малшы жігіттер.

— Көріңдер, ендеше, — деп Арбабай қызыл жалаушаны қоржынынан жұлып алып, жолдың ортасында тұра қалады. Алқынып келіп, Арбабайға тақай келіп тоқтаған паравоздан қарт машинист Максимов не болғанын сұраса, Арбабай:

— Жол аман. Сенің берілген белгіге қалай тоқтайтыныңды сынайын деп едім, — дейді ойында бөтен ештеңесі жоқ жол қараушы. Уақытынан ұтылып былай да ыза боп келе жатқан машинист мына орынсыз сынаққа ашуланып, Арбабайды жағынан бір тартады да, «ендігөрі бұлай істеуші болма» деп жүріп кетеді.

Жаңағы бір малшылар содан бастап «поезд жүргізушілердің Арбабайға бағынатыны рас екен. Соның куәсі болдық» деген әңгіме таратады.

Арада біраз уақыт өткен соң жұмысында жүрген Арбабайға тағы бір ауылдардың малшылары кездесіп, оны мақтай келіп, поезды тоқтата алатынын көрсетуді сұрайды. Бөспелеу Арбекең оларға да көне кетеді. Келе жатқан поезға тағы да жалаушасын көтереді. Бұл жолғы паравоз жүргізуші тағы да Максимов болып шығады. Арбабайдың бұл жолғы қалжыңына қаны қыза ашуланған ол сол жерде Арбабайды ұрып жығып, тепкілеп, жолдың үйіндісіне аунатып жібереді.

Поезд жүріп кеткен соң, үстінің шаңын қағып орынынан тұрған ол, жол жиегінде ат үстінде өзін келемеждеп күліп тұрған малшыларға Арбабай:

— Бұрын мұндайда жақтан бір тартып жүре беруші еді. Мына Максимов жынданған шығар, енді тепкілейтінді шығарыпты ғой, — деп машинистке наразылығын білдіріпті.

29. МАЙЫҢДЫ МЫСЫҚ ЖЕДІ...

Қазіргі Куйбышев совхозында дені Сунақ деген ру тұрады. Бұдан бір ғасырға жуық бұрын барлық Сунақтар сол жердегі Төрткүл деген төбенің басына ғана сыйып отырады екен.

Өзінің кедейлігіне қарамай сері, әрі мақтаншақ атамыз — Қалмырза деген сәнқой екен. Төрткүл басындағы кісілер әр кеште ауқаттарын ішіп болып, бір жерге жиналып әңгімедүкен құрады екен. Қалмырза өзінің кедей, жоқ-жұқа екенін білдірмеу үшін, қатықсыз қара көжесін ішіп болып, мұртын сақалық бармақ басындай өзінің сақтап жүрген майымен майлап:

— Бүгін ет өте майлы екен. Балалар бүгін қасаптан еттің ең майлы жерін алыпты, — деп бөсіп отырғанда, ең кіші ұлы жүгіріп келіп:

— Ата, сенің мұртыңды майлап жүрген майыңды ала мысық жеп кетті, — дейді.

Сөйтіп, ұлы атасының өтірік мақтанғанын бір ауыз сөзбен айтып беріпті.

30. БИБАЙШАНЫ ТАРТЫП АЛДЫ...

Бибайша Ғайбулла деген орта шаруаның әйелі еді. Көрікті, сұлу болатын. Сол Бибайшаны «байдың келінісің» деп қудалап, жазықсыз Ғайбулланы түрмеге жіберіп, Нұртаза (ауылдағы өкіл) әйелдікке алды. Осы қорлыққа шыдамаған жеңгелеріміз, әпкелеріміз бізге төмендегі өздері құрастырған өлеңді мектепте айтыңдар деп үйретті:

«Арқыты да арқыты,
Өркім киген барқытты.
Нұртазаның алғаны —
Ғайбулланың сарқыты».

31. ҰСАҚ БАУЫРСАҚ

Қаратау елінің Досай ауылында Есалы деген болыпты. Ол бала-шағамен де, келін-кепшінмен де қалжыңдаса беретін ақ көңіл, аңқау кісі екен. Есалы жаздың бір күнінде Түркістан маңындағы құрдасының үйіне келіп қонып отырады.

Жекжаты келген соң үй иесі қарап отырсын ба, шай қойылып, мал сойылып жатады. Көп кешікпей-ақ Есалының алдына дастархан жайылып, шай келеді. Күні бойы жүріп, еш жерге түстенбеген Есалы алдындағы қойдың құмалағындай ұсақ бауырсақты үшеулеп-төртеулеп жеп-ішіп отырады.

Есалының бұл қылығын күлкі еткісі келген әлгі үйдің бойжеткен қызы:

— Сіздің елде қойды қораға қамарда нешеуден айдайды? — дейді.

Қыздың қалжыңын түсінген Есалы дереу түсіне қойыпты да:

— Қой тоқ болса біртіндеп айдайды, аш болса топтап айдайды, — депті.

Шай құйып отырған қыз бетін басып, күлген бойы үйден тұра жөнеліпті.

32. ЖОЛАУШЫ

Алыстан арып-ашып келе жатқан жолаушы ауылға тап болып, шеткергі бір үйге түсіп, қонақ болыпты. Дастархан жайылып, шай келісімен ауылдың жігіт-желеңдері біріндеп осы үйге жинала бастапты. Қарны ашып келген қонақ өте ұсақ пісірілген бауырсақтың екі-үшеуін аузына салып отырса керек. Мұны байқаған бір қулау жігіт.

— Естіген құлақта жазық жоқ, сіздің жақта бір молаға екі кісіден қояды деп естиміз, осы рас па? — депті.

Әңгіменің ыңғайын сезе қойған жолаушы іркілместен:

— Ол кісіне қарай ғой, егер кісі кіші болса бір молаға үштен де қояды, — депті.

33. МАЙ САТУШЫ САУДАГЕР

Бір кісі қалаға кеп базар аралап жүрсе, бір май сатып тұрған саудагер:

— Көріңіздер, көріңіздер, алмасаңыз да, дәмін татып көріңіз, — деп болмапты.

Өлгі кісі жақындап келіп, екі жеңін түріпті де:

— Сары маймысың, ауруға дәрі маймысың! — деп уысын толтыра бір асап жіберіпті.

Саудагер не дерін білмей жан-жағына қарапты. Осы кезде жаңағы адам:

— Өзінің қазағыңды танымаймысыз! — деп екінші рет асап берген екен:

— Рахмет, рахмет, енді көрмей-ақ қойыңыз, — деп саудагер қалған майы мен ыдысын ала қашыпты.

34. «АУЗЫҢ ТӨМЕН ҚАЛДЫ...»

Әжем ішімдікті ішетін адамды барынша жек көреді. Кейде: «осы құрғырды несіне шығарады екен», — деп те қояды.

Арақ «ағайынды» алдымызға ала бастасақ болғаны, қария бізге алдымен ала көзімен бір-екі қарап алады да, айтары болса ақтарып айтып, содан кейін бөлмеден шығып кететін-ді.

Мен де ішімдікке бөлендей әуес емеспін. Дегенмен, үйге қонақ шақырылса немесе жолдас-жора келе қалса, құрауыз жібермеймін дегендей оларды да ойлап, өзім де там-тұмдап әжемнің көзінше өлі асыра ішіп көрген жоқпын.

Бейкүнә қария ғой әжем: «айтты бітті, ішкеннің бәрі бірдей мас болады» деп ойлайтын сияқты. Рюмкалар келе бастағаннан-ақ:

— Шырақтарым, осы мас болу неге керек? — деп бәрімізге бірдей ескерту жасайды. Арақ араласқан жерде әсте отырмай, тысқа шығып кететін. Содан кейін қонақтар кеткенше қайтып қонақ үйге оралмайтын.

Бүгін мүлде басқаша. Міне, столға рюмкалар да, ішімдік те келді. Әжем тапжылар емес. Қарияның бізге аударылған ала көзі бәрімізге де «қойсаңдаршы» деп үкім етіп тұрғандай. Бір сәтте «көзімнің тірі кезінде ішкеніңді көрейін, қалқам, ішсең, іше ғой» дегендей маған біртүрлі жылы қарайтын тәрізді.

Қонақтың бірі өзімен-өзі боп отырды. Үлкен адамға әдеппен сөз қатып, жай-күйін сұрап, жөн білісу қандай жақсы. Ол тұрып:

— Құйылып қапты, келіңдер, достар, бірді тартып жіберейік! — дегені. Сөйтіп, бірден қағып салды да, алдына қойған ақ балықты мұрнына тақады.

Әжем жарықтық әлгі жігіт мас болып қалды деп ойлады білем:

— Балам, аузың төмен қалды, төмен, — деді жайлап қана.

35. ҚИЯСБЕКТИҢ ҚИЯЛЫ

Түркістан шаһарында ертеде Маккам деген өзбек жігіті мен Қиясбек деген қазақ жігіт көрші тұрыпты. Екеуі де аумалы-төкпелі болыпты.

Маккам төбесіне үлкен құмыра қойып, базарға айран апарып сатады екен. Қиясбек шешесі тігіп берген тақия, бөрікті саудалайды екен. Кейін Қиясбектің үйі де сиырлы болып, енді ол да Маккамға ұқсап айран сатуға шығыпты.

Бір күні екеуі айран толы құмыраларын төбелеріне қойып, базарға келе жатады. Жолшыбай көңіл шіркін шартарапты шарлап алты қат аспан астын, жеті қат жер үстін кезеді. Сөйтіп, Қиясбек бір қиялға кетеді.

«...Базар іші. Адамдар құмырсақдай жыбырлайды. Қиясбек дамыл таппай айран сатып жур. Ол күніне екі сомнан, айына алпыс сом, жылына жеті мың сом ақша тапты. ... Келесі жылы осы тапқан ақшасын жұмсап, қаладағы Дәулетбек деген ірі байдың Айкүнім деген сұлу қызына үйленіп, үлкен той жасапты...»

Міне, енді Қиясбек сол сұлу қызымен бірге отыр.

— Жаным, Айкүнім», — дейді. Оның аузына еріксіз шығып кеткен осы бір сөзге манадан бері қасында қабаттасып келе жатқан Маккам едірейе қарап:

— Иә, Қияс ака, німә булды сәңгә? — десе де, ол елең етер емес, екі көзі жұмулы қиялындағы Айкүнімге тағы да:

— Жаным, жарым, бір сүйгізші, — деп, қабатында келе жатқан Маккамды шап беріп қапсыра құшақтап, бетінен сүйіп-сүйіп алғанда, екеуінің де төбесіндегі құмыра толы айран ақтарылып қалыпты...

36. АЛТЫН КӨРСЕ...

Бір ақсақал қатты сырқаттанып жатса керек. Туған-туыстарының үміті үзіліп, енді имансуын беруге дайындық жүргізіп жатады. Киіз үйдің іргесі түрүлі тұрады. Ақсақалды қаумалаған жұрт тым-тұйық мұңға батып отырған сәтте, кер маралдай керілген бір әдемі қыз үй іргесінен өтіп бара жатады. Отырған жұрт:

— Шіркін-ай, мына қыздың әдемісін-ай! — деп жапатармағай тамсанса керек.

Бұл дабырға елең еткен әл үстінде жатқан қарт жалма-жан басын көтеріп алып:

— Тамсанып отырған қыздарың қайсы? — деп мойын бұрып, — па, шіркін-ай, десеңші! — деп сұлу қызға көзінің қиығымен қиыла қараған екен.

37. «ҚҰДАҢЫЗ... БОСАНА МА?»

Ертеректе құда-жекжаттардың арасында өзара қарым-қатынас қарыштап тұрған кезде Көктеубай деген ақсақал артынып-тартынып, алыстағы құдасын іздеп барады. Көп жыл көріспеген жекжатына жеткен соң сағынысып қалған құдасы қуанып, қол қусырып, тайын сойып, кішігірім той жасайды.

Қазақтың салт-дәстүрі бойынша Көктеубайды құдалары құдайша сыйлап, қонақасыны молынан асып, тайдың етін тайқазанға толтыра салады. Алыстан атсоқты болып, шаршап-шалдығып, ашығып келген Көктеубай буы бұрқыраған жас

жылқының етін ашкөздене жеп, сорпасын көбірек ішіп қойса керек. Жылқының жас сорпасы асқазанына жақпай «қозғау салыпты». Құдағиы аумағы алты қадамдай ғана киіз үйдің төріне Көктеубай құдасына төсек салып береді. Шам сөніп, жұрт жаппай ұйқыға кеткен кезде шалдың асқазаны ойран-топан болып, амалсыздан орнынан тұрып, сыртқа шықпақ болады. Құдай төбеден атқанда, түндігі жабылған қараңғы үйдің есігін таба алмай, қарт қатты сасады. Зор келгенде төрдің төбесіне отыра қалып, былайша «өлеңдетеді»:

— Бұл үйің қазақ үй ме, шошала ма,
Жанымды үш күн бұрын осы ала ма?
Құдағи, орныңнан тұр, шамыңды жақ,
Құдаңыз аман-есен «босана ма»...

Бір жағы өзілге, бір жағы шындыққа жанастырып айтқан өзіл өлеңді естіген құдағи орнынан тұрып, шамын жағып, есікті ашып, құдасы сыртқа шыққан екен.

38. ҚАЗАН ҚАЙНАТҚАН СӨЗ

Бір жолы Төлеу, Уәйіс, Нысанбай ақындар сапарлас жүріп, бір үйге қонақ болады. Үй иесі бар болса да, сараң екен. Қонақтарды көңілсіз қарсы алып, ниетімен жөн сұрапты да, үшеуінің көңілдерін көжемен аулап, өздері қызыл іңірден жатып, қонақтарына төсек салып қойған екен.

Үш ақын жатарда сыртқа шыққанда көрші үйде қонақтар бар екенін байқайды. Ол үйдің қазандығында қызыл от лаулап жанып, тоқтының жас еті былқылдап пісіп жатады. Бұл жайды көңілдеріне түйген үшеуі үйге енеді. Киімдерін шешіп, шамды өшіріп, жатуға ыңғайланғанда, байқаса, көрші үйдің қазандығындағы оттың жарығы есіктің саңылауларынан өздері жатқан үйдің ішіне түсіп тұр екен.

Бұл жай үш ақынның көңілдерін алаңдатып, ойларына түрткі, шабыттарына қозғау салады. Былқылдап пісіп жатқан ет есіне түсіп, үй иесінің сараңдығына күйінген Нысанбай:

— Нысанбай өзім атыс әкем қойған, — деп өлеңдеткенде, Уәйіс;

— Бұл несі басын бастап, соңын қойған, — деп оның сөзін іліп әкетеді. Екі ақынның сөздерін Төлеу қағып әкетіп:

— Қайнаса біздің сор да қайнап жатқан, Мынау үй қонағына тоқты сойған, — деп өлеңдете аяқтапты. Қонақтарының бірінің сөзін бірі іліп-қағып өлеңдеткеніне құлақ түріп жатқан үй иесі бұлардың бекер адамдар еместігіне көзі жетіп, жатып қалған төсегінен тұрып, үш ақыннан кешірім сұрап, түн ішінде қой сойып, қазан асқан екен.

39. БЕКБАУ—ДАНА

«Сыбанбай, Жанақ, Бекбау айтады екен,

Оның тегі кім десең түрікмен деп...».

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының бір нұсқасында Қарабайдың шыққан тегіне осылай анықтама берілген. Бекбау—XIX ғасырда Шұбартау жерінде өмір кешкен, «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырын өзінше жырлаған ақын. Ағайынды Бекбау—Дананың аттары қатар аталып, ақындық, сөз тапқырлық өнерлерімен атақ-даңқтары ел-елге жайылыпты. Екеуі де кедей «жалғыз аттының серісі, шақпа сөздің перісі» атанған.

Бір жылы жазда екі ақын Балқаш пен Алакөл арасын мекендеп жайлайтын Семіз найман елін аралайды. Бет алып, ат басын тіремек болған ауылдың шетіне келгенде, алғаш кезіккен біреуден:

— Бұл ауылға құда болушы едік, ауылдарыңызда сынға толатындай, өзіл-қалжыңға батып, әңгіме-сырға қанатындай жас құдағидың үйі қайсы? — деп жөн сұрайды.

— Анау тұрған шеттегі ақ отауға барыңдар, — деп жауап береді кезіккен адам.

Шеттегі ақ отауға енсе жас құда жоқ, жас құдағи саптыаяққа ұн салып, нан илеп отыр екен. Жас келіншек көз тартарлықтай өңді, әдемі боп шығады. Тілдерін безей кірген екі құданың сөзінен бе, өзіне қараған көзінен бе, ұялып қысылған жас құдағи бір оқыс қимылдағанда астынан жел жіберіп қойған екен. Сол ақ екен екі құданың жасы Бекбау:

— Құдағи саптыаяққа нан илейді,
Ұн салып, сұйық болса тағы илейді.
Бір сұмдық құдағиға болды білем,
Астында зеңбірегі зар илейді, — деп өлеңдетеді.

Ұяттан өртені жаздаған жас құдағи:

— Менің енді сіздерге көрінен бетім жоқ, — дейді де үйден шыға жөнеледі. Ауыздары астан, қалжыңдап ойнайтын жастан қағылған екеуі ат жетектеп, үй қыдырғандай болмайық деп келген іздерімен кері қайтып, бір кезең асып барып, сол ауылдың екінші жағынан келеді. Кезіккен біреуден:

— Бұл ауылға құда боп келуші едік. Ауылдарыңызда сөзге пысық, жөні түзік кәрі құдағидың үйі қайсы? — деп жөн сұрайды.

— Анау үлкен қоңыр үйге барыңдар, іздегендерің сонда.

— Ол бейбақтың кімі, несі бар еді?

— Ақсақалы жәрмеңкеге кеткен, өзі пұшпағы қанамаған адам, — деген жауап алады екеуі.

Бекбау мен Дана үйге тақағанда, елулер шамасындағы кексе әйел сыртқа шығады. Кәрі құдағи мұрнының үстінің басыңқылығы бар, көзі қисықтау адам екен. Екі құда аман-сәлем жасап, жөндерін айтып тұрғанда кәрі құдағилары оларды сынап, барлап тұрса керек. Ол екі құданың ат-тұрман, киім киістерінің жөнтайлығына менсінбей қарап, қомсына тәкашпарлана:

— Керейі қалай, кедейі қалай? — деп шап ете түседі.

Бұл сөзді көңіліне дік алған, кәрі құдағиына шүйіліп түскен қырандай түйілген Дана:

— Мұрныңның басыңқылығы қалай, сөзіңнің асыңқылығы қалай? Көзіңнің қысығы қалай, сөзіңнің пысығы қалай? Пұшпағыңның қанамағаны қалай, құдайыңның қаламағаны қалай? — деп бастырмалатады.

Сөзден тосылған кәрі құдағи Бекбау мен Дананың кімдер екенін сөзінен танып, сый-құрметпен аттандырыпты.

40. [МАҚТАНШАҚ]

Бір жолаушы келе жатып бір үйге түседі. Өлгі үй иесі мақтаншақтау адам болса керек. Үйіне кіріп-шығып жүрген балаларына қайта-қайта қонақтың көзінше:

— Өлгі түйелерді жайғадыңдар ма? Тізедіңдер ма? — деп мазаларын ала беріпті. Сонда жаңағы қонып отырған қонақ үй иесі түйелі, бай адам екен деп ойлайды. Содан түзге шыққанда қанша түйелері бар екен деп қараса, үйдің жанында сетік танау жалғыз інген ғана жатыр екен.

41. [ҮРКЕР КӨТЕРІЛГЕНДЕ...]

Ел аузында «үркер көтерілгенде сорпа ас болады» деген сөз бар екен. Бір жолаушы келе жатып, бір үйге түссе, қонағасы беріп жатыр екен. Ас артынан кейін «үркер көтеріліп қалыпты» деп сорпаны көп ішкізіпті. Ертеңінде аттанған қонақтың атының жүрісі жайсыздау болып, кешегі артықтау ішкен сорпадан іші ауырады. Соған өзі қатты ыза болыпты. Кешкісін тағы бір үйге түсіпті.

Тағы да кешегідей қонақасы беріпті. Өлгі үйдің иесі де ет жеп болған соң:

— Қонағым, алыс жолға кетіп бара жатқан қонақ екенсің, тойып алғаның жақсы болар. Үркер көтеріліп қалыпты, сорпа іш, — дейді.

Кешеден әбден ығыр болған жолаушы үй иесіне былай депті:

— Ей, ақсақал, сол сорпаны мен ішпейін, сол аспандағы алты итіңе берші, — депті.

42. [ӘУБӘКІР]

Ақтоғай өңірінде Боздақтың Әубәкірі деген ақсақал жүзге қараған шағында қайтыс болған. Бұл кісі ел аузындағы ертегі, қисса, аңыздарды білумен қатар, өз жанынан да бірер ауыз қағытпа сөздер шығаруға шебер болған.

Бірде Әубәкір ауылдасы Бәкір деген адаммен жолсерік болып келе жатады. Үлкен бір таудың жанынан өтіп бара жатқанда өз бала күнінен жайлаған жер болса да, сол таудың атын ұмытып қалыпты да:

— Әуке, мал бағып жүріп әбден баспақ болыпшын. Ешқайда шықпаушы едім, мына таудың аты қалай аталушы еді, — деп сұрапты.

Сонда Әубәкір ойланбастан:

— Бұл таудың аты — Серек, осы уақытқа дейін білмей жүрген Бәкір қалай зерек, — деген екен.

43. [ИТТИҢ БАЛАСЫ...]

Соғыс жылдары Әубәкір жасы ұлғайған соң соғысқа бармай, мал баққан. Сол кездерде жиналыстар, митингілер көп өтетін болса керек. Бірде ауданнан Итбалин және Күшікбаев деген өкілдер келіп, дереу митинг ашатын болып, колхозшыларды жинауға бұйрық беріпті. Митингіге Әубәкір ақсақал бірінші

келіп, алдыңғы орынға жайғасыпты. Ал Бәкір митингіге кешігіп келіпті де, Әукеңнің жанына тізерлеп отыра кетіпті:

— Әуке, мыналар кімдер? — деп сұраған екен.

Сонда Әукең:

— Әй, Бәкір-ай, мұның бірі иттің баласы, екіншісі күшіктің баласы, — депті.

44. [КЕРУЕНШІЛЕР]

Ерте уақытта Қызыларай маңында үн тапшы болыпты. Сол уақытта бұл өңірдің адамдары Алатаудан үн тасыса керек. Сондай бір жолы «ақ малға» барғандар олжалы қайтып келе жатады. Сол Алатау төңірегін бірнеше керуеншілер түнеп жатады екен. Сонда керуеншілер Алатаудың асқар биік шыңдарын, оның төбесінен мәңгі қар кетпейтіндігін мақтайды. Сонда керуеншілердің бірі тұрып:

— Түү, Алатауды да тау дейсіндер ма? Бізде Қызыларай деген тау бар. Мұның жанында төбеге де тұрмайды, — деп, — бірде сонда жылқымды жоғалттым. Сол кезде Қызыларай тауының төбесіне шықтым да, төбедегі жұлдыздарды құрықпен сермеп қалып едім, жұлдыздар жерге саудырап түсіп жатты, — деп аңқау халықты сендірген екен.

45. [ҚАРАҚОЖА БАЛГЕР]

Мүсіреп шешен — Қошқарұлы Жәнібек батырдың немересі. Ол қазіргі Торғай облысының Тосынқұмын мекен еткен. Мүсіреп шағын денелі, тығыршықтай төртбақ келген, өткір қаршыға көзді, қошқыл сары кісі екен. Киген киімдері, ат әбзелдері өте жұпыны, қарапайым жүретін адам болған. Мал жинап, баю мақсатын ойлай бермейтін, уақытының көпшілігінде ел аралап, қайда жиын, той-думан

болса, сонда жүретін, дау-жанжалды жиындарда кездесетін әділетсіздіктерді көріп ащы тілмен түйреп кететін өте тілмар адам болған көрінеді.

Мүсіреп сөзі ел арасына тез тарап отырған. Мүсірептің атын біліп, сөздерін естіген, өзін танитын бай-манаптар, төрелер мен билер қатты қаймығып, оның ащы тілінен именеді екен.

Ертеде Қарақожа деген балгерсымақ жасап, ауырғандардың тамырын ұстап, ауру туралы алдын ала естігенін айтып, ем жасап жүреді. Қара қойдың қағып, оның етін өзі жеп, емдеу ақысына «орамал» деген сылтаумен мал, қымбат бағалы дүниелер алады. Кейде көрікті жас әйелдер мен қыздарды «бір жыл бойы өзім қарап емдеймін», немесе «ауруы қауіпті жазылмайды» деп, бала тумай жүргендері болса «бала көтеретін болады» деген сылтау етіп өзімен бірге ала кететін болыпты. Надан елді аш қасқырдай жалмап, қан қақсатып жүрген осы қуды естіп Мүсіреп қатты кіжінеді. Кездесуді арман етеді.

Бір күндері «Қарақожа келеді» деген хабар Мүсірепке де жетеді. Сол күні түнде Мүсіреп «қатты ауырдым» деп бебеу қағып, елін жинайды. Жиналғандар:

— Қай жеріңіз ауырады? — дегенде, ол:

— Ойбай, несін сұрайсыңдар, әкетіп барады, іші-бауырым, — деп безек қағады.

Жиналғандардың біреуі:

— Балгер Қарақожаны алдырсақ қайтеді? — дейді.

Мұны естіген Мүсіреп:

— Ой, шабыңдар. Мені өлсін демесеңдер, сол «әулиені» алдырыңдар, — дейді.

Шабуылшы тездетіп Қарақожаға келіп:

— Бір белгілі тәуір кісіміз қатты науқас, сізге жіберді. Тезірек жүріп, бір ем жасаңыз, — деп өтінді. Қожа аурудың науқасын келген кісіден сұрап біледі де, бірге еріп жүреді...

Қарақожа келісімен Мүсірептің тамырын ұстап көріп, бұрын шақырушыдан естігенін айтып:

— Ауру ішінде екен, кетпенмен былаулаймын, қара қоймен қағамын, — дейді.

Сонда Мүсіреп жиналғандарға:

— Сендер үйден шығыңдар, мен ауруымды оңаша көрсетемін, — деп жұртты шығарып жіберіп, есікті мықтап жауып алып, Қарақожаны қамшының астына алады.

— Міне, саған бақсылық! Құтырған, адамдықтан айрылған жалмауызды қағу, емдеу, былаулау осылай болады. Енді бақсылық етесің бе? Жас әйелдер мен көрікті қыздарды алдап әкетесің бе? Оны саудаға саласың ба? Баласызға бала беретін «құдайдың» күшін көрейін! — деп ұрып-ұрып, елден жинап алып келе жатқан малдарын, ертіп келе жатқан әйелдер мен қыздарды қайтарады. Қожаны елге масқаралайды, енді қайта келместей етеді.

Тағы бірінде Мүсіреп үйіне бір сопы Қожа келеді. Мүсекең оны ықыласымен қарсы алып, қой сояды. Өткен-кеткенді айттып отыра береді. Тағам тез пісе қоймайды. Қожаның жатқысы келіп тықыршып, қипалақтай береді. Оны сезген Мүсекең әйеліне:

— Қожекең шаршап отыр ғой, етті тезірек пісірсейші, — дейді. Оған да ет пісе қоймағаннан кейін Мүсіреп әйеліне қатты кейіп кетіп:

— Ау, бұл ішінді... не болған піспейтін, — дейді.

Сонда сопы Қожа:

— Ойбай, бұл етті енді жеуге болмайды, кетемін, — дейді.

Мүсіреп:

— О, Қожеке, неге кетесің, ол не дегенің, отырыңыз. Сізге сойылған мал, — деп жік-жапар болады.

Қожа:

— Бұл ет енді харам болды. Жеуге болмайды. Оны сен боқтадың, — дегенде, Мүсіреп:

— Бұл үйден шыққаннан кейін барып түстенетін, бүгін қонатын үйіңнің, ертең түсте түсетін, кешке қонатын, арғы күні түстенетін, қонатын үйлеріңнің ас-суын, қазан-аяғын, орамал-

дастарханын..., — деп боқтады да, — ал енді, Қожам, жүре бер. Бұл үйдің дәмі харам болса, адалға тояарсың, — деген екен. Блажы құрып қажыған сопы:

— Сізге сөз шақ келмес, — деп қонады. Сөзден жығылыпты.

46. [ҚАРАҚҰЙРЫҚТЫҢ ЕТІ]

Шиелі ауданы (Қызылорда облысы) Коммунизм колхозының активтері Нүркеев Сыздық, Шайық Ықанов, Әнуар Маманов Қаратауды жайлаған колхоз малын аралап жүріп, сол өңірді қоныстанып отырған Қоңыраттың Жәукімінен шыққан аңшы кісінің үйіне қонады.

Келген қонақтарға Ақболат ақ жарылып, ақтарыла қоймайды да, әйелі ерінің сыңайын байқап, кепкен қарақұйрықтың етін асады. Тамақ желініп болған соң, Ақболат:

— Ас қайырындар, — дейді.

Сонда Сыздық:

— Қыдыр дарып, бақ қарасын, — деп Әнуарға қарапты.

— Көрдің бе асқан еттің қап-қарасын, — деп Әнуар Шайыққа қарапты:

— Қайтеді одан басқа таппағансын, аллоһуакпар, — депті Шайық. (Қарақұйрықтың еті кептірілген соң қап-қара болатыны бар). Ұялған Ақболат қонақтарына мал сойып, қайта сыйлапты.

47. [ЖАМАНҚАРА КҮЙШІ]

Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады.

— Әй, күйші, — дейді ол, — менің кіші тоқалымды күйіңмен ұйытып, ісінен жаңылдырсаң, астыңа ат мінгіземін, жетегіңе

түйе беремін. Ал бұл шартты орындай алмасаң, сен домбыра тартуды қоясың.

— Мақұл, — дейді күйші. Ол кезде күйшінің нағыз бабында жүрген шағы екен.

— Ендеше, ол қазір үйге келіп қамыр илейді. Сол кезде сен күйіңді бастайсың.

Сөйтіп, келіншек қамырды илеуге кірісе бергенде, күй де күмбірлей жөнеледі. Арқаланып кеткен күйші қанша күй тартқанын білмейді, келіншектің қолы табақтан шығып кетіп, жер илеп отырғанын байқайды. Ал байға қараса, қабағы түйіліп, жерге қарап отыр екен. Күйші күйді шорт үзіп тастайды да:

— Байеке, шартты орындаңыз, — дейді. Ұялған бай шартты орындау үшін далаға шығып жүре берген екен.

48. ЖАЛҚАУ

Бір жалқау далада жаяу жүргенде сүрініп жығылышты. Біраз жүргеннен кейін тағы да жығылады. Орнынан тұрмай жатып:

— Өттеген-ай, екінші рет жығыларымды білгенде, орнымнан тұрмай-ақ қояр едім-ау, — деп өкініпті.

49. КӨРМЕГЕН КӨЛДЕ ЕСТІЛМЕГЕН ҚАЗДЫҢ ДАУЫСЫ БАР

Ертеде Қазан татарларының біреуі дүниені саяхаттауға шығыпты-мыс. Саяхатшы өз шекарасына да келіпті. Үш жылдан кейін Қазақстан шекарасына да келіпті. Үш жылдан кейін Қазанға қайта оралыпты. Жерлестері оны қуана ортаға алып, қошамет үстінде онан:

— Абзи, қайда бардың, қандай кереметтер көрдің? — деп сұрапты.

Саяхатшы татар сонда көзін қораздана ашып-жұмып:

— Ту, ту, қырғызға бардым. Ат сау икан. Қайж бедра бірлән китирдиларда, помойный ямыға құйдыларда, қини да қини, қини да қини, — депті.

Тегі қазандықтар көнекпен бие сауу, сабаға қымыз ашыту түгіл, ат пен биенің қайсысы сауын екенін де білмейтін болса керек. Саяхатшының жаңағы «кереметтеріне» олар да таң қалысыпты.

— «Көрмеген көлде естілмеген қаздың даусы бар» деп біздің татар бабайларымыз осындайды айтқан ғой, — деп тараған екен.

50. ҚЫЗ КӨРЕТІН ЖІГІТТІ БІЗ КӨРЕЙІК

Балқаштағы сарыүйсіндердің бір сері жігіті рулы елден қыз таңдап, жақтырмапты. Ақыры Қудағы қаракесек, шаншар ауылдарының біріне келеді. Мұнда бір орта шаруа адамының төрт қызы бірдей сұлу, шешен екен. Жерлес жігіттер қанша қызығып, құмартса да өнер асыра алмай, сөз айта алмай жүріпті.

Үйсін жігіт қонған үйінің иесі жөн сұрағанда: «қыз көрейік деп едік» десе керек. Шаншардың төрт сұлу қызы оны түнде сезіп, таңертең «қыз көретін жігітті біз көрейік» деп, қонақтар ақ отауда отырғанда өздері кіріп келеді. Төрдегі серіні байқаса, мұрны қоңқақ, жағы сопақтау екен.

Төрт қыздың біріншісі тұрып:

— Бәрекелді, міне, мұрын, — дейді.

Екінші қыз тұрып оған:

— Көрген жоқ па ең бұдан бұрын? — дейді.

Үшінші қыз тұрып:

— Өзінің үстіне шығып қарауыл қарар ма еді, — дейді.

Төртінші қыз тұрып сонда:

— Е, қараса, көрінер еді Семейден Омбы бұрын, — депті.

Қыз таңдаған жігіт бетінен оты шығып, үндей алмай, қайтып кетіпті.

51. СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Ақмола қаласының төңірегіндегі керей руларының бір аулында ауқатты біреудің кемпірі кенет қайтыс болады. Ауыл адамдары аяулы бәйбішені таза арулап, терең жерлеуге кіріседі.

Жұрт қабір қазып жатқанда төскейден үш жолаушы бұрылып келіп:

— Уа, көмер көбейсін! — деседі.

Керей жігіттері бұл сөзге қатты намыстанып шамданды.

— Біз бір кемпірді қоя алмай әуреленіп жатқанда, бүкіл жұртқа өлім тілеп, «көмер көбейсін» дегенің не? — деп үш жолаушыны бас салып сабайды.

Керей жігіттерінің астында соққыға жығылған үш жолаушының біреуі сонда:

— Уа, Керейлер, қолдарың қанданып, ауыздарың майланып тұр екен. Бізді ұра түсіңдер, — депті.

Елдің ақыл-есті бір қариясы ара түсіп:

— Бұлар Шаншар қуы екен. Сөзіне сөз айтып ұтуымыз керек еді, өйте алмадыңдар. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Олар әдейі бөгеу үшін айтты ғой, тимеңдер, — деп босаттырып жіберіпті.

52. ДУАНБАСЫНЫҢ БАТЫРДАН ҚОРҚУЫ

Ақмола дуанбасыларының біреуі Ыбырай төренің үйінде Сүйіндік елінің басты адамдары түстеніп отырады. Даладан үйге үрейлене қорқып жүгіріп енген бір бала:

— Ата, үсті қып-қызыл жүн, мойнында салпылдаған те-
мірлері, найзасы бар, түйедей үлкен кісі түсіп жатыр, — дей-
ді.

Үйдегілер оны «дуана болар» деп жорамалдағанда, әлгі
үлкен адам алшаң басып кіріп келіпті. Шұбыртпалы Ағыбай
батыр екен. Жылқы тайжақысын киіп, сауыт-сайманын сыр-
тына асынған.

Үйдегілер жабырлай ұшып келіп орын беріседі. Ал дуанбасы
Ыбырай оны танымағансып:

— Уа, қонақтар, мына тондың кім еді, сонша абыржыдың-
дар? — дейді.

Ағыбай батыр сонда Ыбырайға төне қарап, бір тізерлеп оты-
ра қалыпты. Қанжарын суырып ап:

— Үйге келген тонды ма,
Тонды кесір болды ма?
Бұқараны қор тұтып,
Өзін зор тұтқан,
Төре тұқымы оңды ма?

Осы қылығың үшін сенің кәзір бүйіріңді тесіп, бүйрегінді ал-
сам ба екен, басыңды кесіп, табаныма салсам ба екен? — деп тұра
ұмтылғанда, дуанбасы Ыбырай сасқанынан жылап жіберіпті.
Үйдегілер батырға жалынып, өзер арашалайды.

Дуанбасы Ыбырай айыбы үшін осы жолы Ағыбайға тұлпар
ат беріп, қамқа тон жауып, зорға тірі қалған деседі қарттар.

53. ДУАНБАСЫНЫ СӨЙЛЕТПЕГЕН КЕДЕЙ

Ақмола дуанының бастығы Ыбырай төре Тоқа Шоң дейтін
байдікіне түстенеді. Дуанбасы лау мініп жүреді екен. Шоңның
Таңшолақ дейтін бас жылқышысы төренің пәуескесіне жегуге
екі асау құр ат ұстатып әкелгізеді.

Дуанбасы түстік жеп, тысқа шықса, поштабайлары әлгі аттарды пәуескеге жегу түгіл, басына ие бола алмай жатыр екен. Ат осқырып аспанға шапшығанда, дуанбасы Ыбырай:

— Қазақтың өзі түгіл, малы да ақымақ, тентек екен-ау, — деп мысқылдайды.

Таңшолақ оған сонда:

— Елім естек емес, жылқым мәстек емес. Біздің Қуандықтың қаз мойын, апай төс тұлпарлары осындай өр мінезді келеді. Мінуге қорықсаң, жаяу жүре бер, — депті.

Дуанбасы Ыбырай қатты намыстанып, бірақ қарсы айтар сөз таба алмаған соң, нөкерлерінің екі атын пәуескеге жектіріп, жаңағы асау аттарды мінбей кетіпті.

54. ҚОЗҒАН ҚОРАНЫҢ СӨЗІНЕН

Арғы заты, руы — Қозған, оның ішінде Ораз дейтін таптан шыққан Қора дейтін өте нашар, кедей адам болыпты. Былайша айтқанда Қораның мінерге аты, ішерге асы болмапты. Атсыз болғандықтан, өгізге мініп ел аралайды екен. Бірақ қора өзі кедей, нашар болса дағы ел ішінде пысықша тілді, шешен, өткір адам екен дейді.

Бір күні Қора өгізге мініп, көдімгі атақты Тәнті деген бидің аулына келген екен. Сонда Тәнті айтқан екен:

— Ей, Қорам, сенің мұның қалай? Сенің келгенің жақсы. Ел аман, жұрт тынышта өгізге мініп жүргенің қалай? Рулы ел Қозғаннан, оның ішінде Ораздан, Рақым мен Тұяқтан сені көтеретін жылқының бір тайы табылмады ма? — деген екен.

Сонда Қора тұрып айтқан екен дейді.

— Қарағым, Тәнті, сен би болсаң да, мырза болсаң да, өзіңесің. Мен сенің және аналардың ешқайсысынан қыстап ат сұрамадым. Бірақ рулы ел Оразды осы астымдағы ала өгізбен бірнеше рет аралап айналып шықтым. Оның ішінде өзің айтқан Рақымның аулына да бардым. Иттері қамалап, үзеңгімнен

алды, олай болса дағы мені бұлардың ешқайсылары көзін салып көрмеді. Күнім туса, бір кезде көрермін деп өгізімді санға бір салып, жүре берген күнім болды, — депті.

Сонда Тәнті би айтқан екен:

— Қорам, сенің сөзің өтті. Енді осы өгізбен қайда бара жатырсың? — депті.

Сонда Қора айтқан екен:

— Бір жерде екі тырнағым қалып еді, сол тырнағымды іздеп барамын, — депті. Қораның бұл сөзіне Тәнтінің қасында отырған кейбір адамдар түсінбей, бір-біріне қарай берген екен дейді. Бірақ Тәнті Қораның бұл жұмбақ сөзін қатты түсініпті. Себебі, Қораның бұл сөзі Қаракесекке берген бір қызы болған екен. Ол қызы сол берген жерінде қайтыс болып, сол қызынан екі жиен жас бала бар екен. Соны көріп қайтуға іздеп барамын деген сөзі екен.

Сонда Қораға Тәнті айтқан екен:

— Қорам, ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді. Астыңдағы өгізіңді тастап, орнына бізден бір ат мініп кетіңіз. Атасы басқа жат елге бара жатырсың ғой, — деп қораның өгізін алып қалып, Тәнті жылқысынан бір ат алдырып, Қораға мінгізіп жіберген екен дейді.

Сонымен Қора Қаракесекке барып бағанағы тырнағым деген жиендерін көзімен көріп, амандасып қайтқан екен дейді.

55. БАЯНША АТАНЫҢ СӨЗІНЕН

Шата[ның туған жері] қазіргі Павлодар облысы, Баян ауданы, руы — Айдабол. Шатаның шын аты Жалмағамбет екен. Әкесінің аты — Дүрілдек деген адам. Шатаның әкесі жасында өліп қалып, шешесі Айдана дейтін адам жесір қалып, Шатаны тәрбиелеп, арқасына арқалап асырап өсірген екен дейді.

Шатаның өзі де, әкесі де өте кедей болған. Былайша айтқанда сауарға сиыры да, мінерге аты да болмаған. Шатаның өзі де, шешесі Айдана да байлардың есігінде болған. Бертін келе Шата ер жетіп, ат жалын тартып мініп, халық қатарлы адам болады. Шатаның бұл халге жетуі анасы Айдананың арқасында дейді. Жалмағамбет елдегі екінің бірі, былайша айтқанда өнерлі, пысық болыпты. Шата жасынан жоқшылық, зорлықты көп көреді. Байлардың, басқа болғандардың көрсеткен қиянаттарына шыдай алмай жүреді.

Бір күні Шата ойлайды. Осы байлардан болғандардан кегін алудың жолын қарастырып, іздейді. Әкесі Дүрілдек тірі күнінде Айдабол Әйтеннің Әбіші дейтін кісіден әкесінің көрген қиянаты, зорлығы Шатаның есіне түседі. Сонымен, Шата бір күні бұрынғы урядниктің киімдерін киіп алып, беліне қылыш байлап, қас қарайып, түн бола бағанағы Әбіштің үйінің қасына өзі секілді ауылдағы 2-3 жігітті ертіп алып, урядник боп келіп калады.

Келісімен Әбішті аяқ-қолын бір уыс қылып, жауапқа шақырып, ананы-мынаны қысып сұрап, онымен қабат:

— Сен бір кезде Баян Дүрілдек деген нашар адамға қалайша зорлық жасадың? — деп сұрақты көбейтіп қысады. Содан кейін Әбішті тал қораптың астына жауып қояды. Біраздан кейін Әбішті қораптан шығарып алып, тағы да қосымша жауап алған кісі болып, Шата Әбішке аяғын сипатып, арқасын қасытады. Сонымен түн ішінде ешнәрсеге қарамастн Әбішке бар білгенін істеп, істеген қиянатын қайтардым деген есеппен өткен істің кегін Әбіштен бір қайырған екен дейді. Былайша айтқанда, Шата өзі кедей, елдегі екінің бірі болып, өнерлі, өте тілді, қулықшыл, тақпақшыл, күлдіргіш, әнші, елден шыққан құтабан, алаяқ құдың нағыз өзі деп есептейді екен. Шата — кек алудың жолын ол кездегі зорлық иелеріне ақысын жібермеудің жолын көп іздеген адам.

56. ҚЫЗҒАНШАҚ

Неге болса да қызғаншақ бір кісінің үйіне бір жолаушы келіп қоныпты. Қызғаншақ жолаушыдан көзін алмай: «әлдене қылып жүрген адам» деген оймен таң атып, үйінен кеткенше аңдумен болыпты. Кетер мезгілінде жолаушы жөтеліп қалғанында қызғаншақтың әйелі де жөтеліп қалыпты. Одан жолаушы түшкіріп қалғанында, әйелі әдейі келіскендей түшкіріп жіберіпті.

Жолаушы кеткен соң қызғаншақ әйеліне:

— Е... сенің бұл жолаушымен бір шатасың бар екен ғой. Әйтпесе тегіннен-тегін ол жөтелсе жөтеліп, түшкірсе түшкіріп жұмбақтасқандарың жай емес. Мен бұл қорлықты көргенше қаңғырып өлейін, — деп әйелін тастап, қаңғырып отырып бір елге қоныпты.

Жолда тымау тиіп, қонған үйінде жөтеліп қалғанында, үй иесінің де әйелі жөтеліп жіберіпті, одан енді түшкіріп жібергенінде, әдейі аңдып отырғандай әйелі де түшкіріп қалыпты. «Бұл қалай» деп таңданған қызғаншақ байқап отырса, өзі сықылды әйел де тымауратып отыр екен. Содан дереу әйелінің сол күні тымаумен ауырғаны есіне түсіп «мен әйелімді бостан бос қызғанған екенмін ғой» деген ой ақыл-есіне кіріп, әйеліне қайтып келіп, қызғаншақтығын қоюға ант берген екен.

57. МАҚТАНШАҚ

Қара күшіне масаттанған бір мақтаншақ балуан:

— Балуан атаулының бәрін жығып болдым. Енді кім қалды менімен ұстасатын, — деп жар салыпты.

Мақтана сөйлейтін кісіні жаны жек көретін бір қарапайым арық жігіт:

— Мен күресемін, — деп халықты куә қылып, мақтаншақ балуанға қарсы шығыпты. Балуан тыртыыйып тұрған арық жігітті келемеждеп:

— Бел омыртқаң үзіледі ғой, сорлы, — депті.

Жігіт:

— Үзілсе үзілсін, маған сонысы керек. Сондықтан мына шартпен күресейік: ұстаса кеткенде бірімізді біріміз қысып ойбайлатайық. Сол жыққан болып есептелсін, — деген екен.

Күшіне сенген балуан жігітті кекете-мұқата келісімге келіпті. Жиылған халық куә бола мақтаншақ балуанның жығылуын тілепті. Сол екі арада екі балуан ұстаса кетіпті. Шын балуан жігіттің белін үзіп жібермекші болып, сойылдай қолын ойқастыра бергенде, жігіт алақанына қысқан тебенін беліне сұғып алыпты да лақтырып жіберіпті. Балуанның жан даусы шығып, жігітті қоя беріп, ытып кетіпті. Жиылған жұрт «жығылдың» десіп, мақтаншақты мазақтап, жігітке алғыс айтысыпты. Ызаланған балуан даурыға өзеуреп:

— Алдады, денеме бір пәлені тығып алды. Нанбасандар қараңдар, қаны ағып тұр, — деп көйлегін шешіпті. Жұрт қараса қан түгілі сайтан да жоқ. «Бұл қалай» деп аң-таң болған балуанға жұрт:

— Балуандығың жақсы, мақтаншақтығың жаман. Мақтаншақтың жолы бір-ақ тұтам, — десіпті.

Сонымен, қарапайым жігіт қан шығармайтын дәрімен дәріленген тебенмен мақтаншақтың үнін ақыл-айламен өшірген екен.

58. МӨҢКЕДЕН АҚЫЛ СҰРАҒАН ШАРУА

Жасы қырықтан асқан бір кісінің әйелі қайтыс болады. Тұрмысы орташа, екі баламен қалған. Біраз уақыт әйел ала алмай жүреді. Оған себеп қыз алуға күші жетпейді. Қалыңмал беру керек, жесір әйел алуға тағы болмайды. Сиысып өмір сүріп кете

ала ма, жоқ па, осы ойлармен жүріп бір күні есіне Мөңке түседі. «Осы Мөңке бүкіл елге ақыл айтатын еді ғой, мен де барып ақыл сұрап келейін» деп атқа мініп, Мөңкенің аулына келеді. Келсе, Мөңке ат үстінде серуендеп ел шетінде жүр екен. Ат үстінде кездесіп, сәлем беріп амандасады. Сәлемдесіп болғаннан кейін Мөңке жөн сұрайды.

Шаруа:

— Сізге келе жатыр едім, — деді.

Мөңке:

— Олай болса, жұмысыңды айта жүр, — деді.

Шаруа:

— Менің әйелім былтыр қайтыс болып еді, екі баламен қалдым. Шаруам ортадан төмендеу. Қыз алуға қалыңмал сұрайды. Жәсір отырған жеңгем бар, оны аларымды, аяғынан жүрген 1-2 күйеуден шыққан әйел бар, оны аларымды, болмаса бір кедейдің арзандау түсетін қызы бар, оны аларымды білмей, сізге ақыл-кеңес сұрауға әдейі іздеп келе жатқан бетім еді, ақсақал, — деді.

Мөңке аз ойланып қалды да:

— Анау ойнап жүрген балаларды көрдің бе? — деді.

Шаруа:

— Көріп тұрмын, — деді.

Мөңке:

— Ендеше, сол балалардың ішінде бір ақ көйлекті бала жүр ғой. Содан барып сұрасаң, саған ақылды сол айтады, — деді.

Шаруа аң-таң болып тұр, сегіз жасар баладан барып ақыл сұрауды ерсі көрді, бармайын десе, би сырттан қарап тұр.

— Қой, би айтты ғой, барайын. Айтса ақылын естіп қайтайын, — деп балалардың тұсына барып, ақ көйлекті баланы жанына шақырып алды. Бала келіп сәлем берді. Сегіз жастағы бала астына кішкене шыбық ұстаған. Сәлемін бергеннен кейін:

— Ақсақал, менде шаруаңыз бар ма еді, айта беріңіз, — деді.

Шаруа кісі:

— Балам, әйелім қайтыс болған еді, ортадан төмен шаруам бар. Екі балам бар. Сол балаларыма бір ана керек. Екі жыл жесір отырған жеңгем бар, соны алайын ба? — деп сұрады.

Бала:

— Мен білемін, — деп жауап берді.

— Арзанға түсетін бір кедейдің қызы бар еді, әлде соны алайын ба?

Бала:

— Сіз білесіз, — деді.

Шаруа:

— Жоқ. Әлде аяғынан жүрген әйел бар еді. Мал бермей-ақ алуға болады. Соны алайын ба?

Бала:

— Піштіру-міштіру, — деп астындағы таяқ атын бір салып, балаларға қарай шауып кетті.

Шаруа кісі аң-таң қалды.

— Бидің мені мазақтағаны ғой, — деп үйіне кетіп бара жатыр еді. Мөңке қолын былғап шақырып алды.

Би:

— Иә, жігітім, балаға барып сөйлестің бе? Мұңыңды түгел жеткізіп айттың ба? — деді.

Жігіт:

— Балаңыз маған ешқандай ақыл айтпады.

Би:

— Көне, сен не дедің? — деп сұрады.

Жігіт:

— Жеңгемді алайын ба десем, мен білем деді. Қыз алайын ба десем, сіз білесіз деді. Аяғынан жүрген әйел алайын ба дегенімде пыштыру-міштіру деп ағаш атын бір салып қалып, кете барды, — деді.

Мөңке күлімсіреп:

— Бұдан артық ақыл бола ма? Түсінбесең, кімнен көресің?

Жігіт:

— Ол қандай ақыл болды?

Мөңке:

— Жеңгенді алсаң, мен білемін дегені — жеңгеннің жолы үлкен, билікті соған беріп отырасың дегені ғой. Ал қыз алсаң, сіз білесіз дегені — барлық билікті сізге беріп отырады дегені. Енді аяғынан жүрген әйел алсаң, піштіру-міштіру деп шауып кеткені — аяғынан келген әйел сізге бағына қоймайды. Егер қабақ шытысып қалсаңыз «әдіра қалғыр, маған қалың төлеп, малың күйіп пе еді» деп буыншақ-түйіншегін арқалап кетіп қалады деген сөзі, — деп талдап түсіндіріп берді.

Сондағы ақыл айтқан ақ көйлекті бала Бала би — атақты жезтаңдай ақылы асқан Ержан би еді.

59. БІР ШАҚША НАСЫБАЙМЕН БАЙЫҒАН КЕДЕЙ ҚАЗЫБАЙ

Ерте кезде он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде Тарбағатай бауырында отыратын қаракерей жанай деген ел жазда көше-көше қалбаның жонына келіп, бір ай отырып қайтады екен. Қазақ Қазыбай:

— Осы бір ай жайлауда қыдырып қымыз ішкеннен маған не пайда, одан да Өскемен қаласына барып бір ай жұмыс істеп, шай, қант, бас, ұлтан алып келсем, сол ақыл болар, — деп жаяу Өскеменге жүріп кетеді. Араға бір қонып қалаға барады. Бір қария ақсақалға кездесіп, сәлем беріп амандасып, жөн сұрасады.

— Балам, қайда барасың?

— Ата, бір айлық жұмыс іздеп келемін.

— Онда маған істе, менде бір айлық жұмыс бар. Жүр, үйге қонақ бол, шырағым, одан соң келісерміз.

Ақсақал баланы үйіне қондырып, ертеңіне:

— Балам, тамағың, жататын орның осында болады. Бір айыңа он бес сомға келіссең, бір ай темекі үгесің, — деді.

Бала: — Мен насыбай атпаушы едім, оны қалай уқалаймын.

Қария: — Аузы-мұрныңды орамалмен байла да үге бер, түк те етпейді.

Сарайда самсап ілулі тұрған темекілер.

— Міне, балам, мынадан алып үк те, мына бөшкеге, шелекке сала бер. Күлі мен суын өзім саламын, — деді.

Негізі қария аршаның күлін салып, суына уксус па, сондай әртүрлі шардәрілеп істейді екен.

Келісіп бір ай істеп Қазыбай:

— Енді елдің жайлаудан қайтатын кезі болып қалды, ақсақал, менің атым жоқ. Елден қалып қойсам, жету қиын. Лұқсат берсеңіз, мен қайтайын, — деді.

Қария: — Жарайды, қарағым, лұқсат, — депақысын береді, — ал балам, мына бір шақша насыбайды ал.

— Өзім атпаймын. Оны қайтемін, рахмет, ата, — дейді Қазыбай.

— Ой, балам-ай, астыңда атың жоқ, не алып жүрген азығың жоқ. Сен атпасаң, басқа біреу зәру болып сол атар. Қайдан білесің, атсыз жерде ат болар, ассыз жерде ас болар. Зияны жоқ, балам, ала кет, — деп бір шақша насыбайды еріксіз алдырады да, қоштасып қария қала береді.

Қазыбай қара жолмен жаяу келе жатып, түс ауа әбден шөлдеді. Бір жерде жол үстінде көкшатыр және ақшатыр тігілген, жанында пәуеске тұр.

— Бұлар кім болды екен? Егер сусындары болса, сұрап ішейінші, — деп пәуеске жанында жүрген жігіттерге келіп, сәлемдесіп, жөн сұрасты.

— Көкшатырлы кім?

— Бұл — Тана төре. Науқастанып, Семейге дохторға бара жатыр.

— Олай болса, сәлем берейін, — деп көкшатырға лұқсат сұрап кіреді. Сәлем береді. Тана төре жантайып жатыр екен, басын көтеріп, амандасып, жөнін сұрады. Қазыбай жөнін айтты.

— Ал, жігітім, насыбайың бар ма?

— Тақсыр, насыбай атпаушы едім.

— Ой, атпағаның жаман екен.

Қазыбайдың есіне манағы қария берген насыбайы түсіп:

— Өзім атпасам да, насыбайым бар, тақсыр, мінекей, — деп шақшаны ұсынды. Бір атты да:

— Балам, насыбайың жақсы екен, — деді.

— Жақсы болса, сол шақшасымен сіз алыңыз, мен атпаймын, — деді Қазыбай.

Тана төре насыбайды екі рет атып: — Жігіттер, жастық әкел, көрпе төсе. Мына жігітті ана шатырға апарып, тамақтандырып, ешқайда жібермей күтіңдер, — деп жатып қалды.

Таң атқанша қара суға түсіп терлеп, сәскеде тұрды. Ол кісі теңге қотыр болып ауырған екен. Дохторға да сол үшін бара жатқан көрінеді. Тұрғанда көйлек, іш киімімен теңге қотыры сыпырылып бірге түсіпті.

— Мен жазылдым, сәтін салды. Осы жерден енді елге қайтамыз, — Қазыбайға қарап, — сен Тәңірдің маған жіберген пірі болдың, — деп жігітті еліне ала кетеді. Елі жайлауда еді, еліне жақындаған соң жігіттің үстіне шапан кигізіп, астына жорға мінгізіп:

— Ал, жігітім, мына өзеннің екі жағында отырған біздің ел. Сен осы ауылдардың әрқайсысына барып «Тана мырза жазылып келе жатыр, сүйінші» деп, тоқтамай ешкімге сөйлеспей, берем дегенін алмай, сол ретпен өзеннің басына дейін тоқтамай, арасынан ауыл қалдырмай, сүйінші деп жүре бер, — деді.

Қазыекең «мақұл» деп салдыртып жөнелді. Айтқанындай өзеннің екі жағында отырған қалың елдің басынан аяғына дейін сүйінші сұрап, тапсырманы орындады.

Ел жиналып, Тана төрені қарсы алды. Амандасып, ел-жұрты қуанысып қалды. Тана елге зиянсыз, қадірлі болған адам. Қонақ сұрамай қона берейін, дастарқаны кең, меймандос төре болған. Елі «ортамызда аты шыққан, мырза атанған ордамыз еді, өз қойы бір жазғы қонағынан артылмас» деп, ел болып, өз еріктерімен жылына 100-150-дей қой жинап береді екен.

Жиналған жұрт қымыз ішіп, көңілді отырған халқына
Тана:

— Ал, ел-жұртым, менің жазылып келгеніме қуандыңыздар ма, жоқ па?

Халық: — Ол не дегеніңіз, мырза, қатты қуандық.

— Сүйінші сұраған кісі болды ма?

— Бір бейтаныс жігіт «сүйінші, Тана мырза жазылып, келе жатыр» деді де, алды-артына қарамай зытып жөнелді. «Уау, бері кел, тай аламысың, тайынша аламысың, ала кет» дегендерімізге қарамастан жөнелді.

Тана: — Ендеше, мені жазған да, сендерден сүйінші сұраған да — осыжігіт, — деп Қазыбайды көрсетті, — ал, қуанғандарыңыз рас болса, бір қонаққа соятын қой ғой, үлкен үй ірі қой, кіші үйлер тоқты болса да, үй басы бір-бір қой әкеп, ертең осы ауылдың артына жинаңдар, — деді.

Халқы «құп болады» деп, ертеңіне жиналған қой төрт жүздей болса керек. Жігітке сол жиналған қойды беріп, күміс тұрманымен жорғаны мінгізіп, үстіне шапан кигізіп, төрт жүз елу қойымен еліне жеткізіп салыпты.

Бір шақша насыбаймен байыған деген осындай жағдайлармен болған.

60. АҚЫЛЫМ КӨП, АҚШАМ ЖОҚ

Ертеректе Сабыр деген жігіт базарға барса да, жиын топта да «ақылым көп, ақшам жоқ» дейді екен. Сабырдың бұл көңіл сырын түсініп, бір бай адам шақырып алады да, оған ақыл-кеңес береді.

Бай айтады: — Саған мен бес түйе және сол бес түйеге артып алып сауда жасауыңа, дүние сатып алуыңа пұл берейін. Керуендерге қосылып жүріп кет те, сауда істеп келесің. Менің берген пұлымды бір жарым есе етіп қайырасың, — деді.

Бұған сабыр келісім берді. Бес түйеге артуға мынандай заттар алады: шатыр, мылтық, пешение, қант, кәмпит, ұн, күріш, май, тағы да бір қостық ыдыс-аяқ, төсеніш. Осының барлығын бес түйеге артып, керуендерге қосылып, жүріп кетеді. Ұзақ жолда керуендер түнеп кететін көл бар екен. Соған кеп бұлар да түнеп, ертеңіне ерте жүруге қамданып, керуендер жүріп кетеді де, Сабыр осы көлдің жағасында қалып кетеді. Сабыр айтады керуеншілерге:

— Мен саудамды осы көлдің жағасында жасаймын. Сіздер шаһарға барып оралғанша, мен де сауда жасап болармын, — дейді, — осында күтем сіздерді.

Сабыр бұрын байлардың керуенімен бірге жүріп, солардың көліктерін, малдарын күзетуші болған екен. Бұл көл сондықтан өзіне бес саусағындай таныс көрінеді. Сол жүрген уақыттарында жарық айдың сәулесімен, көлік күзетіп отырған кезінде, көлдің бір жағы биік жартас, көлдің өзі терең көл екен. Бұнда сусарлар бар, олар көлдің жиегіне түнде гауһар тасты лақтырғанын ай жарығымен талай рет көргені бар еді. Сусарлар гауһарды лақтырып, ай жарығына жарқырағанын қызықтап ойнайды екен.

Сабыр сондағы көргендерін ішке сақтап, бұл күні де соны аңдып көріп алған еді. Сондықтан қалып, көл жағасына қосын тікті де, күндіз бес түйенің құмалағын жинап, ауға салып жібітеді де, езіп, тоқаш сияқты домалақтап домдама жасап, гауһар тасты лақтыратын жеріне апарып жартасқа жапсырып қоя береді. Лақтырылған гауһар тастар түйенің қиына жабысып қалады. Оны күндіз алып, бір гауһарды бір домдаған тезегінің ішіне салып, кептіріп, қапқа сала береді.

Үш айда оралып керуендер де келеді. Сабырдан олар:

— Саудаң жақсы жүрді ме? — деп сұрайды.

Сабыр: — Иә, мына тезектерді алдым, — деп еді, бүкіл керуеншілер оны мазақ, келеке етіп күлді.

Сабыр төрт түйеге гауһар тасты тезекті артып, бір түйеге жәй тезек артты. Керуенге қоысылып шаһарға қарай келе жатыр.

Күз де болып қалған. Күн суытып, жауын-шашын, қара суық, керуеншілер тоқтап, от жағуға отындары жоқ. Ақыры Сабырға жалынды:

— Тезегіңнен бер, — деп.

Ол: — Бермеймін, менің әкеле жатқан дүниелігім осы ғой, — деді.

Олар: — Сат, — деп еді, сатпады.

— Егер менің тезегімді аламын десеңдер, осы бір тезегім базарда қанша тұрса, сонша төлейміз деп қолхат беріңдер, — деді.

Керуен басшылары: — Тәйір-ай, базарда тезек дегенің қанша тұрар дейсің, — деп шетінен бәрі қолхат жазып беріп жатыр.

Сабыр бесінші түйедегі жай тезегін бір-бірлеп санап беріп, бір түйедегі тезегін түгел үлестірді.

Бұлар шаһарға келіп жеткен соң, сабыр барып қазыға қолхаттарды көрсетіп: — Базарда менің тезегімнің нарқы қанша тұрады, соны көзіңізбен көріп, мына керуеншілерден пұлымды алып беріңіз. Хақыңызды төлеймін, — деп ертіп келіп бір тезекті сындырып қарады. Ішінен бір гауһар тас шықты. Оны пұлға шаққанда бір түйедегі тезегінің бағасына керуеншілердің барлық малы, пұлы, дүкені де, үй-жайын қоссаң да жетпейтін болды. Бірақ шамалары келетіндей жағдай жасап, кемітіңкіреп, бір жазғы сауда табыстарын алып берді. Сабыр да байының қарызынан құтылғысы келіп, пұлын бай айтқандай бір жарым есе етіп құтылды. Қазыны да риза етті.

Сабыр айтты керуеншілерге: — Мен тезегімді бергім келмегенде, өздерің жалынып болмай алдыңдар. Енді маған ренжімеңдер, — деді. Олар да өздеріне-өздері өкпелеп, өкініскен болды. Сабыр болса үй-жай, дүкен сатып алып, ел қатарына қосылып, жақсы семья құрып, тілегіне жетті. Байға мың да бір рахметін жаудырды. Бай қайырымды кісі болатын. Соның ақыл-кеңесімен осындай дәрежеге жетті.

61. БАЛА КІМГЕ ТАРТАДЫ?

... Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бұрынғы Атбасар уезі территориясындағы елдерді қызмет бабымен араладым. Сол кезде көп жасаған, көпті көрген, естігенін ұмытпайтын, тілі орамды қарттармен танысып, олардың түрлі тақырыптағы әңгімелеріне құлақ қойдым. Батыр атамыз Бәукеңнің (Бәубек Бекмырзаұлы) семья құрамы жайында өз аузынан естіген әңгімесін қарттар былайша баяндады.

«Төрт некелі болдым, — депті батыр, — үлкен әйелімді шешем әперді, екіншісін — өкем, үшіншісін — төре әперді. Төртінші әйелім — қазіргі тоқалымды өзім көріп, таңдап алдым. Алғашқы үш әйелден туған балаларым маған тек сыртқы сымбаты, бет ажары жағынан ғана ұқсайды, ал мінез-құлық, жүріс-тұрыс, ой өрісі жағынан бәрі де нағашыларына тартты. Бұл тұрғыдан қарағанда, бала ұзақ уақыт құрсақта көтерген, туғаннан кейін түн ұйқысын төрт бөліп, жарғақ құлағы жастыққа тимей мөпелеп өсірген анасына тартады екен деген қорытындыға келдім...».

62. МҰСЫЛМАНДЫҒЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құлыбекұлы Ахмет — қажы әрі дін тұрғысынан сауатты адам. Қарт анасы Ұлдаш қайтыс болғанда көршілес елдегі қадірлес замандасы Бекмырзаұлы Мұхамбетрахым оған көңіл айтқалы келеді. Отырып Құран оқығаннан кейін Мұхамбетрахым:

— Уа, Ахмет! Мұсылмандығың құтты болсын! — дейді.

Бұл одағай сөзді қажы кек тұтпайды:

— Еншалла, айтқаның келсін! — деп жауап қайырады.

Отырған адамдар бұған таң қалады. Одағай сөздің түйінін Ахаң шешіп береді.

— Сыр бойындағы ел өте діндар келеді, — деп бастады ол сөзін, — қарт ата-ананы ренжіткен адам діннен шығады делінген ислам шарифатында. Осыған сәйкес, ол елде мынадай дәстүр бар: біреудің қарт атасы, иә анасы қайтыс болса, соны ренжітпей жөнелтіп, мұсылмандығыңды сақтап қалдың, құтты болсын дейді екен. Мұхамбетрахым маған көңілді сол тұрғыдан айтты.

Бұл сөзді дәлелдеу үшін Ахаң өз өмірінен мысал келтірді:

— Менің анам кейінгі кезде жасы ұлғайғанына байланысты, ақылы айныңқырады. Бұл жағдайда одан кешірім алу қиын болды. Өз аузынан жылы сөз естіп алмасам, шарифат бойынша мұсылмандығымға шек келеді. Анамның қандай жағдайда ризалық білдіретінін байқап жүрдім. Бірде жақсы тағам беріп, төсегін жайлап салып жатқыздым. Мұныма ол риза болды. Ризалығын өз аузынан есту үшін:

— Әже, маған ризамысың, ақ сүтіңді кештің бе? — дедім. Шын жүрегімен айтқаны ғой:

— Сен менің жаным Ахметімің ғой. Ризамын, қалқам! Сүтімді ақтадың, кештім! — деп бірнеше рет қайталап айтты. Мұсылмандығымды сақтағаныма көңілім әбден тоқырады.

Ахаңның бұл сөзіне отырғандар ризалық білдірді.

63. [ЖҮРЕКПЕН ҚАРАУ]

... Осы Ахмет қарт балалардың қызметіне байланысты өз елінен қашық мекендеді. Ұлы Отан соғысы жылдарының бірінде ол мекендеп отырған Жамбыл қаласына оның аталас туыстарынан екі жігіт келді. Сәлемдесіп, амандық білісу үшін қарт атасының үйіне барды.

Алдыңғы бөлмеде Ахаңның бәйбішесі отыр екен. Ол кездейсоқ келген меймандарды тани алмады. Онысы заңды еді, өйткені Ахаң елден кеткелі жиырма жыл болды.

Меймандар төргі бөлмеге кіріп отырды. Көп ұзамай Ахаң кіріп келді. Екеуі сәлем беріп, қолын алды да:

— Бізді танысыз ба? — деді.

Ахаң екеуін де жазбай таныды. Олардың:

— Бұл қалай, өзіңізден мүшел кіші бәйбішеңіз тани алмады ғой, — деген сезігіне:

— Басқалар көзімен қарайды, ал мен жүрегіммен қараймын. Сендер әрдайым менің жүрегімдесіңдер ғой, — деді қарт ата.

Сонда Ахаң 85 жаста екен. Келгендер оның зеректігіне, тапқырлығына таң қалды.

64. КӨП ЖАСАҒАНДЫҚТЫҢ ҚҰПИЯ СЫРЫ

Тышқанбайұлы Тасым — әңгімешіл, естігенін ұмытпайтын, әр оқиғаны жүйе-жүйесімен, түсінікті де қызықты етіп айтатын тілуар адам еді. Ертеректегі елеулі оқиғалар жайындағы естеліктерінің бірінде ол Өтеген атты бір қарттың қайратын, ұзақ өмір сүрудегі құпия сырын айтып берді.

— Сарыарқаның сары белінде мекендеген елдердің бірінде бір ғани адамның Мәлике атты қызы болыпты, — деп бастады әңгімесін қарт атам, — үлкен жиындарда ат үстінде айқасатын аударыспақ, көкпар, сайыс, қыз қуу сияқты бәсекелі ойындарда ол қыз нелер әлуетті жігіттерге жеңдірмепті. Өз күшіне әбден сенген, жиырма үш жастағы Мәлике:

— Кімде-кім мені ат үстінен аударып алса, мейлі ол қандай адам болса да, соған тиемін, — деп елге жар салыпты.

Даңқты арудан күшін асырып, оны өзіне бағындыруды, демек жар етуді көздеген қарулы жігіттер бәсекеде сәтсіздікке ұшырап, жеңіліп қала берді. Осыны естіген, тоқсан үш жастағы Өтеген қарт, нелер әлуетті жігіттердің бір әйел қайратына төтеп бере алмағанына намыстанып, Мәликемен бәсекеге өзі түсті. Әйдемге де келтірген жоқ, қызды ат үстінен жұлып алып, бейне марқа қозыдай алдына бөктеріп ала жөнелді. Мәлике уәдесінде тұрды, ғасырға жуық жасаған,

өзінен жетпіс жас үлкен қартқа қосылып, семьялық өмір сүрді.

Бір жылдан кейін ол жүкті болды. Ер бала дүниеге келді. Осы кезде ел арасында пыш-пыштаған өсек тарай бастады. «Тоқсан бестегі шалдан бала болушы ма еді. Мәлике ару ұйқысырап кеткен болар...» десті. Бұл өсекке Мәлике өзі тойтарыс берді. Өтекең соншалықты көп жасаса да, оның нәпсілік қуаты кемімегенін ыспаттады:

— Кейде ғана болмаса, — деді ол, — түнді бос өткізбеді. Нәпсі тілегі менің тілегімнен де күшті.

Содан кейін өсек тиылды, бала Өтеген қарттың өз баласы деген қорытындыға келді жұрт. Мәлике замандастарымен сырласқанда, Өтекеңмен ең алғаш кездескенде-ақ оның өзіне өмірлік серік бола алатындығына сенгендігін айтады екен:

— Ат үстінен аударып алып, алдына бөктеріп, ерінің басына қысқанда, қабырғаларым түгел сөгілген шығар деп едім, — депті ару. Әңгімесін аяқтай келіп, Тасым атам Өтеген қарттың көп жасауына нелер себеп болғанын өзінше топшылаған сөзіне тоқтады.

«Көп жасауыма, осынша жасқа келгенде денім сау болып, күш-қуатымның кемімеуіне бірнеше себептер болды, — депті Өтекең, — атап айтқанда, өмірімде ішімдік ішпедім, шылым тартпадым, насыбай атпадым, жалаңаяқ жүрмедім, жайдақ атқа мінбедім, өз әйелімнен басқа бірде-бір әйелге жақындасқаным жоқ. Қандай жағдайда болса да ешнәрсеге ренжімедім, әрдайым көңілді, сергек болдым».

65. ДАРЫНДЫ СЫНЫҚШЫ

... Бөсең батырдың ортаншы ұлы Матыны құлақ еститін, ат аяғы жететін жердегі елдер өте сыйлап, ерекше құрметтейтін болыпты. Бұл асқан байлықтың, жомарттықтың, шешендіктің, батырлықтың немесе жоғары лауазым иесі болғандықтың

нәтижесі емес, аса ұқыптылықтың, тапқырлықтың, қол шеберлігінің нәтижесі екен.

Қарттардың айтуынша, атам Маты жігіт шағында өз әкесі Бәсең батырмен бірге хан жасағында болыпты. Жорықтардың бірінде жазым болып, аяғы сыныпты. Сынықшы жоқ, жайланып жатып күтінерлік жағдай да жоқ. Атына мініп, сынған аяғын қанжығасына байлатып, ұзақ жүріп, өз үйіне келеді. Сор мақтасын, орап-байлау материалдарын өзі өзірлейді. Бірақ сынықты салатын, иә, қолма-қол көмектесетін ешкім жоқ. Амалсыздан, аяғының басын белбеуімен тұзақтап, қарт анасына ұстатады да, сынықты өзі салуға кіріседі. Тұзды сумен сылап, сынған сүйекті орнына түсіріп, қиюластырады. Содан кейін сор мақтамен орап, киізден жасалған қалыпты кигізеді де, мықтап байлап тастайды.

Бірнеше күннен кейін аяғы ептеп басуға келеді, бара-бара жүруге жарайды. Сөйтіп, өзі салған сынық бекініп, аяғы сау қалпына келеді.

Осы тәжірибесін ол басқа сынықтарға қолданады. Алғашқы кезде малдардың сынығын, кейіннен адамдардың жеңіл-желпі сынықтарын салады. Тәжірибесін бірте-бірте болса да, емдеп жазу дәрежесіне жетеді.

Матының сынықшылық қабілетін көп елдер естиді. Қажет болып қалған жағдайда қашықтағы ауылдар қос атпен кісі жіберіп, оны алдыратын болады. Қандай ауыр зақымданған болса да, даңқты сынықшы ол дерттің шипасы екен.

Мен қызмет бабымен де, өз бетіммен де көп жерлерді араладым. Қай елге барсам да, атамның атын атағанда қарттар оның өзін көргендей болады, «Матекемнің жұрағаты екенсің ғой» деп ерекше ықылас көрсетеді.

Алматыда 1944 жылы халық батыры Аманкелдінің жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуына арналған жиын өткізіледі. Бірде Абай атындағы Опера және балет театры алдында батырдың майдандас серігі әрі досы Қарабаев Әлжан қартқа кездесіп, сәлемдестім. Аты-жөнімді сұрап, танысқаннан кейін ол:

— «Қолың сынса, Матыға бар, Маты бар да жатып ал» дейтін еді біздің Торғай өңіріндегі Арғын, Қыпшақ елдері. Е, елдің өте сүйікті адамы, аса құрметті ағамыз Матекемнің немересі екенсің ғой, — деп қолымды қысып, мойнымнан құшақтады да, көзіне жас алды...

1914 жылы біздің елден Бағлан базарына барушыларға еріп, қашық сапарға шықтым. Бозшакөл маңындағы бір ауылда Омар дейтін қарт аты-жөнімізді сұрап алды да:

— Матекемнің нәсілі екенсіңдер, ардақты ағамның сыбағасын жеңдер, — деп үйіне түсірді. Сол үйден аттанғанша ақсақал мені бауырына тартып, мәпелеумен болды. Мұндағы сыр құпиясы мынада екен: Омекеңнің қарт әкесі аяқ сынығынан мүгедек болып, жылға жуық төсек тартып жатыпты. Соны Маты емдеп, жазыпты. Бұл ауыл біздің ауылдан екі жүз шақырымнан артығырақ жерде тұрады...

66. ЕСБАЛАҚТЫҢ ЕСЕРСОҒЫ

Қырыққа келгенде алғашқы махаббаты гүлденіп, шешек атып, қауызынан жарылып шығып, бағы жанбай отырған бір сұлуға қолы әзер жеткен Есіркеп деген бір есер адам болыпты. Есер демей не деуге болады? Үйінде отырып алып ойымен байып күпінсе, қауқиған бойына мақтанып, оспадарланып елге сөз бермей лепірсе, өзі ішегіне ши жүгірмейтін арам және дүниеқоңыз адам болса?!

Сол Есіркеп көкек айының ішінде жәрмеңкеге барып, сауда-саттық жұмысымен шұғындануды ойлап, шана жасауға кіріседі. Шананың бір табанын шауып болып, насыбай атып дем алуды ойлап, қасында жатқан без қайыңға барып отырады. Жанына зарығып көрген бикесі де еркелей басып келіп жайғасады.

— Отағасы қолың неткен шебер еді өзіңнің. Шананың табанын үстіріктегендей қып әдемілеп шауыпсыз ғой, — деп мақтайды күйеуін бикесі.

— Сенің елдің әйелінен кем қалмай, көрнекті жүруіңді ойлап әуре болып жатырмын ғой. Бикем, көп кешікпей екінші табанын бітіріп, шананы алшысынан тұрған қой асығындай етіп әдемілеп жасасам, сөйтіп, жәрмеңкеге апарып ұрғашы құлыны бар бір құлынды биеге айырбастасам. Ол құлынды бие өсіп, келесі жылы төртеу болса. Екі-үш жылда айғырлы үйірлі жылқы болып шығар еді де, ел «мына жатқан қалың мал Есіркеп байдың жылқылары ғой» деп іштері күйіп, көздерін сүзіп жүрер еді, — дейді Есіркеп күшініп, әйелінің мақтағанына мас болып.

— Онда ол айғырды мен ләшенкеге жектіріп, бұлаң желдіріп, төркініме барып-келіп тұрар едім, — депті есіней түсіп бикесі.

— Әкеңнің басы, барып-келіп тұрасың. Күллі биені қысыр қалдырып малға ие болып жүрген айғырды саған жегіп беріп қоямын, ә! — деп Есіркеп әйелінің маңдайға сылқ еткізіп ұрып жіберіпті. Әйелі тарамысына іліккен инеліктей қатқан бір нәзік адам болса керек, мұрттай ұшып құлап түсіпті де, жан тәсілімін жасапты. Әйелінің серейіп қалғанын көріп:

— Қуарған қу Құдай-ау, шананың бір табаны бітпей жатып қырық жыл күтіп зарығып өзер қолым жеткен әйелімді алдың. Екінші табаны біткенде не істейсің маған, өзімді аласың ба? — деп жер бауырлап құлай зар еңірепті.

Қасынан өткен адамдар:

— Мына кісі не істеп жатыр? — деп сұрапты бірінен-бірі.

— Есбалақ — елінің есерсоғының бірі еді. Есерлігі ұстап жатыр, — деп жауап беріпті білетіндері. Есбалақтың есерсоғы деген әңгіме осыдан қалыпты.

67. БІЛМЕЙМІН

Көшеде баласын иығына отырғызып, арқалап, бір дос-жар адамның баласы келе жатыр екен. Маған бұрылып келіп сәлем берді.

- Өке-шешең аман ба, балам?
- Аман шығар, білмеймін.
- Білмегенің қалай? Хабарласып тұрмайсың ба?
- Өкей мен шешей тұрған жерде телефон жоқ.
- Хат жазып хабарласпайсың ба?
- Қол тимейді. Уақыт жоқ.
- Өке-шешеңе қатынаспағаныңа қанша уақыт болды?
- Үш-төрт жыл болып қалды.
- Өке-шешең де сендерге келмей ме?
- Қатынасқан кісілерден қой сойып, беріп жіберіп тұрады.
- Иығыңдағы бала өзіңнің балаң ба?
- Өзімнің балам.
- Жолың болсын! Қайда кетіп бара жатырсыңдар?
- Балалар бақшасына бара жатырмыз.
- Өкең-шешең сені өстіп иығына салып көтерді ме жас кезіңде?
- Көтерсе көтерген шығар. Ұмытып қалыппын, білмеймін.
- Балаң атасы мен әжесін тани ма?
- Білмеймін.
- Аман-есен жүргеніңе шүкіршілік етемін, қарағым. Сау бол, — деп мен бұрылып жүріп кеттім.

68. СЕРІ БӘЙМЕН

Сәлмен деген байдың Бәймен деген жалғыз ұлы болады. Бәймен әкесіне біткен өлшеусіз көп дәулеттің арқасында ойына келгеннің бәрін істеп шолжаңдап өсті. Мақтаған сайын дарақылана түсетін мінезін түсінген Шардың жастары оның қасына құмырсқаша үймелейді. Бәймен қасына ерген, ақшасын ішіп-жеген жігіттердің бәрін «адал досым» деп есептейді.

Достары көпшік қойып Бәйменді «Байеке», «Бай-патша» деп атады. «Мырза, сері» деп алдына бастарын иіп келген адам-

дарды Бәймен ақшамен де, малмен де сыйлап бақты. Бәйменнің істеген істерін әке-шешесі қызық көріп, қызықтаумен жүрді. Ер жетіп, өсіп келе жатқан жас жігіттің келешегінің қандай болатынына ешқайсысы да көңіл бөлген жоқ.

Бәймен жасырақ кезінде балаларға елігіп, орысша бастауыш класты оқып, бітірді. Оқуға зерек еді. Ойын-тойдың әуеніне беріліп дарақы өмірдің салтына түскен соң, оқуды тастап кетті. Оқу оқымай, еңбексіз, бейнетсіз ішіп-жегенін қызық көріп мәз болды. Оны бұл жолға икемдеген үйдегі әке-шешенің мол қолдылығы, мөлшерсіз жақсы көрушілігі еді. Қымызшылардың үйін, каршовкаларды көтеріп алып, елді тегін асырау, ән-күй тыңдау, карта ойнау — Бәйменнің күнделікті кәсібіне айналды. Достарының берген ақылына, айтқан үгіттеріне көніп, серіліктің не түрлерін жасап бақты. Сылқымдықтың, жатып ішер жалқаудың әдеттеріне беріліп, адамгершілікке тіршілікке икемделу мәселесінен мүлде сырт қалды. Өз түсінігі өзіне дұрыс көрініп, өмірді осылай серілікпен өткізу керек деп ойлады. Мұндай дарақылықпен азып-тозып, далада қалатынын ойлаған жоқ. Ойлануға уақыты да болған жоқ.

Еркелеумен өскен баланың еш нәрсеге икемсіз, қабілетсіз болып өскенін әкесі мен шешесі кеш түсінді. Алданып қалғандықтарын сезіп, өз бармақтарын өздері шайнады. Баланы түзу жолға саларлық әдісті ойлап таба алмай, іштері күйіп сары уайымға салынды.

— Бұл баланың халі біз өлген соң қандай жағдайда болады? — деп қайғыланумен жүрді.

— Қарағым, Омбыда үлкен қызметтерде істейтін оқыған нағашыларың тұрады. Сол нағашыларына барып, біраз уақыт оқу оқысаң қайтеді? — деп жай айтып көріп еді, Бәймен тоң мойындыққа салынып, «бармаймын» деп жауапты қысқа қайырды.

Сейтен қартайып, оның үстіне науқас араласып, төсек тартып жатып алды. Ол дүниеге қарай аттанатын уақыттың жеткенін сезді. Бәйменді шақырып қасына отырғызып.

— Балам, — деді соңғы өсиетін айтқысы келіп, — бойымдағы науқас дендеді. Санаулы ғана өмірімнің қалғанын сезіп жатырмын. Мен өлген соң осы шаруашылыққа өзің ие боласың. Өмір адам баласының басында ешбір уақытта бір қалыпта тұрмайды. Тұрған да емес. Бүгін бар өмірдің ертең болмай қалуы ғажап емес. Басыңа сондай бір қиыншылық заман туа қалса, қорланып өмірден қол үзуді ойлауың сөзсіз. Шатырдың есігіне бір сымды бір ұшын сыртқа қарай шығарып байлап қойдым. Өлімге бекінген кезінде сол сымға барып мойныңды іліп, көзіңді жұмып төмен қарай құла. Сөйтсең, жаның қиналмай тез өліп, жан тыныштығына кірісесің.

Сейтен осылай деді де, теріс бұрылып, Бәйменге сездірмей орамалымен көзін сүртті.

— Әке, сіз адамның миына кірмейтін бір қиялды айтасыз. Ондай кедейлікке мен ешуақытта да жетпеймін, — деп, Бәймен ренжіп тұрып кетті. Сейтен оған ешқандай жауап қайтарған жоқ.

Сейтен дүние салып кетті. Көп кешікпей бәйбішесі де өмірімен қош айтысты. Әкесі айтқандай шаруашылықтың бәріне Бәйменнің өзі ие болып қалды. Бұрын қымызшының үйінде, каршовкада ішіп-жейтін достары енді үйіне емін-еркін келіп, оны ашық тонауға кірісті. Мақтағанды сүйетін Бәймен қарқылдап күліп, салдарға ұқсап, шалқасынан сұлап жатып алды. Шаруашылық иесіздікке ұшырап, күйзеле бастады. Қалаларға жүріп тұратын керуендер тарады. Дүкендер жабылды. Сұрапыл боран соғып, соңынан жауын жауып, жердің беті көктайғанақ мұзға айналды. Ауылдағы малдың бәрі қырылып бітті. Бәйменнің қалтасы жұқара түсті. Ішімдігі азайып, достары да тарап кетті. Бәймен бір үйде шошайып жалғыз өзі қалды. Сары уайымға салынып, қиялданып бірнеше күн бойы төсегіне жатты да қойды. Өзегі тала бастады. Үйден жүрегін жалғайтындай да тамақ тауып ала алмады. Ыдыс-аяқтардың бәрі қаңғырап бос қалған. Келіп тамақ ішіп, қонақ бол деп қай бір адам шақырмады. Кешегі күндерде ішіп-жеп қошеметте-

ген достары қолдарының ұшын беріп, көмектеспеді. Бәймен аштыққа көне алмай әуелі көршілерінің үйіне тіміскіленіп барып, күнін көріп жүрді. Мазалары кетіп ығыр болды да, көршілері де ол келе жатқанда есіктерін тарс жауып алатынды шығарды. Бәйменнің амалы таусылды, қайыршылықпен күн көруге көшті. Қайыршылармен бірге барып көзінің жасын моншақтатып төгіп, қайыр сұрауды әдетіне айналдырды.

Бір күні басы айналып, көзі қарауытып, есеңгіреп тұрған кезінде бұрын өзінің шашбауын көтеріп, қошеметтеп жүретін төрт жолдасы кез бола кетті. Достары қос жағдайда одан сырт бұрылып қашып кетуші еді. Бұл жолы бетпе-бет кездесіп қалды да, бұрылып кете алмады.

— Жігіттер, дұрыс келдіңдер. Бір нәрсеге таң болып, өзімді кімге айтарымды білмей алаң болып тұр едім, — деп, Бәймен қуанып кетті оларды көргенде.

— Не нәрсеге таң болдың? — деп жиіркене сұрады одан достары.

— Елден сұрап әкелген бидайымды қуырып, тамақ жасап жеп жүрген бір шойын келім бар еді. Талқанның иісі ме, іздеп келіп тапқан ба білмеймін, тышқандар кеміре-кеміре тесіп тастапты, — деді Бәймен достарының бетіне аңыра қарап.

— Бос. Осындай өтірікке де адам баласы нанады деп айтып тұрсың ба? — деді бір досы зілденіп.

— Осы әумесермен тәжікелесіп уақытымызды неге босқа кетіріп тұрмыз? Жүріңдер, кетейік, — деп екінші досы Бәйменді иығымен соғып, соңында жатқан ағашқа сүріндіріп құлатып өте берді. Үшінші досы жығылып жатқан Бәйменді ішке бір тепті. Бәймен ызаланып ұшып тұрып, біреуін жағасынан ала түсіп еді, төртеуі жабылып оны өлімші халіне жеткізіп сабады. Сөйтті де, жатқан орнында сұлатып тастап, кетіп қалды. Қайыршылардың бірі келіп көмектесіп, Бәйменді сүйемелдеп үйіне өзер жеткізді. Бәймен қара судан басқа қорек татпай, ор-

нынан тұра алмай сіресіп қиялға кіріп, төсекте екі күн жатты.

— Бұл қорлықты көргенімше, өлгенім жақсы ғой! — деп, ішіне қан қатқан адамдай ызаланды. Оның бұдан былай жердегі ойының бері тек қана өлім мәселесіне ғана арналды. «Жанды қинамай қалай өлу керек?» Оның алдында тұрған ең үлкен сұрақ осы болды. Сөйтіп жатқанында, өлерінің алдында әкесінің айтқан өсиеті есіне түсті.

— Ойпырым-ай, менің осындай халге жететінімді әкем қалай білген? — деп үрейлене түсті Бәймен, — мен өлшеусіз ақымақ болған екенмін ғой. Әкем соның бәрін көріп, сезіп жүрген екен ғой, — деп соңынан өксіп жылап алды. Көзінің жасын тыйып, түзеліп отырып, — өкінгеннен енді қандай пайда бар? Өткен өмір енді қайтып келе ме маған? Қолымда бір тиын да пұл қалған жоқ. Елмен теңдесерлік қандай жағдай бар менде? — деп қиялданды. Ішті жаламырланып жалаған ызанамыс қайта көтерілді. Бәймен өлуге бетін бұрды. Басқышпен шатырға өрмелеп шығып, бір басы күршектеліп байланған сымды іздеп тапты. Мойнына іліп алып, не істерін білмей ойлап біраз отырды. Қорыққан жүрегін басып, көзін тарс жұмды да шұғыл қимылдап төмен қарай ағып жөнелді. Шатырдың есігімен бірге салбырап жерге құлап түсті. «Өлді деген осы шығар» деп көзін жұмып, демін тұншығып өзер алып, серейіп біраз жатты. Басы дыңылдап, бір нәрселердің санасында әлі де болса елес беріп, сезім мүшелерінің жұмыс жасап жатқанын сезгендей болды.

«Бұлар соңғы көріп жатқан түсім шығар» деп ойлады ол. Бір сәтте: «Осы мен шын өліп жатырмын ба? Жоқ әлде, өтірік өліп жатырмын ба?» — деп күдіктеніп өзіне-өзі сенбей, денесін аздап қимылдатып қозғап көрді. Денесі қозғалатын сияқты. Аяқ-қолдары орнынан жылжиды. «Мен осы әлі өлген жоқпын-ау, шамасы», — деп орнынан атып тұрды. Үрейленіп жан-жағына қарады. Айналасындағы көріністердің бірі бұрынғы қалпында масайрап тұр. Өзінің тірі екенін сезіп, тірі қалғанына аздап

қуана бастады. Сырт жағына бұрылып қарап еді, шатырдың есігі қасында жатыр. Үстінде қапшыққа тығындылған бір нәрсенің қосақталып тұрғанын көрді. Қаптың ауызын ашып қарап еді, дөңкиіп түйе мойын алтын жатыр. Алтынның бетінде шимайланып жазылған бір парақ қағаз бар. Бәймен қағазды алып оқи бастады.

«Балам, бұл алтын саған ақырғы жасаған әкелік қамқорлығым, — деп жазыпты әкесі, — бұдан кейін менен көмек күтпе. Айтқан ақылымды ұқ! Алтынды ақшалап ал да, Омбыдағы нағашыларыңа барып, оқу оқы. Сөйтсең ғана адам болып, қайтадан ел қатарына ілігесің».

Есеңгіреп отырған Бәйменнің ес-ақылы қайтадан орнына келді. Бәймен әкесінің соңғы ақылын ұғып, алтынды ақшаға айырбастады. Тағы да ел қатарына ілікті. Ескі достары «бай-патша» деп, маймаңдап қайтадан қасына жиылды. Бір күні каршовкада отырып Бәймен тышқанның шойын келіні тескен тарихын достарына қайта айтты.

— Тышқан деген кесірлі пәле жәндік қой. Пайғамбардың кемесінде тескен сол тышқан емес пе? Ол сұмырайдың ішінде уы бар. Оған шойын келі сөз бе екен. Сөзіңізде ешқандай жалғандық жоқ, бай-патша — деп шуласты достары.

— Сенгендеріне рақмет. Ертең біздің үйге қонаққа келіңдер, — деп, Бәймен бәрін қонаққа шақырды.

— Келеміз, — деді достары уәделерін беріп.

Бәймен үйіне келген соң сарайдағы көк төбет итті әкеліп есігінің алдына байлады. «Мырзалар ренжімеңіздер. Бүгін сіздерді осы көк төбет ит қарсы алып күтеді. Мен нағашыларым шақырған соң, асығып Омбыға оқуға кеттім. Кездескенше сау болыңдар. Бәймен» деп қағазды жазып, тақтайға жапсырып, иттің мойнына іліп жүріп кетті.

Мырзалар қонаққа келгенде көктөбет ит оларға аларып бір қарады да, асықпай аяқтағы тамағын ішуге кірісті.

69. [БАРМАҚТАЙ МАЙ]

Әкесі ел-жұртын шақырып той жасап, теңін тоғыз түйеге артып, қызын ұзатып жатқанда, қызы жылайды.

— Неге разы емес, неге жылайды, барып бірің білңдер, — деп жеңгелерін жіберсе, қыз былай дейді:

— Бақайшықта бармақтай май қалды, соған жылаймын.

Мұны естіген әкесі бір мал сойып, үйітіп, бас-сирағын теңінің ішіне салып беріпті.

70. ҚЫТАЙ ЖІГІТІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ

Тайжан бірде Атбасар жәрмеңкесіне барады. Ерткені — елдің бетке ұстар ақындары, термеші жігіттері болса керек. Өзі сырнаймен белбеулетіп ән салып, жиналғандардың назарына ілігеді. Осы жәрмеңкеде сырнайды құйқылжыта тартып, атын билетегін қытай жігіті елге өнер көрсетіп жүреді. Тайжанды қызықтырғаны оның сырнайының жаңа, әрі үнділеу екендігі болады. Тайжан оның қасына келіп:

— Мен сенің атыңды билете алсам, не берер едің? — дейді.

— Жоқ, билете алмайсың. Ол тек өзім сырнай тартқанда ғана билейді, — дейді жігіт.

— Ендеше, бәс тігейік. Егер билетіп берсем, онда сырнайыңды маған сыйға тартасың, — дейді.

— Жарайды, айтқаның болсын.

Тайжан өзінің сырнайымен небір әуенге салады. Бірақ ат билей қоймайды. Сосын, болмаған соң жігіттің сырнайын сұрап алып, нағашысы үкілі Ыбырайдың «Гәккуін» тамылжыта тартады. Сол-ақ екен, ат билей жөнеледі. Тігілген бәс өз алдына, егер дау туғызғысы келсе, Тайжанның алғашқы сәтте-ақ ұтылғанын, әрі ат билеткен сырнай өзінікі екенін тілге тиек етер еді ғой. Бірақ қытай жігіті Тайжанның асқан өнеріне дән риза болып, жаңа сырнайын сыйға тартады. Сыйлық сыр-

най ақынға көп жыл айнымас серік болып, шабытына шабыт қосқан екен.

71. ӘКЕСІ МЕН ҚЫЗЫ

Бір адам қызын ұзатып тұрып:

— Қызым, күніне бір жіптен бойыңа іле бер, — депті.

Қызы күнде таңертең бір сабақ жіпті етегіне іле беріпті. Бір жылдан соң әкесі келсе, қызының етегі толған жіп көрінеді. Әкесі қызын шақырып алып сұрайды:

— Мынауың не? — деп. Сонда қызы:

— Әке, өзің емес пе, «күнде бір сабақ жіпті бойыңа сіңіре бер» деген, — депті.

Әкесі қызын «адам болмайсың» деп үйіне алып кетіпті.

72. КЕРНЕЙБЕК ПЕН ИШАН

Ишан жұртты намазға тұрғызып жатқанда бір шетіне Кернейбек те келіп тұрады. Кедейдің үстіндегі нашар киімін көрген ишан:

— Намазға анау менің шапанымды киіп тұр, — депті. Шапанды киіп намазға тұрған Кернейбек намаз оқылып болған соң елден бұрын тысқа шығып, атына мініп алады. Сол кезде ишан шапанын іздеп:

— Жаңағы кісіге шапанымды беріп едім, алып келші, — деп біреуді жұмсайды. Кернейбек оған:

— Ишекеңе айт, егер өзі ки деп бермесе, шешіп берейін. Мұсылман адам екі сөйлемейді ғой, — депті. Кернейбектің сөзін естіген ишан:

— Үндемеңдер, шапанды сол-ақ кисін, — деп аттанып кетіпті.

73. КЕРНЕЙБЕКТИҢ КӨПБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Әлтеке Әбуғали мен Қуандық ішіндегі Қареке руынан шыққан Қара Көпбай құда болады. Әбуғали Көпбайға барарда Кернейбекті алып жүреді. Көпбай ауылындағы қырыққа тарта үйдің көпшілігі дәулетті болса керек. Ал Көпбайдың өзі кішкентай кісі екен. Кернейбек тұрып:

— Көпбай, Көпбай дегенге екі құлағы тебінгідей, екі иығына екі кісі мінгендей зор ма десем, шүйкедей екен ғой. Мына қордадан Көпбай шықпағанда, мен шығам ба! — деген екен.

74. ДӘЛ ӨЛШЕУ

Екі адам қатты таласып қалады. «Қай жеңілгеніміз өз етінен бір пұт ет кесіп беретін болсын» деп бөстеседі. Бірі жеңіледі де:

— Тілегеніңнің бәрін орындаймын, — деп жалбарынады. Ұтқаны оған көнбей қояды. Содан олар биге келеді. Сонда би:

— Жарайды, қазір мына кісіден ет кесіп алуыңа болады. Бірақ бір пұттан сәл қателессең, басыңды аламын, — дейді.

Ұтқан адам қорқып, мазақ боп, жөніне кетіпті.

75. БІР ҚАРИЯ КІСІ

Бір қария кісі жолаушылап келе жатыпты. Астында жабағысы да әлі түспеген құнан мініп келе жатады. Содан келе жатса, бір бай кісі кездесіп қалады, астында керемет тұлпар, жүгені, ер тоқымы, құйысқаны — бәрі де күмістен жасалған. Екеуі кездескенде, жаңағы қария кісіге сәлемдеседі, содан сәлем алып, жол болсын айтып, әңгімелесіп, қария шалдың сөздері керемет ұтымды болады.

Сонда бай өз сөзін шамаламай:

— Сіздің сөзіңіз керемет екен. Маған ұнап келе жатыр. Мен сізді алты қанат үйге апарып, астыңызға ат беріп, сізді бір жақсылап күтейін. Сіз жақсы қария екенсіз? — дейді.

— О, балам, сенің алты қанат ақ ордаң мына аспан астынан кең емес шығар, масаты көрпең мына көк майса жерден кең емес шығар, — дейді, — сөйлесер болсаң, аттан түс, сөйлесейік, — дейді.

Сонда жаңағы сөзден жеңіліп, үйіне алып барып, кешірім сұрап, үстіне шапан кигізіп, астына ат мінгізіп қайтарған екен.

76. БИ САРҚЫТЫН МАҒАН БЕРДІ

Жиын-топқа бір байдың баласы:

— Би сарқытын маған берді, — деп мақтана беріпті. Сонда төрден орын тимей, босаға жақта отырған бір қуақы келген жарлы жігіт:

— Бидің қасында сенен басқа кім бар еді? — дейді.

— Басқа ешкім жоқ болатын, — депті бай баласы.

— Ендеше, би сарқытын саған бермегенде, итке тастасын ба? — деп іле жауап қайтарыпты әлгі жігіт.

Лепіріп сөйлеп отырған бай ұлы қып-қызыл боп, ұялғанынан тырс етіп үндеместен, жер шұқып отырып қалыпты.

77. БЫСҚЫРУ ҮШІН ТІС КЕРЕК

Қаратау елінің Қақы деген қариясы жас кезінде тіл алмайтын ерке болыпты. Жұмсаған адамға ол әйтеуір бір жауап тауып айтады екен. Бір күні әкесі Қақыны ат суғарып кел деп жұмсайды.

Баласы оған:

— Мен ат суғара алмаймын, — дейді. Әкесі:

— Неге? — десе:

— Менің күрек тісім түсіп қалған, — дейді баласы.

Әкесі Қақыға ұрысып:

— Ат суғаруға тістің не керегі бар? — дейді.

Сонда баласы:

— Е, ат су ішкенде, мен ысқырып тұруым керек емес пе? — депті.

78. КЕРЕГЕНІҢ БАСЫН САНАЙЫҚ...

Мал төлдеп жатқан кез болса керек. Ұлы жүздегі Досан аулының Есалы деген кісісі кешқұрым оңаша тұрған үлкен үйдің тұсына келіп:

— Кім бар-ау? — десе, ешкім дыбыс бере қоймапты. Ол атынан түсіп үйге кірсе, үйде жан жоқ. Үй ортасындағы жер ошақта қалған тезек маздап жанып жатады. Далаға шығып, олай-бұлай қараса, ауыл адамдары төскейде қозы бөлісіп жүр екен. Есалы үйге қайта келіп, жалғыз өзі отыра береді. «Осы байды жұрт сараң деуші еді, күн бұрын не бар, не жоғын біліп алайын» деп жан-жағына қараса, керегенің басында майлы дастарханмен бетін жауып қойған қойдың жарты еті жаюлы тұрады. Көп кешікпей-ақ даладан бай да келеді.

— Кештетіп жүрген бұл қайсың?

— Мен едім, — дейді Есалы.

Осылай жөн сұрасып болған соң, екеуі өткен-кеткенді айтып біраз отырып қалады. Өлден уақытта бай:

— Мына қонаққа нең бар, тамағыңды ас, — деген болады. Байдың сөз саптауын бұрыннан білетін оның әйелі:

— Үйде ет жоқ еді, — дей салады. Сол кезде Есалы әңгіменің бетін басқа жаққа аударып:

— Япырым-ай, мынау үйдің ағашын қандай ұста істеді екен-ө? — деп үйдің уық керегесіне таңырқап қарай береді.

— Е, жігітім, бұл — Түркістандағы Әлкен үйшінің қолынан шыққан үй, — дейді аңқау бай.

— Өзі неше қанат?

— Сегіз қанат.

— Жоқ, байеке, сегіз қанат емес, — дейді Есалы әдейі.

— Бұл үйді өз қолымнан шаптырған мына мен ғой, сегіз қанат? — дейді бай да ерегесе түсіп. Сонда Есалы:

— Сіз сегіз қанат дейсіз, мен алты қанат деймін. Сенбесеңіз керегенің басын санай қояйық. Сіз маңдайшадан былай қарай оң жағын санап шығыңыз. Мен сол жағын санайын. Кәне, бір, екі, үш, төрт... — дей бергенде, бай:

— Түсіндім, түсіндім. Сенің аңдып отырғаның анау ет қой. Әй, қатын, аса ғой етіңді, — деген екен.

79. ҚАСҚЫР АНАДАЙ ЖЕРДЕ, ТАЗЫ МЫНАДАЙ ЖЕРДЕ...

Ертеде бір кедей байдың үйіне келсе, жұрт жиылып, той болып жатады. Менменсіген бай оған жасың үлкен еді, төрге шық демейді. Сонда кедей қария тұрып:

— Ойпыр-ай, байеке, жаңа ауылдан шыққанымда, алдымнан бір арлан қасқыр тұра кеп қашқаны. Дереу тазымды қостым да жібердім. Тазым да желаяқ еді, дегенмен қасқыр да жүйрік екен, — деген кезде, ерігіп отырған бай елең-елең етіп:

— Иә, тазың қуып жетті ме? — дейді.

Сонда қарт оған:

— Жоқ, байеке, қасқыр дәл ана сіздей, тазы дәл мына мендей жерде отырды, — деп жауап беріпті. Көп алдында ұялған бай кедейге:

— Төрлетіңіз, төрлетіңіз! — деп беріпті.

80. БҰЗАУБАЙДЫҢ МЫРЗАЛЫҒЫ

Бұрын жергілікті халық Ырғызды «Жармола» деп атаған. Сол кездерде қан базар, қызу сауда орталығы болған Жармола-ның жәрмеңкесі мен базарына сонау Орынбордан орыс көпестері мен татар байлары, алыстағы Тәшкен мен Самарқаннан өзбек саудагерлері жиі келіп жататын көрінеді.

Бір жылы осы Жармолада халық көп жиналған бір жәрмеңке өткізіледі. Оған Шекті руының атақты байы Мырзағұл да келіпті. Базарға жағындағанда ол қасындағы біреулеріне:

— Бұл жәрмеңкеге Төртқара Бұзаубай келді ме екен, біліп келіндерші, — дейді. Айтқандай-ақ ол ығы-жығы базардағы көп адамның ішінен тап бола кетеді. Өзі сирағы шыққан кедей болғандықтан, ағайындас бір байдан он шақты құлынды биені сауынға сұрап алып, соның қымызын сатып жүр екен.

Мырзағұл бай бастаған 4-5 кісі сынау үшін Бұзаубай жатқан бір ноғайдың үйіне сау ете түседі. Қонақ келіп қалған соң Бұзауекең кедейлігін білдірмей, оларға қонақасы беріп, 5-6 күн сый-сияпат жасайды. Бір күні қонақтар жатқан үйдің иесі Бұзаубайға:

— Бұзеке, қонақтарға беретін ет таусылды. Енді қайтеміз? — дейді.

— Саспа, қазір мен бір кісіні жұмсаймын, — дейді.

Айтқандай-ақ, ол бір жігітті шақырып алып:

— Қала сыртында жүрген жылқыдан бие деме, айғыр деме, тіпті қонақтікі деме, іштеріндегі ең семізін алып кел де сой, жауабын өзім беремін, — дейді.

Жылқы алып келуге барған жігіт Мырзағұлдың торы атынан басқа семіз жылқыны кездестірмей, соны сойып алып келеді.

Шылқыған май мен қазы-қартаны ұртын толтыра асаған Мырзағұл:

— Бұзеке, сойған қонақасыңыз өте семіз екен, — депті.

Сонда Бұзаубай тұрып:

— Е, шырағым-ай, бұйырғаны шығар. Жеңдер, жеңдер, — дей беріпті.

Тағы да 3-4 күн қонақ болғаннан кейін Мырзағұл Бұзаубайға:

— Бүзеке, он шақты күн сіздің дәміңізді татып, қадірлі қонақ болдық. Кедей болсаңыз да сырыңызды білдірмедіңіз. Көп қонақты күтетін бай адам емессіз. Сізге ризамыз. Енді сол ризалықтың белгісі болсын. Менімен бірге базарға жүріңіз. Сізге ат сатып алып мінгіземін, — депті.

Бұлар базарға келсе, біреу бір торы ат сатып тұр екен. Бұзаубай соны ұнатып қалады да:

— Уа, байеке, мен осы атты ұнатып тұрмын, — дейді.

— Бүзеке, — дейді Мырзағұл, — ат таниды екенсің. Мына торы ат менің атымнан да артық қой, — дейді.

Бүзекең аяқ астынан рахметін жаудырып, торы атты алып үйіне қайтады.

Ертеңіне Бұзайбай жігітіне:

— Қонақтардың қайтар кезі болды. Аттарын алып келіп ертте, — дейді. Бұған сасып қалған жігіт:

— Мырзағұлдың атын сойып тастадық қой, енді не әкелем, — дейді. Бұзаубай оған:

— Саспа, кешегі базардан алып келген торы атты ерттеп әкел, — дейді.

Аттанар кезде Мырзағұл:

— Мынау менің атым емес, кешегі базардан алып келген торы ат қой, — дейді. Сонда Бұзаубай тұрып:

— Байеке, дұрыс айтасыз, соның өзі. Кеше осы атты сатып аларда сіз маған «ат таниды екенсің, мынау менің атымнан да артық қой» деген едіңіз. Демек, тәуірін сіз мінбей, мен мінімін бе? — депті. Сөзден жеңілген бай одан әрі өз атын сұрастыруды лайық көрмей, жөніне кете барыпты.

81. ЕШКІ ТЕРІСІНІҢ ҚҰНЫ

Ертеде Малбағар деген шаруа болыпты. Ол ауылдан алты қадам асып көрмеген момын адам екен. Сол кісі көршісі Нұрбайдың қалаға баратынын естіп, сонда келіпті. Ол бір ешкінің терісін көршісінің алдына тастай беріп, былай депті:

— Нұреке, Құдайы көрші едік. Жортқанда жолың болсын! Қалада тері ақша болады деп естимін. Мынау жаздыгүні Қанышжанды сүндеттегенде сойған ешкімнің терісі еді. Алдымен осыны ақшаға сат. Біздің үйде бойжеткен баланың барын білесің ғой. Соған шапандық, қамзолдық барқыт керек. Өзіме насыбай шақша, жалбағай ескер. Кемпіріме көйлек, жаулық аларсың. Одан артылғанда артық-ауысыңа шай-қант, балаларға базарлықты да ұмытпағайсың, — депті.

82. ЖЕТЕСТІҢ КӨРЕГЕНДІГІ

Болыс сайлауында Сердалы болыс бола алмай қалыпты. Бұрын қасынан кетпейтін жекжаттары, ағайын-тумалары сырт айналып жайлауға көшіп, Сердалы ата қонысы — Өтеген-Нұрымбетте қозғалмай отырып қалады. Жетес жанына жолдастарын ертіп, Сердалыға келіп:

— Хабарлас! — дейді. Үйінен шыққан Сердалы қонақтарын аттан түсіріп, үйге кіргізіп аз-кем амандықты сұрасқан соң, босағада ілулі тұрған жүген, ноқтаға қолын соза бергенде Жетес:

— Сердалы шырағым, сен бір жаққа жүрейін деп ыңғайланып тұрсың ғой. Жүрме. Ағайын бар болсаң, көре алмайды, жоқ болсаң, бере алмайды. Асықтай ажарыңды мал сұрап кетірме. Қолыңда не бар соны сой, ешқайда барма, — дейді.

Сердалы сауып отырған екі биесінің біреуінің құлынын сойып, қонақасы береді.

Ертеңіне жүрер алдында Жетес Сердалыға:

— Әрі берген батам болсын, әрі ақылым болсын. Бір ауыз сөз айтайын. Тыңда. Ер жігіттің азын-аулақ тоқтаған ықпалын екі нәрсе ашады. Оның біреуі — ұзақ сапар, екіншісі — жақсы ат. Ұзақ сапар жолдың саған ыңғайы жоқ, ал жақсы аттың сәті келіп тұр. Соған бізбен бірге жүр. Атыңды ертте, — депті.

Сол күні үлкен қалаға келіп қонып, ертеңіне Сердалыны Үмбет биге жібереді. Жолға шығар алдында Жетес:

— Үмбет ішкі жұрттан құнан торы деген жүйрік ат әкеліпті. Соны сұра. Құлбарақ (әкесі) есіне түсіп, саған Үмбет бір атты берер. Егер сол ат тақымыңа тисе, ықпалың жүре бастайды, — депті Жетес.

Сердалы Үмбетке барып, үш-төрт күн қонақ болады. Жүретін кезінде Үмбет Сердалыдан бұйымын сұрайды. Сердалы келгендегі жұмысын айтады. Сонда Үмбет ойланбастан:

— Осыны есіңе салып, маған жұмсап отырған Жетес қой. Рас па? — дейді.

— Рас, — дейді бұл.

— Жақсы, шырағым, атты бермесем, Құлбарақ тегін жатпас. Бәрібір бұл ат маңдайыма сыймас. Берейін. Бірақ бір аттың кеткені ештеме емес-ау, ең қиыны біздің төбенің бағы енді сендерге ауды. Қинайтыны осы, шырағым. Кел, мына атқа мін! Еліңе қуанып бара ғой, — деп атына құтты болсын айтып, Сердалыны Үмбет жолға шығарып салады.

Содан бастап Сердалының бағы өрлеп, еліне дуалы ауызды атақты адам болыпты.

83. АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР

Ертеде болыстыққа таласып жүрген, тілі өткір, сөзге шешен Әбілқас деген кісі арнайы келіп, Қаражан аулына ат басын тірепті. Қаражан осы өңірдегі аты шулы барымташы, ұры ұстайтын адам болса керек.

Келген қонақты ол қол қусырып қарсы алып, жолынан жығылмай қой сойып, күтіп алыпты. Ас үстіндегі әңгімедүкенге Әбілқас тіс жарып араласпайды. Қонақ аттанғалы жатқанда бұл келістің тегін емес, салмағы бар екенін сезген жырынды Қаражан:

— Әбеке, әдейі келгенде бұйымтайыңызды айтып кетпейсің бе? — деген екен.

Сонда атқа ырғып қонған Әбілқас:

— Шырағым, алғаныңды білсең, бергенің сол емес пе? — деп аттанып кетіпті. Қаражанды қаумалап тұрған ауылдас, игі жақсылары аң-таң болып, аңтарылып қалыпты. Тек үйге кіріп жайғасқан соң ғана Қаражан ақсақалдарға қарап:

— Әбілқас бізді қатырды. «Алғаныңды білсең, бергенің сол емес пе» дегені — талай рет жылқымды барымталап алдыңдар. Үндегенім жоқ. Алмақтың да салмағы бар. Енді сайлауда маған шар саласыңдар дегені, — деп жастыққа жантая кеткен екен.

84. БАРМАҚ ҚҰНЫ

Ертеде Есіл бойындағы Бағаналы елінде Бәшпен деген кісі өтіпті. Бәшпен шатақ іздеп жүретін, сөзден де тосылмайтын өжет кісі болса керек. Бірде көшеде келе жатып, дауласып тұрған екі адамды көреді де, келе сала сөзге келместен біреуін жұдырықтай жөнеледі. Бұл жанжалдың соңы үлкен төбелеске айналып, Бәшекең топырлаған көптің ішінде біреудің бармағын шайнап тастайды.

Төбелес тоқтап, жұрт тарасқан соң Бәшекең үйіне үлкен бір іс тындырғандай, терлеп-тепшіп шай ішіп отырады. Осы кезде үйге бір топ адам кіріп келеді. Келгендер жағаласып отырған соң Бәшекең жөн сұрапты. Сонда олар:

— Бәшеке, сіз манағы төбелесте бәленшекеңнің бармағын шайнап тастапсыз. Соның құнын сұрай келдік, — депті.

Сонда Бәшпен кездігін қынынан суырып алып:

— Олай болса құнын төлеймін, бірақ бармақты кесіп алып қаламын. Өйткені құны төленген бармақ иесін табуы керек, — депті.

85. БІРӘЛІНІҢ СӨЗДЕН ТОСЫЛУЫ

Торғай өңірінде атақты жылқылы бай атанған Бірәлі жолаушылап келе жатып, Сейдахмет шешеннің үйіне түсіпті. Шешен оған өз әлінше құрмет көрсетсе керек. Бай аттанарында:

— Сейдеке, сыйыңызға рахмет! Балаларыңыз да тәрбиелі екен. Осындай балдырғандардың ауызын аққа жарытпай қойған Алланың рақымсыздығын көрмеймісіз, — деп ақынның кедейлігін бетіне салық етпек болып, аяушылық білдіргенсиді. Сонда Сейдахмет:

— Бірәлі, шырағым-ай! Осы қара борбайларға сауын болатын біраз бие айдатып жіберіп, Құдайды да бір ұялтсаңшы, — деген екен.

Сөзден тосылған бай еліне барған соң, шешенге сауындық бие жіберіпті.

86. ЖАҒАЛДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Отызыншы жылдары құрылған Қарақұм — Сағыз өндірісі мекемесінің қаражатын талан-таражыға салды деген жамамен айыптап, сол мекеменің бастығы Таушаев Жағал он жылға сотталады. Сот процесі Арал қаласында жүргізіледі. Соттың үкімі бойынша айыпкер тиісті жерге шағым арыз беріп, шағынуына жетпіс екі сағат қана уақыт беріледі. Ол осы уақыттың ішінде арыз беріп үлгеруі керек. Кеш қалса арыз қабылданбайды деп көрсетіледі. Бірақ халыққа қадірменді, абыройлы Жағалды ауданның белді басшылары бір ай кепілдікке сұрап алады.

Кешілдікке шыққан соң Жәкең соттың үкімінің көшірмесін алып, Алматыға Жоғарғы сотқа жүгінуге кетеді.

Ол кездегі жолаушылар поезы әрбір разъезд бен станцияға тоқтайтын «Максим» поезы. Сол поезбен үш тәулік жол жүріп барады. Орыс тілін өте жетік білетін Жәкең қолындағы адресімен ешкімнен сұрап әуреленбей-ақ, Жоғарғы соттың кеңсесін тауып алып, соттың кабинетіне кіріп барады.

Тәрде соттың төрағасы отыр екен. Кескін-қияпаты келіскен қазақтың кәдімгі моңғол бас азаматы. Амандық-саулықтан кейін Жәкең қолындағы сот үкімінің көшірмесі мен шағым арызын береді де, өзі тыныш отырады.

Соттың төрағасы үкімді байыптап оқып, әр жерін қарындашпен белгілеп, басын шайқап көп отырады. Шамасы үкім бұзылуға жатпайтын болып заңды жазылған болуы керек. Бір уақытта соттың төрағасы тағы да басын шайқап:

— Қатпа болған түйеге ойсыл қара не қылсын-ай! — деп Жағалға қарайды. Мұнысы оның ісің ауыр, қолымнан келмейді дегені еді.

Сол кезде Жәкең орнынан ұшып тұрып:

— Қатпа болмаса, ол түйе ойсыл қараны не қылсын-ай! — деп жауапты бірден сарт еткізеді.

Төраға енді қайтып тілге келмейді. Жағалдың қолына үйінің адресін жазып береді де:

— Үйге бара беріңіз. Мен көп кешікпей жетемін, — деп Жәкеңді үйіне жібереді. Артынан өзі де келіп Жағалмен жақынырақ танысады. Үй егесі қазақтың сөз тыңдауға құмар және әңгіме тарихты көп білетін құймақұлақ кісі екен. Екеуі біріне-бірі сай келіп, небір шырын әңгімелерді қозғайды. Танысады, біліседі.

Бір жетінің ішінде істі Қызылордадан алдырып, оны қарап, көтерілген мәселе дұрыс емес, жала деп тауып, Жәкеңді ақтап жібереді. Сот қашан ақтағанша, Жәкеңді өз үйінде сақтайды.

Ақталып қайтып келген Жәкең армысың айта келген ағаларымен мен замандастарына Жоғары сот төрағасының қазақтың көне әңгімесі мен шежіресін көп білетінін, тілмар шешен екенін, жүрегі таза, кіршіксіз адал азамат екенін көп әңгіме етіп айтып жүріпті.

87. ОҢТАЛАПТЫҢ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

Оңталап Жарылғасынов Қазақ ССР-нің 30 жылдығы атындағы колхозда басқарма преседателі болып көп жыл істеген. Халықтың күйсіз уақыты. Оңталап колхозға келісімен қолда бар мүмкіншілігін толық пайдаланып, ақ егіс пен күрішті уақытында егіп, ойдағыдай баптап өсіруге күш салады, колхоз мол өнім алады.

Бір күні «Калинин» учаскесіндегі бітік өскен күрішті аралайды. Бірақ күріштің басында ешкім жоқ, арықтағы су жағалап далаға кетіп жатыр. Мұны көрген Онекең орталыққа қайтып келіп, ауылда жүрген бір колхозшыны шақырып алып:

— «Калинин» учаскесіндегі күрішке баратын арық жығылып кетіп, су айдалаға кетіп жатыр. Тез барып, соны байлап кел, — дейді. Анау:

— Ну, хорошо, барамын, — деп шығып кетеді.

Онекең шаруашылықтың өзге уческесін аралап кешкісін ауылға келісімен суды байлауға жұмсаған, бағанағы колхозшыны шақырып алып:

— Бардың ба, арықты байладың ба? — десе, анау:

— Барғаным жоқ, — дейді.

Айтқан уәдесін орындамаған жанға іштей ренжіген Оңталап бригадирге тапсырма беріп, арықты түнде бөгетеді.

Тағы бірде шаруашылықтың жұмысына бағанағы кісіні жұмсайды. Председательдің мұнысы әлгіні сынау еді. Ол оған түсінбей, Онекеңді тағы бір алдайын деп оған:

— Ну, хорошо. Мұны қатырып келемін, — дейді. «Ну, хорошоның» жұмысын бақылаған Онекең оны шақырып алып, сұраса, тағы да бармағанын айтады.

Осыдан соң Оңталап оған сенуді қояды. Соғыс аяқталғанмен, халықтың жағдайы өте нашар кезі. Бір күні әлгі «ну, хорошо» келіп председателден:

— Оңталап аға, балалардың азығы түгесіліп, үйде ішетін ешнәрсе жоқ, үнемсіз отырмыз. Мүмкіндігі болса екі-үш пұт шиін берсеңіз, — дейді.

Оңталап та іркілместен:

— Ну, хорошо, қойма меңгерушісіне айтармын, — депті.

Анау қоймаға барып:

— Онекең «2-3 пұт шиін аларсың» деп еді. Саған айтты ма? — десе, ол:

— Жоқ, Онекеңді көрген жоқпын, — дейді.

— Онеке, өнеугі шиінді әлі ала алмай жүрмін. Қоймашы бермейді. Соған бер деп айтпайсыз ба? — деп өтінеді. Онекең болса:

— Ну, хорошо, қоймашыға айтайын. Аласың, — деп жұмысқа кетіп қалады. Екінші рет барып сұрағанда да қоймашы:

— Онекең ештеңе айтқан жоқ. Онсыз мен ештеңе бере алмаймын, — дейді.

Манағы адам енді Оңталапқа бара алмайды. Арада бір апта өтеді. Содан соң Оңталап оны өзіне шақырып алып:

— Ау, жігітім, «ну, хорошо» қалай екен. Сен мені екі рет алдадың. Бірақ мені ғана алдап қойған жоқсың, колхоздың барлық колхозшысын алдадың. Және олардың алдағы тұрған несібесіне кесіріңді тигіздің. Бұл — сенің өз колхозыңа тигізген зияның. Ал мен сенің «ну, хорошонды» алдыңа тартып өзінді ғана алдадым. Ендігәрі мұнысын қояр ма екен деп. Сонымен кім ұтты? Енді түсінген шығарсың, өтірік айтудың пайда бермейтінін, — деп үш пұт шиінге қағаз жазып береді. Қағазды беріп тұрып:

— Бұл саған емес, ана үйдегі жас балалар үшін берілді, — дегенде, анау:

— Онеке, енді қайтып жалған сөз айтпаймын. Қоғамның жұмысынан басты да тартпаймын. Түсіндім, — депті.

88. ҚОРҚАЙЫҚ ПА?

Қаржау әйелінен қорқады екен деген сөз елге бұрыннан-ақ белгілі екен. Мұны оның өзі де естіп-біліп жүреді. Бұған намыстанған ол, енді қайткенде де мұны жоққа шығаруға тырысып бағады. Бір күні үйіне сыйлы адамдар келіп түстеніп отырғанда, сәті түскен кез осы болар деп ойлаған Қаржау әйеліне жоталанып:

— Әй, қатын, сорпаңның тұзы татымапты, не қара басқан сені! — деп даусын көтере сөйлепті.

Сонда шайпау әйелі:

— Не деп көкіп отырсың, ей, — деп қолындағы шөмішті оңтайлай бергенде, Қаржау орынынан ата жөнеліп, есік жаққа қалай барып қалғанын аңғармай да қалыпты. Есіктің жабдығынан сығалап тұрып:

— Е, сорпаңның тұзы татымағанын айтпағанда, қорқайық па? — деген екен сабазың.

89. ӨЗІМІЗДІҢ ҚОЙДЫҢ ҚҰМАЛАҒЫ

Өзі тұрған өңірдің бірсыпыра үлкен-кішісіне белгілі бір ақсақал, алыстан ат сабылтып келе жатқан жолда түстеніп шығайын деп, анадайдан көрінген қойлы ауылға ат басын бұрады. Үй иелері келген адамға үлкен қошамет көрсетіп, аттан түсіріп, төрге шығарып, астына көрпе жайып, жастық салып, сый-құрмет көрсетеді.

Азды-көпті әңгімелесіп, біраз демалғаннан кейін дастархан жайылып, сары самауырын да сақылдап келіп қалады.

Дастарханға ірімшік, құрт, бауырсақ, шақпақ қант, бұдан басқа шайдың жемі толық жайылады, бір-екі жерден сары май да қойылады.

Бір сәт қадірлі қонақ ыдыстағы майдан бір іліп алып, аузына қарай апара бергенде қарайған бір нәрсені көзі шалып қалады. Аузына сала салуға дәті шыдамайды, үй иесіне көрсетпей лақтырып жіберудің тағы ыңғайы келмейді. Басқа амал болмағандықтан, ол ыңғайсызданғандығын білдіріп, «мы... мынау» дей береді.

Маймен бірге ілінген қойдың құмалағы болып шықты. «Ұтылған тек тұрмас» деген, сонда шай құйып отырған келіншек жұлып алғандай:

— Е, Құдай, өзіміздің қойдың құмалағы қой, — депті-ау.

90. ЕКІ ҚҰРДАС ӘЗІЛІ

Баяғыда екі құрдас болған екен. Бірінің аты—Досбол, екіншісі—Ақмырза. Ауылдары аралас, қойлары қоралас дегендей көрші отырыпты. Досбол егін егеді екен. Бір жолы әдеттегіше егінді жиып, дөңді үгіп болған соң баласы:

— Көке, құрбан қандаймыз ба? — депті.

— Шырағым, биыл өнім аз ғой. Қаптай салыңдар, — дейді әкесі.

«Құрбан қандамаймыз» дегені—егінді жинап алғаннан кейін, дөңді қаптамай тұрып, мал сойып, садақа беріп, сойған малдың қанын дөңнің үстіне сеуіп барып, қаптайды екен. Бұл жай Ақмырза құрдасының құлағына тиеді.

Биыл Досбол қырман қандамай, егінін жинап алыпты. Бір тоқтысын шығын көрген ғой, шамасы. Ебін тауып, есесін қайтарайын, — деп, бір құды шақырып алады да, оған былай деп түсіндіреді:

— Сен ақ матаға оранып ал. Белің мен төбеңнен түйіп байлан. Еш жерің көрінбейтін болсын. Сосын таң алдында Досболдың терезесінің алдына барып «Әй, Досбол, құрбаныңды ұрлап сойыпсың, Құдайыңнан безіпсің» деп үш мәрте айқайла. Соны айт та, молаға қарай жаймен сүйретіліп жүре бер.

Қу жігіт Ақмырзаның айтқанын дәл солай орындайды. Таң алдында дауысты естіп, шошып ояңған Досбол іргені түріп қараса, ақ киімді біреу молаға қарай сүйретіліп кетіп бара жатыр екен. Қорқып кетіп, әйеліне айтады:

— Тұр, кемпір, кешегі құрбан шалмағанымызды көкем жаратпаған екен. Аян беріп кетіп барады. Өне!

— Ойбай-ай, бір тоқтыны қимай, көрдегі адамды тұрғыздың-ау! Түсімде жүдеп жүр еді, осы екен ғой, — деп зарлап қоя береді кемпірі.

Ертемен мал өргізгенде Досбол бір ту қойды ұстап қалып, айнала көршілерін жинайды. Болған жайды құрдасы Ақмырзаға айтады.

Арада біраз уақыт өткен соң, Досбол құрдасын сағынып, сәлемдескісі келіп, Ақмырзаның үйіне барады. Құрдасының үйіне келіп, сыртта аттан түсіп жатса, Ақмырзаның балалары: «Әй, Досбол, құрбаныңды ұрлап сойыпсың, Құдайыңнан безіпсің» деп тақ-тақ етеді. Сонда ол баяғы пәленің Ақмырзадан келгенін біле қояды да, қайта отырып үйге кірместен қайтып кетеді.

«Бұған не істеу керек» деп ойлаған Досбол балаларына келіп, былай дейді:

— Ақмырзанікі бүгін көк шалғынға көшіп келіп, қосын тігіпті. Түнде барып білдірмей, сол қосының төрін есікке, есігін төрге қаратып, бұрып қойыңдар.

Балалары әкесінің айтқанын екі етпей орындайды. Түн ортасы шамасында Ақмырза тысқа шығайын десе есік орнында жоқ. Кемпірін оятып, көмген отты үрлеп, жарық етіп қараса, есік төрге қарап кетіпті. Қорқып кеткен Ақмырза ертеңіне қарттарды шақырып, мән-жайды айтса, баяғы молдасымақ:

— Үйіңді жың-перінің ойнағының үстіне тіккен екенсің, — дейді, — қайта Құдай сақтаған екен. Ер азаматтың басына түскен ауыртпалығын астындағы аты көтереді деген бар, астыңдағы атыңды сойып, садақа етпесең, мына пәледен құтылу қиын.

Ақмырза көкшолағын көтеріп сойып, енді шалайын дей бергенде, Досбол тұрып:

— Әй, Ақмырза, сен неге жыламайсың? Жыласаң, құрбаның қабыл болады, шын жыласаң, атыңды шалмасаң да, шалғанға есеп болады. Екі дүниеде мен куә, — дейді. Бұл әлектің бәрі Досболдан болғанын енді түсінген Ақмырза көкшолағын тұрғызып қоя беріп, Досболдың жағасынан алады.

— Осы мазағың үшін бұдан былай көрмей-ақ кеттім. Мен өлсем, сен топырақ салма, сен өлсең мен топырақ салмаймын.

Досбол кешірім өтініп, қонаққа шақырады. Бірақ әбден ашуланған Ақмырза илікпей қояды.

Содан арада бірнеше ай өтіп, ақ қырау түскен кезде іңір қараңғысында бір кісі келіп, Ақмырзаның үйіне ат басын тіреп, дауыстайды.

— Уа, кім бар бұл үйде, есік аш! Досбол дүние салып, соның намазына шақырып жүрмін.

— Астапыр-ай, Досбол сырқат деген хабар естілген жоқ еді ғой, — деп ойлаған Ақмырза сыртқа шықса, аты екі бүйірін соққан жаңағы хабаршы суыт шаба жөнеледі.

— Айы жеткен айында, күні жеткен күнінде деген осы-ау, — деп кемпіріне ақыл салады, — өлсең топырақ салмаймын деген сертім бар еді, не істесем екен?

— Сөзің құрысын, — деп ұрсады әйелі, — өліп жатса да барып, бақұлдық ал. Қол-аяғын соз, сүйегіне кір. Кешірім болар.

Досболдың үйіне жақындай бергенде, құрдасының әйелі жоқтау айтып, қара жамылып алдынан шығып:

— Бәйтерегім құлады,

Ұзынынан сұлады, — деп Ақмырзаның мойнына асылып тұрып зарлайды:

Құрдасыңнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым...

Қосыла жылап, ішке кірген Ақмырза құрдасының қол-аяғын созып, кешірім өтінеді.

— Құрдас-ай, кешіре гөр, Құдай қабыл етсін. Араздасып едім. Мен кештім.

Сол кезде ақ кебін жамылып жатқан құрдасы ұшып тұра келіп:

— Ит-ау, мен өлгенде келмеймін дегенің қайда? — деп дүрсе қоя бергенде, Ақмырза біраз уақыт есінен танып қалған екен дейді.

91. АЙРАН

Кенжебай деген ақын жолаушы келе жатып бір байдың үйіне қонады. Бай сараң екен. Қонаққа қазан көтермей, айран береді. Ақын айранға қарап:

— Амансыз ба, айран,
Сізді іздеген жоқ едім,
Маған келдің қайдан?
Қатындармен ұрысып,
Ертелі-кеш жұлысып,
Айрылып қалыпсың-ау майдан! —

депті.

Бай үйі амалсыз қазан көтеріпті.

92. ЖҮНІСТІҢ ЖЕР СОҒУЫ

Сыздық деген сері жігіт Қызылжар қаласының төңірегінде тұратын нағашысын іздеп шығады. Ел ішінде соғым сойылып

жатқан мезгіл болса керек. Жігіт жүре-жүре сол атырапқа аты жайылған Жүніс байдың ауылына кеп жетеді. Ымырт жабылған кез. Аттан түсіп, байдың үйіне кіріп келсе, үш-төрт адам шай ішкелі жатыр екен. Жүніс бай қабағын түйіп, реніш білдіреді. Теріс қарай сөйлеп:

— Бала, мына дәмге кез келдің. Қуырдақ жеп, шай іш. Басқа бір үйге барып түнерсің. Соғым сойған күні кісі қондырмайтын ырымымыз бар еді, — дейді бай. Амал қанша, шай ішіп алып, қайтадан атқа қонып, іңір қараңғысымен жүріп кетеді. Елдің күзеті мен қыстауының шеті Қызылжарға дейін созылады екен. Сыздық жол-жөнекей:

— Бүгін Жүніс бай кенеттен қайтыс болды. Соған жаназаға шақырып жүрмін. Ертең ертемен байды жерлейді» деп жар сала жүреді...

Жүністің өлімін аза тұтып, ауылға ат қойған ағайын-туыс, құдандалы-жекжаттар ертеңіне-ақ қарақұрымдай қаптап кетеді. Өлімнен олжа іздеген қожа-молдалар да қалмай жиналады. Еріксіз мал сойылып, табақ тартылады. Салт атты жолаушыны қондырмай, бір адамды ауырсынған Жүністің мысы құрып, келесі күні жүз қаралы кісіге қонақасы беріпті.

93. [«КОНЬ ПРИШЕЛ, БАЛУАН УПАЛ»]

Қазақстанның он бес не жиырма жылдығында той жасап, бұрынғыдай бөйге тіккен. Сонда Қарабұтақ аудандық партия комитеті келмей қалған екен. Оның бөйгеден аты келген де, балуаны жығылып қалыпты. Сонда Нұрқасым секретарьға телеграмма берген: «Конь пришел, балуан упал» — «Атың озды, балуаның жығылып қалды» дегені екен.

Бірде Нұрқасым ауылдық банкідегі ақшаның бәрін жұмсатып қойған екен. Сонда облыстық банк бастығы Арнабаев деген облыстық пленумда Нұрқасымды сынаған екен. Сонда

Нүрекең: «Арнабаев ойранға говорить, когда его видел, он ходил без домбал. Что говорить, Арнабаев ерунду говорить, когда секретаром был, он без штанов ходил», — деген екен.

Бір адам: «Айналайын үкімет, баласың-ау, кім бұрын айтса, соған нанасың-ау», — депті. Жиырма-отызыншы жылдары жаламен көп адам жоқ болды. Сотталды, қуылды. Соған дымы құрығанда айтқаны болса керек.

94. ЕЛҚОНДЫ СӨЗІ

Қазіргі Қостанай облысы, Федоров территориялық управ-
лениесінің орталығы Федоровка селосында Ахмет правитель
тұрған. Бұл — Кенесары, Наурызбай ұрпағы, «төре тұқымы»
деп аталады. Қарабалықтан тарайтын Қоңыр елінің Бөлебек
деген ер көңілді, ұры, батыр жігітін ұстатып, Ахмет правитель
үйінің босағасына байлатып қояды, себебі ол төреге қарсы бо-
лады. Ретін тауып төрені зияндап жүреді. Бөлебекті босатуды
өтінген кісілердің арызын төре аяқ асты тастай береді.

Бөлебек аулына көршілес Тумеке-Әлімбет Елқонды деген бір
көзі соқыр қарт екі соқыр кісіні қасына ертіп алып Ахмет пра-
вительге барып, Бөлебекті босатуды өтінеді. Елқонды кезінде
сөзі сыйлаулы, белді азамат болған. Ахмет правитель:

— Мал-жанымды түгел сұрасаң да берейін, ал Бөлебекті
ауызға алмаңдар! — деп кесіп айтады. — Оның қылғаны аз емес,
сазайын тарттырамын!

Ахмет правительдің сөзге тоқтамасына көзі жеткен Ел-
қонды:

— Ай, қалқам, Бөлебек! Қаншама жерден екі жарымжан
арып-ашып, сені сұрай келіп отырмыз. Төре сөзімізді сыйлама-
ды, өзімізді сыйламады, сөзімізді тыңдамады. Екеуара бір көз
бар, төңірі атқанға не сөз бар! Шұбарда бір қатын буаз шығар, ұл

туса, атын Бөлебек қоямыз тағы! — деп, төренің төрін қамшымен осып-осып жібереді де кете береді.

Екі соқыр жаяулап елден ұзаған кезде, төре әйелін шақырып алып:

— Ойпырмай, әлгі кісінің мазасы қалай қатты еді, айтқан сөздері тыныштығымды алып барады, шақыршы, тілегін берейін, — депті.

95. АРАҚТЫ БІТІРУ ҮШІН ІШТІМ

Бір күні Сақи Қойшыбайдың үйіне кіріп келсе, Қойшыбай үлкен күйеуі — Үкілі, кіші күйеуі — Жамбыл, немере інісі — Ауесхан, өз баласы — Мендібаймен қосылып, арақ ішіп отыр екен. Оған Сақи: «Сенде жұмысым бар еді» деп алып шығып:

— Сен сексенге таянғанда, балаларыңмен, күйеулеріңмен қосылып арақ ішіп, жындандың ба? — десе,

— Ай, Сақи-ау, мен сол арақты ішкісі келіп, ішеді деп ойлаймысың?

Жастар ішеді-ішеді де мас болады, көшеге шығады, содан ұят келтіреді. Дүкенде арақ жоқ, мына барлығы төрт шыны арақ, соны бітіру үшін іштім, — депті.

96. БАЛАПАНДЫ БАРҚЫН ТАЗ

Барқын деген кісі таз екен. Бір сартпен тамыр болыпты. Бір күні Барқын сарт тамырына келсе: «Бала-шағаңа ала бар» деп, Барқынға тауықтың алты жұмыртқасын беріпті. Барқын алтауын да жалаңаш қойнына салып алып, алты күн арада, он күн ортада жүріп үйіне келсе, қойнының бәрі толған балапан екен, өре тұра келіпті. Сонда Барқын «Балапанды Барқын таз» ата-нып кетіпті.

97. ӨКІНІШ

Ерте кезде бір көзі соқыр баланы басқа балалар керісіп қалғанда: «соқыр, соқыр» деп келемеждейді екен. Бір күні бала ызаланып шешесіне келеді де:

— Апа, айтыңызшы, менің көзіме не болды? Қалай шықты? — дейді.

Сонда шешесі:

— Екі-үш жасар шамасындағы кезің еді. Бір күні «пышақ бер» деп жылап қоймадың. Сонан соң қолыңа пышақ бердім. Сонымен ойнаймын деп жүріп, көзіңе тигізіп алдың. Содан болды, — дейді.

Баласы сонда өкінішке аһ ұрып:

— Әй, апа-ай, неге ғана бердіңіз екен? Жыласам, мықтағанда бір күн жылайтын едім ғой. Енді, міне, өмір бойы жылатып қойдыңыз-ау! — деп өкініпті.

98. ТҮЙЕ ҚҰДЫҚҚА ҚҰЛАҒАН КҮН

Бір әйел кеңпейіл, меймандос екен. Сонан қайын-қайынағалары үйінен шықпай қояды.

Бір күні сол әйелдің жалғыз түйесі құдыққа құлайды. Өрі іздеп, бері іздеп, түйесін құдықтан шығарысатын адам таппайды.

Сонда әлгі әйел:

— Өшейінде үйден шықпайтын қайын-қайынағалар түйе құдыққа құлаған күні қайда кеткен?! — деп ренжіпті.

99. ТАНЫМАЛ НҮКЕ

Ертеде Нүке деген кісі ауылға келе жатып, соқамен жер жырттып жатқан орыс мұжықтарының тұсынан өте береді. Мұжықтар өгіздерін айдап:

— А, ну-ка! А, ну-ка! — деп жатады.

Нүке оны есітіп, ауылына мәз болып келеді.

— Сендер не білесіңдер, мені орыс мұжықтарының бәрі біледі екен. Анадай жерде қастарынан өтіп бара жатсам, Бәрі де «Нүке», «Нүке» деп айқайлап амандасып жатты, — депті.

100. ҚЫДЫРБАЙДЫҢ АДАСУЫ

Қыдырбай деген шал өмірі ауылдан ұзап, далаға шықпаған кісі екен. Бір күні жұрт жиналып кім қайда барғанын өңгімелеп отырады. Кезек Қыдырбайға келеді. Сонда ол:

— Ей, шырақтарым-ай, мен не көрмеді дейсің, тіпті сонау Қызылсуды да көрдік ғой, — депті.

Сөйтсе, Қызылсу ауылдың ар жақ түбіндегі мал суаратын өзенше екен.

Сол Қыдырбай бір кісіге еріп ұзақ жол жүріп, ауылға қайтып келе жатқанда, адасып кетіпті. Сонда Қыдырбай қасындағы кісіден:

— Қызылсуды сен тапсаң, ауылды мен табайын, — депті.

101. АТЫН АТАП АЛДЫ

Ертеде бір ақ көңіл әйел тігіншіге көйлек тіктіруге келіпті. Тігінші әбден жемқорлыққа үйренген алаяқ екен.

— Мынау — байқоспасы, мынау — байқоспасының түбі, — деп, әйелден бір көйлектің орнына екі көйлектік мата алып қалыпты. Әйел үйіне келгеннен кейін, болған оқиғаны күйеуіне айтқан екен. Күйеуі:

— Ойбай, байғұс-ау, сені жаман алдаған екен! — депті.

Онсыз да өзінің алдағанын біліп не істерін білмей тұрған әйел:

— Қайтейін, атын атап-атап алды ғой! — депті.

102. ҚОЙДЫҢ КӨЗІ

Байдың үйі қой сояды. Түнде бас шала мүжіліп қалады. Ертеңіне бай ерте тұрып, малын өргізіп кетеді.

Байдың әйелі жас екен. Малшымен көңілдес болады. Бай кетісімен үйге сол келеді.

Сәскеде малдан бай қайтады. Әйелі малшыны жүк арасына жасырады. Қалған ет пен басты байдың алдына қояды.

Бай басты мүжи бастағанда, үш-төрт жасар баласы келіп, әкесінің тізесін баса отырады. Сол арада оның көзі жүк арасында жатқан кісінің көзіне түсіп қалады да, көзін-ай, көзін-ай! дейді бала. Шешесі сөзді дереу бастың көзіне бұрады:

— Тек отыр, көзді әкеңнің өзі жесін! — дейді. Бай оған мәз болады.

103. ӘП-ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК

Бір келіншекті күйеуі менсінбейді екен. Ал дұрысында келіншек әп-әдемі болуы керек. Оны қайын сіңілісі жақсы көреді екен, бір күні жеңгесін:

— Сен сондай әдімісің, — деп мақтайды. Ол сөз келіншекке ұнап кетеді. Жеңгесі қайын сіңілісіне:

— Осыны сен енді ағаңның алдында айтшы! — депті.

104. МЫҚТАП ҰСТАСАЙЫҚ

Екі алаңғасар алыста тұрып ерегісіп, керісе-керісе бір-біріне жақындап келіп, жағаласа кетеді. Сөйтсе, екеуі шөгіп жатқан асау түйенің екі жағынан келіп ұстаса кетеді екен. Асау түйе атып тұрып, тайрандай жөнеледі. Жағадан ұстасқан екеуі де түйенің үстінен алысып кете барады. Сонда бірі екіншісіне:

— Ақыры жағадан ұстастық, енді мықтап ұстасайық. Өйтпесе құлап, екеуміз де өлеміз, — депті.

105. «КӨР ДЕ КӨР...»

БІҒЫ-ЖЫҒЫ базардың ортасында біреу жар салып түйесін мақтап тұрады.

— Өзі нардай түйе, өзі жардай түйе, — деп сарнайды әлгі сатушы.

— Өзін көр, көзін көр, көр де көр, бір көзі көр, көр де көр...

Нар түйенің сұлулығына, әрі иесінің құйқылжыта тақпақтап мақтауына қарағанда біреулер келіп, түйені айналдыра қарайды... Иесі тағы да тақпақтай жөнеледі. Сатып алушының бірі ұнатады да, ақшасын төлеп, нарды жетелеп кете береді.

Жолда ауылдастары оған: «Батыр-ау түйең соқыр екен», — депті. Қараса нардың шынымен-ақ бір көзі жоқ екен. «Қап, мына сатушының мені алдағаны-ай, ә!» — деп түйе алушы ашуланып, қайта базарға келеді.

— Отағасы, соқыр түйеңді алдап сатқаның қалай? — дейді түйенің иесіне.

— Атай көрмеңіз, — түйе сатушы. — Мен ешқашан алдағаным жоқ. Мен сізге шаршы базардың ішінде айғайлап тұрып: «Өзін көр, көзін көр, бір көзі көр де көр», — деп айтпадым ба.

Аңқау алушы бағанағы тақпақ, ойнақы, сырлы сөздің мағынасын ұқпағанына санын бір соғып: «Бұйырғаны осы болған шығар» деп жүріп кетеді.

106. БІР УЫС ТҮЗ

Бір үйге қонақ келіп отыр екен. Бәйбіше қазан көтеріп, ет салады. Әлгі үйдің адамдары құмырсқадай қыбырлап бірі кіріп, бірі шығып жатады. Қонақ қазықтай қағылып тапжылмастан отыра береді. Қазан қайнаған кезде бәйбіше келіп, қазанға бір уыс тұз салып кетеді. Одан кейін тоқал келіп тағы бір уыс тұз салып, ол да шығып кетеді. Ең соңынан

келіні келіп, Қазанның қақпағын ашып көреді де, көбігін қалқып тастап, бір уыс тұз салып, ол да шығып кетеді. Қонақ бұлардың барлығын таңырқап көріп, байқап отырады да, үй иелері шығып кеткен кезде ол да қазанға бір уыс тұз салып қояды.

Үй адамдары жиналып асты түсіріп, алдына ала бергенде, бәйбіше тамақтың дәмін татса, удай ащы екен.

— Ибай-ай. Мынаған не болған, удай ғой. Мен бір-ақ уыс тұз салып ем ғой! — дейді.

— Шешей-ау, сіз салмаған шығар деп менде бір уыс тұз салғанмын, — дейді тоқал.

— Сіздер ұмытқан шығар деп мен де бір уыс тұз салып едім, — дейді келіні.

Сол кезде қонақ отырып:

— Бұл үйдің кісі басы бір уыс тұз салу әдеті шығар деп, мен де бір уыс тұз салып едім, — депті.

107. ҚОСАҒҰЛ МЕН ШАШТАРАЗ

Қосағұл дейтін кісі шашын алдыруға келіпті. Шаштараздың Қожағұлмен ептеп әзілі бар екен. Қайтер екен деп, шаштараз оның шашын өтпес ұстарамен алады.

Қиналса да, Қожағұл тырп етпей отырыпты. Оның шашын алып болғаннан кейін шаштараз:

— Қалай ұстара жақсы алды ма? — депті. Сонда Қожағұл:

— Ұстараңыздың жақсы алғаны соншалық — ұйықтап кетіп, түс көріпшің, — депті.

— Е, не түс көрдіңіз?

— Түсімде ауылымыздағы Есалының төбеті басымды тырналап, шашымды тістеп жұлып жатыр екен. Сонан шошып ояна кетсем: «шашыңызды ұстара жақсы алды ма?» — деп сұрап тұрған сізді көрдім, — депті.

Шаштараз ұялғанынан бір қызарып, бір бозарып, үнде-мепті.

108. ҚЫЗ ҰЗАТУ

Ертеде біреудің бір ұлы, бір қызы болыпты. Қызы көп отырып қалған, әрі ақылсыз, әрі келбетсіз болады да, ұлы сөзге шебер, қу тілді екен.

Бір күні көрші ауылдан кісілер келіп, әлгі үйдің қызына құда түседі. Қыз ұзатылғанда жылап-сықтайтын әдеті бар емес пе? Қызын ұзатарда ата-анасы, оған қосыла ұлы да жылайды.

Қыз кетеді. Той тарқайды. Сонан соң ұлы әке-шешесіне келіп:

— Бағана сендер неге жыладыңдар? — дейді. Әке-шешесі:

— Қыз жат-жұрттық болғанмен, іштен шыққан шұбар жылан ғой. Қимай жыладық. Ал сен неге жыладың? — депті. Сонда ұлы тұрып:

— Сендер қызым кетті деп жыласаңдар, мен сол қыз қайтып келе ме деп жыладым, — деген екен.

109. ШІҢИ-ШІҢИ ДЕГЕНІҢ...

Ертеде бір байдың екі әйелі бар екен. Тоқалы сақау да аңқау, бәйбішесі қатал да қу екен. Тоқалды тамақтан қағып күн көрсетпейді екен.

Бай тоқалын аяп, бір күні ет турап отырып, оған:

— Мына бір сіңірді сен жей салшы, — деп бір жапырақ майлы етті лақтырып жібереді. Етті турап бола бергенде, әлгі бай тағы да сөйтеді. Байының бұл қулығын аңғармаған аңқау тоқалы:

— Шіңи-шіңи дегенің шиқа-шиқа май ғой! — депті.

110. СОҚЫР, ТАЗ, ЖАЛАҚ

Бір соқыр, бір таз, бір жалақ үшеуі жолдас болыпты. Бұлар жолаушылап бір жат елген келе жатып: «Жат елге сырымыз-

ды білдірмейік» деп уәде қылыпты. Бір үйге түсіп отырғанда таздың басы қышып шыдатпапты. Таз қанша сабыр сақтаса да, шыдай алмай, сылтауратып әңгіме бастапты:

— Әкеміз асқан батыр, ат үстінде мықты болған екен. Қамшыдай қайың сойылды қарына іліп алып, бұршақ бөркін екі шекесіне қырындата былай-былай ауыстырып киіп алады екен, — деп басын олай-бұлай қасып-қасып алыпты. Мұны соқыр біліп қалып, өзіне лайық әңгімесін бастапты.

— Менің де әкем өте мерген еді, сала құлаш садақпен қара көзді құралайды, көздемей атып түсіруші еді, — деп көзін ұқалап-ұқалап алыпты.

Бұлардың мұндай құлығын жалақ та сезіп:

— Сырларыңды білдім-білдім, әлду-бәлду бәрі өтірік, япырай, япырай, — деп ернін жалап-жалап алыпты.

111. «ТАНЫСАҢ, АДАЙЫҢМЫН...»

Жарау бестіге мінген сом денелі, адуын жігіт ауылдың шетіндегі бір қараша үйге атының басын тіреп:

— Уа, кім бар-ау? — деп дауыстапты.

Осы кезде үйден кең жауырынды, қаба сақалды қарт шығып:

— Балам қай туғансың? — деп сұрапты.

— Танысаң, адайыңмын, танымасаң, Құдайыңмын, — депті шіреніп.

Сонда шал:

— Руымды керей қылатын, өзімді кедей қылатын сенің ненді алып ем, бәлем, қолыма түстің бе? — деп тұра ұмтылыпты.

112. ҚАШАҒАН БАУЫРСАҚ

Күзгі уақыт екен. Тонтайдың үйіне бір замандасы келіпті. Әдейі шай жасапты. Тонтай үйінің төріне қалыңдау төсеніш

төсегендіктен есік жағы құлама екен, дастарханға салған азғана бауырсақ ылдиға домалап, шалдың алдынан қашықтай беріпті.

Өлгі кісі бауырсақтан алған сайын алдына таман әкеліп қойса, бауырсақ жылжып ылдиға сырғи беріпті. Өзінің бауырсаққа қайта-қайта ұмтыла бергенін ыңғайсыз көрген ол:

— Осы үйдің бауырсағы қуғанды көп көрген қашаған ба, жоқ әлде менің қолымның ебі кеткен бе? — депті. Сонда Тонтай жұлып алғандай:

— Сенің икемің кетіпті екен деп, бауырсаққа өре салып қоямыз ба, — депті. Құрдасы үндей алмай қалыпты.

113. АҚЫН ҚЫЗ БЕН АРСЫЗ ШАЛ

Елінің сорпаға шығары атанған қыңыр мінезді Балғабай болыс алты қатын алып, бірақ солардың бірде-бірінен бала сүймепті. Қазаны майлы, төсегі жайлы, төрт түлігі сайлы Топай бай алпысты алқымдағанына қарамай, ат сабылтып қалыңдық іздей бастайды. «Ел құлағы елу» дегендей, жасынан әнші атанған Балкүмістің даңқын естіген бай оған көз салады.

Қыз ауылын маңайлап, үй тіктіріп, ақ дастархан жайып тастайды да:

— Ақ дидарын көрсетіп, әсем әнін естіртсін, — деп бай бір жігітті Балкүміске жібереді. Құрбы қыздарын ертіп табалдырықтан аттай берген Балкүмісті Балғабай қарсы алып:

— Балкүміс, іздеп келдім сені алыстан,
Қырандай ұясына қонған-ұшқан.
Жасатам күміс ошақ, алтын кесе,
Жар болсаң жақсылыққа қол алысқан, —

деп бір серігіне шығартып жаттап алған өлеңін айтып, аңырап қоя береді.

— Жайылған дүйім елге атағың бар,
Қалтаң тоқ, үстінде асыл шапаның бар.
Табылар өн бойыңнан бір ғана мін —
Иегінде қарсы тұтам сақалың бар.
Не керек күміс ошақ, алтын кесе,
Тілегін жас жүректің өтемесе,
Айтшы ата, он жетінде қайтер едің,
Кемпірге алпыстағы некелесе, —

деп тоқтайды да, үйден шыға жөнеледі.

114. «АҚ ТОҚЫМ, ҚОС ТАҢБАЛЫ...»

Әрі ақын, әрі балуан Ахмади деген жігіт жалғыз атын жоғалтып, Бақбақтыда жиын өткізіп жатқан Қожахан болыстың ауылына келеді. Болысты баса көктеп кірген кедей ақынды жақтырмай, шаруасын сұрап білген соң:

— Атыңның белгісін өлеңмен айт, әйтпесе, үйіңе қайт! — дейді. Сонда Ахмади:

— Ақ тоқым, қос таңбалы, өзі — жирен,
Қиянкес ұры алмаса, шықпайды үйден.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Нәсілі бір кем емес болыс, биден.
Ақ тоқым, қос таңбалы жирен еді,
Шапаны қар жауғаннан сүрер еді.
Болдырып көп жұмыстан еті арыса,
Дорбаға қи сап берсем, күйленеді.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Болыс боп бір тайпа елді билер еді, —

дегенде Қожахан болыс одан арғысын айтқызбай:

— Аты жүйрік қайырады, тілі жүйрік айырады, — деген, мынаның тілі улы екен, жоғын тауып беріп қайтарыңдар, — депті.

115. ӨСЕ КЕЛЕ ӨЗГЕРГЕН

Бір күні үйде көп адамдар отыр еді. Олар бір нәрсеге таласып отыр екен. Бір бала бұлардың таласына кірісіп, ақсақалдарды жаңылдыра беріпті.

— Әй, бала, шалдар маған айтушы еді, егер де бала жасында ақылды болса, өсе келе ақымақ болар деп. Қариялар айтқандай, менің саған берер ақылым: сен жасыңда ақылды болам деп, өсе келе ақымақ болып кетпе, — дейді.

116. ТУМАЙ ТҰРЫП БОЛЫС БОЛҒАН

Мансапшыл, мақтаншақ біреу өзінен кейінгілерге:

— Мен ертеде болыс болып тұрғанда..., — деп «өтірікті шын-дай, ақсақты тыңдай» етіп, бөсіп отырады екен. Оның болыс түгіл старшын да, атшабар да болмағанын білетіндер оның жасы тоқсанға келген әкесіне келіп:

— Ақсақал, осы сіздің балаңыз «ертеде болыс болып едім» дейді. Сол рас па? Бұл қай жылдары болған? — деп сұрайды. Сонда әкесі:

— Қайдам, қарақтарым, ол мен тумай тұрғанда болыс болмаса, мен туғаннан бері болыс болған жоқ, — депті.

117. БҰЙЫРСА...

Бір қарт базардан арықтау тай сатып алады да, жетелеп жүріп суарып, жыл бойына баптай береді, баптай береді. Түгі жылтырап, әбден кісі қызығарлықтай болған кезде баласы оны базарға апарып сатпақ болады.

— Әке, жылқыны сатқан соң алдыменен сізге мәсі мен кебіс, шапан мен тақия сатып аламын. Сосын балаларды түгел бүгіндеймін. Әйел, әй, сен тында! Екеуімізге жағалы киімдер, — деп аталатын дүниелерді шұбырта жөнелгенде әкесі:

— Балам, әуелі бұйырса деп айт? — дей салады.

— Әй, әке-ай, осы сенің бұйырса-мұйырсаң бітпейді екен. Осы мені әбден қажытты, — деп қатты реніш білдіреді баласы әкесіне.

— Қазір жылқыны қолыммен жетектеп шығамын да базарға бармаймын ба? Барамын. Сатпаймын ба, сатамын. Сатқан соң ақшаны мұқият санап аламын. Сонда дүкен маған заттарын сатпай ма, сатады, сонда бұйырмайтын несі бар? — дейді.

Айтқанындай жігіт базарға барып, малын сатып, ақшасын санап алып, дүкендерді аралап, ойлаған бұйымдарын алмақ болып, ақша төлеу үшін қалтасына қолын салса, бағанағы санап алған ақшасы жоқ болып шығады. Қай жерде, қашан, кімдерге алдырғанын да байқамай қалған екен. Салы суға кетіп, түн ортасы ауа үйіне оралып, есігін қағады. Есіктің арғы жағында тұрған келіншегі «бұл кім» деп дауыстаса:

— Бұйырса, байыңыз боламыз, — деген екен.

118. ЖӘДІК ПЕН ЕЛКЕЛДІ

Жәдік деген бай қажы болыпты. Жәдіктің жалғыз баласы Райымхан мырзада бала жоқ екен. Дөртуылдың атқа мінерлерінің бір жиынында Жәдік қажы мақтанып:

— Жасымда кедей болдым. Маманбайдың биесін сауып, сүтінің көбігін жағама жағып «жұқтыр, жұқтыр» деп тіледім. Құдай тілегімді қабыл алып, маған мал берді, байыдым. Жалғыз үйге біткен мал кедей ауылға ешнәрсе болмады. «Маған бердің Құдай, енді Мыңбайға түгел бер» деп тіледім, оным да қабыл болды. Мыңбай түгел байыды, шын тілесе Құдайдың бермейтіні жоқ, — депті. Сонда Елкелді деген кісі отырып:

— Әй, Жәке-ай, жоқты айтып отырады екенсің. Құдай айтқаныңды орындап отыратын тамырың болса, бүтін Мыңбайға

мал сұрамай-ақ, жалғыз балаң Райымханға бір бала неге сұрап әпермедің! — депті.

Қажы үнсіз отырып қалыпты.

119. МАМАЖАР МЕН ҚАЙСАҚ

Орал облысының, Орда ауданының Талап ауыл советінде «Жетекші» колхоз территориясында Байғұл Жаппас Мамажар мен Қайсақ деген ағайындылар өмір сүріпті. Ағайындылар сөзге шешен, іскс шебер басшы да бола білген адамдар көрінеді. Елді советтендіру мен колхоздастыру ісінс белсене араласып, тап жауымен де шайқаса білсе керек.

Олардың іс-әрекетімен қоса, сөз саптауының өзі тәлім-тәрбие еді, — деп әңгімелейді ел қариялары. Ағайындылардың ел есіне қалдырған әңгімелері төмендегіше.

Енші алыспаған Мамажар мен Қайсақтың үйіне келіп ат басын тіреген жолаушы: «Айт, айтты» қайталай беріпті. Иттің үргені де күшейе түседі. Ит даусының бір толас кезінде:

— Кім бар, шығып кет, — деп дауыстайды жолаушы. Айтқанындай бір адам үйден шығады да қайта кіреді. Осылайша Мамажар үйден шығып кетіп қайта келіп, шығып кетіп қайта келіп, жүрісінен бір таңбапты. Бұл іске таңданған жолаушы ақырында:

— Жолаушымын, жол сұраймын, — деп дауыстапты.

Үйіне енді кіріп бара жатқан Мамажар: — Қай жолды сұрайсыз? Бір жол бар суға баратын, мал суаратын, екінші жол бар түрлі шаруамызға барамыз. Ал үшінші жол бар, анау — айдау жол, — деп жауап беріпті. Жолаушы: — Бұлардан дұрыс жауап алып болмас неме екен өзі, — деп жүре беріпті.

Жолаушы кеткен соң екеуінің әйелдері: — Дұрыс жөн сілтесеңдер қайтеді? «Аттың жемін жеп, тайдың ойынын ойнайсындар», — деп кейістік білдіріпті. Сонда ағайындылар:

— Біздер өте дұрыс жауап бердік. «Айт, айт» деп итке айтақтағандай айтақтады, ол сөзге итше үріп жауап бердік. Ал «шығып кет» деді. Шығып кетіп, қайта келіп, оны да орындадық. «Жол сұраймын» деді, бар жолды көрсеттік емес

пе? Ат үстіндегі адамға «олай сөйлем, былай сөйле» деп сабақ үйретеміз бе? — деген екен.

* * *

Бір күні Мамажар мен Қайсақ жанұяларының талшық алғаннан басқа қонақ күтер жайы болмай қалады екен. Сол уақытта жомарт жанұя: «Біреу-міреу келіп қалмаса игі еді» деп қиналыпты.

Айтқанындай қонаға бір жолаушы келе қалыпты. Жолаушыны қош алып, үйге кіргізеді де, бірі «менің бөлмеме», екіншісі «менің жағыма кір» деп таласады. Таластың түбі қызыл төбелеске айналады. Ақырында Қайсақ ағасына:

— Сен бойлай үлкендігіңді саласың, бүгінде сол әнің. Әкел балтаны? Талассыз қонақты екі жарып бөліп аламын, — деп әйелінен балта сұрапты. Ағайынды екеуі жолаушының екі қолна жармаса кетеді. Жолаушы болса алыса, жұлыса жүріп, әрең дегенде сытыла шығып, қаша жөнеледі.

Жолаушы кеткен соң Қайсақ: — Қарабайша жолаушыны ас-сусыз түнелткенше, өзімді ұяттан өлтіргенім, күн кешкірмей тұрғанда қонақ ас-суы бар үйге барсын дегенім ғой, — деген екен.

120. ТҮЙЕБАЙДЫҢ БАС ҰСТАУЫ

Түйебайды ел-жұрт шешен-шешен дейді екен. Сол шешенді қу жігіттер бір сүріндірмек оймен Түйебайды қой сойып, қонаққа шақырыпты. Бірақ Түйебайды бірер сағат кешігіп келетіндей етіп хабарлапты. Асты алдарыша алып, Түйебайға беретін басты өздері тазалап мүжіп, қалған қу басты кішкене табақшаға салып, Түйебайға әзірлеп қойыпты. Осы мезгілде Түйебай да кіріп келіп, сәлемдесіп, төрге орналасады.

— «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген осы да, — деп мақалдай сөйлеп, қу басты Түйебай шешеннің алдына қоя салыпты да, өздері үн-түнсіз қалыпты. Сонда Түйебай шешен саспастан басқа қарап отырыпты да:

— Япыр-ай, мына бастың ұстайын десем құлағы жоқ, көріп-көрісейін десем көзі жоқ, сөйлесіп мән-жайды сұрайын десем тілі жоқ, ең болмаса кімнің домалантып ұстағанын иіспенен білетін мұрны да жоқ екен. Менің аталарым да тегін адамдар емес екен. Түсімде әкем марқұм: «қарағым, өзіңе бір дерт жармасқалы түр екен. Кешікпей, дерт ұялмай тұрғанда құбаспен аластап, көшіріп тастасаң, еншалла, айығып кетерсің» — деп аян беріп еді. Күлде жатқан қу баспен көшіртуге ыңғайсызданып жүр едім, бөрекелді, қу бастың алдымнан өзі шыққанын қарай гөр, — деп қу басты қолына алып: «Қу бөлекет әрмен кет, тиген жерінде болсын әрекет» — деп басынан үш рет айналдырып, есікке қарай лақтырып жібергенде, осы жайды ұйымдастырып отырған бір-екі қулардың басына тиіп, жаралап кеткен екен. Отырған жұрт ду күлкіге батыпты. Ал қулар болса үн-түнсіз қалған екен.

121. АРАЛДЫҚ ЖҮСІПҚАЛИДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Руы — Ысық, Он екі ата Байұлы, Қамыс-Самар жерін жайлаған, Жүсіпқалидың бес ұлы болған. Олар: Аманғали, Бақтығали, Дәулетқали, Мүсірғали, Сайдығали.

Жүсіпқали бай болмаса да орта шаруадан жоғары дегендей, шаруасы болған. Жүсіпқалидың өзі шындықты бетке айтатын турашыл, қиянатқа жаны төзбеген, әділетті көксеген адам. Сондықтан оның тіліне, мінезіне қарап, бай-манаптар жақтыра бермеген.

Ол бір керекке жарайды-ау деген дос-жолдас. ағайын-тумаларын сынау үшін борандатып, үскірік аязды күндердің түндерінде түн ортасы ауа үсіп-шашырап оларға бара қалады екен. Оның бұл сырын түсінгендер құрақ ұшып қарсы алып, шалдырмаудың қамын жасайды екен. Ел оның қыңыр, шөлкес мінезіне орай «Қаракесір» деп атап кеткен екен.

Жылдардан жылдар жылжып өтіп, бостандық туы желбіреп, Совет өкіметі орнай қалғанда Жүсіпқали жетпіс бір байдың бірі болып, конфескеленген болатын.

Жүсіпқалидың өзімен бақталас болып жүрген Жаншуақ деген бай көршісімен дәм-тұзы бір жараспаушы еді. Сол Жаншуақ бай мен Жүсіпқалиды ұстап, қалаға милицияға алып келе жатқанда Жүсіпқали:

— Иә, Жаншуақ, қалай? Екеуіміз бүкіл Қамыс-Самарға сыймаушы едік, енді міне, екеуімізді алақандай жайдақ шанаға сыйғызып жіберген өкіметтен айналайын, — деген екен.

122. ҚАЙ АТЫМДЫ СҰРАЙСЫҢ?

Жүсіпқалиды сот жауаптап: — Қане, аты-жөніңді айт! — деп қатты жекиді. Сонда Жүсіпқали:

— Қарағым, судья, қай атымды сұрайсың? Әкемнің қойған аты — Жүсіпқали, халықты, елдің қойған аты — Қаракесір. Ал, өкіметтің қойған аты — Жиырма сегіз, — деген екен.

Сот ісі аяқталып, ұзақ жылға іс кесілді. Сот кейбір документтерге «қол қой» деп қатқыл бұйырғанда Жүсіпқали біраз кідіріпті. Соттың төрағасы өте қатал адам болса керек. Ақырып-жекіре бастағанда Жүсіпқали:

— Шырағым, қаламыңды шошаңдатпай, жерге қоя тұршы? Сені мен мені көтеріп тұрған қара жер, ел адамдарын, алаштың азаматтарын нақақ, қарабет етіп жазып отырған сенің қаламыңды да көтерер, — деген екен.

123. КІМ ӨТЕЙДІ?

Сот ісі біржола аяқталып, Жүсіпқалидың қол-аяғы кісенделіп дегендей, милиция келіп жеткенде Жүсіпқали соттың төрағасынан ақтық бірауыз сөз сұраған екен. Сот «сөйле» дегенде Жүсіпқали:

— Тақсыр, судьям! Маған берген жылыңыз көптеу екен. Егер ол жылды мен өтей алмай өліп кетсем, өтелмей қалған жылдарымды мына жетпіс жастағы кемпірім мен балаларым бөліп-бөліп өтеуге бола ма? — деген екен.

124. МЕНІҢ ҚАРАҒЫМ БОС ЖҮРМЕГЕН ЕКЕН ҒОЙ...

Жүсіпқали соттың қойған қатал үкім жылдарын бастан өткізіп, Орал түрмесінде өтеп жатты. Жүсіпқали бір күні түрменің төбесіне көз алмай қарап жатып:

— Қарағым, менің Бақтығалиым, Саратау қаласында доктор болып істей жүріп, мені де ұмытпаған екен ғой. Маған Оралдан мынадай үй салдырып қойған екен, — депті.

125. ЖҰБАН МОЛДА ЖАЙЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Руы төре, Бақтыгерей Құлманов Жаңақала округінде әкім (правитель) болып тұрған кезде Бақтыгерей әкімнің банкісінен көп ақша жоғалады. Правитель көмекшілерін жіберіп, Жұбан молданы пар атпен алдырады. Молдаға болған жайды айтып, кім алғанын болжап беруді өтінеді. Сонда Жұбан:

— Мен саған болған жайды өз аузыммен айта алмаймын. Жауабын басқа кісіден естисіз. Ол үшін маған сегіз жасар бала бер, сол бала сізге бәрін баяндайды? — дейді, — бірақ, баланы өзім таңдап аламын, — дсйді.

Бақтыгерей мен Жұбан молда медресеге келіп, бірі қақпаның оң жағында, екіншісі сол жағында тұрады да, балаларды бір-бірлеп, қақпадан өткізе бастайды. Бір мезгілде сегіз жасар Ғимыран деген татар баласы қақпадан өте бергенде шап беріп, білегінен молда ұстай алады. Әрі қарай не болғанын Ғимыран өз аузымен былай деп баяндаған еді:

— Балаларды қақпадан бір-бірлеп өткізіп жатыр. Қақпаның оң жағында тұрған кісіге көзім түсіп кетті, еңгезердей қарасұр, түрі суық, қорқынышты екен. Мен қақпадан өте бергенде, сол кісі қолымнан шап беріп, ұстай алды. Менің есім шығып, қорыққаным сонша, жылап жібердім. Ол мені былай алып шығып, мандайымнан сипап:

— Айналайын, жылама. Маған бір жұмысқа керек боп тұрсың, жұмыс біткен соң медресеге қайта келесің, — деп жұбатты.

Ғимыран — күні кешеге дейін, алпысыншы жылдарға дейін өмір сүрген. Жұбан молда Бақтыгерейдің үйіне келіп:

— Маған оңаша екі бөлме әзірле, мені мен мына баладан басқа ешкім болмасын, — деп бұйырады.

Әзірленген бөлменің біріне мені отырғызып қойды да, менің алдыма айна әкеліп, қасына бір шелек су қойды.

— Балам, мен анабөлмеде боламын, менің даусым түрлі-түрлі болып шығар, ол менің даусым, сені мен менен басқа бұл жерде ешкім жоқ. Қорықпа, кішкенедең соң мен келем, мен келгенше мына айнадан, судан көз айырмай қара. Не көрінер екен, кісі көрінсе, ол кісінің түр-түсін әбден байқап ал. Ол кісі қайда барады, не істейді жадыңа сақта, оның істегенін маған бұлжытпай айтып берсең болды, айналайын, сосын үйіңе барасың, — деп түсіндірді.

Молданың түрі суық болғанымен, көздері сүйкімді, жылы көрінді. Мен де көңілімді тоқтатып, айтқанын істеуге тырыстым. Молда ана жаққа кеткен соң, ол жақтан жағымсыз біртүрлі дауыстар естіліп тұрды. Қорыққанмен бола ма айнаға бір, шелектегі суға бір қарап отырсам, айнадан бір адам көрінгенде не істерімді білмей састым. Қашатын жер жоқ, осылай үрейленіп отырғанда молда да келіп жетті.

— Балам, не көрдің? — деп сұрады. Көргенімді айттым.

— Балам, мен арғы бөлмеде боламын, айна мен шелектегі судан не көрінеді, кім көрінеді, ол көрінген кісі не істейді, мұқият қарап, есіңе сақта, маған айтып бересің де, үйіңе барасың? — дейді.

Бала бөлмеде отырып, қайтадан айнаға бір, шелектегі суға бір қарап отырса, айнадан бір еңгезердей бір қара кісі елеңдеп шыға келді. Менде ес қалмады, отырмын, қайтем. Жанағы айнадан шыға келген қара кісі қара бөркін қисайта киген, бұйра шашы бір шекедеен шығып тұр. Ол кісі тұра банкіге қарай, алдына бір, артына бір қарап жүгіре жөнелді. Банкіге барып, жанынан кілт алып, есікті ашып, ішке кірді. Бір мезгілде сандық тұрған бөлмеге барып, сандықты ашты. Сандықтағы ақшаны қапқа сала бастады. Қапшықтың орта белінен асқандай болғанда, аузын байлап, арқалап қайта шықты. Есіктен шыға

берістегі баспалдақтың бір тақтайын қолымен тарс еткізіп жұлып алғанда, менің одан сайын зәре-құтым қалмады. Баспалдақтың астына қапшықты тықты да, қайта шегелеп, алақтаумен жайына жүре берді. Осы айнадағы көрініс судан да айнымай, анық көрініп тұрды. Екеуінде де манағы көрген еңгезердей қара кісі қара бөркін шекесіне қисайта киген, бұйра шашы бір шекесінен шығып тұр. Осындай көріністі көріп, есім шығып отырғанда молда да келіп, мән-жайды сұрай бастады. Мен көргенімді түгел айттым.

— Сол қара кісіні танысың ба? — деп сұрады.

— Танимын, — дедім.

— Кім ол?

— Бақтыгерей аканың ат айдаушысы, — дедім.

— Мен қазір кетемін, сен көргенінді түгел Бақтыгерейге айт, — дейді. Молда бала Ғимыранға батихасын беріп, маңдайынан сипап, қоштасып кете барады. Бала Бақтыгерейге айнадан, шелектегі судан көрген көріністерін түгел баяндайды. Бақтыгерей әкім ат айдаушысын шақырып алып, Жұбанның ақшаны және алған кісіні тауып бергенін айтып:

— Бар, өз қолыңмен тығып, шегелеген жеріңнен, қапшықтағы ақшаны алып кел, — деп бұйырады. Бұлтарар жер қалмаған ат айдаушы егіліп жылап, Бақтыгерейдің аяғына жығылып, кешірім сұрайды, өтінеді.

— Мені шайтан азғырды, жатсам, тұрсам жүр-жүрлеп бастады ғой, — деп жылаған екен. Бақтыгерей әкім ат айдаушысының бұл қылығына кешірім жасап, жұмысында қалдырған екен.

— Кешірдім, көңіліңе алма, он жыл көңілімдегідей адал еңбек еттің, сол үшін кешірдім, — деген екен.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

ҚУЛАРДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Құлақай қу

1-6. «Жүріп кетсеңіз...». ... Періштелеріме айтайын

Әңгімелерді жинап, 1990 жылы «Семей таңы» газетіне (25.08.1990) жариялаған — Д.Қайымов. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы — Е.Құлпейісов.

Мәтіндер томға қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1123. 78-дөп.) дайындалып, томға ұсынылды.

7-8. Бұлғақ тентек атанған себебі.

Бұлғақ тентек пен Қамбар төре

Мәтіндерді жинап, 1977 жылы қорға тапсырған — Ғали Дүйсеков. Қалың оқушы дәптеріне кирилл әрпінде жазылған қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

Томға енген мәтіндер қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

9-10. Бұлғақ тентектің өкініші.

Бұлғақтың тапқырлығы

Әңгімелерді 1973 жылы «Торғай таңы» газетінде (24.02.1973) Е.Құлпейісов жарияланған.

Мәтіндер томға қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1122) дайындалды.

11. Сүйіндік Жақан қудың қулығы

Мәтінді ел арасынан жинап, 1952 жылы ӨӨИ-дың сирек қорына тапсырушы — Шұғайып Дүйсекеев.

Томға енген мәтін қолжазба бойынша (ӨӨИ:Қ.142.3-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

12. Аңқау мен қулықшы

Томға еніп отырған мәтін қолжазбадан (ӨӨИ:Қ.123. 7-дәп.) дайындалды. Әңгімені ел аузынан жинап, 1955 жылы қорға тапсырған — Кәрім Рахманов.

13-15. Саққұлақ қонақ. ...

Олжалы сапар

Мәтіндерді ел аузынан жинап, қорға тапсырушы — Мұқаш Мәжікеев.

Әңгімелер осы қолжазбаның негізінде (ӨӨИ:Қ.828, 1-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

16-17. Аңқауды алдаған айлакер.

[Мал таңдау]

Кирилл әрпінде жазылған қолжазбаны жинап, 1960 жылдары қорға тапсырушы — Қ.Тұңғышбаев.

Томға енген мәтін қолжазбадан (ӨӨИ:Қ.334, 3-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

18. Боқаш қу әңгімесі

Мәтін 1974 жылы маусым айында Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклор экспедициясы кезінде Бұқара облысы, Тамды ауданының тұрғындарынан жазып алған — Бақтыбай Жүнісов. Кімнен жазып алғандығы туралы дерек кездеспеді.

Томға ұсынылған әңгіме қолжазбадан (ӨӨИ:Қ.920/60) дайындалды.

19-25. Шаншардың қулары. ...**[Нағашымның әңгімесінен]**

Әңгімелерді 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған — (ӘӨИ:Қ.910/2-3) Ұлы Отан соғысының ардагері Қ.Қарпықбаев.

Томға мәтін қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1038) өзгертусіз дайындалып, ұсынылды.

26-28. [Мауқай қу туралы]

Мәтінді ел аузынан жазып, қорға тапсырушы — Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Оянөлке ауылының тұрғыны Сейфолла Қатиполлаұлы.

Томға ұсынылған әңгіме қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.936) түзетусіз дайындалды.

*Бесекбай әңгімелері***29-31. Қоныстың қорқынышы. ...****Құдайдың көк қошқары**

Бесекбай туралы әңгімелерді 1978 жылы «Еңбек туы» газетінде (07.09.1978) жариялаған және қорға тапсырған — белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Е.Құлпейісов.

Мәтіндер томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1122) дайындалып, ұсынылды.

32. Сараңды соққан қу**(Өрі сараң, әрі қуды соққан қу)**

Мәтін филология ғылымдарының докторы М.М.Тілеужанов жинақтаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты қолжазба жинақтан (ӘӨИ:Қ.920/2) алынды. Қолжазба 1984 жылы қорға қабылданған.

33-36. Аңқаулар мен құлар. ...**Алданған молдалар**

Өңгімелер томға 1964 жылы Н.Төреқұлов ел аузынан жиналып, қорға тапсырған қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.520) дайындалып, ұсынылды. Айтушысы — Орынбай Сексенов.

37-42. Есмағамбет пен Дербісалы. ...**Көздің емі**

Мәтіндерді 1946 жылғы Көкшетау — Ақмола экспедициясы кезінде жазып алған — Себепов Ғұлама.

Томға өңгімелер қолжазба негізінде (ОҒК:Қ.849.3-дәп.) әзірленіп, ұсынылды.

43-65. Қулардың құрығы дайын. ...**[Көзінің жыртығы болмаса...]**

Мәтіндер 2011 жылы Қытай Халық Республикасында «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» атты сериямен жарық көрген «Күлдіргілер» (21-том. Шыңжаң Халық баспасы) атты кітаптан дайындалып, ұсынылды.

66-68. Ебін тапқан екі асар. ...**Таңдайбайдың тәмпістықтары**

Мәтіндер 1963 жылы жарық көрген «Қазақтың күлдіргі-сықақ өңгімелері» атты кітаптан алынды. Кітапты құрастырып, баспаға ұсынған — Н.Төреқұлов.

69. Сыңар етік

Өңгімені ел аузынан жинап, қорға тапсырған — филология ғылымдарының докторы Қ.Саттаров.

Мәтін томға машинкаға басылған нұсқа (ӘӨИ:Қ.97/1) бойынша дайындалды.

70. «Үркіп кетемін»

Мәтін 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына арнайы шыққан фольклорлық экспедиция кезінде жазылып алынған.

Айтушысы — бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, Алғабас совхозының тұрғыны Орынбек. Жинап, қорға тапсырған — Н.Төреқұлов.

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.642. 1-дәп.) өзірленді.

71-73. Құрымбай айтыпты...

Әңгімелерді Ә.Бостанов 1991 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетіне (18.04.1991) жариялаған. Жинап, қорға тапсырушы — Е.Құлпейісов.

Мәтіндер томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1122) дайындалып, ұсынылды.

74-79. Қара Жүсіп. ...

Ел аузынан...

Мәтіндерді жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Әңгімелер 1973 жылы «Торғай таңы» газетінде (22.09.1973) жарық көрген.

Томға мәтіндер қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1122) дайындалды.

80-89. Төлебай сал туралы әңгімелер. ...

Темір сандық

Әңгімелерді жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. 1992 жылы «Ұран» газетінде (11.09.1992) жарияланған.

Томға мәтіндер қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1126) дайындалды.

90. Сәлем алмағанның сазасы

Мәтін томға 1978 жылы «Көкшетау правдасы» газетінде (09.12.1978) жарық көрген.

Томға мәтін Е.Құлпейісов тапсырған қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ. 1122) дайындалып, ұсынылды.

91. Жанақтың шұбары

Әңгіме 1990 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, бұрынғы Бақты совхозының тұрғыны Үмбетбай Мейрамбайұлының айтуы бойынша жазып алынған. Қолжазбаны 1991 жылы қорға тапсырған — Ғ.Әбілқасов.

Мәтін томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.936) әзірленді.

92-93. Сонда болдым неменесі?

«... Түсінбесең, сен де сәби»

Мәтін 1995 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған. Айтушысы — бұрынғы Шымкент облысы, Сайрам ауданының тұрғыны Ережепқызы Айнықша. Жазып алған ҚарМУ-дың 1995 жылғы студенті — Исабаева.

Томға мәтін қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1236) дайындалды.

94-96. Өткір тілді аналар. ...

[Сақал]

Әңгіме 1987 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған. Айтушысы — бұрынғы Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы, Жәйрем аулының тұрғыны Балтабаев Арыстанғали. Жазып алған — ҚарМУ-дың 1987 жылғы студенті Ахметова Ғайния.

Мәтін томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.1236) дайындалды.

97. Бажақ қарт

Мәтін 1995 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған. Айтушысы — А.Балтабаев, жазып алған — сол кездегі ҚарМУ-дың студенті С.Сәрсембекова.

Әңгіме томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.1236) дайындалды.

98-99. Қылышбай айтқан сөз еді...

Мәтін 1995 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университеті ұйымдастырған студенттердің фольклорлық практикасы ке-

зінде жазылып алынған. Айтушы — Жамбыл облысы, Талды-өзек ауылының тұрғыны, алтын алқа иегері Бәкира Мансұр-қожақызы.

Томға енген мәтін қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1236) дайындалды.

100-101. «Тақсыр, екіншілей қасыма келмеші».

Сәрсенбек байды шошыту

Әңгімелерді қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Мәтіндер 1975 жылы «Еңбек туы» газетінде (27.06.1975) жарияланды.

Томға мәтіндер қолжазба (ӘӨИ:Қ.1122) бойынша дайындалды.

102-103. Кенженің Ағыбай асына баруы.

Бір айып

Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жиналған. Қорға тапсырған — филология ғылымдарының докторы Б.Рақымов. Әңгімелерді 1990 жылы бұрынғы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тұрғыны Омаров Тәттібектен жазып алған — сол кездегі ҚарМУ-дың студенті М.Төлегенова.

Томға мәтіндер түпнұсқа негізінде (ӘӨИ:Қ.935) дайындалды.

104. [Дүйсенбі туралы]

Әңгімені ел аузынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған — Мұхаммеджан Рүстемов.

Мәтін томға ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқа (ӘӨИ:Қ.1094) негізінде дайындалып, ұсынылды.

105. Қапан кедейдің тапқырлығы

Мәтінді 1991 жылы жазып алған — Талжанов. Әңгіме Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезіндегі жинақтаған материалдарынан (ӘӨИ:Қ.935) алынды. Қорға тапсырушы — Б.Рақымов.

106. Халық аузынан

Әңгімені бұрынғы Орал пединституты тіл-әдебиет факультетінің сол кездегі сырттай бөлімінің студенті С.Нұрмағамбетов жазып алған.

Мәтін томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты жинақтан алынды (ӘӨИ: Қ.910/2). Ғалым жинақтарды 1984 жылы қорға тапсырған.

107. Ахметханның айтқандары

Мәтінді 1988 жылы С.Мәуленов ««Торғай таңы» газетінде (28.05.1988) жариялаған.

Томға мәтін Е.Құлпейісов тапсырған халық әдебиеті үлгілері бойынша (ӘӨИ:1126.201-дәп.) дайындалды.

АҢШЫЛАР ӘҢГІМЕСІ

1. Аңламас күсбегі

Әңгіме томға ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы «Қызылорда педагогикалық институтының жинаған материалдары. Ауыз әдебиет үлгілері» (ӘӨИ:Қ.1062) атты бумадан алынды. Айтушысы — Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Шіркейлі совхозының тұрғыны, ұстаз Әлиасқаров Дайрабай. Жазып алған — Қ.Майлықожаев.

2. Аңшы шал

Мәтін томға филология ғылымдарының докторы, белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Қ.Саттаровтың ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған фольклорлық топтамасының 136-шы (ӘӨИ:Қ.920/136) жинағынан дайындалды.

3-4. Тінейдің сары құсы.

Ақбөкеннің қашуы

Әңгімелерді жинап, 1977 жылы қорға тапсырған — Ғали Дүйсеков. Қалың оқушы дәптеріне жазылған қолжазба

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

Томға енген мәтіндер осы қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

5. Қайсымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік

Мәтін Н.Төреқұлов тапсырған қолжазбадан (ӘӨИ:520) дайындалып, томға ұсынылды. Н.Төреқұлов әңгімені 1964 жылы Әбдікұл Тәжиевтен жазып алған.

6. Аңшы Жақсыбаев Бөстекбай туралы

Әңгіме томға Б.Рақымовтың жетекшілігімен өткен студенттердің фольклорлық практика кезіндегі жинақтаған материалдарынан (ӘӨИ:Қ.935) алынды. Айтушысы — Қаранды облысы, Ұлытау ауданы, Қаракеңір ауылының тұрғыны Кенжебек Андағұлов. Жазып алғандар — ҚарМУ-дың 1990 жылдардағы студенттері: С.Малғабылов, Б.Дүйсебаев, Р.Мұқанова.

7. Құсбегінің әңгімесі

Мәтін томға ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы «Қаранды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практикасының материалдары» атты бумадан дайындалды. Қорға тапсырушы — Б.Рақымов. Әңгімені жазып алған — ҚарМУ-дың 1990 жылдардағы студенті Қ.Шәкірова.

8-9. Көмүлі қасқыр.

Құдыққа қамалған қасқырлар

Әңгімелер «Үмітті арал» газетінде (15.02.2013) жарияланған. Жазып алып, жариялаушы — Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аралқұм ауылы, медицина ардагері Сайлау Ботабаев.

Мәтін томға осы басылымның негізінде дайындалды.

ҰРЫЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1-2. Айдаш ұрының бастан кешкендері.

[«Әрине, әрине»]

Мәтіндер Қ.Саттаровтың 1997 жылы Түркістан фольклор экспедициясы кезінде жазылып алынған. Айтушысы — Жаманқара Тынышбайұлы.

Томға әңгімелер осы қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.920/112) дайындалып, ұсынылды.

3-4. [Үш ұры].

Ел аузындағы әңгіме

Әңгімелерді бұрынғы Орал пединституты Тіл-әдебиет факультетінің сол кездегі сырттай бөлімінің студенті С.Нұрмағамбетов жазып алған. Мәтін томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты жинақтан алынды. Аталған әңгімелер Орал облысы, Шыңғырлау ауданы, Алмаз селосында тұратын Зайров Ермекқалидан жазылып алынған. «[Үш ұры]» әңгімесі аяқталмаған.

М.Тілеужанов жинақтарды 1984 жылы қорға тапсырған.

5. Серіктің анты

Мәтін томға 1977 жылы Ғали Дүйсеков қорға тапсырған қолжазбаның негізінде (ӘӨИ:Қ.866. 2-дөп.) дайындалды.

6-7. [Ақан Иманбек қарттың әңгімесі].

Тышқанбай ұлы Тасым қарттың айтуы

Мәтіндерді ел аузынан жинап, қорға тапсырушы — Мұқаш Мәжікеев.

Әңгімелер томға осы қолжазбаның негізінде (ӘӨИ:Қ.828) дайындалып, ұсынылды.

8. Оңай олжа

Әңгімені қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Мәтін 1975 жылы «Еңбек туы» газетінде (02.08.1975) жарық көрген.

Томға енген мәтін қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1122) дайындалды.

9. Ұрылардың тапқырлығы

Мәтін томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты жинақтан алынды (ӘӨИ:Қ.910/3).

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1. Ақан сері туралы

Әңгімені 1962 жылы қорға тапсырған — Жұматай Мәдиев.

Мәтін томға қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.411. 4-дөп.) дайындалып, ұсынылды.

2. [Біреу әкеңді сұраса, берер ме едің?]

Әңгімені ел аузынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған — Мұхаммеджан Рүстемов.

Мәтін томға ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқа (ӘӨИ:Қ.1094) негізінде дайындалып, ұсынылды.

3. Күш атасын танымас

(I нұсқа)

Мәтінді Т.Қабдылмәжитов 1991 жылы «Көкшетау» газетінде (18.06.1991) жариялаған. Жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов.

Томға мәтін қорда сақтаулы (ӘӨИ:1122) осы қолжазбаның негізінде дайындалды.

4. Өзінен зор шығып отыз тісін алдырған алып

(II нұсқа)

Әңгімені бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданының тұрғыны Ағамел Байсарыұлынан жазып алған — Ғали Дүйсеков. 1977 жылы қорға түскен қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

Томға енген мәтіндер осы қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

5. Етекбай би мен Шорманның Мұсасының сөзі

Мәтінді жазып алып, 1962 жылы қорға тапсырған — Жұматай Мәдиев.

Томға ұсынылған әңгіме қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.411. 4-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

6. Өмірбай ақын

Әңгіме 1989 жылы «Еңбек таңы» журналында (08.1989) жарияланған. Жариялаушы — С.Қарамендин.

Томға енген мәтін Е.Құлпейісов тапсырған материалдардан (ӘӨИ:Қ.1124.102-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

Мырзатайдың баласы Бәкен

7-11. Бәкеннің бірінші қадамы. ...

Жауыр мен Тайлақ

Әңгімелер томға 1977 жылы Ғали Дүйсеков қорға тапсырған ауыз әдебиеті үлгілерінен дайындалды. Қалың оқушы дәптеріне жазылған қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

12. Шоңның сәлемдемесі

Әңгіме томға 1985 жылы Мұхаммеджан Рүстемов қорға тапсырған материалдардан әзірленді (ӘӨИ:Қ.1094. 2-дәп.).

Қажымұқанның қалжыңдары

13-16. Барымта. ...

Қарымта қайырымы

Мәтіндерді Ш.Ниязин «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (02.06.1990) жариялаған.

Томға мәтін Е.Құлпейісовтің жинап, қорға тапсырған материалдары негізінде (ӘӨИ:Қ.1125.131-дәп.) дайындалды.

17-24. Төртуыл Омар деген. ...**Мұса мырза мен Саққұлақ би**

Әңгімелерді айтушы — Әкебай Нәсілбеков. Әңгімені жазып алған 1983 жылы Ә.Нәсілбеков 81 жасқа толған. Жазып алып, қорға тапсырған — Сайлаубек Жақыпов.

Мәтіндер томға қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.914) дайындалып, ұсынылды.

25-26. Ыбырай мен байлар.**[Мақтаншақ бай]**

Мәтіндер томға ОҒК-нің Қолжазба қорында сақтаулы қолжазбадан (ОҒК:Қ.631.4-дөп.) дайындалды. Араб әрпінде жазылған қолжазбаны қорға тапсырған — Әбдірахман Ыбырайұлы.

27. Құлақ кескен Қожамқұл

Әңгімені 1984 жылы жазып алып, қорға тапсырған — Сайлаубек Жақыпов. Әңгімелеуші — Ысқақ Ермекбаев.

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.914) өзірленді.

28-29. Молдабай палуан.**Молдабай мен Ақжігіт**

Әңгімелерді жинап, 1977 жылы қорға тапсырған — Ғали Дүйсеков. Қалың оқушы дәптеріне жазылған қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

Томға мәтіндер қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

30-32. Болаттың әңгімелері. ...**[Үйдің ауасы]**

Әңгімелерге арқау болған Болат Нүркеұлы ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жиёмбай ауылында туып-өскен. Қарттардың айтуына қарағанда, Болаттың өз өмірі жоқшылықпен, жалшылықта өткен. Солай бола тұрса да әрі ақын, әрі сөзге шебер адам болған.

Әңгімелерді айтушы — Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы, Сүттігенді ауылының тұрғыны Сейдеш Төлепов.

Мәтіндер томға қорға 1952 жылы түскен қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.411.9-дәп.) дайындалды.

33-35. Мақаш туралы әңгімелер. ...

[Бала әкеден кем туа ма?]

Бұл әңгімелерде Атырау елі «правитель» деп атап кеткен Мақаш Шолтырұлы Бекмұханов (1830-1904) туралы айтылады. Мақаш Шолтырұлы — қазақтың зиялы азаматтарының бірі, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, этнограф, күйші болған. Мәтіндерді С.Бекенұлы 1990 жылы «Халық кеңесі» газетінде (12-18.05.1990) жариялаған.

Томға мәтіндер Е.Құлпейісов қорға тапсырған осы материалдардың негізінде (ӘӨИ:Қ.1123. 48-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

36. Ақыл жастан

Мәтінді 1984 жылы Сайлаубек Жақыпов Ысқақ Ермекбаевтан жазып алған.

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.914) дайындалды.

37. Тұяқ туралы әңгіме

Әңгімені жазып алып, қорға тапсырушы — Ш.Дүйсекеев.

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.142.3-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

ӨР ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1-12. Жер астындағы мырамыр тастан салынған мың үй. ...

Өміріне шарт қойған инженер

Әңгімелерді 1977 жылы қорға тапсырған — Ғали Дүйсеков. Қалың оқушы дәптеріне жазылған қолжазба М.О.Әуезов атын-

дағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866.3-дәп.).

Томға мәтіндер қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

13. Төрөбай бейітіне байланысты әңгімелер

Мәтіндер томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты жинақтан (ӘӨИ:Қ.910/2) алынды. Ғалым жинақтарды 1984 жылы қорға тапсырған. Әңгімелерді жазып алушы — С.Нұрмағамбетов.

14. Суды теріс ағызатын пірөдар

Әңгімені жазып алып, 1974 жылы қорға тапсырған — Кенжеғали Есжанұлы.

Мәтін томға К.Есжанұлы тапсырған қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ:806) дайындалды.

15. [Алтын көрсе...]

Мәтін томға ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақталған «Құрман Қожахметовтың Жаңабай Құдайбергенұлы жайлы деректері» (ӘӨИ:Қ.1041) атты қолжазба бойынша дайындалды. Қолжазбаны қорға филология ғылымдарының кандидаты Т.Әлбеков тапсырған.

16. Иманғали, Дүйсе, Әжіғали

Әңгімеге 1914 жылдары болған оқиғалар арқау болған. 1957 жылы Гурьев экспедициясы кезінде жазып алынған. Әңгімелеуші — Ғатауов Фарид, жазып алған экспедиция мүшесі — Ә.Омаров.

Томға енген мәтін қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.130.8-дәп.) дайындалды.

17. Оңдыбай, Құлтас әңгімесі

Мәтін 1996 жылғы Қ.Саттаров ұйымдастырған Түркістан және Тәшкен қалаларына арнайы шыққан фольклорлық экс-

педия кезінде жазылып алынған. Хатқа түсіруші — Шарапат Майлыбаева.

Томға ұсынылған мәтін осы экспедиция материалдары негізінде (ӘӨИ:Қ.920/108) дайындалды.

18-19. [Бектұрсын ақсақал].

Төремұрат Аяпұлының әңгімесі

Әңгімелерді ел арасынан 2000 жылы Қ.Саттаров жазып алған.

Мәтін томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ:920/126) дайындалды.

20. Саяқбай әңгімесі

Мәтінді ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған — Едіге Тұрсынов. Жинаушысы — Боранқұл Әбенев.

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.1216. 3-дәп.) дайындалды.

21-22. Балғабаев Кәжен қарттың айтуы.

Қарт мұғалім Бейсенбаев Жәкіштің айтуы

Әңгімелерді ел аузынан жинап, қорға тапсырушы — Мұқаш Мәжікеев.

Мәтіндер томға осы қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.828) дайындалып, ұсынылды.

23. Қобай қарттың әңгімесі

Мәтінді 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырушы, Ұлы Отан соғысының ардагері — Қ.Қарпықбаев.

Томға мәтін осы қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1038) өзгертусіз дайындалып, ұсынылды.

24. Әңгіме

Мәтін томға Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде

жинақтаған материалдарынан (ӘӨИ:Қ.935) алынды. Қорға тапсырушы — Б.Рақымов. Әңгіме 1990 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Қаракеңір совхозының тұрғыны Ендіғұлов Майлыбайдан жазылып алынған. Жазып алғандар — сол жылдардағы ҚарМУ-дың студенттері: С.Малғабылова, Б.Дүйсебаева, Р.Мұқанова.

25. Сараң бай әңгімесі

Әңгімені 1990 жылы жазып алып, 1991 жылы қорға тапсырғандар: Ғ.Әбілқасов, Мұхамедханов. Әңгімелеуші — Зейнолла Сәрсенбеков.

Мәтін томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.936) дайындалды.

26-28. Китекеңнің хикаялары.

Баймұрат қарттың әңгімелері.

Арбабайдың аңқаулығы

Мәтіндер томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» (ӘӨИ:Қ.910/2) атты жинақтан алынды. Әңгіме 1978 жылы Ибраевтан жазып алынған.

29. Майыңды мысық жеді...

Әңгімені ел аузынан жинап, қорға тапсырған — Қ.Саттаров.

Мәтін томға қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.920/112) дайындалды.

30-31. Бибайшаны тартып алды.

Ұсақ бауырсақ

Мәтін томға 1964 жылы Н.Төреқұлов тапсырған қолжазба (ӘӨИ:Қ.520) негізінде дайындалды. Әңгімелеуші — Әбдікүл Тәжиев.

32-33. Жолаушы.

Май сатушы саудагер

Мәтіндерді әңгімелеуші — Әмірен Тәңірбергенов. 1964 жылы қорға тапсырған — Н.Төреқұлов.

Томға мәтін қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.520) дайындалды.

34. «Аузың төмен қалды...»

Әңгіме 1964 жылы Н.Төреқұлов тапсырған қолжазба (ӘӨИ:Қ.520) негізінде дайындалды. Әңгімелеуші — Орынбай Сепешов.

35. Қиясбектің қиялы

Мәтінді әңгімелеуші — Мақат Ақтайлақов. 1964 жылы қорға тапсырған — Н.Төреқұлов.

Томға енген мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.520) дайындалды.

36-37 Алтын көрсе.**«Құдаңыз... босана ма?»**

Әңгімелерді Ж.Атауов 1990 жылы «Жетісу» газетінде (13.03.1990) жариялаған.

Мәтін томға Е.Құлпейісов қорға тапсырған (ӘӨИ:Қ.1125.169-дәп.) қолжазба бойынша дайындалып, ұсынылды.

38. Қазан қайнатқан сөз

Мәтінді жинап, қорға тапсырушы — Сайлаубек Жақыпов. Әңгімелеуші — Аякөз қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт ұстаз Ағдари Оразалинов.

Томға мәтін қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.914) дайындалды.

39. Бекбау—Дана

Әңгімені 1984 жылы бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданы, Үшбиік селосының тұрғыны Айдарханов Жағыпардан Сайлаубек Жақыпов жазып алған. Жағыпар қарт бұл әңгімені белгілі ақын Нұрлыбек Баймұратовтан естіген екен. Мәтінді жинап, қорға тапсырушы — Сайлаубек Жақыпов.

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.914) дайындалды.

40-44. [Мақтаншақ]. ...**[Керуеншілер]**

Мәтіндер Қарағанды Мемлекеттік Университеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жазып алынған. Айтушысы — Мұхаметқали Баймұханұлы.

Томға әңгімелер қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.914.10-дәп.) әзірленді.

45-47.[Қарақожа балгер]. ...**[Жаманқара күйші]**

Әңгімелерді ел аузынан жинап 1985 жылы қорға тапсырған — Мұхаметжан Рүстемов.

Мәтіндер томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1094. 2-дәп.) дайындалды.

48. Жалқау

Мәтін томға Қ.Саттаровтың ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған фольклорлық топтамасының 136-шы (ӘӨИ: Қ. 920/136) жинағынан дайындалды.

49-55. Көрмеген көлде естілмеген қаздың дауысы бар. ...**Баянша атаның сөзінен**

Әңгімелерді ел аузынан жазып алып, қорға тапсырушы — Ш.Дүйсекеев.

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.142. 3,8-дәп.) дайындалып, ұсынылды.

56-57. Қызғаншақ.**Мақтаншақ**

Томға еніп отырған мәтіндер қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.123. 1-дәп.) дайындалды. Әңгімелерді ел аузынан жинап, 1955 жылы қорға тапсырған — Кәрім Рахманов.

58-60. Мөңкеден ақыл сұраған шаруа. ...**Ақылым көп, ақшам жоқ**

Өңгімелерді жинап, 1977 жылы қорға тапсырған — Ғали Дүйсеков. Қалың оқушы дәптеріне жазылған қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.866).

Томға мәтіндер аталған қолжазбадан түзетусіз дайындалып, ұсынылды.

61-65. Бала кімге тартады? ...**Дарынды сынықшы**

Мәтіндерді ел аузынан жинап, қорға тапсырушы — Мұқаш Мәжікеев.

Өңгімелер томға осы қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.828) дайындалып, ұсынылды.

66-68. Есбалақтың есерсоғы. ...**Сері Бәймен**

Өңгімелерді 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған — Ұлы Отан соғысының ардагері Қ.Қарпықбаев.

Томға мәтіндер қолжазбадан (ӘӨИ:Қ.1038) өзгертусіз дайындалып, ұсынылды.

69. [Бармақтай май]

Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған. Тапсырушы — Б.Рақымов. Өңгімелеуші — 1990 жылы бұрынғы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Жаңаталап селосының тұрғыны Зауырбекова Сәпіш Кенжебекқызы (1920 жылы туылған). Жинаушысы — сол кездегі ҚарМУ-дың студенті С.Сыдығалиева.

Томға мәтін түпнұсқа негізінде (ӘӨИ:Қ.935) дайындалды.

70. Қытай жігітінің сыйлығы

Әңгімені айтушы — бұрынғы Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, Әлихан бөлімшесінің тұрғыны Хасенханов Өміртай (1922 жылы туылған). Жазып алғандар — ҚарМУ-дың 1990 жылғы студенттері: Д.Мұхамеджанов, Ғ.Әбілқасов.

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.936) дайындалып, ұсынылды.

71. Әкесі мен қызы

Мәтінді жазып алған ҚарМУ-дың 1990 жылғы студенті — Кәрібаева Гүлнәр. Әңгімелеуші — Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, бұрынғы Бесоба совхозының тұрғыны Жексенбаева Тұрсын (1931 жылы туған).

Томға мәтін қолжазба негізінде (ӘӨИ:Қ.936) дайындалып, ұсынылды.

72. Кернейбек пен ишан

Әңгімені айтушы — Әбдуов Ілияс (1905 жылы туған). Мәтінді жазып алған ҚарМУ-дың 1990 жылғы студенттері: Асанов, Аппазова, Жұмабаева.

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.936) дайындалып, ұсынылды.

73. Кернейбектің Көпбайға айтқаны

Мәтінді жазып алған ҚарМУдың 1990 жылғы студенттері: Рымханова, Әділханова. Әңгімелеуші — Смағұл Тайжанұлы.

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.936) дайындалып, ұсынылды.

74. Дәл өлшеу

Мәтін Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультеті студенттерінің фольклорлық практикасы кезінде жазылып алынған. Айтушысы — Оңтүстік Қазақстан облысы,

Түлкібас ауданы, Тастыбұлақ ауылының тұрғыны Дүйсенбеков Қалмаханбет (1947 жылы туған).

Мәтін томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.1236) дайындалып, ұсынылды.

75-78. Бір қария кісі. ...

Керегенің басын санайық...

Әңгімелер 1962 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы кезінде жазылып алынған. Жинап, қорға тапсырушы — Н.Төреқұлов. Айтушылары: Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданының тұрғындары Тәжиев Әбдікүл, Орымбек ертекші, Ақтайлақов Махат.

Мәтіндер томға қолжазба бойынша (ӘӨИ:Қ.642) дайындалды.

79-91. Қасқыр анадай жерде, тазы мынадай жерде. ...

Айран

Әңгімелерді облыстық, аудандық газет беттерінен жинап, қорға тапсырушы, белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы — Е.Құлпейісов.

79. «Қасқыр анадай жерде, тазы мынадай жерде»

«Семей таңы» газетінде (24.12.1981);

80. Бұзаубайдың мырзалығы.

«Торғай таңы» газетінде (22.09.1973);

81. Ешкі терісінің құны.

«Ленин туы» газетінде (29.08.1987) жариялаған — Ө. Ахметов.

82. Жетестің көрегендігі.

«Ертіс нұры» газетінде (17.04.1991);

83. Алмақтың да салмағы бар.

«Арқалық таңы» газетінде (19.05.1990) жариялаған — Н.Әділбеков.

84-85. Бармақ құны. ...

«Ленин туы» газетінде (11.06.1988) жариялаған — Ө. Ахметов.

86-87. Жағалдың тапқырлығы. ...

«Еңбек туы» газетінде (03.03.1990) жариялаған — С.Төнекенов.

88-91. Қорқайық па?. ...**Айран.**

«Ұран» газетінде (18. 09.1992.) жарияланған.

Мәтіндер томға қорда сақтаулы газеттердің негізінде (ӘОИ:Қ.1122-1126) дайындалып, ұсынылды.

92. Жүністің жер соғуы

Мәтіндер 1963 жылы жарық көрген «Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері» атты кітаптан алынды. Кітапты құрастырып, баспаға ұсынған — Н.Төрехұлов.

93-95.[«Конь пришел, балуан упал»]. ...**Арақты бітіру үшін іштім**

Әңгімелер томға М.Тілеужанов жинаған бес томдық «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» атты жинақтан (ӘОИ:Қ.910/2-3) алынды. Ғалым жинақтарды 1984 жылы қорға тапсырған.

96-115. Балапанды Барқын таз. ...**Өсе келе өзгерген**

Әңгімені ел аузынан жинап, қорға тапсырған — Қ.Саттаров.

Мәтін томға машинкаға басылған нұсқа (ӘОИ:Қ.97/1) бойынша дайындалды.

116-125. Тумай тұрып болыс болған...**Жұбан молда жайындағы әңгіме**

Әңгімелер 1998 жылы «Доминант» баспасынан жарық көрген «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты кітаптан дайындалды. Кітапты құрастырып, баспаған ұсынған белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы – Айсұлу Бейсенғалиқызы.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Алтынсарин Ыбырай (шын аты — Ибраһим, 1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған. Ол 1841 жылы Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айрылған ол атасының, белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленген.

Әзірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оған қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әзірет Ғали (Әли Әбу Талип, т.ж.б.-21.01.661) — «әділ халифтердің» төртіншісі және соңғысы. Шын аты-жөні Әбул-Хасан әл-Мұртада. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі және күйеу баласы (қызы Фатиманың күйеуі). Осман өлгеннен соң 656 жылы халиф болып жарияланды. Оны Египет, Ирак, Мек-

ке және Медине қолдады. Бірақ Сирия билеушісі Муавия мен Пайғамбардың жесірі Айша қарсы болды. Бұл мұсылмандардың Әли жақтастары (шииттер) және оның қарсыластары (суниттер) болып екі бөлінуінің басы еді. Екі жақтың арасындағы қайшылықтардың салдарынан өзі де қайтыс болады. Әли суниттер үшін қарапайым пенде, адалдықтың, батырлықтың, қайырымдылықтың үлгісі ретінде қалса, шииттер үшін ол Мұхаммедтің тікелей мирасқоры, оның Алламен байланысын жалғастырушы. Кей шииттік секталарда дүниеде теңдесі жоқ жан ретінде бағаланады. Қазақтар арасында Әли есімі «Әзірет Әлі», «Ғазіреті Әлі» тұлғасында аталып, оған үлкен құрмет білдіріледі.

Баймырзаұлы Балуан Шолақ (1864-1916) — атақты қазақтың халық композиторы, әнші-ақыны, балуаны. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты — Нұрмағанбет. 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған. Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болады. Оның халық арасына кеңінен тараған әндері — «Ғалия» мен «Сентябрь» т.б.

Беркімбайұлы Естай (1874-1946) — қазақтың көрнекті әншісі, халық композиторы, ҚазССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). Павлодар облысы, бұрынғы Краснокут ауданы, Ақкөл совхозында туған. Естай өндік-ақындық ортада өскен, анасы Күлипа мен ағасы Байтолым белгілі әншілер болған. Естай олардан жыр, дастандар мен толғауларды орындау мәнерін үйренген. Он алты жасынан халық әндерін орындаушы, халықтық музыка дәстүрін жалғастырушы тұлға.

Қорамсаұлы Ақан сері (шын аты — Ақжігіт, 1843-1913) — ақын, әнші, композитор. Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдің маңында дүниеге келген. Әкесінің есімі Қорамса, шешесі — Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң Алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. Он алты — он жеті жасынан өнер жолына түскен.

Құнанбайұлы Абай (Ибраһим) (1845-1904) — ұлы ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, реформатор. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келген. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қарасөздері» — тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ. Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар. Қазақ фольклорында Қыдыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұңайтпасұлы Қажымұқан (1871-1948) — қазақтың әлемге әйгілі балуаны, классикалық күрестің асқан шебері. Қажымұқанның балуандық жолы Омбы қаласында өткен балуандар чемпионатында орыстың атағы жер жарған тәжірибелі балуаны Иван Злобинмен кездесуінен басталады. Бұдан кейін ол Петербургтегі бүкіл Ресейге «Ваня ағай» деген атпен танылған Иван Лебедевтің балуандар мектебінде тәрбиеленеді. Осында цирк ойындарын көрсетуге машықтанады. 1908 жылы күрестен әлем чемпионы Георг Лурихтің ұйымдастыруымен Ресейдің ірі қалаларында өткен чемпионаттарға қатысып, «Ямогата Муханура» деген атпен аренаға шығады. Бұдан кейін де ол бірнеше қалаларда болып, жеңіс тұғырына көтеріледі. Оңтүстік Американың қалаларын аралайды, Варшавада өткен дүниежүзілік чемпионатта кіші алтын медальмен марапатталады. Түрік еліне барған сапарында түрік жұрты белдескен балуандардың бәрін жыққан қайратына риза болып, оған «Қажы» деген атақ береді. Бұрын оның азан шақырып қойған аты Мұқан болса, енді ол Қажы Мұқан аталады. Балуан осы есімімен ел жадында қалды.

Наушабаев Нұржан (Нұрмұхамбет) (1858-1919) — ақын, діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Анасы Қадипшадан (Шал ақынның қызы) жастайынан айырылған ол нағашыларының қолында тәрбиеленген. Троицк қаласында З.Расулов медресесінде білім алған. Жастайынан араб-парсы тілдеріндегі кітаптар мен татар, башқұрт жазушыларының шығармаларын оқыды, әнші, сері, балуан атанып, дидактик үлгідегі нақыл, терме, толғау, мысал және назым, ғақлия жырларын жазды.

Сүйіндіқұлы Айдабол би — би, шешен. Тәшкен қаласы маңында туып-өскен. Оның ғибратқа толы сөздері ел аузында нақыл болып қалған. Әділдігі сондай — бір дауда «Төрелігім

дұрыс болмаса, ұлым Тайкелтірді ат құйрығына салып өлтіремін» деп ант ішкені туралы аңыз сақталған. Арғын тайпасының ішіндегі Сүйіндік руының бір атасы Айдабол бидің есімімен аталады.

СӨЗДІК

Абзи /татар/ — аға, бауыр

Авария /о/ — апат; оқыс болған оқиға

Ақун /п/ — діни ұстаз, жетекші; ислам діні қызметкерлерінің лауазымы, мүфтиден кейінгі діни атақ; білімді, сауатты адам

Аптамат /о/ — автомат

Астафиралла /а/ — астапырАлла сөзінің қысқартылған түрі; мәні: Алла тағала, кешір мені.

Әптиек /п/ — әліпби мен әбжаттан кейінгі діни оқу, Құранның жетіден бір бөлегі. Діни медреседе өтілетін міндетті пәндердің бірі.

Әшіне — ашына

Бақалшы /а/ — ұсақ-түйек сатушы; саудагер

Бөдегей — бөтен, жат

Вечер /о/ — ойын-суық; кеш

Гәп, кәп, кеп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні

Горот /о/ — қала

Гостиница /о/ — қонақүй

Ғарасат /а/ — о дүниеде адамдарды жазалайтын күні жиналатын орын

Далда — кіреберіс, таса жер; қалқа

Дворник /о/ — аула сыпырушы

Договор /о/ — келісім-шарт

Дохтор /о/ — доктор, дәрігер

Дүзген — жүзген; Құмдауыт жерде өсетін өсімдік.

Дүңшелік — көмекші малай

Еге — ие, қожайын

Еншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла бұйырса, Алла қаласа

Естек — башқұрт

Жұмыр — күйіс қайыратын малдардың қарынының бір бөлігі, түрі

Забыта /о/ — қамқорлық; көмек

Знак, ызнак /о/ — белгі; төсбелгі

Кашонка — шананың әдемілеп жасаған жеңіл түрі

Квартира /о/ — пәтер

Кежім — кестелеп, оюлап жасаған әдемі ат жабу

Кенеу — күш, қуат, қауқар, нәр, құнар

Керсен — ағаштан дөңгелектеп істелген ішіне бір қойдың еті тұтас сиятындай кең ыдыс

Книжка /о/ — кітапша

Кнопка /о/ — түйме

Коллективтендіру /о/ — ұжымдастыру

Командировка /о/ — іссапар

Команды /о/ — бұйрық; өмір, пәрмен

Комната /о/ — бөлме

Қүсет — жақсы, тәуір

Қабақ — жеуге жарамайтын, асқабақ тәрізді өсімдіктен жасалған ыдыс

Ләшенке — жеңіл арба

Мойлау — мәтінде толықпын, ет-жеңдімін деген мағынада

Мошқал — ежегей-тежегейін тәпіштеп сұрау; тергеу

Мүжық /о/ — шаруа; ер адам

Мырамыр /о/ — мәрмәр

Мінәжат /а/ — жалбарану

Ну, хорошо /о/ — ал, жарайды; келісу

Пешение /о/ — печенье

Плюш /о/ — доқаба, масаты, пүліш, қыжым, барқыт

Последный сорт /о/ — соңғы сұрып; артта қалған

Правитель /а/ — басқарушы; өкім; ұлық

Пірәдар /п/ — жолдас; тамыр; тақуа

Саржан — ұзындығы үш кезге (2 м 13 см-ге) тең ұзындық өлшемі

Сентябр /о/ — қыркүйек айы

Совет өкіметі — Кеңес өкіметі

Сом — жүз тиынға тең Кеңестік кезеңдегі ақша

Тайжақы — тай, құлын, құралай терісінен тіккен ішік

Тарауық /а/ — ораза айында кешкі ауызашардан кейін оқылатын намаз

Территория /о/ — аумақ; жер

Тұлып — ешкі терісінен істелген үлкен ыдыс

Уксус /о/ — сірке қышқылы

Управитель /о/ — басқарушы

Учаске, участок /о/ — жер бөлігі; сала

Харам /а/ — арам, таза емес; шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]

Хилап /а/ — өтірік, теріс; қарама-қайшылық, келіспеушілік; бүлдіру, бұзу

Черезвичайный съез /о/ — аяқ астынан шақырылған жиын

Шаги — жұқалаң жұмсақ және таза мақта

Шоқат — шоқиып-шоқиып тұрған төбешік, қырат, қырқалар

Шынуаң /моңғол/ — өкім, басшы

Этаж /о/ — қабат; этаж

Юк (юг) /о/ — оңтүстік

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмешіт — қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған көне бекініс орны. Ол 1817 жылы салынған. А.И.Добросмысловтың дәлелдеуі бойынша бекіністі Қоқан ханы Омархан салдырған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған елуге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден «Перовск форты» болып аталған. Қазан төңкерісінен кейін Ақмешіт аты қайта берілді. 1925 жылы оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болып тұрды.

Ақмола — Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың ежелгі атауы.

Ақсу — Алматы облысы, Ұйғыр ауданының оңтүстік жағында, тау етегінде орналасқан ауыл.

Алакөл — Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан тұйық көл. Ол Орта ғасырларда Гурге — нор (монғ. Көпір — көл), кейін Алактагал, Алатеңіз, Алакта деп те аталған. Батыстан шығысқа қарай созылып жатыр Алакөлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды.

Арқа — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақтанды білдіреді. Шындығында, Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Арыс ауданы — Оңтүстік Қазақстан обылысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. Арыс ауданы 30 елді мекенді қамтып, 6 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы — Арыс қаласы, Сырдария өзенінің батыс жағалауын Шардара даласы, Қызылқұм құмды шөлі алып жатыр.

Ая София — Түркияның Стамбул қаласындағы атақты мұсылман мешіті. Орта ғасырларда Византияны түріктер жаулап алғанға дейін мұнда жергілікті христиан храмы болған. Кейін ежелгі Константинополь қаласы Стамбул атанып, ислам дініндегі түріктер көне шіркеуді мешітке айналдырған. Ал қазіргі кезде бұл мешіт — халық көп баратын мұражайға айналған.

Балқаш көлі — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңізінен кейінгі 3-орында. Балқаштың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері құяды.

Буыршын — ҚХР ШҰАР аумағында Жеменей ауданында орналасқан елдімекен.

Жеменей — ҚХР ШҰАР өлкесі Алтай аймағындағы аудан.

Жетісу — еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Кей деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ә. Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 Алматы облысы бөлініп шықты.

Кереку — Павлодар қаласының бұрынғы атауы.

Көкшетау — Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі.

Қарағанды облысы — Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Солтүстігінде Ақмола, Павлодар, шығысында Шығыс Қазақстан, оңтүстігінде Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, батысында Ақтөбе, Қостанай облыстарымен шектеседі. Облыс 9 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік аудандарға бөлінеді. 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық әкімшілік округі бар. Әкімшілік орталық — Қарағанды қаласы. Қарағанды облысының тарихы 1932 жылдан бастау алады.

Қаратау — Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан, осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда, т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым, т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

Қарқара — Алматы облысының Райымбек ауданындағы өзен, тау, жайлау, ауыл атауы. Биік тау етегінен Шырғанақты өзеніне дейін созылып жатқан кең алқапты және сол өзен жағасындағы ауыл атын жергілікті халық Қарқара атайды. Осы жер 1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс ошағының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Қостанай облысы — Солтүстік Қазақстанда орналасқан, 1936 жылы құрылған аумақ.

Ленинград — Ресей Федерациясындағы ірі қала атауы. Қазіргі Санкт-Петербург қаласы.

Омбы (Омск) — Орталық Сібір өлкесіндегі Омь өзенінің Ертіске құйылатын тұсында орналасқан Ресейдің Омбы облысының орталығы. Омбы облысы Қазақстан солтүстігінің көп жерімен шектеседі.

Орынбор — Ресей Федерациясы, Волга маңы федералды округіне жатады. Облыс орталығы — Орынбор қаласы. 1920-1925 жылдары Қазақстан астанасы болған.

Өскемен — Шығыс Қазақстан облысының орталығы, қала.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы — Оржынкент.

Тарбағатай — Зайсан және Балқаш — Алакөл арасындағы су айырық жота. Шығыс Қазақстан, Семей облыстарының жерінде орналасқан. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

Тәшкен — қала, Өзбекстанның астанасы. Шыршық өзенінің аңғарында, теңіз деңгейінен 440-480 метр биіктікте орналасқан.

Торғай — Қостанай облысындағы тарихи қала. XIX ғасырдың бірінші жартысында патшалық Ресей үкіметі қазақ халқының XIX ғасырдың 40-жылдары ұлт-азаттық қозғалысын басу үшін қазақ даласының ең түкпірінен бекініс пунктін салған. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай қала атанды. Қазақ халқының тарихи мен мәдениетінде ерекше рөлге болды.

Түркістан — қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы — Яссы. Яссы Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда, әсіресе Қ.А.Ясауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Ясауи кесенесі — ортағасырлардың ерекше сәулеті болып табылады. Керемет орналасуы және әдемі мозаика суреттермен апталған қоршау. 1500 жыл ішінде Түркістан атақты шейх-көріпкел ақын Хазірет-сұлтан аталған Қожа Ахмет Ясауидің арқасында әлемге әйгілі болды. Ол кезде қала атауы — Яссы болатын. XIV ғасыр аяғында Ұлы Әмір Темірдің арқасында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған соң Түркістанның атағы шықты.

Уфа — қала. Башқұртстан Республикасының астанасы. Ағи-дел өзенінің бойында орналасқан.

Шәуешек — ҚХР-дың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданына қарасты Тарбағатай аймағының орталығы. Шәуешек солтүстік батыста Қазақстан Республикасымен шектеседі.

Шу — Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғарғы Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсына Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады.

Шыңжаң — Қытай Халық Республикасының солтүстік батысында орналасқан аймақ.

РУ АТАУЛАРЫ

Албан — шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Албан атауы көне жазба тарихи деректерден белгілі. V-VI ғасырларда Албандар Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, Дулу одағында болған. Қазақ шежіресі бойынша, Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тараған тайпа. Атамекені — оңтүстік-шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді. Ұраны — Бақтияр, тайпалық ұраны — Райымбек, Бәйдібек, таңбасы — дөңгелек.

Адай — Кіші жүздің он екі ата Байұлыға жататын басты рулардың бірі. Қыдырғожа әулетінен тарайтын Байұлыда: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Ел аузында «Есентемір, Адайсың, Берішпен қалайсың» деген сөз де бар. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша Адайлар қырық мың түтін болған. Осы Адайлар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімберіден тарайды.

Алтыбас — Орта жүздегі Қыпшақ руының бір тармағы, Қажымұқанның арғы аталары.

Арғын — қазақ халқын құраған негізгі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтай алады. Қазақ шежіресінде Арғындар бәйбіше Арғын, тоқал Арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «бес мейрам» аталып, Қуандық, Сүйіндік, Бегендік (Қозған), Шегендік (Қақсал), Қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «жеті момын» аталып Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ болып жіктеледі. Арғын тайпасының ұраны — Ақжол, таңбасы — көзтаңба (оо).

Дулат — қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Қазақ шежіресі бойынша, Дулат — ұлы жүз құрамына кіретін ірі тайпалардың бірі. Н.А.Аристов жазып алған Диханбай батыр шежіресі бойынша, Үйсін Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден (Нұрилла) туған Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тарайды. Дулат өз ішінде Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

Қуандық — Арғын атадан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік; Бегендіктен: Қозған, Тәңірберді, Сырық деген балалар өрбиді.

Қызай — шежіре-аңыздарда әйелдің аты делінеді. Қызай Үйсін елінің қызы (есімі — Күнбүбі, кейбір нұсқаларда Қарлығаш дейді). Бәйдібек байдың ұлы Ілебайдың қызы екен. Ілебай соғыста қаза тауып, Қызайды атасы Бәйдібек бауырына салып өсіреді. Күнбүбі асқан зерек әрі көрікті болғандықтан «қыз-ай», «қызай» аталып кетеді. Қызайды Матайдың ұрпағы Шағырай алады. Осы Шағырайдан тараған ұрпақ өсіп-өніп, рулы ел болып ананың атымен «Қызай елі» атанады.

Қыпшақ — қазақ халқының қалыптасуына ерекше үлес қосқан, тарихи деректерде көне замандардан-ақ белгілі тайпа. Бір дәуірлерде оның атақ-даңқы тек қандас түрік жұрттарының арасында ғана аспандап қоймай, Еуропа мен араб елдеріне де әйгілі болып, қыпшақ атауы бүкіл түрік тектес елдерді аясында қамтитын кең мағынада да қолданылды.

Қазақ құрамына енген Қыпшақтар шежіре бойынша негізінен Қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасынан (Ұзын, Бұлтын, Көлденең, Қарабалық, Торы) бөлінеді. Алайда бір шежірелерде онымен қатар Мүйізді-Сарыабыздан Қытайқыпшақ, Құланқыпшақ, Сарықыпшақ та таралады. Дегенмен олар туралы деректер кездеспейді.

Найман — көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген сөзді білдіреді. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша найман — Орта жүздегі аса ірі тайпалардың бірі. Найманнан Терістамғалы (Елата), Сарыжомарт (Ергенекті Найман), Телегетай, Сүгірші сияқты үлкен рулар тарайды. Найманның ортақ таңбасы — бақан (Ү), ұраны — Қаптағай.

Уақ — Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре деректерінде Уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әр түрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани ІХ-ХІІІ ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды Уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына ХІV-ХVІІ ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы Уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, Уақ Керей тайпасымен туыстас. Уақтың алғашқы атамекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан Уақтар өзінің ата-мекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, Батыста Торғай

өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жетті. Ұраны — Жаубасар, Бармақ, таңбасы — П < (босаға, ашамай).

Шекті — қазақ халқының құрамындағы ірі тайпалардың бірі. Шежіре деректері бойынша Кіші жүз Әлімұлы бірлестігіне кіреді. Шектінің 12 түрлі таңбасы бар. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл шекті құрамына Ұлы жүз, Орта жүз руларының кейбір аталары қосылғандығын байқатады. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында шектіге кіретін рулар Орал, Торғай облыстарын, Сырдария облысының Қазалы, Перовск уездерін, Арал теңізінің батысынан Хиуа хандығына дейінгі аралықты мекендеп, мал және егін шаруашылығымен айналысқан.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Әлиасқаров Дайрабай — халық мұраларын жинаушы. Қолжазба деректер бойынша 1930 жылы бұрынғы Қызылорда облысы, бұрынғы Тереңөзек ауданы, Шіркейлі совхозында дүниеге келген. 1946 жылы орта мектепті, 1950 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін тәмамдаған. Тереңөзек ауданындағы мектептерде физика-математика пәнінің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры, Шіркейлі ауылдық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Баймұханұлы Мұхаметқали — Байырғы мәдениет қызметкері. 1944 жылы бұрынғы Семей облысы, Ақтоғай ауданы, Қызылаларай кеңшарында дүниеге келген.

Бейсенғалиқызы Айсұлу — 1929 жылы 15-қарашада Орал облысы, Жаңақала ауданында дүниеге келген. 1955-1957 жылдары Орал қаласындағы екіжылдық педагогикалық училищесін, 1957-1963 жылдары Оралдағы Пушкин атындағы пединститутты үздік дипломмен аяқтаған. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1972 жылдан бастап қолжазба қорларына өткізген.

Ғатауов Фарид — халық мұраларын жинаушы. 1908 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Тұрлығұл ауы-

лында дүниеге келген. Орал Педагогикалық институтының биология факультетін бітірген. 1939 жылдан бастап ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, Қолжазба қорына өткізіп отырған.

Дүйсеков Ғали — Қазақстанның Еңбек сіңірген өртісі, мәдениет қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. 1900 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданында дүниеге келген. Әншілік, домбырашылық өнер әкесі Дүйсектен дарыған.

Есжанұлы Кенжеғали — айтыскер ақын, мәдениет қызметкері. Өзі жазған мәліметтер бойынша, бұрынғы Орынбор облысы, Адамтау ауданы, Әйке-Шалқар ауылында 1924 жылы дүниеге келген. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін, өз шығармаларын тапсырған.

Көбдіков Төлеу (1874-1954) — ақын, халық мұраларын жинаушы. Шығыс Қазақстан облысы, Шұбартау ауданында дүниеге келген. Қазақстанның халық ақыны (1954). Жасынан Абайдан тәлім алған. Ертеректе жазған өлеңдері сақталмаған, кейін тұрмыс жағдайымен Батыс Сібір, Алтай жаққа қоныс аударып, ақындық өнерден қол үзген. 40-жылдардың басында туған жеріне оралғаннан кейін қайтадан өлең шығара бастайды.

Қатиполлаұлы Сейфолла — халық мұраларын жинаушы. 1900 жылы Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Оянөлке деген жерде туған. Басқа деректер кездеспеді.

Қарпықбаев Қапан — халық әдебиеті үлгілерін жинаушы, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1922 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында дүниеге келген.

Қасиманов Садық (1902-1977) — ақын, педагог, халық мұраларын жинаушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай

ауданында дүниеге келген. 1923-1960 жылдар аралығында ауылдық мектептерде ұстаз қызметін атқарып, өмірінің кейінгі кезеңінде ҚазКСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ғылыми жұмыстармен айналысқан. Отызыншы жылдардан бастап ел аузындағы халық туындыларын хатқа түсіріп, институт қорына тапсырып отырған.

Құлпейісов Еркін — халық мұраларын жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында туып-өскен. 2002-2003 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына Оңтүстік Қазақстан, Семей, Жезқазған, Қостанай т.б. аймақтардың облыстық, аудандық газеттерінде жарияланған ауыз әдебиет үлгілерінің көшірмелерін жинап (210 дана оқушы дәптері), тапсырған.

Оразәлі Кемен — жазушы. Бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Жүрекадыр колхозында туып-өскен.

Рақымов Берік (1958 жылы туылған) — Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Айшырақ ауылында дүниеге келген. Филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы-ғалым. Орталық Қазақстан гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының директоры. Қазақ фольклорындағы тарихи эпостарға қатысты көптеген еңбектердің авторы. 1991-2002 жылдар аралығында Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің фольклорлық практикасына жетекшілік жасап, ел арасынан көптеген фольклорлық шығармалар жинаған.

Саттаров Қыдырәлі (1936-2011) — фольклортанушы, зерттеуші, халық мұраларын жинаушы ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол XX ғасырдың II жартысында, кеңес дәуірінде Қазақстанның оңтүстік өңірінен, әсіресе қазіргі Өзбекстан аумағында, өздерінің бұрынғы ата-бабала-

рының атамекені — Сырдария, Өмудария құйылыстары бойында өмір сүрген қазақтар арасынан халық мұраларын жинауды ұйымдастырған, оларды жүйелеген, бастырып таратқан, ел ішіне насихаттаған білімпаз, мұра қамқоршысы. Қ.Саттаров Оңтүстік Қазақстанның және Өзбекстанның Тәшкен өңіріне бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, оларды басқарады. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерінің 200 жинақтан тұратын топтамасын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Төрөқұлов Нысанбек (1921-2007) — әдебиетанушы, филология ғылымдарының докторы. Көп жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері болған. Ғылыми еңбектері шешендік, қанатты сөздерді зерттеуге арналған. «Қазақтың қанатты сөздер» атты алғашқы еңбегі 1959 жылы жарық көрген. «Майдандас замандастары» (1967), «От кешу» (1981), «Қырық хикая» кітаптарының авторы. Кезінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған бірнеше фольклорлық экспедицияларға шығып, ауыз әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға атсалысқан.

Тұрсынов Едіге Дәрігүлұлы (1942 жылы туылған) — фольклортанушы, филология ғылымының докторы. 1964 жылы ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. «Древние типы носителей казахского фольклора (генезис и типология)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Оның ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бағыты — қазақ фольклорының көне дәуірдегі типтері, ақын-жыраулық дәстүр мен айтыс жанрының қалыптасуы, фольклор таратушылардың (ақын, сал, сері, жырау, сыншы т.б.) пайда болу тарихы мәселелері. «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», «Қазақ бақсы-балгерлері», «Возникновение баксы,

акынов, сэри и жырау», «Древнетюркский фольклор: истоки и становление», «Атамекен. Казахи. История. Этнография. Культура» атты монографиялық еңбектер мен 40-тан астам ғылыми мақаланың авторы.

Тілеужанов Мәтжан (1927-1955) — әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жыл бойы жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды. Сондай-ақ республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

Қ — Қазан қаласы

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

а — араб

о — орыс

п — парсы

т — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Әуезов М. О.* Шығармалар. 11 том. — Алматы, 1969.
2. *Әуесбаева П. Т.* Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. — Алматы, 2001.
3. *Фабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
4. Жамбыл облысының энциклопедиясы. — Алматы, 2003.
5. Жетісу энциклопедиясы. — Алматы: Арыс, 2004.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы: ҚазАқпарат, 2007.
7. Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993.
8. Қазақтың мифтік әңгімелері. — Алматы: Ғылым, 2002.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1948.
10. *Қасқабасов С. А.* Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984.
11. *Қоңыратбаев Т. Ә.* Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. — Алматы: Ғылым, 2000.
12. Маңғыстау энциклопедиясы. — Алматы: Атамұра, 1997.
13. *Оралмағанбетов Ж., Есмағанбетов М.* Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі. — Алматы: «Кітап» баспа үйі, 2001.
14. *Сейдімбеков А.* Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. — Алматы: Жалын, 1981.

15. *Турсунов Е. Д.* Легенды, предания и бытовые рассказы о животных в системе казахского повествовательного фольклора // *Казахские сказки о животных.* — Алматы, 1979.

16. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1993.

17. *Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т.* Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.

18. *Арабско-русский словарь. Составитель Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.

19. *Древнетюркский словарь.* — Ленинград: Наука, 1969.

20. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15 том.* — Алматы, 2011.

21. *Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

22. *Қазақ тілінің сөздігі.* — Алматы, 1999.

23. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.

24. *Персидско-русский словарь / Под ред. Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.

Қолжазбалар

1. ӘӨИ:Қ.1123
2. ӘӨИ:Қ.866
3. ӘӨИ:Қ.1122
4. ӘӨИ:Қ.123
5. ӘӨИ:Қ.828
6. ӘӨИ:Қ.334
7. ӘӨИ:Қ.920/60
8. ӘӨИ:Қ.1038
9. ӘӨИ:Қ.936
10. ӘӨИ:Қ.920/2
11. ӘӨИ:Қ.520
12. ОҒК:Қ.849
13. ӘӨИ:Қ.97/1
14. ӘӨИ:Қ.642
15. ӘӨИ:Қ.1122
16. ӘӨИ:Қ.1126
17. ӘӨИ:Қ.936
18. ӘӨИ:Қ.935
19. ӘӨИ:Қ.910/2
20. ӘӨИ:Қ.1062
21. ӘӨИ:Қ.920/136
22. ӘӨИ:Қ.920/112
23. ӘӨИ:Қ.411.
24. ӘӨИ:Қ.1094
25. ӘӨИ:Қ.1124
26. ОҒК:Қ.631
27. ӘӨИ:Қ:806
28. ӘӨИ:Қ.1041
29. ӘӨИ:Қ.130.
30. ӘӨИ:Қ.920/108
31. ӘӨИ:Қ.1216
32. ӘӨИ:Қ.1236
33. ӘӨИ:Қ.642

РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М. О. Ауэзова продолжается издание научного стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Национального стратегического проекта «Культурное наследие».

Предыдущие девяносто шесть томов серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам и поговоркам, а также другим малым жанрам, которые являются самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если быть точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов «Новеллистических дастанов», семь томов «Религиозных дастанов», одиннадцать томов «Романических дастанов», двадцать томов «Героического эпоса», одиннадцать томов «Исторических поэм», пять томов «Пословиц и поговорок», два тома «Народных песен», четыре тома «Генеалогических преданий», пять томов «Сказок», четыре тома «Исторических преданий», два тома «Обрядового фольклора», а также увидели свет однотомники: «Загадки», «Детский фольклор», «Казахские мифы», «Фольклор казахов Монголии», «Топонимические предания», «Кюи-легенды», «Поэмы — предания», «Небылицы и басни», «Магический фольклор», «Сновидения и суеверные слова», «Агиография», «Исторические устные рассказы». В двенадцати томах этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе — казахов Монголии.

Вошедшие в 96 и 97 тома серии «Бабалар созі» устные рассказы, хотя и были частично опубликованы в отдельных сборниках и изданиях, периодической печати, основная часть их до сегодняшнего дня не была научно систематизирована и опубликована в специальном издании. Поэтому при подготовке издания к печати собранные тексты были разделены по жанровому составу и в первый том (96 том) были включены «Исторические устные рассказы», состоящие из народных произведений, посвященных истории разработки Карагандинского угольного бассейна, формированию и становлению рабочего класса – казахских горняков, а также вошли рассказы активных участников народно-освободительного восстания 1916 года и людей, перенесших все его лишения и тяготы. В этот том также включены рассказы о жизни Абая и его окружения, Акана серэ, Баллуана шолака, Кажымукана и других известных личностей, оставивших заметный след в сознании и памяти народа.

В предлагаемый вниманию широкой читательской общест-венности 97 том включены «Новеллистические устные рассказы», во все времена захватывавшие своим сюжетом внимание слушателей, приятные для слуха, интересные и поучительные, не теряющие со временем свой блеск и новизну.

К новеллистическим рассказам относятся произведения, которые описывают жизнь, профессиональную деятельность и мировоззрение, раскрывают образ и характер отдельного человека. Например, в давние времена, как и в сегодняшние дни, часто встречаются находчивые люди, находящие выход из любого затруднительного положения, блещущие умом и острым языком. В этих произведениях, передаваемых из поколения в поколение, отражаются характеры, хитроумные поступки различных людей из разных эпох, раскрывающих их индивидуальные качества, действия и поступки, в целом составляющие собирательный образ народного хитреца. Устные рассказы о находчивых хитрецах и мудрых шешенах излагались на многочисленных сборищах и тоях, чтобы развлечь и поднять настроение гостей или же высмеять жадность отдельных людей, разоблачить теневые стороны своих противников, показать алчность, неспра-

ведливость и милосердность находящихся у власти. Причем эти острые разоблачительные рассказы рождались на ходу, без всякой подготовки. Особо стоит подчеркнуть, что такие рассказы были уместны и соответствовали народной традиции шуточных высказываний, и в силу своей краткости, сразу же запомнились слушателями и быстро распространялись среди народа.

Как и у других народов, у казахского народа широко сохранились рассказы о зорких стрелках, опытных охотниках, беркутчи, путешественниках, а также о людях других занятий. Большинство из них построено на интересных событиях, чтобы удивить и удержать внимание слушателей. Особенное место занимали рассказы о путешествиях, которые пробуждали фантазии как рассказчиков, так и слушателей. А в бытовых рассказах описывались профессиональные стороны жизни, исторические события, сложные судьбы, лишения и тяготы, выпавшие на долю отдельных людей.

В состав 97 тома вошли «Рассказы хитрецов», «Рассказы охотников», «Рассказы о ворах» и «Рассказы разных жанров», собранные на основе хранящихся в Рукописном фонде Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова материалов, собранных Е.Кулпейсовым, Г.Дүйсековым, Ш.Дүйсекеевым, К.Рахмановым, М.Мажикеевым, К.Тунгышбаевым, Б.Жунисовым, К.Карпыкбаевым, С.Катиполлаулы, Г.Себеповым, Г.Абилкасовым, А.Ережеккызы, А.Балтабаевым, Б.Мансуркожакызы, Ф.Гатауовым, З.Сарсенбековым, А.Тажиевым, А.Танирбергеновым, О.Сепешовым, М.Баймуханулы, К.Рахмановым, С.Зауырбековой, Т.Жексенбаевой, И.Абдуовым, К.Дүйсенбековым, С.Ботабаевым, Ж.Тынышбайулы, Е.Заировым, Ж.Мадиевым, А.Несилбековым, Ф.Ыбырайулы, Ы.Ермекбаевым, С.Толеповым, М.Шолтырулы, а также из рукописного наследия, записанного среди народа такими учеными-исследователями, как К.Саттаров М.Тилеужанов, Н.Торекулов, Е.Турсынов, Б.Рақымов. Также использованы тексты, опубликованные в областных и районных газетах «Торгай таны», «Ленин туы», «Ертис нуры», «Аркалык таны», «Енбек туы», «Уран» и в сборнике «Кулдиргилер» (Шынжан, 2011).

Включенные в настоящее издание тексты дополнены научными пояснениями и пронумерованы. Научное приложение тома составляют фамилии записавших и опубликовавших эти тексты, сведения о печатных изданиях, научные пояснения к вошедшим в том текстам, словарь встречающихся в текстах названий местностей, водоемов, наименований родов, а также сведения об упоминаемых в текстах исторических личностях, список использованной литературы и краткое содержание тома на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art is continuing preparation for publication of one hundred volume of scientific edition of the series «Wisdom of ancestors» in the frame of the National strategic project «Cultural Heritage».

Previous ninety six volumes of the series were devoted to epics, folk songs, fairy tales, riddles, proverbs and sayings, as well as other smaller genres, which are the most numerous and highly artistic in national folklore. To be precise, thirteen volumes of «Novelistic dastans», seven volumes of «Religious dastans», eleven volumes of «Novelistic dastans», twenty volumes of «Heroic epic», eleven volumes of «Historical poem», five volumes of «Proverbs and sayings», two volumes of «Folk Songs», four volumes of «Genealogical traditions», five volumes of «Tales», four volumes of «Historical traditions», two volumes of «Ritual folklore», one volume «Riddles», «Children's folklore», «Kazakh myths», «Folklore of Kazakhs of Mongolia», «Toponymic folklore», «Kyu traditions», «Poems—legends», «Fables», «Magic folklore», «Dreams and superstitious words», «Hagiography», «Historical oral stories». Twelve volumes of the series include materials on folk heritage of Kazakhs of China, and one volume—Kazakhs of Mongolia.

Although oral stories included in volumes 96 and 97 of the series «Babalar sozi» were partially published in separate books, editions and periodicals, most of them have not been scientifically systematized and published in special edition. Therefore, in preparation for publication, the collected texts were divided

by genre composition and first volume (Volume 96) includes «Historical oral stories», consisting of folk works devoted to the history of development of Karaganda coal basin, formation and development of Kazakh miners, and also includes stories about active participants of national liberation uprising in 1916 who faced all hardships. This volume also includes stories about life of Abay and his surrounding, Akan seri, Baluan Sholak, Kazhymukan and other well-known personalities who are in the minds and memories of the people.

Volume 97 that is offered for the attention of the readers, includes «Novelistic oral stories» which are very interesting for the listeners, pleasant to hear, interesting and instructive, have not lose their luster and novelty over time . Novelistic stories include works that describe life, professional activities and outlook, reveal the image and character of the individual. For example, in ancient times ,like in the present days , often there were smart people who find way out of any hard situation, and they have sharp tongue. These works, transmitted from generation to generation, reflect the nature, ingenious actions of different people of different ages, reveal their individual qualities, actions and deeds, in whole constituting a collective image of a popular dodger. Oral stories about the wise and smart Sheshens have been told in numerous gatherings and celebrations to entertain and raise the spirits of the guests, or make fun of greedy individuals, to expose the dark side of the opponents, show greed, injustice and unmerciful people who have power. Those sharp revelatory stories were created as improvisations, without any preparation. It is worth to underline that such stories were appropriate and correspond to folk tradition of witty sayings, and because of brevity, were immediately remembered by the audience and quickly spread among people.

Like other nations, Kazakh people have widely preserved the stories about watchful shooters, experienced hunters, eagle, explorers, and other classes of people. Most of them are based on interesting events to surprise and keep attention of the audience.

Special place have travel stories that evoke imagination of storytellers and listeners. In everyday life stories described professional side of life, historical events, and hardships faced by individuals and complicated destinies.

The structure of the volume 97 includes «Tales of cunning people», «Hunter's stories», «Stories about thieves» and «Tales of different genres» that have been collected on the basis of the materials stored in manuscript collections of M.O.Auezov Institute of Literature and Art, collected by E.Kulpeyisov, G.Duysekov, Sh.Duysekeev, K.Rahmanov, M.Mazhikeev, K.Tungyshbaev, B.Zhunisov, K.Karpykbaev, S.Katipollauly, E.Kulpeisov, G.Sebepev, G.Abilkasov, A.Erezhepkyzy, A. Bal-tabaev, B.Mansurkozahyzy, F.Gatauov, Z.Sarsenbekov, A.Tazhiev, A.Tanirbergenov, O.Sepeshov, M.Baymukhanuly, K.Rakhmanov, S.Zauyrbekov, T.Zheksenbaev, I.Abduov, K.Duy-senbekov, S.Botabaev, Zh.Tynyshbayuly, E.Zayrov, Zh.Ma-diev, A.Nesilbekov, F.Ybyrayuly, Y.Ermekbaev, S.Tolepov, M.Sholtyruly, as well as manuscripts, recorded among people by scholars researchers such as K.Sattarov M.Tileuzhanov, N.Torekulov, E.Tursynov, B.Rakymov. Also used texts published in regional and local newspapers «Torgay Tany» and «Lenin Tuy», «Yertis nury», «Arkalyk Tany», «Enbek Tuy», «Uranus» and in the book «Kuldirgiler» Xinjiang, 2011).

The texts included in the publication are supplemented by scientific explanations and numbered. The scientific annex of the volume includes names of people who recorded and published the texts, information on printed editions, scientific explanations included in the volume of texts, vocabulary of place names used in the text, rivers and lakes, names of clans, as well as information about historical figures mentioned in the texts, list of references and summary of the volume content in Russian and English languages.

Total volume — 27,5 pp.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН	5
-------------------------	---

МӘТІНДЕР

ҚУЛАРДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Құлақай қу

1. «Жүріп кетсеңіз...»	13
2. Қазан сынады	13
3. Қайран сары май	14
4. Тәбәрігім тарғыл өгіз	14
5. Құдай да қалжыңды түсінбейді екен-ау	16
6. Періштелеріме айтайын	17
7. Бұлғақ тентек атанған себебі	17
8. Бұлғақ тентек пен Қамбар төре	19
9. Бұлғақ тентектің өкініші	20
10. Бұлғақтың тапқырлығы	22
11. Сүйіндік Жақан құдың құлығы	23
12. Аңқау мен құлықшы	24
13. Саққұлақ қонақ	25
14. Балгер, тәуіп	26
15. Олжалы сапар	27
16. Аңқауды алдаған айлакер	29
17. [Мал таңдау]	29
18. Боқаш қу әңгімесі	30
19. Шаншардың құлары	31
20. [Ер емессің бе?]	33

21. [Молдаекеңдерден де ұят болыпты-ау!..]	33
22. [Тапқыр бала]	34
23. [Әке өсиеті]	35
24. [Құрдастар]	35
25. [Нағашымның әңгімесінен]	36
26. [Мауқай қу туралы]	38
27. [Боранбай қайтыс болғанда айтқаны]	38
28. [Мауқайдың өсиеті]	39

Бесекбай әңгімелері

29. Қоныстың қорқынышы	40
30. Қалжыңға түсінбегенің бе...	41
31. Құдайдың көк қошқары	42
32. Сараңды соққан қу (<i>Әрі сараң, әрі қуды соққан қу</i>)	44
33. Аңқаулар мен қулар	45
34. Қу мен аңқау	46
35. Түйебай	46
36. Алданған молдалар	47
37. Есмағамбет пен Дербісалы	49
38. Есмағамбет пен Отарбай	50
39. Есмағамбет пен Аппаз	50
40. Есмағамбет пен Борначев	51
41. Есмағамбет пен Сейіт	51
42. Көздің емі	53
43. Қулардың құрығы дайын	54
44. [Қудың өкпесі]	56
45. [Итпен құда болсаң...]	56
46. [Бақсабір қу]	57
47. [Тарының қауызы]	59
48. [Берен қу]	60
49. Қоштайдың қулықтары	60
50. [Бәрі тойға кеткенде...]	62
51. [Қоштайдың жолдасын құтқаруы]	63
52. [Сараң аспаз]	64

53. [Қоштай пошташы]	66
54. [Танымайтын ауылда...]	66
55. [Күйеу баланың үйінде...].....	67
56. [«Ат ағаш екен» деп қалдым...].....	68
57. [Құрдасының үйінде...].....	68
58. [У жеген түлкі]	69
59. [Бүркіт қағушы]	70
60. [Бала қонақты сынау]	71
61. [Молда].....	72
62. Сақ болыңдар, ішінде заһар бар.....	73
63. Кітаптың сиқыр күші	74
64. Құрсақ көтергеніне алты ай болды	75
65. [Көзінің жыртығы болмаса...].	77
66. Ебін тапқан екі асар	77
67. Қорқақ қу	78
68. Таңдайбайдың тәмпістіқтары.....	78
69. Сыңар етік	79
70. «Үркіп келемін»	80

Құрымбай айтыпты...

71. Күтпеген жауап	82
72. Сенің нең кетті?	82
73. Құдалықта	83

Қара Жүсіп

74. «Керіс» сөз.....	84
75. Молда баққанша, өгіз бақ.....	85
76. Ел аузынан... ..	86
77. [Қоңырау].....	86
78. [Өсиет]	87
79. [Нұрпейіс қайтыс болыпты].....	87
80. Төлебай сал туралы әңгімелер.....	88
81. [Шоңның үйінде]	89
82. [Төлебай мен қажы].....	89
83. [Төлебай мен шаншарлар]	90

84. [Бата]	91
85. Салықтан құтқарған сөз.....	92
86. Екінің бірі	93
87. «Бай болып көргенім жоқ»	94

Қойшыбай әңгімесі

88. Қаза қалған тарауық	96
89. Темір сандық.....	97
90. Сәлем алмағанның сазасы	98
91. Жанақтың шұбары	99
92. Сонда болдым неменесі?.....	99
93. «... Түсінбесең, сен де сәби»	100
94. Өткір тілді аналар	101
95. [Тапқыр қыз].....	102
96. [Сақал]	102
97. Бажақ қарт	102
98. Қылышбай айтқан сөз еді.....	104
99. [Қылышбай мен өзбектер]	107
100. «Тақсыр, екіншілей қасыма келмеші»	108
101. Сәрсенбек байды шошыту.....	109
102. Кенженің Ағыбай асына баруы	112
103. Бір айып	112
104. [Дүйсенбі туралы]	113
105. Қапан кедейдің тапқырлығы	116
106. Халық аузынан	117
107. Ахметханның айтқандары.....	119

АҢШЫЛАР ӘҢГІМЕСІ

1. Аңламас құсбегі	123
2. Аңшы шал.....	124
3. Тінейдің сары құсы.....	124
4. Ақбөкеннің қашуы	127
5. Қайсымыз жақсы түс көрсек, сонымыз жейік.....	128
6. Аңшы Жақсыбаев Бөстекбай туралы.....	129
7. Құсбегінің әңгімесі	130

8. Көмулі қасқыр	131
9. Құдыққа қамалған қасқырлар.....	133

ҰРЫЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1. Айдаш ұрының бастан кешкендері.....	139
2. [«Әрине, әрине»]	139
3. [Үш ұры]	140
4. Ел аузындағы әңгіме	142
5. Серіктің анты.....	144
6. [Ақан Иманбек қарттың әңгімесі]	144
7. Тышқанбай ұлы Тасым қарттың айтуы.....	146
8. Оңай олжа	146
9. Ұрылардың тапқырлығы	149

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1. Ақан сері туралы	153
2. [Біреу әкеңді сұраса, берер ме едің?]	154
3. Күш атасын танымас (I нұсқа)	154
4. Өзінен зор шығып отыз тісін алдырған алып (II нұсқа).....	156
5. Етекбай би мен Шорманның Мұсасының сөзі	158
6. Өмірбай ақын.....	160

Мырзатайдың баласы Бәкен

7. Бәкеннің бірінші қадамы.....	163
8. Бәкеннің әкесі Мырзатайды сөзден тоқтатып болыс болуы	167
9. Бәкеннің шабарманы	168
10. Есенаман	170
11. Жауыр мен Тайлақ	171
12. Шоңның сәлемдемесі.....	172

Қажымұқанның қалжыңдары

13. Барымта	175
14. Қарымта	176

15. Балгермен бөтуа	176
16. Қарымта қайырымы.....	177
17. Төртуыл Омар деген... ..	178
18. Жангөбек Омар ақын.....	179
19. Уәйіс ақын мен Серікбай қажы	181
20. Қоныспай ақын	183
21. Байқұда палуан	186
22. Бейсетаев Сейітқазының өңгімесі.....	187
23. Естай	189
24. Мұса мырза мен Саққұлақ би.....	189
25. Ыбырай мен байлар.....	190
26. [Мақтаншақ бай]	190
27. Құлақ кескен Қожамқұл.....	191
28. Молдабай палуан	192
29. Молдабай мен Ақжігіт	194
30. Болаттың өңгімелері	197
31. [Тауық шақыра жүремін].....	199
32. [Үйдің ауасы]	199
33. Мақаш туралы өңгімелер	200
34. [Жиендік].....	201
35. [Бала әкеден кем туа ма?].....	202
36. Ақыл жастан	202
37. Тұяқ туралы өңгіме	203

ӨР ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӨНГІМЕЛЕР

1. Жер астындағы мырамыр тастан салынған мың үй.....	209
2. Жетісудан Семейге жарысқа барған домбырашы келіншек.....	213
3. Екі салдың бөсекесі.....	215
4. Ағамел — ақылды ақсақал.....	217
5. Бақаның сәуегейлігі	218
6. Жегіштікпен болыс болған Байеке	222
7. Жаяу Сары	224
8. Көп сақау	226
9. Қара қасқа атты қыз	227

10. Суға сағымы түскен алтын ер.....	232
11. Құдықтағы батыр	233
12. Өміріне шарт қойған инженер	233
13. Төребай бейітіне байланысты әңгімелер	238
14. Суды теріс ағызатын пірөдар	239
15. [Алтын көрсе...]	240
16. Иманғали, Дүйсе, Әжіғали.....	243
17. Оңдыбай, Құлтас әңгімесі	244
18. [Бектұрсын ақсақал]	245
19. Төремұрат Аяпұлының әңгімесі.....	246
20. Саяқбай әңгімесі.....	247
21. Балғабаев Кәжен қарттың айтуы.....	249
22. Қарт мұғалім Бейсенбаев Жәкіштің айтуы	250
23. Қобай қарттың әңгімесі	252
24. Әңгіме	268
25. Сараң бай әңгімесі.....	270
26. Китекеңнің хикаялары	271
27. Баймұрат қарттың әңгімелері.....	272
28. Арбабайдың аңқаулығы.....	273
29. Майыңды мысық жеді... ..	275
30. Бибайшаны тартып алды... ..	276
31. Ұсақ бауырсақ	276
32. Жолаушы	277
33. Май сатушы саудагер	277
34. «Аузың төмен қалды...»	278
35. Қиясбектің қиялы.....	279
36. Алтын көрсе.....	280
37. «Құдаңыз... босана ма?»	280
38. Қазан қайнатқан сөз.....	281
39. Бекбау — Дана	282
40. [Мақтаншақ].....	284
41. [Үркер көтерілгенде...]	284
42. [Әубөкір]	285
43. [Итгің баласы...]	285
44. [Керуеншілер]	286

45. [Қарақожа балгер].....	286
46. [Қарақұйрықтың еті].....	289
47. [Жаманқара күйші]	289
48. Жалқау	290
49. Көрмеген көлде естілмеген қаздың дауысы бар	290
50. Қыз көретін жігітті біз көрейік	291
51. Сөз тапқанға қолқа жоқ	292
52. Дуанбасының батырдан қорқуы	292
53. Дуанбасыны сөйлетпеген кедей.....	293
54. Қозған Қораның сөзінен.....	294
55. Баянша атаның сөзінен.....	295
56. Қызғаншақ	297
57. Мақтаншақ	297
58. Мөңкеден ақыл сұраған шаруа.....	298
59. Бір шақша насыбаймен байыған кедей Қазыбай.....	301
60. Ақылым көп, ақшам жоқ.....	304
61. Бала кімге тартады?	307
62. Мұсылмандығың құтты болсын!	307
63. [Жүрекпен қарау]	308
64. Көп жасағандықтың құпия сыры	309
65. Дарынды сынықшы	310
66. Есбалақтың есерсоғы.....	312
67. Білмеймін.....	313
68. Сері Бәймен	314
69. [Бармақтай май]	320
70. Қытай жігітінің сыйлығы	320
71. Әкесі мен қызы.....	321
72. Кернейбек пен ишан	321
73. Кернейбектің Көпбайға айтқаны	322
74. Дәл өлшеу.....	322
75. Бір қария кісі	322
76. Би сарқытын маған берді	323
77. Ысқыру үшін тіс керек	323
78. Керегенің басын санайық.....	324
79. Қасқыр анадай жерде, тазы мынадай жерде.....	325

80. Бұзаубайдың мырзалығы	326
81. Ешкі терісінің құны	328
82. Жетестің көрегендігі	328
83. Алмақтың да салмағы бар	329
84. Бармақ құны	330
85. Бірәлінің сөзден тосылуы	331
86. Жағалдың тапқырлығы	331
87. Оңталаптың ұтқырлығы	333
88. Қорқайық па?.....	335
89. Өзіміздің қойдың құмалағы	335
90. Екі құрдас әзілі	336
91. Айран.....	339
92. Жүністің жер соғуы	339
93. [«Конь пришел, балуан упал»]	340
94. Елқонды сөзі	341
95. Арақты бітіру үшін іштім	342
96. Балапанды Барқын таз	342
97. Өкініш	343
98. Түйе құдыққа құлаған күн	343
99. Танымал Нүке	343
100. Қыдырбайдың адасуы	344
101. Атын атап алды	344
102. Қойдың көзі	345
103. Әп-әдемі келіншек	345
104. Мықтап ұстасайық	345
105. «Көр де көр...»	346
106. Бір уыс тұз	346
107. Қосағұл мен шаштараз.....	347
108. Қыз ұзату.....	348
109. Шіңи-шіңи дегенің.....	348
110. Соқыр, таз, жалақ	348
111. «Танысаң, адайыңмын...»	349
112. Қашаған бауырсақ.....	349
113. Ақын қыз бен арсыз шал	350
114. «Ақ тоқым, қос таңбалы...»	351
115. Өсе келе өзгерген.....	352

116. Тумай тұрып болыс болған	352
117. Бұйырса.....	352
118. Жәдік пен Елкелді	353
119. Мамажар мен Қайсақ.....	354
120. Түйебайдың бас ұстауы.....	355
121. Аралдық Жүсіпқалидың айтқандары	356
122. Қай атымды сұрайсың?	357
123. Кім өтейді?.....	357
124. Менің қарағым бос жүрмеген екен ғой.....	358
125. Жұбан молда жайындағы өңгіме	358

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктемелер	363
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер туралы мәліметтер	387
Сөздік	392
Жер-су атаулары	397
Ру атаулары	403
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәліметтер.....	407
Шартты қысқартулар	412
Пайдаланылған әдебиеттер	413
Қолжазбалар	415
Резюме	416
Summary.....	420

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

97 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ УСТНЫЕ РАССКАЗЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р. Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ. С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә. З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Ж. Т. Салтақова*
Компьютерде беттеген: *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2724

Теруге 15.10.13 жіберілді. Басуға 08.11.13 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №0242.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13
e-mail: foliant@foliant.kz
www.foliant.kz

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-302-044-0



9

7 8 6 0 1 3 0 2 0 4 4 0